

География

Жалпы орта білім беретін мектептердің
10-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі баспаға ұсынған

ЖАҢА БАСЫЛЫМ



Ташкент — 2022



УЎК 91(075.3)
КБК 26.8я72
Г 31

Құрастырушылар:
В.Н.Федорко, Н.И.Сафарова, Ж.А.Исматов, Э.Я.Назаралиева

Пікір жазушылар:

М.Эгамбердиева — Мырза Ұлықбек атындағы ӨзҰУ, География және табиғи ресурстар факультеті, Экономикалық және әлеуметтік география кафедрасының доценті, г.ғ.к.;

З.Абдалова — Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті, География және оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, г.ғ.к.;

Ф.Ражабов — Ташкент облыстық Шыршық мемлекеттік педагогикалық институты, География кафедрасының менгерушісі, г.ғ.ғ.д. (PhD) доцент;

Р.Абдиев — Науай облысы, Науай қаласындағы 11-мектептің география пәні оқытушысы;

Л.Болтаева, — Ташкент қаласы, Юнусабад ауданындағы 273-мектептің география пәні оқытушысы;

М.Рашидова — Ташкент қаласы, Яшнабад ауданындағы 198-мектептің география пәні оқытушысы.

Карталар география ғылымдары бойынша PhD **Виктор Федорконың** өңдеуімен берілді.

География [Мәтін]: 10-сыныпқа арналған оқулық / В.Федорко [және т.б.]. — Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. — 192 6.

ISBN 978-9943-8460-1-2

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— кілт сөздер



— білімдерді нығайтамыз



— есте сақта!



— сұрақтар мен тапсырмалар

*Республикалық мақсатты қітап қорының қаржысы есебінен жарық көрді.
Түпнұсқа макет пен дизайн концепциясын Республикалық білім орталығы жасады*

ISBN 978-9943-8460-1-2

© Республикалық білім орталығы, 2022 ж.



Мазмұны

Кіріспе	5
I бөлім. Дүниежүзінің жалпы сипаттамасы	6
1-тaraу. Дүниежүзінің саяси картасы	6
1-§. Дүниежүзінің саяси картасы	6
2-§. Элемдегі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша жіктелуі	10
3-§. Мемлекеттердің басқару нысаны және мемлекеттік құрылымы	13
4-§. Практикалық жаттығу. <i>Дүниежүзінің саяси картасымен жұмыс істеу</i>	16
2-тaraу. Дүниежүзінің табиғи ресурстары	18
5-§. Минерал ресурстар географиясы	18
6-§. Сарқылмайтын және қайта қалпына келетін табиғи ресурстар географиясы	21
7-§. Жоба сабағы. Жаһандық экологиялық проблемалар	25
3-тaraу. Дүниежүзінің халқы	27
8-§. Дүниежүзі халқының саны, өсіу және орналасуы	27
9-§. Дүниежүзі халқының жас, жыныстық және нәсілдік құрамы	32
10-§. Дүниежүзі халқының этникалық және діни құрамы	36
11-§. Элем мемлекеттерінің урбанизациясы	39
12-§. Практикалық жаттығу. <i>Халықтың әрекеті, құрамы мен орналасуына байланысты есептер</i>	43
4-тaraу. Элемдік шаруашылық географиясы	44
13-§. Элемдік шаруашылық және халықаралық еңбек бөлінісі	44
14-§. Дүниежүзінің экономикалық орталықтары және халықаралық интеграция үдерістері	48
15-§. Практикалық жаттығу. <i>Элемдік шаруашылық және оның құрамын үйрену</i>	51
16-§. Элемдік энергетика географиясы	53
17-§. Практикалық жаттығу. <i>Элемдік өнеркәсіп географиясы және оның өзгеруін үйрену</i>	56
18-§. Элемдік ауылшаруашылық географиясы	59
19-§. Элемдік көлік географиясы	63
20-§. Халықаралық экономикалық байланыстар географиясы	66
21-§. Жалпылау сабағы	69
II-бөлім. Дүниежүзінің регионалдық сипаттамасы	70
5-тaraу. Еуропа мемлекеттері	70
22-§. Еуропаның географиялық орны, шекаралары және саяси картасы	70
23-§. Практикалық жаттығу. <i>Еуропаның саяси картасын үйрену</i>	74
24-§. Германия Федеративтік Республикасы	76
25-§. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі	79
26-§. Франция Республикасы	82
27-§. Италия Республикасы	85
28-§. Ресей Федерациясы	88
29-§. Ресей Федерациясының шаруашылығы	91
30-§. Жалпылау сабағы	94



6-тарау. Азия мемлекеттері.....	95
31-§. Азия құрлығының географиялық орны, шекаралары және саяси картасы	95
32-§. Практикалық жаттығу. <i>Азияның саяси картасын үйрену</i>	98
33-§. Азия елдерінің экономикалық дамуы.....	100
34-§. Қазақстан Республикасы.....	103
35-§. Қырғыз Республикасы	106
36-§. Түркіменстан Республикасы	109
37-§. Тәжікстан Республикасы	112
38-§. Практикалық жаттығу. <i>Орталық Азия елдерінің салыстырмалы географиялық сипаты</i>	115
39-§. Түркія Республикасы.....	116
40-§. Практикалық жаттығу. <i>Иран, Ауганстан және Пәкістанның салыстырмалы географиялық сипаты</i>	119
41-§. Қытай Халық Республикасы	123
42-§. Қытайдың экономикасы және экономикалық аудандары	125
43-§. Корея Республикасы	128
44-§. Жапония.....	131
45-§. Үндістан Республикасы	134
46-§. Парсы шығанағы араб мемлекеттері	137
47-§. Жалпылау сабабы	139
7-тарау. Африка, Австралия және Океания, Америка мемлекеттері	141
48-§. Африканың географиялық орны, саяси картасы, табиғи ресурстары.....	141
49-§. Африка елдерінің халқы және шаруашылығы	145
50-§. Оңтүстік Африка Республикасы	148
51-§. Нигерия Федеративтік Республикасы	151
52-§. Мысыр Араб Республикасы	154
53-§. Практикалық жаттығу. <i>Африканың саяси картасы, табиғи және экономикалық географиялық жағдайын үйрену</i>	157
54-§. Австралия Одағы.....	159
55-§. Американың саяси картасы	162
56-§. Америка Құрама Штаттары	167
57-§. АҚШ-тың шаруашылығы және экономикалық аудандары	170
58-§. Канада	174
59-§. Бразилия	176
60-§. Жалпылама қайталау	179
Глоссарий.....	180
Пайдаланған және ұсынылатын әдебиеттердің тізімі.....	183
Халықаралық статистикалық деректермен танысуда пайдалану мүмкін веб-сайттар ..	184
Қосымша мәліметтер.....	185

Kіріспе

Құрметті оқушылар! Сендер 10-сыныпта география сабағында бұл оқулықтың көмегімен заманалық дүниеде, оның ірі аймақтарында, сондай-ақ халықаралық экономикалық және саяси жүйеде маңызды орын иелеген мемлекеттерге тән әлеуметтік-экономикалық географиялық ерекшеліктерді үйренесіңдер, түрлі жаһандық және аймақтық экономикалық, әлеуметтік экологиялық үдерістер туралы жүйелі мәліметтерге ие боласыңдар.

Оқулықтың негізгі мақсаты — оқушыларға дүние жүзінің, оның ірі аймақтары мен мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік географиясына қатысты заманалық білімді менгеру, өз бетінше білім алу және оны іс жүзінде қолдана білуді үйрету.

Оқулық **“Дүниежүзінің жалпы сипаттамасы”** және **“Дүниежүзінің регионалдық сипаттамасы”** бөлімдерінен құралған. Жалпы бөлімнің негізгі міндеттері дүние жүзінің саяси картасы, табиғи ресурстары, халқы және шаруашылығы жөніндегі жалпы ғылыми көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Оқулықтың аймақтық бөлімінде жер шарының негізгі аймақтары — Еуропа, Азия, Африка, Америка және Австралияның саяси картасы, табиғи ресурстары, халқы және экономикасының өзіндік ерекшеліктері ашып берілген.

Сонымен қатар барлық құрлықтардағы тірек, яғни барлық жағынан назар аударуға тұрарлық мемлекеттердің географиялық сипаттамасына арналған тақырыптар да осы бөлімге енгізілген. Біздің республикамыз орналасқан Азия құрлығындағы мемлекеттерге көбірек көңіл бөлінген. Елдердің экономикалық-географиялық сипаты бұл пәнде қабылданған және синалған әдістемелікті пайдаланып жасалды.

Мұнда географиялық орынның, табиғи жағдайларының және ресурстардың халық экономикасындағы маңызы тұрғысынан бағаланды.

Оқулықты жазуда авторлар Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық валюта қорының, БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО), БҰҰ-ның Өнеркәсіпті дамыту ұйымы (UNIDO), «British Petroleum» компаниясының, АҚШ Геологиялық қызметінің, шетелдік мемлекеттердің статистикалық басқармаларының ресми мәліметтерін, Ресей Федерациясында, АҚШ, Еуропа және Азия елдерінде шығарылған анықтамалықтарды, статистикалық жинақтарды, географиялық атластарды және басқа да ғылыми-әдістемелік материалдарды пайдаланды.

Оқулықта дүниежүзілік және мемлекеттер халқының саны 1.07.2020 жылғы жағдайға сәйкес БҰҰ-ның Халықаралық халық санағы бюросының ресми мәліметтері бойынша берілген.

I бөлім. Дүниежүзінің жалпы сипаттамасы

1-тарау. Дүниежүзінің саяси картасы


1-§. Дүниежүзінің саяси картасы

 Саяси карта, мемлекет, Біріккен Ұлттар Ұйымы, ең үлкен және «ергежайлі» мемлекеттер, арал мемлекеттер, тубек мемлекеттер, ішкі континенттік мемлекеттер, тауелсіз мемлекеттер.

 Тәуелсіз мемлекеттің белгілері қандай?

Дүниежүзінің саяси картасында 2022 жылдың бас жағдайына сәйкес әлем қауымдастыры, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҮҮ) тарапынан тәуелсіздігі ресми мойындалған 194 суверенді мемлекет бар. Бұлардың 193-і БҮҮ қызметіне мүше мемлекеттер ретінде, ал 1-еуі (Ватикан) бақылаушы мемлекет ретінде қатысады.

Мемлекеттер бір-бірінен әртүрлі сипатымен ерекшеленеді. Мұндай маңызды ерекшелігінің бірі аумағының үлкендігі саналады. Атап айтқанда, 29 тәуелсіз мемлекеттің жалпы жер аумағы 1 млн шаршы км-ден үлкен болып, 12-сінің аумағы 2 млн шаршы км-ден, 6-уының көлемі 5 млн км²-ден үлкен. (1-сурет).



1-сурет. Аумағының үлкендігі бойынша әлемдегі тәуелсіз мемлекеттердің үлесі



Сонымен қатар дүниедегі мемлекеттердің ішінде аумағының үлкендігі түрғысынан майда, немесе “ергежейлі” бір топ мемлекет те назарды өзіне тартады (1-кесте). Дүниежүзінің саяси картасында алаңы 1 мың шаршы км²-ге жетпейтін 24 тәуелсіз мемлекет бар. Мұндай санаттағы мемлекеттер түрлі континеттерде, әсіресе Еуропада (Ватикан, Монако, Сан-Марино, Лихтенштейн, тағы басқалар), Азияда (Малдив Республикасы, Сингапур, Бахрейн), Америкада (Сент-Китс және Невис, Гренада, Барбадос, тағы басқалар), Австралия және Океанияда (Науру, Тувалу, Маршалл аралдары, тағы басқалар) орналасқан.

1-кесте. Дүние жүзінің 10 ең ірі және 10 ең кіші мемлекеттері (2022 жыл)

№	Мемлекеттер	Аумағы (млн км ²)	№	Мемлекеттер	Аумағы (км ²)
1	Ресей	17,1	185	Малта	316
2	Канада	10,0	186	Мальдив Республикасы	298
3	Қытай	9,6	187	Сент-Китс және Невис	261
4	Америка Құрама Штаттары	9,5	188	Маршалл аралдары	181
5	Бразилия	8,5	189	Лихтенштейн	160
6	Австралия	7,7	190	Сан-Марино	61
7	Үндістан	3,3	191	Тувалу	26
8	Аргентина	2,8	192	Науру	21
9	Қазақстан	2,7	193	Монако	2
10	Алжир	2,4	194	Ватикан	0,44

Мемлекеттер географиялық орналасуы түрғысынан, ең алдымен, теңізге шығу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ мұндай мүмкіндігі жоқ мемлекеттерге бөлінеді. Теңізге шығу мүмкіндігі бар мемлекеттердің арасында арал, түбек және жағалау континенттік мемлекеттерге бөлінеді (2-сурет). Дүние мұхиты және оның теңіздеріне тікелей тұтас болмаған мемлекеттер ішкі континенттік мемлекеттер тобын құрайды. Мұндай географиялық орналасуға ие мемлекеттер әлемнің саяси картасында 44. Өзбекстан Республикасы да ішкі континенттік мемлекет саналады.

Мемлекеттердің географиялық орналасуына қарай топтастырылуы

Теңізге шығу мүмкіндігі бар мемлекеттер (жалпы 150)

Теңізге шығу мүмкіндігі жоқ (ішкі континенттік) мемлекеттер (жалпы 44)

Арал мемлекеттер

Индонезия,
Жапония, Шри-
Ланка, Ұлыбритания,
Ирландия,
Мадагаскар,
Куба, Ямайка,
тағы басқалар.

Түбек мемлекеттер

Сауд Арабиясы,
Испания,
Италия, Корея
Республикасы,
Вьетнам, тағы
басқалар

Теңіз жағалауы континенттік мемлекеттер

Франция, Германия,
Қытай, Мысыр, Ақш,
Канада, Австралия,
тағы басқалар.

Австрия, Беларусь,
Қазақстан,
Өзбекстан,
Ауғанстан,
Монғолия, Чад,
Эфиопия, Уганда,
Боливия, тағы
басқалар.

2-сурет. Мемлекеттердің географиялық орналасуына қарай жіктелуі



Дүниежүзінің қазіргі саяси картасы түрлі тарихи үдерістердің әсерінен қалыптасқан. Бұлардың ішінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар, отарлау жүйесінің құлдырауы, социолистік жүйенің жойылуы ерекше назарға лайықты. Осында тарихи оқиғалардың әсерінен XX және XXI ғасырлар барысында әлемде тәуелсіз мемлекеттердің саны тұрақты өсіп келді (2-кесте).

2-кесте. Тәуелсіз мемлекеттер санының өзгеріп отыруы (1900-2022 жылдар)

Аумақ	Тәуелсіз мемлекеттердің саны				
	1900-ж.	1945-ж.	1990-ж.	2000-ж.	2022-ж.
Еуропа	24	31	33	43	44
Азия	9	18	40	47	48
Африка	4	3	52	53	54
Америка	20	22	35	35	35
Австралия және Океания	0	2	12	13	13
Дүниежүзі	57	76	172	191	194

Дүниежүзінің саяси картасында заманалық тарихи кезеңде, яғни 1990 жылдан кейін ең үлкен өзгерулерді туындаған оқиға 1991 жылдың бүрінші Қеңес Одағының ыдырауы болды. Бұның нәтижесінде 15 жаңа тәуелсіз мемлекет пайда болды. Армения, Беларусь, Эстония, Грузия, Латвия, Литва, Молдова, Әзірбайжан, Қыргызстан, Қазақстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина, Өзбекстан.

Еуропада 1991-1992 жылдары Югославияның бөлінуі нәтижесінде Словения, Хорватия, Босния және Герсеговина, сондай-ақ Македония (2019 жылдан Солтүстік Македония деп аталады) мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізді. Югославияның құрамында сол кезде Сербия мен Черногория қалды. 2006 жылдың Черногория Сербиядан бөлініп, тәуелсіз мемлекетке айналды.

1993 жылдың 1 қаңтар күні Чехославакия мемлекетінің орнында Чехия және Словакия тәуелсіз республикалары құрылды.


Дүниежүзінің саяси картасында бұл өзгерулер халықаралық кеңестік жүйенің жойылуымен байланысты. Сонымен қатар бұл үдеріспен байланысты түрде 1990 жылды Еуропада екі неміс мемлекеті (Германия Федеративтік Республикасы және Германия Демократиялық Республикасы) қосылуының нәтижесінде біртұтас Германия Федеративтік Республикасы, ал Азияда Йемен Араб Республикасы және Йемен Халық Демократиялық Республикасы бірігіп, біртұтас Йемен Республикасы құрылды.

Басқа саяси үдерістердің ықпалынан да әлемнің саяси картасында жаңа сувереніді мемлекеттердің пайда болуы жалғасты. Африкада 1993 жылдың көпжылдық соғыстың нәтижесінде Эритрея Эфиопия құрамынан бөлініп шығып, тәуелсіз мемлекет статусына ие болды. Океанияда 1994 жылды Палау мемлекеті АҚШ бақылауы негізіндегі аумақтан тәуелсіз мемлекетке айналды. Оңтүстік-шығыс Азияда 2002 жылды Шығыс Тимор тәуелсіз мемлекеттердің қатарын кеңейтті. Африка материгінде 2011 жылды 9 шілдеде Судан құрамынан Оңтүстік Судан мемлекеті бөлініп шықты. Ол қазіргі кезде әлемдегі ең жас мемлекет саналады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Жазусыз картада әріптермен қай мемлекеттердің көрсетілгенін анықта.



- 2 Оқулықтың қосымшасын және картадың әлемнің саяси картасын пайдаланып, Еуропа, Азия, Африка, Америка құрлығында орналасқан ең үлкен және ең кішкене 5-еуден мемлекеттердің атын дәптерінде жаз және жазусыз картада белгіле.
- 3 Төмендегі кестеде берілген мемлекеттерді географиялық орналасу ерекшеліктеріне қарай арал, түбек, теңіз жағалау континенттік, сондай-ақ ішкі континенттік топтарға бөл.

Ирландия	Мысыр	Монголия	Мадагаскар	Норвегия	Куба	Вьетнам	Польша
Қытай	Боливия	Испания	Өзбекстан	Франция	Австрия	Италия	Фиджи

- 4 Дүниежүзінің саяси картасынан Еуропа, Азия, Африка және Океаниядағы ең жаңа (1990 жылдан кейінгі кезеңде тәуелсіз болған) егеменді мемлекеттерді тап.





Әлеуметтік-экономикалық даму, жалпы ішкі өнім, дамыған елдер, дамып келе жатқан елдер, «Улкен жетілік» тобы.



Әлеуметтік-экономикалық даму дегенде нені түсінесің?



Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) елдің экономикалық алеуетін белгілейтін негізгі көрсеткіш саналып, ол белгілі бір кезеңдегі ел аумағында жаратылған өнім мен қызметтердің нарықтық бағадағы құнын білдіреді.

2-§. Әлемдегі мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша жіктелуі

Дүниежүзіндегі елдердің ең маңызды белгілерінің бірі - әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі. Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау үшін бірқатар өлшемдер қолданылады.

Бұл өлшемдердің негізгілері:

- жалпы ішкі өнімнің жалпы және жан басына шаққандағы көлемі;
- ұлттық экономиканың салалық құрамы;
- мемлекеттің экспорттық тауарлары құрамы;
- әртүрлі көрсеткіштермен белгіленетін халықтың өмір сұру сапасы.

Әлемдегі мемлекеттер жоғарыдағы өлшемдер негізінде БҰҰ тарапынан 3 ірі блокқа бөлінеді: дамыған, дамып келе жатқан және өтпелі экономикадағы мемлекеттер.

Дамыған елдердің қатарына Еуропадағы көптеген мемлекеттер (Шығыс Еуропадан тыс), АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия, Израиль, Корея Республикасы, Сингапур және Оңтүстік Африка Республикасы сияқты мемлекеттер кіреді. Бұл мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бірқатар аспектілерде көрінеді (3-кесте).

3-кесте. Дамыған елдердің негізгі сипаттамалары

ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы құны	<ul style="list-style-type: none"> • 25 000 АҚШ долларынан астам
Ұлттық экономиканың салалық құрамы	<ul style="list-style-type: none"> • Заманауи технологияларға негізделген қайта өңдеу өнеркәсібі жоғары деңгейде дамыған
Мемлекеттің экспорттық тауарлары құрамы	<ul style="list-style-type: none"> • Экспорттың құрамында дайын өнім жетекшілік етеді
Халықтың өмір сұру сапасы	<ul style="list-style-type: none"> • Халықтың табыстары, денсаулығы және сауаттылық деңгейі өте жоғары

Дамыған елдердің арасында орасан зор экономикалық алеуетімен, өндіріс көлемімен «Улкен жетілік» тобын құрайтын мемлекеттер жер жүзі көлемінде ерекшелігімен көзге түседі. Бұл топқа АҚШ, Канада, Жапония, Германия, Франция, Ұлыбритания және Италия кіреді. Бұл елдер халықаралық экономикалық және саяси қатынастар жүйесінде маңызды орын иелейді (4-кесте).

Азия, Африка, Америка және Океанияның көптеген елдері дамып келе жатқан мемлекеттер тобына жатады. Әлем халқының өте үлкен бөлігі (2020 жылғы мәліметтер бойынша 6,5 миллиард адам) жасайтын бұл мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі және өзіндік сипаттарымен айтарлықтай ерекшеленеді. Сондықтан да дамып келе жатқан елдер бірнеше топқа бөлінеді. Атап айтқанда, әлемдік экономикада негізгі дамып келе жатқан елдер, мұнайды экспорттайтын елдер, сондай-ақ ірі индустріалды-аграрлық елдер ерекше маңызға ие.

Улкен табиғи ресурстарына, демографиялық және экономикалық алеуетке ие Қытай, Үндістан, Бразилия және Мексика тірек дамушы елдер тобын құрайды (4-кесте).

Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар, Кувейт, Бахрейн, Оман және Бруней мемлекеттері мұнай экспорттайтын елдер тобына жатқызылады. Бұл елдерде тұрғындардың жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі әлдеқайда жоғары (мысалы, 2020 жылы Катар бұл көрсеткіш бойынша әлемде 4-ші орында — 89 949 АҚШ доллары), бірақ олардың экономикасы шикізат ресурстарына негізделгендіктен, бұл мемлекеттер әдетте дамыған елдер қатарына енгізілмейді

4-кесте. «Ұлкен жетілік» мемлекеттері және негізгі дамып келе жатқан елдердің кейбір көрсеткіштері (2020 жылдың қорытындысы бойынша)

Мемлекеттер тобы	Мемлекеттер	Дұмағы, мың км ²	Халқы, миллион адам	ЖІӨ, миллиард АҚШ доллары	ЖІӨне сәйкес әлемдегі орны	Тұрғындардың жан басына сәйкес ЖІӨ, мың АҚШ доллары	Тұрғындар жан басына сәйкес ЖІӨ-інде әлемдегі орны
«Ұлкен жетілік» мемлекеттер	АҚШ	9519,4	329,9	20894	2	63078	9
	Канада	9984,6	38,2	1860	15	48947	25
	Жапония	377,9	126	5305	4	42154	33
	Германия	357,4	83,3	4537	5	54551	18
	Франция	547	64,9	3017	10	46213	27
	Ұлбритания	243,8	66,2	3041	9	45329	28
	Италия	302,1	60,5	2462	11	41279	35
Негізгі дамып келе жатқан елдер	Қытай	9599	1434,2	24168	1	17115	78
	Үндістан	3287,2	1400,1	9005	3	6532	129
	Бразилия	8515,7	211,8	3153	8	14890	86
	Мексика	1972,5	127,8	2443	12	19117	73

Ескерту: елдердің жалпы ішкі өнімі тұтынушылық әлеуетінің паритеті бойынша берілген.

Ұлкен табиғи және еңбек ресурстарына ие болған, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында жоғары нәтижелерге қол жеткізген Түркия, Иран, Пәкістан, Индонезия, Аргентина және тағы басқа мемлекеттер ірі индустріалды-аграрлық елдер тобына кіреді.

Кеңестік жүйе республикалары сондай-ақ 1991 жылға дейін кеңестік жүйе негізінде дамыған, кейін одан бөлінген Шығыс Еуропа мемлекеттері (Албания, Болгария, Польша, Румыния, Словакия, Венгрия, Чехия және бұрынғы Югославия құрамынан бөлініп шыққан мемлекеттер), сондай-ақ Монголия БҰҰ тарапынан өтпелі экономикадағы мемлекеттер блогына біріктіріледі. Өзбекстан да өтпелі экономикадағы мемлекеттердің бірі саналады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1 Төмендегі факторлардың елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін түсіндір:

- Географиялық орналасуы;
- Аумағының үлкендігі;
- Табиғи жағдайлары мен ресурстары;
- Тұрғындар саны.

Сенің ойыңша, мемлекеттердің дамуына тағы қандай факторлар айтарлықтай әсер етеді?

2 Төмендегі мемлекеттердің аттарын анықта. Олардың жалпы ұқсас аспектілерін ескеріп, мұнда тағы қандай мемлекеттің болуы керек екенін тап.



3 Бұл мемлекеттерді «Улкен жетілік» мемлекеттері, негізгі дамып келе жатқан елдер, мұнайды экспорттайтын елдер, ірі индустриялды-аграрлық елдер, сондай-ақ өтпелі экономикадағы елдер топтарына бөл.

1 ТУРКИЯ

2 КАТАР

3 ГЕРМАНИЯ

4 МОНГОЛИЯ

5 ПОЛЬША

6 ҚЫТАЙ

7 АҚШ

8 ӨЗБЕКСТАН

9 БРАЗИЛИЯ

10 АРГЕНТИНА

11 БРУНЕЙ

12 ИРАН

13 БАӘ

14 ҮНДІСТАН

15 КАНАДА

4 “Улкен жетілік” мемлекеттерінің, негізгі дамып келе жатқан елдердің және олардың астаналарын жазусыз картаға түсір.



3-§. Мемлекеттердің басқару нысаны және мемлекеттік құрылымы

Дүниежүзі елдерінің маңызды белгілерінің бірі — басқару нысаны саналады. Саяси басқарудың екі негізгі нысаны — республика және монархия бөлінеді. Басқарудың бұл екі нысаны, ең алдымен, жоғары мемлекеттік билікті қалыптастыру және ұзату әдістерімен ерекшеленетіні белгілі.

Дүниежүзінің саяси картасында 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша республикалық басқару нысанындағы 151 мемлекет бар. Республикалар негізінен 3 түрге бөлінеді: президенттік, парламенттік және аралас (5-кесте).

5-кесте. Президенттік, парламенттік және аралас республикалардың басты ерекшеліктері

Президенттік республика	Парламенттік республика	Аралас республика
<ul style="list-style-type: none"> Үкіметтің негізгі өкілеттері президенттің қолында шоғырланған, үкімет құрамының президент қалыптастырыады. Кейде президент бір уақыттың өзінде мемлекет пен үкіметтің басшысы саналады. 	<ul style="list-style-type: none"> Үкіметтің негізгі өкілеті парламентке тиесілі, ал үкімет құрамын парламенттік сайлаулардың нәтижелері негізінде саяси партиялар құрады. Президенттің өкілеттіктері шектелген 	<ul style="list-style-type: none"> Президент пен парламент біргелікте үкімет құрамын қалыптастырып, оның қызметін бақылайды.

Президенттік республикаларға АҚШ, Мексика, Бразилия, Аргентина, Индонезия, Ауғанстан, Беларусь, Қазақстан және Өзбекстан мысал бола алады. Президенттік республикасы нысаны Африка және Америка континенттерінде ең көп таралған. Германия, Австрия, Италия, Болгария, Латвия, Эстония, Греция, Израиль, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы және басқа да бірқатар мемлекеттер парламенттік республикалар қатарына кіреді. Парламенттік республикалар негізінен Еуропада орналасқан. Аралас республикаларға Португалия, Украина, Хорватия, Алжир, Мысыр және басқа елдер жатады.

Қазіргі уақытта әлемде 43 монархиялық мемлекет бар, олар конституциялық және абсолюттік монархияларға бөлінеді. Конституциялық монархияларда мемлекет басшысының (патша, әмір, князь және т.б.) саяси өкілеттері белгілі бір дәрежеде шектеліп, парламент пен үкіметтің мемлекетті басқарудағы рөлі маңызды деп саналады. Абсолюттік монархиялық басқару нысанына ие болған мемлекеттерде монархтың өкілеттігі шектелмеген болады. Қазіргі күнде монархиялық мемлекеттердің көпшілігі (38-і) конституциялық монархиялар болып табылады. Мұнданың мемлекеттердің 11-і Еуропада, 9-ы Азияда, 3-үі Африкада, 9-ы Америкада, 6-үі Австралия мен Океанияда орналасқан (3-сурет).

Конституциялық монархиялардың 14-і Британ Достастығы корольдіктері болып, оларда ресми түрде мемлекет басшысы Ұлыбритания монархы (король немесе королева) болып табылады, бірақ іс жүзінде бұл мемлекеттердің саяси жүйесіндегі басты рөл премьер-министрге тиесілі. Бұл санаттағы мемлекеттерге Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея және тағы басқалар кіреді.



Басқару нысаны, республика, президенттік республика, парламенттік республика, монархия, конституциялық монархия, абсолюттік монархия, мемлекеттік құрылымы, унитарлық мемлекет, федеративтік мемлекет.



Республикалық және монархиялық басқару нысандарының айырмашылығы туралы нені білесін?



Абсолюттік монархияның жалпы саны 5-еу, оның 4-і Азияда (Сауд Арабиясы, Оман, Катар, Бруней), 1-үй Еуропада (Ватикан) орналасқан. Сауд Арабиясы мен Ватикан абсолютті теократиялық монархиялар саналады, ейткені бұл екі мемлекетте монарх діни басшы қызметін де атқарады.



Дания королевасы Маргрете II



Бруней құлтұраны Хассанал Болкиах




Жапония императоры Нарухито

3-сурет. Кейбір мемлекеттердің монархтары

Кез келген елдің әкімшілік-аумақтық жүйесі (мемлекеттік құрылым нысаны) оның маңызды саяси белгісі болып саналады. Осы белгіге сәйкес дүние жүзіндегі елдер екі түрге, яғни унитарлық және федеративтік мемлекеттерге бөлінеді. Унитарлық мемлекеттерде бүкіл ел аумағында біртұтас құқықтық жүйе қолданылады, ал саяси басқару орталықтандырылып жүзеге асырылады. Әлем елдерінің көпшілігі (167-сі) унитарлық мемлекеттер қатарына кіреді.

Мемлекеттік құрылымның біршама күрделі түрі – федерация. Мұндай мемлекеттерде заң шығаруши, атқаруши және сот билігі орталық (федеративтік) және аймақтық (штаттар, провинциялар, республикалар және тағы басқалар) деңгейлерде ұйымдастырылады. 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша федеративтік мемлекеттердің саны 27, атап айтқанда Еуропада 6, Азияда 6, Африкада 6, Америкада 7, сондай-ақ Австралия мен Океанияда 2 федерация орналасқан (4-сурет).




Соңғы жылдарда кейбір мемлекеттерде басқару нысаны мен мемлекеттік құрылымында өзгерістер болуда. Мысалы, 2008 жылы Непал монархиядан бас тартып, республикалық басқару түріне көшті, 2017 жылы Түркия парламенттік республикадан президенттік республикаға ауысты, 2021 жылы Барбадос Британ Достастығы мәртебесінен бас тартып, республикалық басқару нысанын енгізді. Сонымен қатар 2010 жылдан кейін Ирак, Непал, Судан және Оңтүстік Судан есебінен әлемде федеративтік мемлекеттердің саны есті.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Картада көрсетілген мемлекеттердің аттарын анықтап, оларды басқару нысанына қарай:
 а) президенттік респубикалар; б) парламенттік респубикалар; с) аралас респубикалар;
 д) конституциялық монархиялар; е) абсолюттік монархияларға бөл.




- 2 Респубикалық және монархиялық басқару формаларының өзара айырмашылығы неде?
- 3 Дүниежүзіндегі мемлекеттердің қанша пайызы республика, қанша пайызы монархия, қанша пайызы унитарлық, қанша пайызы федеративтік екенін есепте.
- 4 Оқулық пен атластағы дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, федеративтік мемлекеттердің атауларын дәптерінә жазып, жазусыз картада белгіле.
- 5 Дүниежүзінің саяси картасынан соңғы уақыттарда федеративтік мемлекеттер қатарына қосылған мемлекеттерді тап.



4-§. Практикалық жаттығу. Дуниежүзінің саяси картасымен істей

1-тапсырма. Төмендегі қалалардың картада қайсы санмен көрсетілген мемлекеттердің астанасы екенін тап.

Манила	Рабат	Монтевидео	София	Тегусигальпа	Коломбо
Рейкьявик	Браззавиль	Оттава	Сантьяго	Банкок	Веллингтон
Мапуту	Амстердам	Каракас	Сана	Стокгольм	Гавана
Исламабад	Рим	Панама	Дублин	Сеул	Нджеамена



2-тапсырма. Берілген мәліметтердің қайсысы дұрыс екенін анықта.

Австрия, Беларусь және Монголия теңіз жағалаудағы континенттік мемлекеттер саналады.

Абсолюттік монархиялардың жалпы саны 5-еу, оның 4-і Еуропада орналасқан.

Австралия және Жаңа Зеландия дамып келе жатқан мемлекеттер тобына кіреді.

Катар экономикасы шикізат ресурстарына негізделгендіктен экономикалық дамыған мемлекет болып саналмайды.

3-тапсырма. Төмендегілердің арасынан сәйкес жұптарды тап.

Президент және парламент үкімет құрамын
бірге қалыптастырады.

Президенттік республика

Белгілі бір кезеңде ел аумағында жасалған
соңғы тауарлар мен қызметтердің
нарықтық бағадағы құны.

Жалпы ішкі өнім

Бұкіл ел аумағында біртұтас құқықтық
жүйе бұкіл елде қолданылады.


Федералды мемлекет

Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар, Кувейт,
Бахрейн, Оман, Бруней

«Үлкен жетілік»
мемлекеттері

Үкіметтің негізгі өкілеттігі парламенттің
қолында болады.

Парламенттік республика

4-тапсырма. Дүниежүзінің саяси картасынан, оқулық мәтінінен және қосымшадан алғынған
мәліметтерді пайдалана отырып, суреттерде қайсы мемлекеттер көрсетілгенін анықтап, сәйкес
географиялық ерекшеліктерді ажырат.

Географиялық орналасуы: **a** арал; **b** түбек; **d** жағалау континенттік; **e** ішкі континенттік.

Орналасқан құрлық: **f** Еуропа; **g** Азия; **h** Африка; **i** Америка.

Басқару нысаны: **j** президенттік республика; **k** парламенттік республика; **l** конституциялық
монархия; **m** абсолютті монархия.

Мемлекеттік құрылымы: **n** унитарлық; **o** федеративтік.

Әлеуметтік-экономикалық дамығандығы: **p** «Үлкен жетілік» мемлекеті; **q** дамып келе жатқан
мемлекет; **r** мұнайды экспорттаушы ел; **s** өтпелі
экономикадағы мемлекет.

5-тапсырма. Еуразиядағы ішкі континенттік мемлекеттердің атаулары мен астаналарын
дәптерінде жазып, жазусыз картага белгіле.



2- тарау. Дүниежүзінің табиғи ресурстары

 Табиғи ресурстармен, пайдалы қазбалармен, отын ресурстарымен, кенді ресурстарымен, кенсіз ресурстармен, қормен, кенишпен, бассейнмен, ресурстармен қамтамасыз етілгендей.

 Минерал ресурстардың мемлекеттердің экономикалық әлеу етінде орныны мысалдармен түсіндір.

5-§. Минерал ресурстар географиясы

Адам өзінің өмір сүруі мен қоғамдық қызметі барысында әртүрлі табиғи байлықтарды (ресурстарды) пайдаланады. Табиғи ресурстар дегеніміз — адам өмірі мен қызметі барысында тікелей пайдаланатын табиғат ресурстарының барлық түрлеріне айтылады. Біздің ғаламшарымыз көптеген және алуан түрлі табиғи ресурстарға ие. Табиғи ресурстар негізінен минерал, жер, су, биологиялық және климаттық ресурстардан тұрады.

Табиғатта минералдар күйінде кездесетін табиғи байлықтар **минерал ресурстар (пайдалы қазбалар)** деп аталады. Олар 3 топқа, яғни отын-энергетикалық, кенді және кенсіз минерал ресурстарға бөлінеді.

Адамдар қазба байлықтарды ерте заманнан пайдаланып келеді. Ұақыт өте пайдалы қазбалардың түрі мен көлемі ұлғая түсті. Қазіргі кезде шаруашылық қажетіне минерал ресурстардың 200-ге жуық түрі пайдаланылады. Шекті және қалпына келмейтін табиғи ресурс болып саналатын жерасты пайдалы қазбаларды пайдалану көлемі жылдан-жылға артып келеді. Ең көп тұтынылатын минерал ресурстар мұнай, табиғи газ, көмір, темір рудасы және құрылыш материалдары (6-кесте).

6-кесте. Ең маңызды пайдалы қазбалардың әлем бойынша дәлелденген қорлары мен өндірілуі (2020 ж.)

Пайдалы қазбалардың түрлері	Өлшем бірлігі	Дәлелденген қорлар	Жылдық өндірү
Көмір	млрд т	1074,0	7,7
Мұнай	млрд т	244,4	4,2
Табиғи газ	трлн м ³	188,1	3,9
Темір кені	млрд т	175,5	2,3

Пайдалы қазбалар жер бетінде біркелкі таралмаған. Мұның себептері түрлі аумақтардағы жер қыртысының геологиялық құрылымымен және даму тарихымен байланысты.

Минерал отын-энергетикалық ресурстарға көмір, мұнай, табиғи газ, торф, жанармай сланец, уран жатады. Отын минерал ресурстарының кен орындары ежелгі платформалардың ойыс бөліктерінде көбірек кездеседі.

Қазіргі уақытта әлемде 3600-ден астам көмір кен орындары мен кендер бар, олар жалпы құрлықтың 15%-ын иелейді. Ірі көмір кен орындары көбірек Солтүстік жартышарда орналасқан. Көмірдің ең үлкен қоры АҚШ, Ресей, Австралия, Қытай, Үндістан, Индонезия, Германия, Украина, Польша және Қазақстан мемлекеттеріне тұра келеді.

Әлемде 600-ге жуық мұнай және газ қабаттары анықталған. Мұнай және газ кен орындарының көпшілігі ғаламшарымыздың Солтүстік жартышарында орналасқан. Ең ірі мұнай мен газ қоры Парсы шығанағы елдері (Сауд Арабиясы, Иран, Ирак, БАӘ, Катар, Кувейт, Оман), Венесуэла, Солтүстік Америка (АҚШ, Канада, Мексика), ТМД елдері (Ресей, Түркіменстан, Қазақстан, Әзіrbайжан, Өзбекстан), Солтүстік Африка (әсіреке Ливия және Алжир), Гвинея шығанағы елдері (әсіреке Нигерия) және Қытайда орналасқан.

Дүниежүзілік шаруашылықта кен (металл) минерал ресурстарының маңызы өте зор. Жер бетінде кенді минерал ресурстарға бай аймақтар бар, мысалы, Альпі-Гималай және Тынық мұхиты аймақтары. Қытай, Ресей, АҚШ, Канада, Австралия, Бразилия, Оңтүстік Африка Республикасы, Қазақстан, Үндістан, Чили, Перу қара және тұсті металл шикізатына әлемдегі ең бай елдер болып табылады.

Кенсіз пайдалы қазбалар — ас тұзы, калий тұздары, фосфорит, күкірт, алмаз және құрлылық материалдары саналады. Олардың кен орындары ежелгі платформаларда, қатпарлы тауларда, сорланған көлдердің ойпандарында жиі кездеседі. Түрлі минерал тұздардың қоры бойынша Ресей, АҚШ, Қытай, Үндістан, Боливия, Беларусь, Австралия сияқты елдер көш бастап тұр. Ресей, Австралия, Ботсвана, Оңтүстік Африка Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Канада, Ангола және басқа елдерде алмаздың үлкен қоры бар.

Түрлі мемлекеттер минерал ресурстармен әртүрлі деңгейде қамтамасыз етілген. Елдің белгілі бір минерал ресурспен қамтамасыз етілу деңгейі тиісті ресурс қоры қанша жылға созылатынымен (ресурс қорын жылдық өндіру көлеміне бөлу арқылы анықталады) немесе ресурстың жан басына шаққандағы қорының мөлшерімен көрсетіледі.

Пайдалы қазбалармен қамтамасыз ету деңгейі бойынша әлем елдері әдетте үш топқа бөлінеді (7-кесте).

7-кесте. Дүниежүзі елдерін минерал ресурстармен қамтамасыз ету деңгейі бойынша топтастыру

№	Мемлекет топтары	Мемлекеттер
1	Пайдалы қазбалардың көптеген тұрларімен жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттер	Ресей, Қытай, АҚШ, Канада, Бразилия, Австралия, Үндістан, ОАР, Қазақстан
2	Пайдалы қазбалардың кейбір тұрларімен жақсы қамтамасыз етілген елдер	Әлемнің көптеген елдері, мысалы, Сауд Арабиясы мұнай мен табиғи газға, Перу мыс пен құміске, Марокко фосфоритке бай.
3	Пайдалы қазбалармен қамтамасыз етілмеген елдер	Негізінен Ватикан, Андорра, Сан-Марино, Сингапур, Сент-Люсия, Тувалу, тағы басқалар аумағы тұрғысынан кіші мемлекеттер.

Минерал ресурстар өнеркәсіп үшін бағалы шикізат болып табылады. Соңдықтан көптеген елдер үшін өнеркәсіптік шикізатпен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады. Осы уақытқа дейін экономикалық және техникалық жағынан қолайлы орналасуы мен жағдайлары бар пайдалы қазбалардың кен орындары игерілді. Жаңа пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу соңғы жылдары негізінен Ресейдің солтүстік және шығыс аймақтарында, АҚШ-тың батыс таулы



бөлігінде және Алясканың, Канаданың солтүстігінде, Оңтүстік Американың, Австралияның, Африканың игерілмеген шөл, таулы және орманды аймақтарында белсенді түрде жүргізілуде. Бірақ жету қыын аумақтардан алынатын минерал шикізаттың құны өте қымбат. Сондықтан жер қойнауын ұнемді пайдалану — адамзат үшін өте маңызды міндет саналады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Пайдалы қазбалардың отын-энергетикаға, кенді және кенсіз түрлеріне бай болған мемлекеттерге 5-еуден мысал келтір және дүниежүзінің саяси картасынан көрсет.
 - 2 Төмендегі елдердің қайсысы минерал ресурстармен қамтамасыз ету деңгейі бойынша басқа мемлекеттермен бір топқа жатпайды?
- Қытай, Канада, Австралия, Үндістан, Перу, Қазақстан
- 3 Суретте көрсетілген аумақтардың қайсысы пайдалы қазбаларды өндіруге қолайлы? Неліктен? Жауабынды негізде.



A



B



D



E

- 4 Төмендегі ақпараттың дұрыс немесе жалған екенін раста.
- 🌐 Ирі көмір кен орындары негізінен Солтүстік жартышарда орналасқан.
 - 🌐 Қазіргі таңда 100-ге жуық пайдалы қазбалар түрі шаруашылық қажеттіліктеріне пайдаланылады.
 - 🌐 Пайдалы қазбалардың жер бетінде біркелкі таралмауының себебі — климаттық жағдайлардың айырмашылығы.
 - 🌐 Альпі-Гималай, Тынық мұхитының бойындағы аймақтар кен ресурстарына бай аймақтар саналады.
 - 🌐 Кенсіз минерал ресурстардың кен орындары ежелгі платформалардың ойыс бөліктерінде жиі кездеседі.
 - 🌐 Ресей, Австралия, Ботсвана, Оңтүстік Африка Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Канада, Ангола сияқты елдерде алмаздың үлкен қоры бар.
 - 🌐 Дүниежүзінде көмір бассейндері мен кендері жалпы жер көлемінің 30%-ын иелейді.
- 5 Минерал ресурстар сарқылатын және қалпына келмейтін байлық болғандықтан, оларды тиімді пайдалану үшін нені ескеру керек?

6-§. Сарқылмайтын және қайта қалпына келетін табиғи ресурстар географиясы

Агроклиматтық ресурстар. Аумақтардың түрлі егін дақылдарын өсіру мүмкіндіктері көп жағдайда климатқа байланысты. Ауыл шаруашылығына тікелей әсер ететін климаттық ресурстар агроклиматтық ресурстар деп аталады. Ең маңызды агроклиматтық көрсеткіштер тиімді температуралардың жылдық қосындысы (+10 °С-дан жоғары) және ылғалдылық коэффициенті (жауын-шашынның ықтимал булануға қатынасы) саналады.

Климаттың жылу ресурстары экватордан полюстерге қарай азаяды. Экватор төңірегіндегі тиімді температураның жылдық жиынтық мөлшері 8000 °С-тан жоғары болса, арктикалық және субарктикалық климаттық аймақтарда ол тіпті 400 °С-ке де жетпейді. Сондықтан тропиктік, субэкваторлық және экваторлық климаттық аймақтарда жылуды жақсы көретін түрлі дақылдарды өсіріп, жылына 2-3 рет өнім алуға болады.

Бірақ табиғи ылғалдылық факторы да ауыл шаруашылығы үшін өте маңызды. Жауын-шашың жеткілікті болатын өңірлерде тіпті аптаң ыстық кезінде де егіншілікті жасанды суарузыз дамытуға болады және бұл жағдай ауыл шаруашылығында көп қаражатты үнемдеуге көмектеседі. Климаты ыстық, бірақ құрғақшыл ішкі континенттік өлкелер үшін табиғи ылғалдылықтың аздығынан суармалы егіншілік тән. Ыстық муссондық климатты аудандарда жасанды суару негізінен жылы және құрғақ қыста қолданылады, ал ылғалды жазда егіншілік жауын-шашынның есебінен дамиды.

Жер ресурстары. Қазіргі уақытта дүниежүзілік жер қорының жалпы көлемі 13,4 млрд гектарға тең. Адамзат үшін ең үлкен экономикалық маңызы бар ауыл шаруашылығында пайдаланылатын алқаптар дүниежүзіндегі жалпы жер қорының 34 пайызын құрайды. Атап айтқанда, өндөлетін егістік жердің үлесі 11 пайызы, жайылымдық жердің үлесі 23 пайызы құрайды. Дүние жүзіндегі азық-түлік өнімдерінің 88%-ын егістік жерлер, 10%-ын жайылымдар қамтамасыз етеді. Сондықтан жер ресурстарының ең құнды бөлігі өндөлетін (егістік) алқаптар болып табылады. Жер қорының құрамына, сонымен қатар ормандар (30%), елді мекендер мен инженерлік құрылыштар алып жатқан техногендік жерлер (3%), сондай-ақ толық пайдаланылмайтын немесе құнарсыз жерлер (33%) кіреді (5-6-сурет).


Диқаншылық үшін пайдаланылатын жерлердің ең үлкен аумақтары АҚШ, Үндістан, Ресей, Қытай, Бразилия, Аргентина, Канада, Нигерия, Украина және Австралияға тұра келеді. XX ғасырда бүкіл әлем бойынша егістік алқаптар көлемі екі есе үлғайды. Қорғалатын жерлердің игеру, батпақты және құнарсыз жерлерді пайдалану және шөлейт жерлерден су шығару жолымен егістік алқаптарды кеңейту істери әсіресе АҚШ, Канада, Австралия, Ресей, Қазақстан, Қытай, Бразилия және Өзбекстанда кең көлемде жүргізілді.

 Агроклиматтық ресурстар, жер ресурстары, су ресурстары, биологиялық ресурстар, геотермалдық ресурстар.

 Сарқылмайтын және қайта қалпына келетін табиғи байлықтарды пайдаланудың қандай артықшылықтары бар?



5-сурет. Жер ресурстары



6-сурет. Дүниежүзілік жер қорының құрамы (2018 ж.)



7-сурет. Дүниежүзіндегі ең үлкен су қоймаларының бірі — Каруна өзеніндегі Гури су қоймасы (Венесуэла)

пайдалану өте қыын.

Жер бетінің экваторлық және қоңыржай аймақтары тұщы сүмен жақсы қамтамасыз етілген. Тұщы сүмен ең жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттердің қатарында Бразилия, Ресей, Канада, АҚШ, Венесуэла, Перу, Колумбия, Конго Демократиялық Республикасы, тағы басқалар кіреді.

Құрлықтың $\frac{1}{3}$ бөлігін құрайтын құрғақ аймақтарда судың тапшылығы байқалады. Оның үстінен оларда ауыл шаруашылығы жұмыстары негізінен жасанды суару арқылы жүзеге асырылады. Мұндай аймақтардың қатарына Солтүстік Африка мен Оңтүстік-батыс Азия елдері кіреді.

Өзендердің суын тиімді пайдалануға қол жеткізу үшін көптеген су қоймалары салынған (7-сурет). Қазір әлемде салынған су қоймаларының саны 40 мыңнан асты. Ірі су қоймаларының саны бойынша АҚШ, Қытай, Үндістан, Бразилия және Ресей ерекшеленеді.

Теңіз суын тұщыландыру технологиясын кеңінен қолдану да дүниежүзіндегі тұщы су ресурстарын тиімді пайдалануға әкеледі. Қазіргі уақытта Парсы шығанағы, Жерорта теңізі елдерінде, АҚШ, Жапония, Кариб теңізі елдерінде теңіз суын тұщыландыру істері кеңейіп келеді. Теңіз суын тұщылантып пайдалану көлемі бойынша ең үлкен мемлекет Кувейт саналады.

Биологиялық ресурстар деп, Жер бетінің өсімдік және жануарлар ресурстарын айтамыз. Әсіресе, орман қорының экономикалық және экологиялық маңызы зор. Дүниежүзінде ормандар 40 млн шаршы км-ді (4 миллиард гектар), немесе бүкіл құрлықтың шамамен 30%-ға жуығын құрайды. Алайда, ағаш материалдарын дайындау мақсатында ағаштардың кесілуі, тың жерлердің игерілуі, әртүрлі өнеркәсіптік құрлықтардың көбеюі ормандардың азаюына әкелуде. Шын мәнінде, кейінгі 200 жылда біздің ғаламшарымыздың ормандары екі есе азайды. Соңғы жылдары дүниежүзіндегі орман алқаптары жылына орта есеппен 25 миллион гектарға қысқаруда.

Сонымен қатар, жерлер бірте-бірте істен шығуда. Атап айтқанда, эрозия (топырақтың шайылуы) үдерісіне байланысты жыл сайын ауыл шаруашылығында пайдаланылатын 6-7 млн гектар жер жоғалады. Бұдан тыс жердің батпақтануы мен сорлануы салдарынан егістік алқаптары 1-1,5 миллион гектарға қысқаруда. Қалалар мен ауылдардың кеңеюі, өнеркәсіп және көлік құрлықтарының жылдан-жылға артуы да егістік алқаптарының қысқаруына алып келеді. Оның үстінен топырақ қабатының табиғи құнарлылығы да төмендейді. Бұлар жер ресурстарын пайдалануда үлкен қындықтар туғызуда.

Су ресурстары. Тұщы су ресурстары гидросфераның жалпы көлемінің 3 %-ын ғана құрайтыны белгілі. Бірақ оның негізгі бөлігі ғаламшарымыздың алыс, пайдалану қыын болған Антарктида, Арктика және биік таулардағы қар және мұздықтарда жиналған. Өзендер адамның тұщы суға қажеттілігінің негізгі көзі, олардағы судың жалпы мөлшері небері 47000 текше км-ді құрайды. Бұл судың ең көп бөлігі халық өте аз жасайтын жер шарының солтүстік және экваторлық аймақтары арқылы ағып өтеді және оларды




Дүниеде ендік бойымен үлкен қашықтыққа созылған екі - Солтүстік және Оңтүстік орманды аймақтар бар. Солтүстік орманды аймақ қоңыржай және ішінара субтропиктік климатты аумақтардың бойында орналасқан. Бұл аймақ ормандарының маңызды ерекшелігі - оларда негізінен тік өсетін жоғары сапалы қылқан жапырақты ағаштардың өсуі (8-сурет). Мұнданай ормандарға Ресей, Канада, АҚШ, Финляндия мемлекеттері бай.

Оңтүстік орманды аймақ негізінен тропиктік және экваторлық климаттық аймақтарда орналасқан. Тропиктік ормандарда жалпақ жапырақты ағаштар қалың және көп сатылы болып өседі. Оңтүстік орманды аймағында Бразилия, Перу, Колумбия, Венесуэла, Конго Демократиялық Республикасы, Үндістан, Мьянма және Индонезия сияқты елдер ең үлкен орман алқаптарға ие.

Биологиялық ресурстардың тағы бір маңызды бөлігі су бассейндерінің фаунасы мен флорасы болып табылады. Мәліметтерге сүйенсек, әлем халқының ақырызға қажеттілігінің 20%-дан астамын теңіз жануарлары мен өсімдіктері қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Тынық мұхитының Солтүстік-батыс және Оңтүстік-шығыс бөліктері мен Атлант мұхитының солтүстік теңіздері балыққа өте бай. Дегенмен, мұхиттар мен теңіздерде өмір сүретін балықтар мен басқа да жануарлар қорғауды қажет етеді.

Геотермалдық ресурстар. Жердің ішкі энергиясы, яғни геотермалдық ресурстар маңызды дәстүрлі емес энергия көздерінің бірі саналады. Геотермалдық энергияға негізінен тектоникалық қозғалыстар белсенді жалғасатын, климаты жылы аймақтар бай. Исландия (9-сурет), Жапония, Жаңа Зеландия, Филиппин, Папуа-Жаңа Гвинея, Италия, Мексика, АҚШ, Ресей геотермалдық ресурстарға бай.



8-сурет. Қылқан жапырақты тайга ормандары (жоғарыда және жалпақ жапырақты тропиктік ормандар (төменде)



9-сурет. Исландиядағы геотермалдық электр станцияларының бірі



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Агроклиматтық ресурстардың ауыл шаруашылығының мамандануына әсерін түрлі географиялық аймақтар мен елдерді мысалға ала отырып түсіндір.
- 2 Бұл мемлекеттерге сәйкес келетін кестеде берілген сипаттарды тауып, дәптеріңізге белгіле.

A АҚШ **B** Қытай **D** Бразилия **E** Ресей **F** Австралия

1	Тұщы сүмен ең жақсы қамтамасыз етілген
2	Геотермалдық ресурстарға бай
3	Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын ең үлкен алаңдары сәйкес келеді
4	Оңтүстік орманды аймағы ең үлкен орман алқаптарына ие
5	Қорғалатын жерлерді игеру, батпақты және құнарсыз жерлерді өңдеу, шөлейт жерлерден су шығару жолымен егістік алқаптарын кеңейту жұмыстары кең көлемде жүргізілген
6	Ірі су қоймаларының саны бойынша едәуір ерекшеленеді
7	Солтүстік орман аймағы ормандарға бай

- 3 Төменде кейбір ресурстарды ұқыпты пайдалану әдістеріне, сондай-ақ ұқыпсыз пайдалану және оның салдарына мысалдар келтірілген. Сенің ойыңша, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану үшін тағы нелерге көніл бөлу керек? Ресурстарды ұқыпсыз пайдалану тағы қандай кері әсерлерге әкеледі? Өз пікіріңізді дәлелде.



- 4 Тұщы сүмен ең жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттерді жазусыз картада белгіле.

7-§. Жоба сабагы. Жаңандық экологиялық проблемалар

1. Төменде келтірілген мәліметтер мен қосымша ресурстарды пайдалана отырып, мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- Табиғатты ұқыпты және ұқыпсыз пайдалану қандай аспектілермен ерекшеленеді?
- Экологиялық проблемалардың маңызы неде және олардың себептері немен байланысты?
- Жаңандық экологиялық проблемалардың ерекшеліктері қандай?
- Экологиялық мәселелердің көрінісінде қандай?
- Не үшін қазіргі жағдайда экологиялық саясат жүргізу жағдайы туындаған?



Табиғатты пайдалану, жаңандық, регионалдық және жергілікті экологиялық проблемалар, экологиялық саясат, «жылыжайлық эффект», «озон тесіктері», шөлдену, ормандардың жойылуы.

Табиғатты пайдалану

- Табиғи ресурстарды пайдалану, оларды қорғау және қайта қалпына келтірумен байланысты адамның қызметі

Табиғатты ұқыпты пайдалану

- Табиғи байлықтарды мөлшерімен, оларды қорғау және қайта қалпына келтіруге, қоршаған ортаның табиғи құйін сақтауға көзіл бөліп пайдалану

Табиғатты ұқыпсыз пайдалану

- Қоршаған орта және оның ресурстары жағдайының көрінісінде табиғатты пайдалану

Экологиялық проблемалар

- Табиғатты ұқыпсыз пайдалану нәтжесінде табиғи орта сапасының нашарлауы.


Экологиялық саясат




- Табиғи ортаны қорғау және оны тіктеуге, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған әрекеттер жүйесі

2. Топтарға бөлініп әртүрлі жаңандық экологиялық проблемалар туралы презентациялар немесе ақпараттар дайындауда, оларды сыйында талқылаңыз. Тапсырманы орындауда параграфта келтірілген мәліметтерді және қосымша көздерді пайдалана отырып, келесі жоспарды орындаңыз:

- 1 Таңдалған экологиялық проблеманың маңызы;
- 2 Проблеманың себептері;
- 3 Тиісті экологиялық проблеманың көрінісінде табиғи орта сапасының нашарлауы;
- 4 Проблема ең көп таралған аумақтар;
- 5 Халықаралық қоғамдастықтың проблеманы шешуге бағытталған әрекеттері.

«Жылыжайлық эффект» проблемасы. Атмосферада ііс газы (CO₂), көмірқышқыл газы (CO₂), құкірт оксидтері (SO₂, SO₃), азот диоксиді (NO²) мөлшерінің артуы үлкен экологиялық проблемаларды туғызуда. «Жылыжайлық» газдар деп аталатын бұл газ тәріздес заттардың атмосферадағы бөлшектері келіп түсетін радиацияны жер бетіне өткізіп, одан қайтып келетін жылулық радиациясын атмосфераның төменгі қабатынан жоғары қарай жақсы өткізбейді. Бұл үдеріс атмосфераның төменгі қабатының орташа жылдық температурасының біртіндеп жоғарылауына әкеледі. Бұл жағдай біздің планетамыздың полюстеріндегі және биік таулардағы көпжылдық мұздықтар алаңының қысқаруына себеп болуда.





Озон қабатының жұқару проблемасы. Соңғы жылдарды ауаға фторлы-хлорлы қоспалардың (фреондардың) көп бөлінің нәтижесінде жер бетіндегі тіршіліктің қалқаны саналатын озон қабатының жұқару жағдайы байқалуда. «Озон тесігі» деп аталатын бұл жағдай алдымен Оңтүстік Американың Антарктидаға жақын аймақтарында байқалды, соңғы жылдарды Еуразияның солтүстік кеңістіктерінде де байқалды. Канаданың Монреаль қаласында 1987 жылы бірнеше мемлекеттер фреон газдарын өндіруге және пайдалануға шектеулер туралы халықаралық келісімге қол қойды. Бұғынгі күні бұл келісімге әлемнің көптеген елдері қосылды. Мамандардың пікірінше, Монреаль келісімі бұлжытпай орындалса, озон қабатының қалыпты қалыңдығы 2050 жылға қарай қалпына келеді.

Жердің шөлге айналу проблемасы. Шөлге тән ерекшеліктері бар аймақтардың кеңею үдерісі шөлдену деп аталады. Оның негізгі себептері — ағаштар мен бұталарды кесу, шаруа малдарын ретсіз бағу, су ресурстарын ұқыпсыз пайдалану саналады. Шөлдену Африка, Оңтүстік-Батыс, Орталық және Оңтүстік Азия мемлекеттеріне үлкен қауіп төндіреді. Жер бетіндегі шөлдену белгілері байқалатын аймақтарда 2 миллиардтан астам адам тұрады. БҰҰ 1994 жылы Шөлденуге қарсы күрес жөніндегі Халықаралық конвенцияны қабылдады. 1995 жылдан бастап жыл сайын 17 маусым күні Дүниежүзілік шөлдену және құрғақшылықпен күрес күні болып саналады.

Ормандыздану проблемасы. Адамзат бүкіл тарихы барысында ормандарды кесіп, олардың аумағының азауына себепші болды. Бірақ ормандардың күрт жойылу процесі соңғы 100 жылға тұра келеді. Әсересе, экваторлық ормандар, сондай-ақ құрғақшыл аймақтардағы тау ормандары алқаптарының қысқаруы биосфераның табиги тепе-тендігіне үлкен қауіп төндіруде. Бұл проблемамен күресудің негізгі жолдары орманды кесуді шектеу және ағаш отырғызумен байланысты. Бұл түрғыда дүние жүзінде жақсы мысалдар бар. Мысалы, Ұлыбританияда соңғы 50-60 жылда орман алқаптары үш есе ұлғайды. Жапониядағы ормандарды кесуге қатаң шектеу қойылғандықтан, ел аумағының $\frac{1}{3}$ бөлігін ормандар алып жатыр. Өзбекстанда да Арал теңізінің құрғаған түбінде орманды қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Тұщы су тапшылығы проблемасы. Тұщы судың негізгі бөлігі Антарктида, Арктика және биік таулардағы мұздықтарда жиналған. Адамның тұщы суға қажеттілігін өтейтін негізгі көз өзендер саналады, олардың үлкен бөлігі халық аз қоныстанған суық және экваторлық климаттық аймақтар бойымен ағады және оларды кең көлемде пайдалану қыын. Құрлық аумағының $\frac{1}{3}$ бөлігін алып жатқан құрғақ аймақтарда су тапшылығы бар. Әсіресе, Солтүстік және Оңтүстік Африкада, Оңтүстік және Оңтүстік-батыс Азияда, сондай-ақ Өзбекстан, Түркіменстан, Қазақстан сияқты Орталық Азия мемлекеттерінде бұл проблема өзекті болып табылады.




3-тарау. Дүниежүзінің халқы

8-§. Дүниежүзі халқының саны, өсуі және орналасуы

Дүниежүзі халқының саны 2020 жылғы мәліметтерге сәйкес 7 миллиард 770 миллионнан астам адамды құрайды. Біздің планетамыздың тұрғындарының осы сандық межеге жетуінің өзіндік тарихы бар.

Археологиялық зерттеулер Солтүстік-шығыс және Шығыс Африка, Оңтүстік Еуропа және Ежелгі Азия аймақтарында алғашқы адамдардың пайда болғанын көрсетеді. Уақыт өте келе ежелгі адамдардың жаңа жерлерді игеруге деген ұмтылысының арқасында олар өздері тұратын жерлерден басқа аймақтарға қоныс аудара бастады. Миграциялық әрекеттердің нәтижесінде алдымен Африканың солтүстік, орталық және батыс бөліктеріне, Азияның Оңтүстік-батыс, оңтүстік және шығыс аймақтарына халықтың көшу үдерісі болды. Кейінгі кезеңдерде Орта Азияның, Еуропаның, Австралия және Океанияның табиғи жағдайлары қолайлы жерлерінде көне қоныстар пайда болған болса, Америка құрлығында адамның қызметі басқалармен салыстырғанда сәл кейінрек басталды (10-сурет).



Халық саны, халық санының өсуі, халықтың қайта жаңаруы, табиғи өсімі, халықтың орналасуы, халықтың тығыздығы.



Мемлекеттер халқының саны қандай факторлармен өзгөреді?



Демография – халықтың қайта жаңаруы мен құрамын, олардың өзгеруін зерттейтін ғылым.

Демографиялық жарылыс – өлім деңгейінің төмендеуіне байланысты халық санының тез өсуі.

Ұзақ кезеңдер барысында Еуропа, Азия және Африка континенттері халықтың басым бөлігі шоғырланған аймақтар болып тұрды. Бұл жерлерде адамзат тарихында үлкен із қалдырған түрлі мемлекеттер пайда болып, уақыт өтуімен дағдарысқа ұшырады. Ұлы географиялық ашылулардың нәтижесінде құрлықтар арасында халықтың қайта бөлінің жүзеге асты.

Материалдық және санитарлық-гигиеналық жағдайлардың қанағаттанарлықсыз екендігі, мерзімді ашаршылық пен жұқпалы аурулардың эпидемиясынан туындаған тарихи кезеңдерде халықтың табиғи ұдайы өсу деңгейі төмен болды.

XIX ғасырда Еуропа мен Америкада орын алған өнеркәсіптік төңкөріс және медициналық қызыметтің дамуы нәтижесінде бұл континенттердегі халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы мен табиғи өсу қарқыны артты.

XX ғасырда дүниежүзіндегі халық саны 1,6 миллиард адамнан 6,1 миллиард адамға дейін жетіп, халық саны өсімінің ең жоғары қарқыны 1950 жылдардан кейінгі кезеңге тура келді. Бұл жағдай Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттерінің саяси тәуелсіздікке қол жеткізуі, оларға БҰҰ-ның гуманитарлық көмек көрсетуі нәтижесінде халық арасында өлім-жітім деңгейінің айтарлықтай төмендеуінің арқасында болды. Нәтижеде 1960-1980 жылдары дүниежүзінде «демографиялық жарылыс» үдерісі болды (8-кесте).


8-кесте. Әлемдегі халық саны динамикасы

Дүниежүзі халқы	Жыл	Жылдар аралығы
1 миллиард адам .	1804	...
2 миллиард адам	1927	123
3 миллиард адам	1960	33
4 миллиард адам	1974	14
5 миллиард адам	1987	13
6 миллиард адам	1999	12
7 миллиард адам	2011	12
8 миллиард адам	2023 жылы (БҰҰ болжамы)	12
9 миллиард адам	2037 жылы (БҰҰ болжамы)	14
10 миллиард адам	2055 жылға қарай (БҰҰ болжамы)	18

Соңғы жылдары әлем халқының өсу қарқыны төмендеуде. Бұған бірқатар факторлар себеп болуда. Мысалы, мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық өркениеті, урбанизация үдерісі, экономикадағы әйелдердің жұмысспен қамтылу деңгейінің артуы, тағы басқалар. Халық санының өзгеруі туылу мен өлім көрсетіштері арақатынасы негізінде қалыптасатын табиғи көбею деңгейімен байланысты. Туылу мен өлім-жітім коэффиценттері белгілі бір уақыт аралығындағы әр 1000 адамға тура келетін туылулар, сондай-ақ өлім көрсеткіштерімен анықталады (промилледа). 2020 жылғы деректер бойынша әлем халқының туылу коэффиценті 19‰, өлім коэффиценті 7‰, табиғи өсім 12‰-ге тең болды. Табиғи өсім көрсеткіші әлем бойынша 1960 жылды 17‰, 1970 жылды 20‰-ға тең болғанын ескерсек, өсу қарқының төмендеп бара жатқанын көреміз.




Демографиялық дағдарыс (депопуляция) – туылудың өлім дәрежесіне қарай төмен болуына байланысты халық санының азаюы.



11-сурет. Дүниежүзі елдері халқының табиғи өсімі (әр 1000 адамға салыстырғанда)

11-суреттегі картадан Азияның және әсіресе, Африканың көптеген дамып келе жатқан елдерінде халықтың табиғи өсу коэффиценті жоғары екенін көруге болады. Керісінше, Еуропаның, Солтүстік Американың және Шығыс Азияның дамыған елдерінде халықтың табиғи өсімі әлдекайда төмен дәрежеге ие. Тіпті Еуропаның бірқатар елдерінде (мысалы, Германия, Италия, Украина, Сербия, Болгария, т.б.) және Жапонияда табиғи өсүдің теріс жағдайы — демографиялық дағдарыс (депопуляция) үдерісі жүріп жатыр.

Табиғи өсу деңгейіндегі айырмашылықтарға әлеуметтік-экономикалық, діни және ұлттық факторлар үлкен әсер етеді. Халықтың өмір сүру деңгейі, қала мен ауыл халқының арақатынасы, әйелдердің қоғамдық өмірге қатысу деңгейі, дәстүрлі өмір салты мен құндылықтарының сақталуы сияқты факторлар туылу мен табиғи көбею деңгейіне және оның өзгеруіне әкеледі.




12-сурет. Жер бетіндегі халықтың континенттер бойынша бөлінуі (2020 және 2050 жыл (болжам) жағдайларына сәйкес, %)

Табиғи өсу деңгейінің айырмашылығына байланысты түрде дүниежүзі халқының аумақтық құрамы өзгеруде. Атап айтқанда, сарапшылардың болжамы бойынша, әр түрлі аймақтар мен елдердегі табиғи көбею ерекшеліктерінің әсерінен болашақта әлем халқының континенттер бойынша таралуының (12-сурет) және әлемдегі халық саны бойынша жетекші мемлекеттердің құрамы мен реттілігінің (9-кесте) өзгеруі күтілуде.



9-кесте. Халық саны бойынша әлемдегі мемлекеттердің алғашқы ондығы (миллион адам есебінен)

№	Мемлекеттер	2020-жыл	Мемлекеттер	2050 жыл (БҰҰ болжамы)
1	Қытай	1434,2	Үндістан	1663
2	Үндістан	1400,1	Қытай	1398,8
3	АҚШ	329,9	Нигерия	401,3
4	Индонезия	271,7	АҚШ	385,7
5	Пәкістан	220,9	Пәкістан	347,8
6	Бразилия	211,8	Индонезия	328,7
7	Нигерия	206,1	Бразилия	232,9
8	Бангладеш	169,8	Бангладеш	215,5
9	Ресей	146,7	Конго Демократиялық Республикасы	212,1
10	Мексика	127,8	Эфиопия	208,6



13-сурет. Дүниежүзі халқының тығыздығы (адам/км²)

Халық саны бойынша құрлықтардың арасында Азияның алатын орны ерекше. Осы құрлықта 2020 жылғы жағдай бойынша әлем халқының шамамен 60%-ы тұра келген. Соның ішінде, халқының саны бойынша әлемдегі алғашқы он мемлекеттің қатарына кіретін Азияның 5 елі (Қытай, Үндістан, Индонезия, Пәкістан, Бангладеш) әлем халқының 45 %-ын құрайды. 2050 жылға қарай Азияның бұл реттегі көшбасшылығы сақталады, бірақ дүниежүзі халқы құрамындағы оның үлесі біршама төмендейді деп күтілуде.

Сонымен қатар, кейінгі кезеңдерде табиғи өсу коэффицентінің төмендеуіне байланысты Еуропа және Америка континенттерінің дүниежүзіндегі үлес салмағы біртіндеп азаяды. Қазіргі уақытта табиғи көбеюі салыстырмалы түрде жоғары дәрежеде сақталатын Африканың дүниежүзі халқының аумақтың бөлінісіндегі үлесі едәуір артады (12-сурет). Қазіргі уақытта халық саны бойынша әлемдегі алғашқы ондығына Африка мемлекеттерінен тек Нигерия ғана кіретін болса, 2050 жылға келіп Конго Демократиялық Республикасы мен Эфиопия да бұл рейтингте орын алады деп күтілуде (9-кесте).

Халықтың жер бетінде біркелкі таралмағаны белгілі. Бұған табиғи географиялық, тарихи, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлар үлкен әсер етеді. Қоңыржай

және субтропиктік климатты жазықтарда, өзен аңғарлары мен дельталары, сондай-ақ теңіз жағалаудағы аумақтарда халықтың тығыздығы ең жоғары көрсеткіштерге ие. Бұл жағдай әсіреле ежелгі дәуірден бері қарқынды игерілген Ніл, Ганга, Үнді, Янцзы, Хуанхэ сияқты өзендердің аңғарлары мен дельталарында, Үндістан түбегінде және Жерорта теңізіне тұтасқан аймақтарда айқын байқалады (13-сурет).

10-кесте. Халықтығыздығы ең жоғары және ең төмен мемлекеттер (2020 ж.)

№	Мемлекеттер	Халықтығыздығы (адам/км ²)	№	Мемлекеттер	Халықтығыздығы (адам/км ²)
1	Монако	18861	185	Мавритания	4,5
2	Сингапур	8067	186	Ботсвана	4,0
3	Бахрейн	1965	187	Ливия	3,9
4	Ватикан	1875	188	Канада	3,8
5	Мальдив Республикасы	1812	189	Гайана	3,7
6	Мальта	1628	190	Исландия	3,6
7	Бангладеш	1179	191	Суринам	3,5
8	Барбадос	685	192	Австралия	3,3
9	Маврикий	635	193	Намибия	3,0
10	Сан-Марино	551	194	Монголия	2,2

Статистикалық мәліметтер қазіргі уақытта әлем бойынша 1 шаршы км-ге орта есеппен 57 адам тұра келетінін көрсетеді. Халықтың тығыздығы негізінен «ұсақ» мемлекеттерде ең жоғары көрсеткіштерге ие (10-кесте). Бұғынде, шөлейт аймақтары көп Монголия, Намибия, Австралия, Ливия, Ботсвана, Мавритания, сонымен қатар сұық климатты Канада мен Исландия және аумағының үлкен бөлігін қалың экваторлық ормандар иелейтін Гайана мен Суринам дүниежүзінің халықтығыздығы ең төмен мемлекеттері қатарына кіреді (10-кесте) .

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Географиялық ашылулар әлем халықының аймақтар бойымен бөлінуіне қалай әсер етті? Тұрғындардың басқа аймақтарға көшу себептерін қалай түсіндіресің?
- Ұзақ тарихи кезеңде жер шары халықтың табиғи ұдайы өсу қарқыны неліктен төмен болған? XIX ғасырда Еуропа мен Америкада халықтың орташа өмір сүруі және табиғи өсу қарқының артуы қандай факторлармен байланысты?
- Оқулық қосымшасындағы кесте мәліметтеріне сүйене отырып, Еуропа, Азия, Африка, Америка, Австралия, Океания елдерінің халықтың саны бойынша алдыңғы қатарлы бес мемлекетті анықтап, дәптеріңе жазып ал.
- Дүниежүзі халықының аумақтық орналасуына қандай факторлар әсер етеді? Осы суреттерде бейнеленген жерлерге мұқият назар аудар және өмір сүрге ең қолайлы аймақтарды таңдап, себебін түсіндір.



Сенің ойыңша, бұл аймақтарда халық жасауы үшін қолайлы жағдайларды жарату мақсатында қандай жұмыстарды жүзеге асыру тиіс?

- Атластағы дүниежүзі халықтың тығыздығы картасын пайдалана отырып, жазусыз картага жер бетіндегі халық ең тығыз қоныстанған, сондай-ақ халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 250 адамнан көп болған мемлекеттерді белгіле.



Жаңынан түсілген күрамы, жас топтары, халықтың қартаюы, негізгі, аралық және аралас насылдер, европеоид, монголоид, негроид, австралиоид, метис, мулат, самбо.



Халықтың күрамы қандай ерекшеліктерді қамтыйды?


9-§. Дүниежүзі халқының жас-жыныстық және нәсілдік құрамы

Халықтың жас құрамы. Халық, жас құрылымына сәйкес, балалар (0-14 жас), еңбекке қабілетті жастағылар (15-64 жас) және қарт адамдар (65 жас және одан үлкендер) сияқты үлкен топтарға бөлінеді. Бұл жас топтары арасындағы арақатынас өткен тарихи кезеңдерде өзгерді. Ұзақ уақыт бойы әлем халқының жас құрылымындағы егде жастағы адамдардың үлесі өте төмен болды, бірақ XX ғасырға келіп жылдан-жылға бұл топ өкілдерінің саны арта бастады (11-кесте). Бұған, ең алдымен, медициналық қызметтің дамуы және өмір сүру деңгейінің өсуі нәтижесінде халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының артуы себеп болды.

11-кесте. Дүние жүзі халқының жас құрамының динамикасы

Жылдар	Жас топтарының үлесі %		
	0-14 жас	15-64 жас	65 жас және одан жоғары
1950	34,5	60,4	5,1
1975	36,9	57,4	5,7
2000	31,0	62,2	6,8
2010	27,0	65,0	8,0
2020	26,0	65,0	9,0
2050 (болжам)	21,0	63,0	16,0

Дүние жүзі аймақтары тұрғындарының жас құрылымы бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді (14-сурет). Атап айтқанда, табиғи өсу қарқыны ең жоғары болған Африка халқының жас құрылымындағы балалардың үлес салмағы егде жастағы адамдарға қарағанда әлдеқайда жоғары болса, демографиялық дағдарыс орын алғып жатқан Еуропада бұл жағдайдың көрісі байқалады. Дүние мемлекеттері арасында балалардың үлесі Нигер (51%), Ангола (48%), Чад (48%) сияқты Африка мемлекеттерінде ең жоғары деңгейде. Бұл ретте ең төменгі көрсеткіштер Италия (13%), Монако (13%), Германия (14%) сияқты Еуропа мемлекеттерінде тіркелген.



14-сурет. Дүниежүзі аймақтары халқының жас құрамы (%), 2020 ж)

Халықтың жас құрылымында еңбекке қабілетті жастағылар тобының (15-64 жас) маңызы ерекше. 14-суретте бұл топтың дүниежүзі халқының 65%-ын құрай отырып, дүниежүзі және барлық аймақтар халқының жалпы құрылымында ең үлкен үлес бар екені көрсетілген. Туылу деңгейі ең жоғары Африкада бұл топтың үлесі ең төмен болса, ал Азия, Америка және Еуропада бұл реттегі көрсеткіштер орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары.


Халықтың жыныстық құрамы. Әлемде әйелдер мен ерлердің үлес салмағы дерлік тең, әйелдердің үлес салмағы жоғарылау, сондай-ақ ерлердің үлес салмағы басымдығы байқалады. Статистикалық мәліметтер әлем халқының жыныстық құрамының 50,5%-ын ерлер, 49,5%-ын әйелдер құрайтынын көрсетеді (абсолюттік мәнде ерлердің саны әйелдердің санынан 60 млн адамға артық).

Африкада, Оңтүстік Америкада, Австралияда және Океанияда жыныстардың үлес салмағы бір-біріне дерлік тең болса, Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттерінде әйелдердің үлес салмағы сәл жоғары. Азияда сан жағынан ерлердің басымдығы байқалады. Атап айтқанда, Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-батыс Азия және Солтүстік Африка мемлекеттерінде ерлердің үлес салмағы әйелдерге қарағанда біршама жоғары екенін байқауға болады (мысалы, Катарда 67%, Кувейтте 61,4%, БАӘ-де 57,5%). Бұған қазіргі жағдайда тиісті аймақтардағы әйелдердің әлеуметтік жағдайының төмендігі, жас құрылымындағы егде жастағы адамдардың үлес салмағының төмендігі (әйелдердің орташа өмір сүру ұзақтығы әдетте ерлерге қарағанда ұзақырақ болғандықтан, егде жастағылардың құрамында әйелдердің үлес салмағы айтарлықтай үлкен болады) сондай-ақ миграция үдерістері әсер етеді. Еуропа мемлекеттерінің көшілігінде туылу деңгейінің өте төмендігі, XX ғасырда болған екі Дүниежүзілік соғыстағы ауыр шығындар сияқты факторларға байланысты әйелдердің үлес салмағы жоғары (мысалы, Латвияда 53,7%, Украинада 53,5%, Ресейде 53,1%).

Жас-жыныстық пирамидалары. Халықтың жас және жыныстық құрамын талдауда жас-жыныстық пирамидалары пайдаланылады. Олар арқылы бір аумақ халқының жас топтары, сондай-ақ жыныстары бойынша таралуы көрсетіледі (15-сурет). Дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттер арасындағы жас-жыныстық пирамидаларын салыстырып, мынадай қорытындыларға келуге болады:

1) дамыған мемлекеттерде халық арасында табиғи өсу деңгейінің төмендеуіне байланысты балалардың үлес салмағы азайып, еңбекке қабілетті және қарт адамдардың үлес салмағы артып келеді;

2) дамып келе жатқан мемлекеттерде табиғи өсүдің жоғары қарқынының нәтижесінде жас-жыныстық пирамидасының төменгі бөлігінің үлесі артуда. Сонымен қатар, бұл мемлекеттерде ерлердің сандық артықшылығы айқын көрінеді.



15-сурет. Дамыған (I) және дамып келе жатқан (II) мемлекеттер халқының жас-жыныстық пирамидалары



Халықтың нәсілдік құрамы. Нәсілдер - бір-бірінен сыртқы көрініс белгілерімен (тері, шаш, көз түсі, дене құрылсызы, бет, мұрын, ерін пішіні, т.б.) өзара ерекшеленетін адамдар тобы. Нәсілдер маңызы және пайда болу себептері бойынша биологиялық категория саналып, адам ағзасының сыртқы ортаға бейімделуінің нәтижесінде қалыптасқан. Нәсілдердің пайда болуы ұзақ тарихи кезеңдерге тұра келеді.

Дүниежүзі халқының басым бөлігі (70%-ға жуығы) негізгі төрт нәсілге (европеоид, монголоид, негроид үлкен нәсілдерге және австралоид кіші нәсілдерге), ал қалған бөлігі аралық және аралас нәсілдерге жатады.

Еуропалық нәсілдің өкілдері дүниежүзі халқының 40%-дан астамын құрайды және олар Еуропа, Америка, Австралия және Океания тұрғындарының негізгі бөлігін құрайды. Сонымен қатар Оңтүстік, Оңтүстік-батыс және Орталық Азия мен Солтүстік Африкада еуропеоидтардың көп бөлігі тұрады. Солтүстік аймақтарда жасайтын еуропеоидтарға ақшыл тері, толқынды немесе тік, жұмсақ шаш, негізінен көк көз, үшкір мұрын, жұқа және орташа ерін (16-сурет) сияқты сыртқы белгілер тән, оңтүстікте барған сайын табиғи ортамен байланысты түрде дене, шаш және көз түстерімен ерекшеленеді. Сондықтан еуропеоид нәсіл 3 — солтүстік, Орталық еуропалық және оңтүстік тармақтарға бөлінеді.

Монголоид нәсілінің өкілдері қоңыр түсті тері, тік, қатты, шаш пен көздің қара көріністерімен, қыр мұрынды немесе орташа мұрынды, көз асты қабағының ажыралып тұруымен, еңсе саласының кеңейгендігімен ерекшеленеді (16-сурет). Монголоидтар негізінен Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерінде кең таралған. Сондай-ақ Ресейдің Азиядағы бөлігі мен Америка құрлығының байырғы халқы да монголоид нәсіліне жатады.



Еуропеоид нәсілі



Монголоид нәсілі



Негроид нәсілі



Австралоид нәсілі

16-сурет. Негізгі нәсіл өкілдері

Негроид нәсілінің өкілдері негізінен Африка және Америка елдерінде жасайды. Қара түсті терісі, тік, қатты, бұйра қара шашы, қара көзді, шығынқы жақ, жапалақ мұрын, қалың ерін олардың негізгі белгілері саналады (16-сурет). Африка осы нәсіл өкілдерінің бастапқы отаны болып саналады және олардың көшпілігі XVI-XVIII ғасырларда Американың әртүрлі аймақтарына мәжбүрлі түрде құл ретінде құштеп алынды.

Австралоид нәсілі ғасырлар барысында негроид нәсілінің бір түрі болып саналды. Дегенмен, соңғы жылдардағы зерттеулер олардың шығу тегі негроидтермен байланысты емес екенін көрсетеді. Терісі қара түсті (негроидтерге қарағанда сәл ақшыл), қысқа мойын, өте кең жапалақ мұрын, қара қоңыр шаштар мен көздер, қалың еріндерге ие (16-сурет) бұл нәсілдің өкілдері негізінен Австралия мен Океанияда таралған.

Негізгі нәсілдердің арасында тарихи түрде пайда болған аралық нәсілдің өкілдері бар. Оларға мысал ретінде эфиопиялық, дравидтік, уралдық, ферғана-памирлік нәсілдерді көлтіруге болады. Дүниежүзі халқының нәсілдік құрамына метис, мулат, самбо түріндегі аралас нәсілдердің өкілдері кіреді. Бұл аралас нәсілдер Америкада кең таралған, метистер еуропалық және американдық үндістердің, мулаттар еуропеоид және негроидтардың, самболар, американдық үндістер мен негроидтердің араласуы нәтижесінде қалыптасқан.

Нәсілдер туралы сөз болғанда, сыртқы белгілер адамдардың интеллектуалдық қабілеттері мен адами қасиеттеріне әсер етпейтінін ескерген жөн. Сондықтан барлық нәсілдің өкілдері құқықтық тұрғыдан өзара тең болуы керек. Отаршылдық және еріксіздік жағдайында кейбір мемлекеттерде қалыптасқан нәсілшілдік (нәсілдер арасындағы физикалық және психикалық теңсіздіктің болуын насиҳаттайтын көзқарас) идеологиясына қарсы құресу мақсатында БҰҰ 1965 жылы Нәсілшілдік кемсітудің барлық тұрларін тоқтату жөніндегі Халықаралық Конвенцияны қабылдаған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Табиғи өсу деңгейі халықтың жас құрамына қалай әсер етеді? Неліктен әлем халықтың жас құрылымындағы егде жастағы адамдардың үлесі ұзақ уақыт бойы өте төмен көрсеткіштерге ие болды?
- 2 Дамыған мемлекеттердегі балалардың үлес салмағы қарттарға қарағанда неге төмен? Бұл жағдай қандай әлеуметтік-экономикалық проблемаларды тудыруы мүмкін?
- 3 Нәсілдер қандай факторлардың әсерінен пайда болды? Еуропеоид нәсілі өкілдерінің дүние жүзіне кеңінен таралуының себебі неде?
- 4 Америка құрлығында аралас нәсілдердің қалыптасу себептерін түсіндір. Ұлы географиялық ашылулар оған қалай әсер етті?
- 5 Төмендегі мәліметтердің ішінен дұрысын таңда::

- 🌐 Еуропеоид нәсіл құрамында екі тармақ бөлінеді;
- 🌐 Солтүстік Америка мемлекеттерінде әйелдердің үлес салмағы едәүір жоғары;
- 🌐 Мұлаттар еуропеоид және американцың үндістердің араласуы нәтижесінде қалыптасқан;
- 🌐 Африка континентінде тылу деңгейі ең жоғары;
- 🌐 Монголоидтар негізінен Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттерінде кең таралған;
- 🌐 Ангола балалардың үлес салмағы ең жоғары болған мемлекет саналады;
- 🌐 Әлем халықтың жыныстық құрамының 49,5%-ын ерлер құрайды;
- 🌐 Еуропада демографиялық дағдарыс байқалуда;
- 🌐 Эфиопиялық және уралдық нәсілдер аралас нәсілдерге мысалы бола алады.





Әтнос, тайпа, ұлт, тілдік жанұялар мен топтар, халықаралық сойлесу тілдері, дін, қарапайым дін, жергілікті дін, буддизм, христиандық, ислам діні.



Бірер елге саяхат жасағысы келген адамга сол мемлекет халқының ұлттық және діни құрамын білуі не үшін керек?

10-§. Дүниежүзі халқының этникалық және діни құрамы

Халықтың ұлттық және діни құрамы мемлекеттерде болып жатқан демографиялық үдерістерге үлкен әсер етеді. Отбасына, балалардың саны мен тәрбиесіне қатысты діни көзқарастар, сондай-ақ ұлттық құндылықтар көп түрғыдан халықтың табиғи өсуіне, жас және жыныстық құрамына өз әсерін тигізеді.

Халықтың этникалық (ұлттық) құрамы. Дүниежүзі және жекелеген елдердің түрғындарының маңызды белгілерінің бірі оның этникалық, яғни ұлттық құрамы саналады. «Әтнос» сөзі ежелгі грек тілінен «халық, ұлт» деп аударылып, ғылыми әдебиеттерде кеңінен қолданылады.

Адамдардың ең байырғы, қарапайым қоғамдық бірлестіктері болып саналатын тайпалар мен рулар бүгінде негізінен Солтүстік Америка және Еуразияның солтүстік аумақтарында, Океания аралдарында және Африканың орталық бөлігінде сақталған (17-сурет).

Ұлыстар тайпалар мен рулар, ұлттар арасындағы біріктіруші шеңбер қызметін өтейді. Олар әдette аз санды, әрі белгілі бір шағын аудандарда тұрады. Ұлыстар негізінен Азия мен Африкада кездеседі.

Ұлттар — біртұтас тілі, түрғылықты жері, ұлттық экономикасы, мәдениеті, ділі мен ұлттық сана сезімі жоғары дәрежеде қалыптасқан, көп жағдайда өз мемлекеттілігіне немесе автономиясына ие болған этностар. Ұлттар әлемнің барлық елдері мен аймақтарында кеңінен таралған.



17-сурет. Жер бетінің әртүрлі аймақтарын мекендейген тайпалар

Ғылыми деректерге сүйенсек, дүниежүзінде 3-4 мың этнос болса, оның 14-інің 100 миллионнан астам, ал 13-інің 50-100 миллион өкілдері бар. Дүниежүзіндегі саны көп ұлттардың қатарына қытайлар (ханьдар), үнділер, арабтар, американцылар, бенгалдар, бразилиялықтар, орыстар, мексикалықтар, жапондар, пенджабдықтар, бихарлар, явандар кіреді. Дүниежүзіндегі бірнеше мыңдаған этностардың басым бөлігін аз санды ұлыстар, тайпалар мен рулар құрайды.

Әлем мемлекеттері халқының ұлттық құрамының ерекшеліктеріне сәйкес олар бір ұлтты (мысалы, Жапония, Исландия, Норвегия), бір ұлт басқалармен салыстырғанда үлкен үлес салмаққа ие болған (мысалы, АҚШ, Франция, Түркія), екі ұлтты (мысалы, Канада, Бельгия), этникалық туыс (мысалы, Ауғанстан, Пәкістан), көп ұлтты (мысалы, Үндістан, Индонезия) мемлекеттер топтарына бөлінеді.



Әтностар — бір-бірінен тілі, жасау аймагы, мәдени дәстүрлері мен әдем-әхрыптары, тұрмыс-тіршілігі жағынан ерекшеленетін және өздігін тану сезімі бар адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-мәдени топтары.

Әтностардың, **тайпа** және **ру**, **ұлт** пен **ұлыс** формалары бар.

Этностардың қалыптасуында тілдің маңызы орасан үлкен. Дегенмен әлемдегі барлық этностар да жеке тілге ие емес. Мысалы, американцытар үшін ағылшын, австриялықтар үшін неміс, бразилиялықтар үшін португал тілдері қарым-қатынас және ресми тіл ретінде қызмет етеді. Сарапшылардың мәліметтеріне сүйенсек, бүгінде әлемде диалектілерді есептемегенде 3 мыңнан астам тіл бар, олардың арасында ең көп тараған 40-ы жер шары халқының $\frac{2}{3}$ бөлігінің негізгі қатынас құралы болып табылады.

Әлемдегі тілдер шығу тегінің ортақтығын, лексикалық және грамматикалық жүйелердің үқастығын ескере отырып, 20-дан астам тіл жанұясына біріктіріледі. Олардың арасында үнді-европалық тілдер жанұясы сөйлесетіндер саны жағынан көш бастап тұр. Дүниежүзі халқының 45% бөлігі осы тіл жанұясы құрамына кіретін тілде сөйлейді. Әлемде кореи, жапон, баск, айн, буриш сияқты ешқандай тіл жанұясына жатпайтын тілдер де бар.

Қытай, испан, ағылшын, хинди, араб, бенгал, португал, орыс, жапон және яван тілдері әлемдегі ең көп қарым-қатынас жасайтын тілдер болып табылады. Қытай, ағылшын, испан, француз, араб және орыс тілдері БҰҰ-ның ресми тілдері болып табылады.

Діндер



18-сурет. Діндердің жіктелуі

Халықтың діни құрамы. Діндер қарапайым (примитив), жергілікті және әлемдік діндер болып бөлінеді (18-сурет). Діни нарынның ең қарапайым түрі болып табылатын примитивті діндер қазір негізінен тайпалар мен рулар арасында сақталған. Олардың тотемизм (американдық үндістер, австралиялық аборигендер тұратын аймақтарда), анимизм (Тропикалық Африка, Америка, Океания), фетишизм (Тропикалық Африка), шаманизм (Ресейдің солтүстік аймақтары) сияқты түрлері бар.

Жергілікті діндер (бір немесе бірнеше тұысқан халықтар арасында таралған діндер) негізінен бір елде немесе аймақ шеңберінде таралған (12-кесте). Жергілікті діндер арасында индуизм дінге сенушілер саны бойынша көш бастап тұр. Сикхизм, конфуцийлік, иудаизм және синтоизм де жергілікті діндер қатарына кіреді.

12-кесте. Жергілікті діндердің таралу аймақтары

№	Жергілікті діндер	Дінге сенушілердің негізгі бөлігі таралған мемлекеттер
1	Индуизм	Үндістан, Непал, Шри-Ланка
2	Сикхизм	Үндістан (Пенджаб штаты)
3	Конфуцийлік	Қытай
4	Даосизм	Қытай
5	Синтоизм	Жапония
6	Иудаизм	Израиль, АҚШ

Буддизм, христиандық және ислам діндері әлемнің бірнеше мемлекет және аймақтарында таралуымен және дінге сенушілердің саны бойынша үлес салмағының үлкендігімен әлемдік дін ретінде мойындалады (13-кесте).



13-кесте. Әлемдік діндердің таралу аймақтары

№	Әлемдік діндер	Дінге сенушілердің негізгі бөлігі таралған аймақтар
1	Буддизм	Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азия (Қытай, Жапония, Монголия т.б.)
2	Христиандық соның ішінде:	Еуропа, Солтүстік Азия, Америка, Австралия
2.1	Католиктік	Батыс және Оңтүстік Еуропа, Оңтүстік Америка
2.2	Протестанттық	Солтүстік Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия
2.3	Православие	Шығыс және Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Азия
3	Ислам соның ішінде:	Оңтүстік, Оңтүстік-батыс, Оңтүстік-шығыс және Орталық Азия, Солтүстік Африка
3.1	сунниттік	Көпшілік мұсылман мемлекеттер
3.2	Шииттік	Иран, Әзіrbайжан, Ирак, Ливан, Бахрейн

Дінге сенушілердің саны бойынша (2 міллиард 400 миллионнан астам адам) христиан діні көш бастап тұр. Бұл діннің өкілдері әлемнің барлық аймақтарында таралған. Христиандық 3 негізгі конфессияға бөлінеді: католицизм, протестантизм және православие.

Пайда болу кезеңіне қарай әлемдік діндер арасында ең жасы саналатын ислам діні 1 міллиард 600 миллионнан астам дінге сенушілеріне ие. 50 елдің мемлекеттік діні саналатын ислам діні негізінен Солтүстік Африкада, Оңтүстік-батыс, Орталық, Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Азияда кеңінен таралған. Онда сунниттік және


шииттік екі ірі ағым бар. Барлық мұсылмандардың 90%-ға жуығы сунниттік. Исламның сунниттік тармағы Орталық Азия елдерінде, соның ішінде Өзбекстанда да кең таралған.

Шығыс және Оңтүстік-шығыс Азияда (Қытай, Жапония, Монголия, Мьянма, Таиланд және тағы басқалар.) буддизм 700 миллионнан астам сыйынушыларына ие. Буддизмнің хинаяна, махаяна және ламаизм сияқты ағымдары бар.

Халықтың үлттық және діни құрамы демографиялық үдерістерге ғана емес, мемлекеттердің саяси өміріне де үлкен әсер етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Қазіргі кездегі тайпалар мен рулар сақталған аумақтарды картадан көрсет. Неліктен бұл аймақтарда тайпа тұрғынегі этникалық топтар сақталды?
- 2 Дүние жүзі мемлекеттері халқының үлттық құрамының ерекшеліктеріне қарай қандай топтарға бөлінеді? Халықтың үлттық құрамының әртүрлі типтеріне жататын мемлекеттерге мысалдар келтір.
- 3 Неліктен қытай, ағылшын, испан, француз, араб және орыс тілдері БҮҰ-ның ресми тілдері деп ойлайсың? Өз пікіріңізді дәлелде.
- 4 Суретте берілген мемлекеттердің атын анықтап, оларға сәйкес сипаттарды таңда.



- a Бір үлтты мемлекет;
b Шииттік бағыты кең таралған;
c Атластағы діндер картасын пайдалана отырып, жазусыз картада дүниежүзілік діндер таралған аймақтарды белгіле.
d Халық индуизмге сенеді;
e Көпүлтты мемлекет.

11-§. Элем мемлекеттерінің урбанизациясы

Ауылдар мен қалалар халықтың негізгі тұрғылықты жері болып саналады. Қазіргі уақытта қалалар әр мемлекеттің негізгі өндірісінің, басқарудың, көліктің орталықтарына айналып жатқаны ешкімге сыр емес.

Адамзат тарихында алғашқы қалалардың пайда болуы егіншілік пен мал шаруашылығы саласы өкілдерінің өзара өнім айырбастау орталықтары болған базарлардың қызметімен байланысты. Қолайлы географиялық орналасуға ие болған бұл сауда аумақтары кейінде қолөнершілер мен саудагерлердің жасап, еңбек ететін орталықтарына айналды. Уақыт өте келе ірі меншік иелері жасайтын, үлкен керуен жолдарында ыңғайлы орналасқан елді мекендер қалаға айнала бастады.

Өндіріс салаларының дамуы, әсіресе өнеркәсіптік төңкерістің болуы, заманауи көлік жолдарының салынуы әлемде қалалар санының күрт өсуіне себеп болды. Ерте заманда қалалардың пайда болуы негізінен қолайлы географиялық орналасуға және табиғи жағдайларға байланысты болған болса, соңғы кездері жаңа минерал кендерінің ашылуы, өнеркәсіп кәсіпорындарының және көлік жолдарының салынуы, туризм мен қызмет көрсету салаларының дамуы қала құрудың негізгі факторларына айналды.

Қалаға тән өмір салты көптеген адамдарды өзіне баурайды және оларды қалалық жерлерге көшуге үндейді. Нәтижеде XX ғасырда әлемдегі урбанизация деңгейі қарқынды өсті.

Егер 1800 жылдың әлем халқының 3%-ы қалаларда жасаса, арадан 100 жыл өтіп, бұл көрсеткіш 14%-ға жетті. 2000 жылға келіп әлемдік урбанизация деңгейі (қала халқының үлесі) 47%-ды құрады. 2020 жылғы жағдайға сәйкес әлем халқының 56%-ы қалаларда жасайды. Ең жоғары көрсеткіш (100%) Катар, Монако, Сингапур, Науру сияқты «шағын» мемлекеттерде байқалады. Ең төменгі көрсеткіштер Бурунди (13%), Нигер (16%) және Малави (17%) сияқты ең аз дамыған мемлекеттерге тән.

Урбанизациялық деңгейінің көрсеткіштері бойынша әлем елдері 3 топқа бөлінеді:

1. Қала халқының үлесі 75%-дан үлкен жоғары дәрежеде урбанизацияланған елдер (мысалы, АҚШ, Жапония, Бельгия және т.б.);

2. Қала халқының үлесі 50%-дан 75%-ға дейінгі орташа дәрежеде урбанизацияланған елдер (мысалы, Оңтүстік Африка Республикасы, Перу, Қытай және т.б.);

3. Қала халқының үлесі 50%-дан кем болған төмен деңгейде урбанизацияланған елдер (мысалы, Мысыр, Бангладеш, Молдова және т.б.)

Аймақтар арасында урбанизацияның ең жоғары деңгейі Солтүстік Америкаға тиесілі (82%). Бұл көрсеткіш Латын Америкасында 79%, Еуропада 75%, Австралия мен Океанияда 68%, Азияда 51%, ал Африкада 43%-ды құрайды (19-сурет).



Қала, урбанизация, жогары, орта және төмен дәрежеде урбанизацияланған елдер, жалған урбанизация, монолит, қалалық агломерация, мегаполис.



Қала мен ауылдың, елді мекендерінің айырмашылығын түсінідіріңіз..



Қала – тұрғындағының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығынан басқа салаларда жұмыс істейтін елді мекен.




Урбанизация – (латынша “urbs” – “қала”) – қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қалалардың маңызының артуы, әсіресе қала тұрғындарының саны мен салмагының өсуі, қалалық өмір салтының таралу үдерісі.



Қалалық агломерация

— аумағы әртүрлі қалалардың әкімшілік, өндірістік, әлеуметтік, мәдени қатынастардың нағтижесінде бірігүі.

Мегалополис — (грекше *megalu* — "үлкен", *polis* — "қала") — ірі қалалар мен қалалық агломерациялардың өзара бірігүі



19-сурет. Әлемдегі аймақтарда урбанизация деңгейінің өзгеруі (% есебімен)

19-суреттегі диаграммалар әлемнің барлық аймақтарында урбанизация деңгейінің уақыт ете жоғарылағанын көрсетеді. Еуропа, Солтүстік Америка, Латын Америкасы, Австралия және Океания аймақтарында бұл үдерістің өзгерістері салыстырмалы түрде баяу жүреді. Азия мен Африкада халықтың табиғи өсу қарқыны, ауылдан қалаға халықтың көптеп қоныс аударуы сияқты факторлардың әсерінен урбанизация деңгейі жылдан-жылға артып келеді.

Дамып келе жатқан мемлекеттерде жалған урбанизация жағдайы кеңінен таралған (20-сурет). Жалған урбанизация деп ірі қалалардың шеттерінде қажетті инфрақұрылымы жоқ, ауылдан көшіп келген адамдар тарапынан ретсіз салынған аумақтардың пайда болуын айтады. Бұл үдеріс әсіресе Бразилия мен Үндістанның ірі қалаларында кең таралған.



20-сурет. Жалған урбанизацияның көріністері

Заманауи жағдайда көпсалалы өндіріс және қызмет көрсету салалары бар, әкімшілік басқару функцияларын орындағының қалалар ең жоғары қарқынмен дамуда. Керісінше, бір ірі кәсіпорын немесе пайдалы қазбалар кен орны негізінде қалыптасқан, бір өндірістік желіге мамандандырылған қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы көбінесе проблемалы түрде болады. Осындай ерекшелігі бар қалалық елді мекендер монокалалар деп аталады. Қазіргі уақытта АҚШ, Австралия, Жапония, Ресей, Қазақстан және әлемнің басқа да көптеген мемлекеттерінде минерал ресурстар қорының таусылуына, өндірістік кәсіпорындардың жабылуына, экологиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты түрғындары түгелдей немесе өте үлкен бөлігі көшіп кеткен, шын мәнінде «өлі» қалаларға айналған монокалалар бар (21-сурет).



Вирджиния қаласы (АҚШ)



Гункадзима (Жапония)

21-сурет. «Өлі» қалаларға айналған моноқалаларға мысалдар

Урбанизациялық үдерістің нәтижесінде қалалар мен қала тұрғындарының саны ғана өсіп қоймай, қалалық елді мекендердің аумағы да кеңейеді. Қалалық аумақтардың кеңеюі нәтижесінде қалалық агломерациялар мен мегаполистер пайда болды.

Қалалық агломерациялар бір орталықты (моноцентрлік) және көп орталықты (полицентрлік) болуы мүмкін. Токио-Йокогама (халық саны 37,8 млн адам), Джакарта (30,5 млн адам), Дели (25 млн адам), Манила (24,1 млн адам), Сеул-Инчхон (23,5 млн адам) әлемдегі ірі агломерациялар болып табылады.

14-кесте. Әлемнің ірі мегаполистері

Мегаполистердің атауы	Орналасқан мемлекеттері	Қалалық агломерациялар		Жалпы ұзындығы, км
		Саны	Ең үлкені	
Солтүстік-шығыс (БосВаш)	АҚШ	40	Нью-Йорк	800
Көл маңы (ЧиПитс)	АҚШ	35	Чикаго	900
Тынық мұхиты жағалауы (Сан Сан)	АҚШ	15	Лос-Анджелес	800
Ағылшын	Ұлыбритания	30	Лондон	400
Рейн	Нидерланды, Бельгия, Германия, Франция	30	Рейн-Рур	500
Токайдо	Жапония	20	Токио	700

Дүниежүзіндегі ең ірі мегаполистердің қатарына Солтүстік-шығыс, Көл маңы, АҚШ-та Тынық мұхиты аймағы, Ұлыбританиядағы Ағылшын, Жапониядағы Токайдо сондай-ақ Нидерланды, Германия, Бельгия және Франция аумақтарында қалыптасқан Рейн мегаполистері кіреді (14-кесте).





Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Төмендегі терминдерге сәйкес анықтамаларды таңдап, дәптеріңе жазып ал.
 1) қала; 2) урбанизация; 3) қалалық агломерация; 4) мегаполис.

A	қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде қалалар маңызының артуы, қала халқы саны мен үлесінің өсуі, қалаға тән өмір салтының таралуы.
B	ірі қалалар мен қалалық агломерацияның өзара бірігуі.
D	аумағы әркелкі қалалардың әкімшілік, өндірістік, мәдени қатынастар нәтижесінде бірігуі.
E	халқының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығынан басқа салалармен шұғылданатын елді мекен.

- 2 XX ғасырға келіп урбанизация деңгейінің тез өсуіне қандай факторлар әсер етті?
- 3 Дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттердегі урбанизациялық үдерістер бір-бірінен қалай ерекшеленеді? Жалған урбанизацияның қалыптасуының себебі неде және ол қандай проблемаларды туғызуы мүмкін деп ойлайсыз?
- 4 Моноқалалар деп қандай қалаларды атайды? Моноқалалар уақыт өте келе «өлі» қалаға айналмауы үшін қандай шаралар қолдану керек деп ойлайсыз?
- 5 Атластағы урбанизация картасын пайдаланып жоғары дәрежеде урбанизацияланған мемлекеттердің жазусыз картаға белгілеңіз.
- 6 Урбанизациялық үдерісті халықтың өмір сұру салтына және қоршаған ортаға әсері түрғысынан қалай бағалауға болады? Өз ойларыңыз бойынша төмөндегі кестені толтырыңыз.

Урбанизациялық үдерістің аспектілері:

Оң	Теріс
...	...

12-§. Практикалық жаттығу.

Халықтың әрекеті, құрамы мен орналасуына байланысты есептер

1 Төмендегі мәліметтерді пайдалана отырып, мемлекеттер халқының тығыздығын есепте:

- a** Колумбия: жер аумағы — 1138,9 мың шаршы км, халқы — 51,3 млн адам;
- b** Ұлыбритания: жер аумағы — 243,8 мың шаршы км, халқы — 67,2 млн адам;
- d** Қазақстан: жер аумағы — 2724,9 мың шаршы км, халқы — 18,7 млн адам;
- e** Гана: жер аумағы — 238,5 мың шаршы км, халқы — 31,1 млн адам;

2 Берілген сандар негізінде белгісіз шамаларды есептеп, төмендегі кестені толтыр.

Мемлекеттер	Жалпы халқы, млн адам	Қала халқының саны, млн адам	Урбанизация деңгейі, %	Ауыл халқының саны, млн адам	Ауыл халқының үлесі, %
Мексика	...	93,3	73
ОАР	...	39,9	...	19,7	...
Мьянма	54,7	38,3	...
Австрия	8,9	...	59
Уругвай	...	3,3	5

3 Төмендегі кестеде берілген мәліметті пайдаланып, мемлекеттер халқының 2020 жылғы табиғи, миграциялық және жалпы өсімін, сондай-ақ 1.01.2021 жылғы жағдай бойынша санын есепте.

Мемлекеттер	1.01.2020 жылғы жағдайына халық саны, мың адам	2020 жылғы туылғандар саны, мың адам	2020 жылғы қайтыс болғандар саны, мың адам	2020 жылғы көшіп келгендер саны, мың адам	2020 жылғы көшіп кеткендер саны, мың адам
Латвия	1907,7	17,5	28,9	8,8	12
Қырғызстан	6523,5	158,1	40	1	5,8

4 Төмендегі мәліметтерді пайдалана отырып, берілген мемлекеттер халқының жас құрылымындағы айырмашылықтарды анықтаңыз және бұл айырмашылықтардың себептерін түсіндіруге әрекет етіңіз.

Көрсеткіштер	Мемлекеттер		
	Бельгия	Мозамбик	Сауд Арабиясы
0-14 жас аралығындағы халықтың үлесі, %	17	46	25
15-64 жас аралығындағы халықтың үлесі, %	64	51	72
65 жастан асқан халықтың үлесі, %	19	3	3
Туылу коэффициенті, 1000 адамға қатынасы	10	39	15
Орташа өмір сүру ұзақтығы, жасы	82	55	78
Миграцияның өсүі, 1000 адамға қатысы	4	-2	12

4-тарау. Әлемдік шаруашылық географиясы



Әлемдік шаруашылық, аграрлық, индустриалды және постиндустриалды кезеңдер, ғылыми-техникалық төңкеріс, біріншілікті, екіншілікті, үшіншілікті және төртіншілікті секторлар, халықаралық еңбек бөлінісі, мамандану.



Неліктен мемлекеттер өзара сауда жасайды?




Әлемдік шаруашылық – өзара сауда, несиелер беру, халықаралық экономикалық үйымдар қыру және басқа да насындағы экономикалық қатынастар арқылы байланысқан дүниежүзіліктердегінің үлттық экономикасының жиынтығы.

13-§. Әлемдік шаруашылық және халықаралық еңбек бөлінісі

Үлттық шаруашылықтардың жаһандық шаруашылық ретінде қалыптасуы XVI-XVII ғасырлардан, яғни үлттық географиялық ашылулар дәүірінен басталады. Осы тарихи кезеңде халықаралық бағалы тастармен, металдармен, дәмдеуіштер және еріксіздермен халықаралық сауда қарқынды дамыды.

Дүниежүзі шаруашылығының қалыптасуы мен дамуы өндіріс салаларының дамуымен байланысты (22-сурет). Дүниежүзі экономикасы үшін XVIII ғасырға дейінгі кезеде ауыл шаруашылығы жетекші сала саналған. Сонымен қатар, халыққа қажетті түрлі өнімдер жасайтын қолөнершілік те дамыған еді.

Еуропада басталған өнеркәсіптік төңкеріс индустрияландыру кезеңінің басталуына негіз қалады. XVIII ғасырда Дж. Уатттың бу машинасын ойлап табуы әртүрлі өнімдер шығаратын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың – зауыттар мен фабрикалардың іске қосылуына жағдай жасады. Уақыт өтеп келе индустрияландыру үдерісі әлемнің барлық аймақтарына тарағандасты.



22-сурет. Дүниежүзілік экономика салаларының динамикасы

Өткен ғасырдың екінші жартысында ғылыми-техникалық төңкерістің болуымен әлемдік экономикада үшінші — постиндустриалды кезең басталды. Үлкен кезеңде әлемдік экономика құрылымында қызмет көрсету салалары өте маңызды орын алады.

Ғылыми-техникалық төңкерістің бірінші кезеңінде өндіріс тиімділігін арттыру адам еңбегін машиналармен алмастыру арқылы жүзеге асса, екінші кезеңде өндіріске электрлендірілген күрделі үдерістердің енгізілуі өнім көлемінің артуы мен жаңа салалардың пайда болуына негіз болды. Нәтижеде автомобильжасау өнеркәсібі, қара металлургия, химия сияқты өндірістік салаларда жаңа бағыттар қалыптасты, лазер мен рентген сәулелерін қолдану мүмкіндігі пайда болды. XX ғасырдың соны — XXI ғасырдың басы үшінші кезең саналып, мұнда барлық өндірістік процестердің толық автоматтандырылуы байқалуда. Сонымен қатар биотехнология, жаңа құрылымдық материалдар өндіру, роботжасау сияқты салалардың дамуы осы кезеңнің маңызды жетістіктері болып табылады.

Ғылыми-техникалық төңкеріске байланысты дүниежүзінің экономикасында болып жатқан өзгерістерге қарамай дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттер арасындағы ғылым мен техниканың дамуындағы айырмашылықтар әлі де болса үлкен қүйінде қалып отыр. Мысалы, дүние жүзіндегі орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстарының $\frac{4}{5}$ бөлігі Жапония, АҚШ, Германия сияқты дамыған 10 елде жүргізіледі. Дамып келе жатқан мемлекеттердің үлесінен әлемдегі ғылыми-техникаға бағытталған қаражаттардың 4-5%-ы тұра келеді.

Әлемдік шаруашылықтың дамуында оның негізгі салаларының маңызы ерекше. Өнімдер мен қызметтерді өндіру ерекшеліктеріне қарай оларды бірнеше секторларға бөлуге болады (23-сурет).




23-сурет. Дүниежүзінің экономикасының құрылымдық құрамы

Ауыл және орман шаруашылығы, балықшылық, аңшылық және тау-кен өнеркәсібі біріншілікті сектордың бөлігі болып табылады. Үлкен сектордың тармақтары негізінен өнеркәсіпті қажетті шикізатпен қамтамасыз етеді. Екіншілікті сектор салалары (қайта өңдеу өнеркәсібі және құрылым) дайын өнім жасауға бағытталса, ал халыққа және кәсіпорындарға қызмет көрсету үшіншілікті сектордың негізгі міндеті болып табылады. Төртіншілікті сектор салалары жаңа білімдерді, ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелерді құруды және іс жүзіне енгізуі, жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Өндірістік салалардың дамуы мемлекеттердің елдердің табиғи ресурс мүмкіндіктерімен және экономикалық-әлеуметтік дәрежесімен тығыз байланысты. Сол себепті әлемнің экономикалық дамыған мемлекеттерінде қызмет көрсету салалары мен өнеркәсіп (әсіресе, оның ғылымға қажетті заманауи салалары) үлттық экономикада негізгі орынды иелейді. Дамып келе жатқан мемлекеттер үшін өндіруші сала (ауыл шаруашылығы және тау-кен өнеркәсібі) негізгі экономикалық сектор ретінде көрінеді (24-сурет).




Ғылыми-техникалық төңкеріс — ғылыми прогрессі жеделдему нәтижесінде өндіріске жаңа техникалар мен технологияларды енгізуіндегі үздікіз процесі.



Дамыған мемлекеттер

- ауыл шаруашылығы
- өнеркәсіп
- қызмет көрсету



Дамушы мемлекеттер

24-сурет. **Дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттердегі экономика салаларының құрамы, %-бен, 2019 ж.**

Ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларының экономикадағы рөліне қарай мемлекеттерді әртүрлі топтарға бөлуге болады. Қазіргі уақытта дүниежүзі мемлекеттері әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына сәйкес аграрлық (экономиканың салалық құрамында ауыл шаруашылығының және онымен байланысты өндірістік салалардың үлес салмағы жоғары), индустриалды (экономиканың салалық құрамында өнеркәсіп пен құрылымдық салаларының үлес салмағы жоғары) және постиндустриалды (экономиканың салалық құрылымында үшінші және төрттік секторлардың үлес салмағы жоғары) типтерге бөлінеді. Сонымен бірге экономикада ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салмағының арақатынасы бойынша аграрлық-индустриалды немесе индустриалды-аграрлық мемлекеттер де бөлінеді. Сенегал аграрлық, Бразилия индустриалды, Германия постиндустриалды, Өзбекстан индустриалды-аграрлық, Камбоджа аграрлық-индустриалды мемлекеттерге мысал болады.

Әлемдік шаруашылықтың біртұтас жүйе ретінде дамуы — халықаралық еңбек бөлінісіне сүйенеді. Мемлекеттердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнына әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өркениеті, экономикалық географиялық орналасуының ерекшеліктері (бірінші кезекте халықаралық маңызы бар теңіз жолдарына қатысты орналасу), табиғи жағдайлары мен ресурстары, халқының шаруашылық дәстүрлөрі, қол жетімді және сапалы жұмыс күшінің болуы сияқты факторлар үлкен әсер етеді.

Халықаралық еңбек бөлінісі үдерісінде елдердің халықаралық мамандану желілері, яғни экспортқа өнім шығаратын желілер қалыптасты. Мысалы, Жапония радиоэлектроника, робот техникасы, автомобиль мен кемелердің экспорты бойынша әлемде көшбасшы болса, Сауд Арабиясы, Ливия, Алжир, Кувейт сияқты мемлекеттер отын шикізатының негізгі экспорттаушылары болып табылады. Перу, Замбия және Конго Демократиялық Республикасы мыс кені мен мысты, ал Бурунди мен Уганда кофені әлемдік нарыққа көп мөлшерде алып кіреді.

Дамып келе жатқан мемлекеттер көп жағдайда ауыл шаруашылығы мен тау-кен өндірісіне, ал дамыған мемлекеттер негізінен сұранысқа ие қайта өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету салаларына маманданған. Марокко әлемдік нарыққа негізінен фосфорит пен цитрустық жемістерді



Халықаралық еңбек бөлінісі – кейбір елдер шаруашылығының белгілі бір өнімдерді өндіруге мамандануы және бұл өнімдерді басқа елдермен айырбастауы.





ұсынса, АҚШ әртүрлі машиналарды (станоктардан ұшатын құрылғыларға дейін), пластмассалық бүйімдар сияқты өнеркәсіп өнімдерін, сондай-ақ транспорт, ақпарат-коммуникация қызметтерін экспорттауымен ерекшеленеді.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі оның халықаралық мамандануына үлкен әсер етеді, ал мамандану салалары оның әлемдік экономикадағы орнын белгілейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Әлемдік экономика дегенде нені түсінесің? Әлемдік шаруашылықтың қалыптасуы неліктен Ұлы географиялық ашылулар кезеңіне сәйкес келетінін түсіндір.
- 2 Ғылыми-техникалық төңкерістің маңызы неде? Ғылыми-техникалық төңкеріс болмағанда онсыз адамзат қалай өмір сүруі мүмкін еді? Өз ойыңызды мысалдар арқылы түсіндір.
- 3 Дүниежүзілік шаруашылық қандай секторларға бөлінеді? Түрлі елдердің шаруашылығында қайсы сектор салалары үлкен маңызға ие болуы олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қаншалықты байланысты? Өз пікіріңізді дәлелде.
- 4 Сәйкес жүптарды тауып, дәптеріңізге белгіле.

1) Аграрлық мемлекет	A) Экономика салаларының құрамында үшіншілікті және төртіншілікті сектор салаларының үлесі жоғары
2) Индустріалды мемлекет	B) экономика салаларының құрамындағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының үлесі жоғары
3) Постиндустриалды мемлекет	D) Экономика салаларының құрылымында ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің үлесі жоғары
4) Аграрлық-индустриалды мемлекет	E) экономика салаларының құрылымында ауыл шаруашылығы және онымен байланысты өндірістің үлесі жоғары
5) Индустріалды-аграрлық мемлекет	F) экономика құрылымында өнеркәсіп пен құрылымында салаларының үлесі жоғары.

- 5 Мемлекеттердің халықаралық еңбек бөлінісіне қандай факторлар әсер етеді? Халықаралық еңбек бөлінісі өндірістік ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді деген пікірге келісесіз бе? Не үшін?





Дүниежүзінің экономикалық орталықтары, бір орталықтық, екі орталықтылық, жаһандану, халықаралық және аймақтық экономикалық интеграция, трансұлттық компания.



Халықаралық интеграция және жаһандану үдерістері туралы нелерді білесіз?

14-§. Дүниежүзінің экономикалық орталықтары және халықаралық интеграция үдерістері

Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы оның маңызды экономикалық орталықтарының қызметімен байланысты. Экономикалық, ғылыми-техникалық және қаржылық ресурстары үлкен, сондай-ақ әлемдік шаруашылықта ерекше орын иелейтін мемлекеттер мен аймақтар әлемнің негізгі экономикалық орталықтары ретінде ерекшеленеді.

XVII-XIX ғасырлар барысында дүниежүзілік экономикада Англия ерекше орынға ие болды. Өзінің саяси және экономикалық қуатына, сонымен қатар көптеген отарлау аймақтарына ие болған бұл мемлекет XVII ғасырдан бастап негізгі экономикалық орталық ретінде мойындалған. Сол кездегі дамыған елдер саналған Нидерланды, Франция, Испания, Португалия сияқтылар Англиямен бірге Еуропаның әлемдік экономикадағы жетекші аймақта айналуына үлкен үлес қосты (25-сурет).

XVII-XX ғасырдың басы, бір орталықтық

Еуроцентризм

XX ғасырдың бірінші жартысы, екі орталықтық

Еуропа

АҚШ

II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең, екі жүйелілік

Әлемдік капиталистік шаруашылық Әлемдік социалистік шаруашылық

25-сурет. Әлемдік шаруашылық орталықтарының тарихи алмасуы

XX ғасырдың басына келіп Англия өз беделін біртіндеп басқа мемлекеттерге жоғалта бастады. 1810 жылы әлемдік сауданың 21,6%-ын Англия құраса, бір ғасырдан кейін бұл көрсеткіш 15,3%-ға дейін төмендеді. Осы уақытта АҚШ әлемдік экономиканың орталықтарының бірі ретінде таныла бастады. Бірінші Дүниежүзілік соғыс жеңімпаздарының шайқастарына қатысқан бұл мемлекет өз ұстанымын одан әрі нығайта түсті. Бірінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде әлемдік экономикада екі орталықтық (Еуропа және АҚШ) жағдайы туындағы.

Арада отыз жылдай уақыт өткеннен соң, яғни Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде дүниежүзілік экономикада екі жүйе — әлемдік капиталистік және социалистік жүйе дамыды. 1945-1990 жылдары бірінші жүйе мемлекеттерінде еркін экономикалық қатынастарға негізделген әртүрлі шаруашылық формалары дамыса, екінші топтағы мемлекеттердің экономикасы негізінен мемлекеттің бақылауында жұмыс істеді. Екі жүйе арасындағы әскери-саяси және экономикалық бәсеке 1990 жылдардың басына дейін жалғасты. Осы уақытқа келіп социализмнен бас тартқан

көптеген мемлекеттерде еркін нарықтық экономикаға көшу үдерісі басталды. Осылайша, әлемдік экономикадағы екі жүйенің жағдайы аяқталды.

XXI ғасырда бірнеше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің өсуі нәтижесінде әлемдік экономикада полицеентристік — көп орталықтық жағдай қалыптаса бастады. Бұғынгі таңда Еуропа Одағы және Солтүстік Америка сияқты дәстүрлі ірі орталықтармен қатар Қытай, Жапония, Азияның жаңа индустриалды мемлекеттері, Парсы шығанағы мемлекеттері, Үндістан, Бразилия, Мексика және ТМД мемлекеттері сияқты экономикалық орталықтар да дүниежүзілік экономикада өзіндік орнына иелегімен ерекшеленеді (26-сурет).




26-сурет. Дүниежүзілік экономиканың негізгі орталықтары

Бұғынгі таңда Солтүстік Америка әлемдік жалпы үлттық өнімнің (ЖҰӨ) $\frac{1}{4}$ бөлігін қамтамасыз ететін маңызды экономикалық орталық болып табылады (27-сурет). Оның құрамына АҚШ пен Канада «Улкен жетілік» тобына кіретін мемлекеттер ретінде бәрімізге белгілі.

Еуропа Одағы қазіргі таңда өз құрамына 27 мемлекетті біріктіреді. Оның құрамындағы 5 мемлекет (Германия, Франция, Италия, Испания және Нидерланды) әлемнің ең ірі 20 экономикасы қатарына кіреді.

Қазіргі уақытта әртүрлі елдердің экономикасын Қытаймен қарым-қатынассыз елестету қын. Бұғынгі таңда әлем елдері арасында көптеген өнімдерді өндіру көлемі бойынша жетекші болған Қытай дүниежүзінің дерлік барлық мемлекеттерімен кең ауқымды сауда-экономикалық байланысты жүзеге асыруда.



27-сурет. Ірі экономикалық орталықтардың бүкіләлемдік ЖҰӨ-дегі үлесі (номиналды түрде), %-бен, (2019 ж.)



Халықаралық экономикалық интеграция — мемлекеттердің өзара берік нарықтық қатынастарға, біртұтас экономикалық саясат пен заңнамага негізделген экономикалық бірігу үдерісі.



Трансұлттық компания — екі немесе одан да көп елдерде қызмет көрсететін ірі кәсіпорындары, сондай-ақ ірі көлемде шетелдік активтері бар халықаралық компания.

Бүкіләлемдік экономикалық, саяси және мәдени қатынастардың күрт өсуінен көрінетін жаһандану үдерісі барлық аймақтар мен елдердің шаруашылығының дамуына әсер етуде. Жаһандану үдерісі, өз кезегінде халықаралық экономикалық интеграциялық үдерістің дамуына себепші болды.

Интеграциялық бірлестіктердің аймақтық (мысалы, Еуропа Одағы), салалық (мысалы, Мұнай экспорттаушы елдер үйімі — ОПЕК) және халықаралық монополиялар көрінісіндегі түрлері бар. Әрбір интеграциялық одақтың әлемдік шаруашылықтың дамуында белгілі бір маңызы бар. Олардың арасында халықаралық монополиялардың негізгі нысаны саналатын трансұлттық компаниялар (ТҰК) жоғары экономикалық әлеуетімен ерекшеленеді.

Қазіргі күнде әлемдік экономикада көптеген ТҰК өндірістің әртүрлі салаларында қызмет жүргізеді. Олардың 60 пайыздан астамы өнеркәсіпте, 1/3 бөлігі қызмет көрсету саласында, 2-3 %-ы ауыл шаруашылығында жұмыс жүргізеді. Өнеркәсіпте автомобилжасау, мұнайды қайта өңдеу, электроника және электротехникалық салаларға маманданған компаниялар ТҰК-ның басым бөлігін құраса, қызмет көрсету салаларында сауда, телекоммуникация және коммуналдық кәсіпорындардың үлесі жоғары.

Жылдық табысы, компаниялардың нарықтық құны сияқты көрсеткіштер ТҰК-ның әлемдік рейтингтегі орнын анықтайды. Ол бойынша, АҚШ-тың көп салалы Walmart компаниясы, Нидерланды-Ұлыбританияның Royal Dutch Shell, Қытайдың China Petroleum & Chemical Corp. (Sinopec Group) және China National Petroleum (PetroChina) компаниялары әлемдегі ең ірі ТҰК ретінде танылған (15-кесте). Әлемдегі жетекші 500 ТҰК-ның басым бөлігі АҚШ, Қытай және Жапония аумағында тіркелген.

Дүниежүзілік экономиканың көп ғасырлық даму тарихы бар және әр кезеңде жаңа экономикалық орталықтар пайда болған. Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан жаһандану үдерісі әлемдік шаруашылықта әртүрлі ауқымдағы халықаралық интеграциялық бірлестіктердің пайда болуына себеп болды.

15-кесте. Трансұлттық корпорацияларды бірінші ондығы (2020 ж.)

№	Компанияның атауы	Бас кеңесі орналасқан мемлекет	Жылдық табысы, миллиард АҚШ доллары
1	Walmart	АҚШ	523,9
2	Sinopec Group	Қытай	407
3	State Grid	Қытай	383,9
4	China National Petroleum	Қытай	379,1
5	Royal Dutch Shell	Нидерланды-Ұлыбритания	352,1
6	Saudi Aramco	Сауд Арабиясы	329,7
7	Volkswagen	Германия	282,7
8	BP plc	Ұлыбритания	282,6
9	Amazon	АҚШ	280,5
10	Toyota Motor	Жапония	275,3

Сұрақтар мен тапсырмалар


- 1 Еуропаның XVII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін дүниежүзілік шаруашылықта бірегей орталық болуы қандай факторлармен байланысты деп санайсыз?
- 2 XX ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік шаруашылық қандай екі үлкен жүйеге бөлініп дамыды? 1990 жылдары көптеген социалистік мемлекеттердің нарықтық экономикаға көшу үдерісін бастауының себептерін түсіндір.
- 3 Өзіндік ой-пікірлеріңіз негізінде төмендегі кестені толтыр.

Мемлекеттер	Ірі экономикалық орталық ретінде қалыптасуының негізгі факторлары
Қытай
Жапония
Бразилия

- 4 Заманалық әлемдік экономиканың өзіндік ерекшеліктері неде? Сіздің ойыңызша, болашақта тағы қандай аймақтар мен мемлекеттерді әлемдік экономикалық орталықтар деп тануға болады? Өз пікіріңізді дәлелде.
- 5 Трансұлттық компаниялар деп қандай компанияларды түсінеміз? Қосымша деректерді пайдалана отырып Өзбекстанда қандай шетелдік ТҮК жұмыс істейтінің анықта.


15-§. Практикалық жаттығу. Әлемдік шаруашылық және оның құрамын үйрену

1. Төмендегі суреттерде келтірілген экономикалық қызмет үлгілері экономиканың қайсы секторларына тиісті екенін түсіндір.





2. Картада белгіленген мемлекеттердің өзіндік ерекшелігін тап.



- а Мыс кені мен мысты көп мөлшерде экспорттайды;
- б Элемдік нарыққа негізінен фосфорит пен цитрустық жемістерді ұсынады;
- д Отын шикізатын негізгі экспорттаушылардың бірі;
- е Sinopet Group трансұлттық корпорациясының бас кеңесі орналасқан;
- f Автокөлік экспортты бойынша көшбасшы;
- г Элемдік нарыққа кофені көп мөлшерде алып кіреді;
- h Көлік, ақпарат-коммуникациялық қызметтерінің экспортымен ерекшеленеді.

3. Мемлекеттердің экономикасының өзара құшті интеграциялануы әрқашан оң нәтиже бере ме? Оның қандай кері салдары болуы мүмкін? Өз ойларыңыз бойынша тәмендегі кестені толтырыңыз.


Халықаралық экономикалық интеграция	
Артықшылықтары	Қауіп-қатерлері

4. Қандай факторлардың әсерінен түрлі елдер әлемдік экономиканың негізгі орталықтарына айналды деп ойлайсыз? Бұл процесте табиғи ресурстар факторы әрқашан маңызды рөл атқара ма? Жауабыңызды негізденіз.

16-§. Әлемдік энергетика географиясы

Өнеркәсіп әлемнің, әртүрлі аймақтар мен мемлекеттер экономикасының жетекші саласы саналады. Оның салаларының ішінде отын-энергетика саласы ерекше орын алады. Электр энергетикасы өнеркәсіптің маңызды саласы саналып, басқа салалардың дамуына негіз жасайды. Сондықтан бұл сала соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Мұнай, көмір, газ және электр энергетикасы өнеркәсіптері отын-энергетика кешенінің негізгі салалары.

Мұнай өнеркәсібі. Соңғы 70 жыл барысында әлемде мұнай өндірудің жалпы көлемі 8,5 есе өсті (28-сурет). Мұнайға сұраныстың жоғары болуына байланысты таяз теніздегі мұнай бассейндері де (мысалы, Солтүстік теңіз, Мексика, Гвинея, Калифорния шығанағы) іске түсірілуде. Норвегияда, Ұлыбританияда дәл осы аймақтар қазып алынатын мұнайдың 100%-ын, ал АҚШ-та 50%-ын береді.



28-сурет. Әлемдегі мұнай өндіру жалпы көлемінің динамикасы (1950-2019 жылдар, млн. тонна)

2020 жылы әлем бойынша жалпы 4,2 миллиард тонна мұнай өндіріліп, оның басым бөлігі ОПЕК үйіміна мүше мемлекеттердің үлесіне тұра келген (29-сурет).

ОПЕК мемлекеттері (Ангола, Біріккен Араб Әмірліктері, Экваторлық Гвинея, Иран, Габон, Алжир, Ирак, Конго, Кувейт, Ливия, Нигерия, Сауд Арабиясы, Венесуэла) аумағында дүниежүзіндегі мұнай қорының $\frac{2}{3}$ бөлігі жинақталған, олар жылдық мұнай өндірудің $\frac{1}{3}$ бөлігін қамтамасыз етуде.



29-сурет. ОПЕК үйімінің ескі (сол жақта) және жаңа (оң жақта) штаб-пәтері




Отын-энергетикалық баланс, көмір өнеркәсібі, газ өнеркәсібі, мұнай өнеркәсібі, электр энергетикасы, жылу энергетикасы, су электр энергетикасы, атом энергетикасы, дәстүрлі емес энергия көздері



Елдердің экономикалық алеуеті мен тұрақтылығында отын өнеркәсібі және электр энергетикасының маңызы қандай?



ОПЕК – Мұнай экспорттауышы елдер үйімі. Үйімнің штаб-пәтері Австрияның астанасы Вена қаласында орналасқан (30-сурет). 1.01. 2022 жылғы жағдай бойынша Азия, Африка және Латын Америкасының 13 мемлекеті осы үйімнің мүшесі саналады (29-сурет).



30-сурет. Жер жүзілік мұнай өнеркәсібі

Қазіргі таңда Оңтүстік-батыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа аймақтары (ТМД-ны қоса алғанда) әлемде өндірілетін «қара алтынның» шамамен $\frac{2}{3}$ бөлігін береді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттердің арасында мұнай өндіру бойынша АҚШ (712,7 млн т), Ресей (524,4 млн т), Сауд Арабиясы (519,6 млн т), Канада (252,2 млн т) және Ирак (202,2 млн т) жетекшілік етті. Осы елдердің үлесіне жалпы өндірілген мұнайдың шамамен 53%-ға жуығы тұра келген. Сауд Арабиясы, Ресей, БАӘ, Кувейт, Ирак сияқты мемлекеттер негізгі мұнай экспорттаушылар саналады, ал АҚШ, Қытай, Жапония және Батыс Еуропа мемлекеттері негізгі мұнай сатып алушылар тобын құрайды.

Әлемдегі ең ірі мұнай өңдеу зауыттары ірі мұнай кен орындарының негізінде немесе тұтынушыларға жақын аумақтарда орналасқан. Әлемдік континенттер арасында Еуропа, Солтүстік Америка, Азия, мемлекеттер арасында АҚШ, Қытай, Ресей елдері мұнай өңдеу бойынша көшбасшы болып табылады.

Газ өнеркәсібі. Табиғи газ отын ретінде басқа отын түрлерінен салыстырмалы түрде зиянсыз энергия көзі болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ол қазып алу құнының арзандығы, жылу бөлу қуатының жоғарылығы сияқты сипаттарға да ие. Мәліметтерге сүйенсек, әлемдегі газдың жалпы дәлелденген қоры 188,1 трлн. текше метрді құрайды. Соңғы уақытта газ өндіру көлемі жылдан-жылға артып келеді. Егер 1950 жылды ол 200 млрд текше метр болса, 2000 жылды 2420 млрд текше метрді құраса, 2020 жылды 3854 млрд текше метрге жетті. Газ өндіру бойынша Азия, Солтүстік Америка және Еуропа жетекші аймақтар болса, мемлекеттер арасында АҚШ (914,6 млрд текше метр), Ресей (638,5 млрд текше метр), Иран (250,8 млрд текше метр), Қытай (194,0 млрд текше метр), Катар (171,3 млрд текше метр) көш бастап тұр.

Әлемнің 30-ға жуық елінде сұйылтылған газ өндіріледі. Олардың қатарында Катар, Австралия, Малайзия сияқты елдер жетекшілік етеді. Жапония, Қытай, Корея Республикасы сұйылтылған газдың негізгі тұтынушылары (31-сурет).

Көмір өнеркәсібі. Қоңыр көмір мен тас көмір негізінен электр станцияларында, қара металлургияда және химия өнеркәсібінде отын



31-сурет. Сұйылтылған табиғи газды сақтайдын резервуарлар

Суолтулған газ – ташуу жана сактотоғо ыңғайлуу болушу үчүн жасалма турдо -160°C ге чейин мұздатылған жаралык газы. Табигый газды суолтуу учурунда орто есеп менен 600 эсеге чейин қысылат. Бул атайын газ ташуучу танкерлердин жардамы менен аны континенттер аралық экспорт тооғо мұмкүндүк берет (31-сурет).



ретінде пайдаланылады. Маңыздысы сонда, өндірілетін көмір негізінен сол мемлекеттердің өзінде тұтынылады, ал әлдеқайда аз бөлігі экспортқа шығарылады.

Өндірісте мұнай мен табиғи газды кең көлемде пайдалану көмірге сұраныстың төмендеуіне әкелді. Көмірдің анықталған қоры 1074,0 млрд тоннаны, ал жылдық әлемдік өндіріу көлемі 7,7 млрд тоннаны құрайды (2020 ж.). Өндірілген көмірдің 45%-ы (3,9 млрд тонна) Қытайдың үлесіне тиеді. Бұл салада Үндістан (756,5 миллион тонна), АҚШ (484,7 миллион тонна), Индонезия (562,5 миллион тонна), Австралия (476,7 миллион тонна) сияқты мемлекеттер алда келеді. Әлемдік аймақтардың ішінде көмір өндіріу көлемі Азияда, Солтүстік Америкада және Австралияда жоғары.

Электр энергетикасы өнеркәсібі. Әлемде 2020 жылы шамамен 27 триллион кВт·сағ электр энергиясы өндірілді. Қытай (7,8 трлн кВт·сағ), АҚШ (4,3 трлн кВт·сағ), Үндістан (1,6 трлн кВт·сағ), Ресей (1,1 трлн кВт·сағ), Жапония (1,0 трлн кВт·сағ) мемлекеттері ең көп электр энергиясын өндіреді. Электр энергиясын өндірудегі дәстүрлі (жылу, су және атом электр станциялары) бағыттардың үлесі дерлік 99%-ды құрайды. Баламалы энергия көздерінің үлесі (күн, жел, судың қалқығыштығы, гейзерлерден алынатын энергия) әлдеқайда төмен.

Жылу электр энергиясы — электр энергетикасының жетекші саласы саналып, көмір, газ, мұнай және олардың қалдықтары негізінде ыстық бу мен электр энергиясын өндіреді. Нидерланды (97%), Оңтүстік Африка Республикасы (91%), Польша (87%), Румыния (83%) және Мексика (82%) сияқты мемлекеттерде өндірілетін электр энергиясының негізгі бөлігі жылу электр станцияларына тұра келеді. Туокетуо, Тайцзюнь (Қытай), Сургут ГРЭС-2 (Ресей) дүниежүзіндегі ең ірі жылу электр станциялары болып табылады (32-сурет).



Туокетуо ЖЭС-і (Қытай)



«Үш Дара» ГЭС-і (Қытай)



Касивадзаки-Карива АЭС-і (Жапония)

32-сурет. Дүниежүзіндегі ең ірі электр станциялары

Гидро электр энергетика су ағынының гидравликалық турбиналар арқылы электр энергиясына айналдыруға негізделген. Су электр станциялары негізінен суы көп тау өзендеріне, аңғарлардың тарайған жерлеріне құрылады. Норвегия (99%), Бразилия (92%), Албания (90%), Колумбия (70%) сияқты мемлекеттерде электр энергиясының негізгі бөлігі Су электр станцияларында өндіріледі.

Атом электр энергиясы — электр энергетиканың ғылыми-техникалық төңкеріс кезінде дами бастаған және күрделі технологиялық процестерді өзінде қамтитын бір саласы. Қазіргі күнде әлемнің 30-дан астам елінде атом электр станциялары жұмыс істейді. Ең ірі АЭС-тер Жапония, АҚШ, Франция, Германия және Ресей сияқты мемлекеттердің аумағында орналасқан. Франция (72%), Бельгия (61%), Корея Республикасы (54%) АЭС негізінде алынған электр энергиясының үлесі ең жоғары мемлекеттер саналады.

Соңғы жылдары әлем мемлекеттерінде экологиялық қауіпсіз баламалы энергия көздеріне (күн, жел, қалқымағы су, геотермалдық энергия) сұраныс артуда. Олардың негізінде жұмыс істейтін электр станциялары қоршаған ортаға дерлік теріс әсер етпейді. Геотермалды энергияны пайдалану АҚШ, Ресей, Филиппин, Италия, Исландия сияқты мемлекеттерде жолға қойылды, Франция, Канада, Ресей, Қытайда теніздің қалқуынан, Еуропаның бірқатар мемлекеттері (мысалы, Нидерланды, Германия), АҚШ-та солтүстікten, АҚШ және Францияда күннен электр энергиясын алу белсенді дамып келеді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Электр энергетикасы өнеркәсібі неліктен басқа салалардың дамуының негізі болып табылатынын мысалдар арқылы түсіндір.
- 2 Төмендегілердің арасынан ОПЕК-ке кірмейтін мемлекеттері анықта:
 - a Қытай; b Нигерия; d Индонезия; e Кувейт f БАӘ; g Бахрейн;
 - h Габон; i Ресей; j Оман k Иран; l Мали; I Ирак.
- 3 Сіздің ойыңызша, АҚШ-тың бір мезгілде мұнай өндіру мен мұнай сатып алуша жетекші орындарда болуын қандай факторлармен түсіндіруге болады?
- 4 Берілген мәліметтер негізінде табиғи газ өндіретін мемлекеттердің дүниежүзілік жалпы газ өндірдегі үлесін анықта.

Р/Н	Мемлекеттер	Газ өндіру көлемі, млрд текше метр (2019 ж.)	Дүниежүзіндегі жалпы газ өндірудегі үлесі, %
1.	АҚШ	914,6	?
2.	Ресей	638,5	?
3.	Иран	250,8	?
4.	Қытай	194,0	?
5.	Катар	171,3	?
6.	Басқа елдер	1684,8	?
Дүниенде		3854	100

- 5 Дүниеде отын қорының азаюы және энергетика саласының қоршаған ортаға тигізетін кері әсерінен болашақта әлемдік отын-энергетикалық кешенде қандай дағдарыс болуы мүмкін деп ойлайсың? Сенің ойыңша, қайсы жол бұл мәселені шешудің ең жақсы жолы болады?
- 6 Атластағы электр энергиясының картасын пайдалана отырып, әлемдегі ең ірі атом электр станцияларын жазусыз картаға белгілеп, олар көбірек қай елдерде құрылғанын талдаңыз.

17-§.Практикалық жаттығу.

Әлемдік өнеркәсіп географиясы және оның өзгеруін үйрену

- 1 Әлемдік қара metallurgия өнеркәсібі туралы төмендегі кестемен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Әлем елдерінің болат балқытатын үздік 10-дығы (2000-2018 жылдар)

№	2000 ж		№	2010 ж		№	2018 ж	
	Мемлекеттер	млн т		Мемлекеттер	млн т		Мемлекеттер	млн т
1	Қытай	128	1	Қытай	639	1	Қытай	928
2	Жапония	106	2	Жапония	110	2	Үндістан	109
3	АҚШ	102	3	АҚШ	80	3	Жапония	104
4	Ресей	59	4	Үндістан	69	4	АҚШ	87
5	Германия	46	5	Ресей	67	5	Ресей	74
6	Корея Респ.	43	6	Корея Респ.	59	6	Корея Респ.	72
7	Украина	32	7	Германия	44	7	Германия	42
8	Бразилия	28	8	Украина	33	8	Түркия	37
9	Үндістан	27	9	Бразилия	33	9	Бразилия	35
10	Италия	26	10	Түркия	29	10	Украина	26
Дүниежүзінде		850	Дүниежүзінде		1433	Дүниежүзінде		1817

- Қайсы мемлекеттерде 2000-2018 жылдар аралығында болат балқыту көлемі ең жоғары дәрежеде өсті?
- Болат балқыту бойынша әлемнің жетекші 10 мемлекетінің рейтингінде 2000-2018 жылдарда қайсы мемлекеттердің позициялары көтерілді, қайсысы төмендеді? Бұған қандай факторлар себеп болды деп ойлайсыңың?
- 2000-2018 жылдары Қытай, Үндістан және Жапонияның әлемдік болат балқытудағы үлесі (%-бен) қалай өзгерді?

2) Төмендегі кестелер мен диаграммаларды қарап, дүниежүзілік түсті металлургия әнеркесібінің географиясы туралы сұрақтарға жауап бер.

Боксит кендері (алюминийдің негізгі шикізаты) және алюминий балқыту бойынша әлемнің үздік мемлекеттері (2019 ж.)

№	Мемлекеттер	Өндірілген боксит кендері, млн т	№	Мемлекеттер	Балқытылған алюминий, млн т
1	Қытай	86,5	1	Қытай	36
2	Австралия	81,7	2	Ресей	3,7
3	Бразилия	30,7	3	Үндістан	3,6
4	Гвинея	19,7	4	Канада	2,9
5	Үндістан	14,9	5	БАӘ	2,7
6	Ямайка	9,7	6	Австралия	1,6
7	Ресей	6,6	7	Бахрейн	1,4
8	Қазақстан	4,2	8	Норвегия	1,3
9	Гайана	1,6	9	АҚШ	1,1
10	Суринам	1,5	10	Исландия	0,85





3 Төмендегі кестелермен танысып, әлемдік автомобильжасау өнеркәсібі туралы сұрақтарға жауап бер.

Әлем мемлекеттерінің автомобильжасау өндірісі бойынша үздік 10-дығы (2000-2018 жылдар.)


№	2000-ж.		№	2010-ж.		№	2018-ж.	
	Мемлекеттер	миллион бірлік		Мемлекеттер	миллион бірлік		Мемлекеттер	Миллион бірлік
1	АҚШ	12,8	1	Қытай	18,3	1	Қытай	27,8
2	Жапония	10,1	2	Жапония	9,6	2	АҚШ	11,3
3	Германия	5,5	3	АҚШ	7,8	3	Жапония	9,7
4	Франция	3,3	4	Германия	5,9	4	Үндістан	5,1
5	Корея Респ	3,1	5	Корея Респ.	4,3	5	Германия	5,1
6	Испания	3,0	6	Бразилия	3,6	6	Мексика	4,1
7	Канада	2,9	7	Үндістан	3,5	7	Корея Респ.	4,0
8	Қытай	2,1	8	Испания	2,4	8	Бразилия	2,9
9	Мексика	1,9	9	Мексика	2,3	9	Испания	2,8
10	Ұлыбритания	1,8	10	Франция	2,2	10	Франция	2,3
Дүниежүзінде		58,4	Дүниежүзінде		77,9	Дүниежүзінде		96,9

— 2000-2018 жылдар аралығында әлемдік автомобильжасау өндірісінің көлемі қалай өзгерді? Бұл өзгерістерге қайсы мемлекеттердің әсері үлкен болды?

— Қарастырылып отырған кезеңде ең көп автомобиль өндіретін мемлекеттер рейтингінде қайсы мемлекеттердің орны едәуір дәрежеде жақсарды, ал қайсысы көрінше төмендеді?

— Тиісті уақыт кезеңінде автомобильжасау өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде немесе дамып келе жатқан мемлекеттерде жылдам дамыды ма? Бұл үдеріске қандай факторлар әсер етті деп ойлайсыз?

4 Төмендегі графикті пайдаланып, жоғары технологияға негізделген өнеркәсіп өнімдерін өндірудің географиясы туралы сұрақтарға жауап беріңіз.



Жоғары технологияларға негізделген өнеркәсіп өнімдерін өндіруде дүниежүзілік аймақтардың үлесі (%-бен, 2002-2018 жылдар.)

— Жоғары технологияларға негізделген өнеркәсіп өнімдерін өндіруде, 2018 жылғы жағдай бойынша қайсы континенттің үлесі жоғары, ал қайсысының үлесі аз?

— 2002-2018 жылдар аралығында жоғары технологияға негізделген өнеркәсіп өнімдерін өндіруде қайсы континенттің үлесі айтарлықтай өсті, ал қайсысының көрінше, айтарлықтай төмендеді?

18-§. Элемдік ауылшаруашылық географиясы

Ауылшаруашылық экономиканың маңызды салаларының бірі ретінде халықты азық-түлік өнімдерімен, сондай-ақ женіл және азық-түлік өнеркәсібі салаларын шикізатпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл сала әлемдік ауқымда еңбек ресурстарының үлкен санын (шамамен 1,4 миллиард адам) жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді. Бұл сала дамыған мемлекеттердің ЖІӨнде үлкен үлеске ие болмаса да, оның дамып келе жатқан мемлекеттердің экономикасындағы үлесі әлдеқайда жоғары (мысалы, Сомалиде 65%). Өндіретін өнімдерінің ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы салалары дікәншылық (егіншілік) және мал шаруашылығы болып екі топқа бөлінеді.

Дікәншылық – ауыл шаруашылығының егіндер өсірумен шұғылданатын саласы және оның дамуына мынадай факторлар әсер етеді:

- 🌐 егістік, құнарлы жерлердің жағдайы;
- 🌐 климаттық жағдайлар;
- 🌐 ауылшаруашылық егіндерінің биологиялық сипаттамасы.

Дәнді дақылдар – дікәншылықтың ен ірі саласы. Дән өнімдері халықтың азығының негізі, дәнді дақылдар саласында бидай, күріш, жүгері өсірудің үлесі үлкен. Дүниежүзіндегі жалпы дән өнімінің 90%-ы, дәнді дақылдардың жалпы алаңының 83%-ы осы егін түрлеріне тиесілі. Бұдан тыс арпа, сұлы, қара бидай, құмай сияқты дәнді дақылдар да өседі.

Бидай – дәнді дақылдардың ең көп егілетін түрі (жалпы дәнді дақылдар алқабының 31%-ы). 2018 жылдың қорытындысы бойынша әлемде 735 миллион тонна бидай өсірілді, бұл түрғыда Қытай (131 миллион тонна), Үндістан (100 миллион тонна), Ресей (72 миллион тонна), АҚШ (51 миллион тонна), Франция (36 млн тонна) жетекшілік етеді. Әлемдегі бидайдың 41%-ы жетекші үш елдің үлесіне тиеді. Дүние жүзінің негізгі бидай өсіретін аумақтары Солтүстік (АҚШ, Канада, Ресей, Украина, Қазақстан, Қытай) және Оңтүстік (Австралия, Аргентина, Бразилия) жарты шарларының ортаңғы ендіктеріне сәйкес келеді (33-сурет). Қазіргі уақытта Ресей, АҚШ, Канада сияқты мемлекеттер бидайдың көп мөлшерін экспорттаса, Мысыр, Индонезия, Түркия сияқты мемлекеттер оның ең үлкен импортшылары болып табылады.


Әлемнің көптеген елдерінің түрғындарының рационында күріш бірінші дәрежелі маңызға ие. Көбірек қол еңбегіне негізделген күріш шаруашылығының дамуы тек агроклиматтық ресурстарға ғана емес, үлкен көлемдегі үлкен жұмысшы күшіне де байланысты (34-сурет). Осы факторлар шоғырланған Шығыс, Оңтүстік-шығыс және Оңтүстік Азия әлемнің негізгі күріш өсіру аймақтары болып табылады. Күріштің жалпы өнімі бойынша



Ауылшаруашылық, дікәншылық, дәнді дақылдар, майлы дақылдар, техникалық дақылдар, мал шаруашылығы, ірі қара шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы, балық шаруашылығы.



Ауыл шаруашылығының қандай салаларын білесіңдер? Бұл саланың басқа салаларды дамытудағы және адам өміріндегі маңызын мысалдар келтіре отырып түсіндір.



33-сурет. Бидайды будандастыру (сары түсте) және негізгі өсіру аймақтары (көк түсте).



Қытай, Үндістан, Индонезия, Бангладеш, Вьетнам сияқты елдер әлемде жетекшілік етеді. Бұл аймақтарда жасанды суару арқылы жылына 2-3 рет өнім жиналады.




34-сурет. Құріш плантациялары

Жүгери әдетте дәні және жем ретінде пайдаланылатын сабағы үшін өсіріледі. АҚШ, Қытай, Бразилия, Аргентина және Украина дүниежүзіндегі жүгери өсіретін ең ірі мемлекеттер саналады.

Халықтың тұтынуына дәнді дақылдардан басқа майлы, тамыржемісті, қантты, техникалық және қуаттандыратын егіндер де өсіріледі. Халық тұтынатын майдың негізгі бөлігін соя (АҚШ, Бразилия, Аргентина), күнбағыс (Украина, Ресей, Аргентина), жержанғақ (Қытай, Үндістан, Нигерия), зәйтүн (Италия, Испания, Греция сияқты Жерорта теңізі елдері) сияқты егіндерден алынады. Тамыр дақылдарынан картоп өсіруде Қытай, Үндістан, Украина, Ресей және АҚШ жетекші елдер болып табылады. Қантты егіндерден қант қызылшасын өсіруде Ресей, Франция, АҚШ, ал Бразилия, Үндістан және Қытай қант қамысын өсіруде алда келеді.


Қуат беретін егін түрлері саналатын шай Қытай, Үндістан, Кения, кофе Бразилия, Вьетнам, Индонезия, какао Кот-д'Ивуар, Гана, Индонезия сияқты мемлекеттерде көп өсіріледі. Техникалық егіндердің ішінде мақтаның үлес салмағылкен, ал оның жалпы өнімі бойынша Қытай, Үндістан, АҚШ, Бразилия, Пәкістан сияқты мемлекеттер көш бастап тұр. Табиғи каучук (хевея) өндіруде Тайланд, Индонезия, Вьетнам, Үндістан, Қытай елдері үлкен үлескеге ие.



35-сурет. Ирі қара мал шаруашылығының мамандануы және аумақтық бөлінісі

Мал шаруашылығы ірі қара мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, аңшылық шаруашылығы, омарташылық, жібек шаруашылығы сияқты салаларға бөлінеді. Ирі қара мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, қой шаруашылығы, шошқа шаруашылығы мал шаруашылығының негізгі салалары саналады. Дүниежүзіндегі жалпы еттің және сүттің негізгі бөлігін ірі қара шаруашылығы қамтамасыз етеді. Қоңыржай континенттің орманды және далалық зоналарында интенсивті, әлемнің құрғақшыл аумақтарында көшпелі экстенсивті ірі қара мал шаруашылығы дамыған (35-сурет). Дүниежүзіндегі ірі қара малдың жалпы саны 1,48 миллиард бастан асады, олардың саны бойынша Үндістан (299 млн бас), Бразилия (215 млн бас), АҚШ (94,3 млн бас), Қытай (90,5 млн бас) және Пәкістан (84,9 млн бас) елдері ерекше көзге түседі (2018 ж.).

Қой шаруашылығы негізінен таулы аймақтарда, далалық және шөлейт аймақтарда дамыған. Жұмсақ және жартылай жұмсақ жүнді қой шаруашылығы климаты жылы, ылғалды болған далалық, шөлейт аймақтарында, ет және төрі жеткізіп беретін қой шаруашылығы, оның ішінде қаракөл қой шаруашылығы құрғақшыл, шөлейт және шөл аймақтарда дамыған. Мәліметтерге сәйкес, дүниежүзінде 1,2 миллиард басқа жуық қой бар (2018 ж.). Қой саны бойынша әлемде Қытай, Австралия, Үндістан, Нигерия және Судан жетекші орындарды алады (36-сурет).



36-сурет. Қойлар саны әлемнің жетекші елдері, миллион бас есебінде

Шошқа шаруашылығы негізінен астық және картоп шаруашылығы дамыған аумақтарда және ірі қалалар мен азық-түлік өнеркәсібі орталықтары жағында дамытылады. Шошқаның жалпы саны 1 миллиард басқа жуықтап, оның жартысына жуығы Қытайдың үлесіне тұра келеді (442 млн бас). АҚШ (74,6 млн. бас), Бразилия (41,4 млн бас), Испания (30,8 млн бас), Вьетнам (28,2 млн бас) сияқты мемлекеттер бұл ретте алда көрінеді.

Құс шаруашылығы тұрғындардың тұтынуы үшін етті (еттің жалпы тұтыну көлемінің 36%-дан астамы) және жұмыртқаны қамтамасыз ететін және негізінен дән өсіру аймақтарыда дамыған сала. Қытай (6,3 миллиард бас), Индонезия (2,4 миллиард бас), АҚШ (2,2 миллиард бас), Бразилия (1,5 миллиард бас), Иран (1,1 миллиард бас) сияқты мемлекеттер құс саны бойынша әлемде жетекші орындарды иеленеді. АҚШ пен Бразилия құс етінің жетекші экспорттаушылары болып табылады.



37-сурет. Шаруашылық салалары



Сонымен қатар, мал шаруашылығының қоңыржай континент мемлекеттеріне тән болған піллә шаруашылығы (Қытай, Жапония, Өзбекстан, Испания, Италия, т.б.) шөлді және шөлейт аймақ елдері үшін мамандандырылған сала саналған түйе шаруашылығы (Сомали, Судан, Мавритания және т.б.), әлемнің көптеген аймақтардында дамыған жылқы шаруашылығы (Қытай, Бразилия, Мексика, т.б.), солтүстік аймақтардағы бұғы шаруашылығы (Ресей, Канада, АҚШ, т.б.), солтүстік ендіктер мен өзен жағалауларында қалыптасқан аңшылық шаруашылығы (Ресей, Канада, Скандинавия елдері) сияқты салалар да әлемдік ауыл шаруашылығында өзіндік орынға ие (37-сурет).

Балық шаруашылығы ең ежелгі шаруашылық салаларының бірі саналады. Балық шаруашылығы бойынша мұхиттардың ішінде Тынық мұхиты (мұхиттарда ауланатын балықтың 66%-ы), теңіздер арасында Беринг, Жапон, Норвегия теңіздері көш бастап тұр. Мемлекеттер арасында Қытай (әлемдегі балық аулау көлемінің 1/3 бөлігі тұра келеді), Индонезия, Үндістан жетекші.




Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Не себептен дамып келе жатқан елдердің экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі әлдеқайда жоғары деп ойлайсың? Дамыған елдердің көшілілігінде ауыл шаруашылығы өнімдері көп өндірлес де, олардың жалпы ішкі өнімінде ауыл шаруашылығы саласының үлесі неге көп емес?
- 2 Ауыл шаруашылығы саласының дамуы мен мамандануына табиғи географиялық және үлттық-діни факторлардың әсерін кейбір мемлекеттердің мысалында түсіндір.
- 3 Кестені толтыр.

№	Егін түрі	Егін түрін өсіретін жетекші мемлекеттер
1.	Бидай	
2.	Жүгері	
3.	Қант қызылшасы	
4.	Шай	
5.	Какао	
6.	Мақта	

- 4 Төмендегі мемлекеттердің мал шаруашылығының қай саласы дамығанымен ерекшеленетінін тауып, оның себебін түсіндір.



- 5 Ауыл шаруашылығының дамуы өнеркәсіптің қайсы салаларымен байланысты екенін түсіндір. Неге дамыған мемлекеттерде ауыл шаруашылығы интенсивті ұйымдастырылғанымен, көптеген дамып келе жатқан елдерде бұл сала әлі де экстенсивті жолмен дамып келеді?
- 6 Атластағы ауылшаруашылық картасын пайдаланып, Еуропа және Азия мемлекеттерінің ауылшаруашылық жазусыз картага белгіле.

19-§. Элемдік көлік географиясы

Көлік — жолаушыларды, жүктерді, энергия мен ақпаратты тасымалдауды қамтамасыз ететін экономиканың маңызды саласы. Бұдан тыс, көлік мемлекетаралық өнімдер мен қызметтердің алмасуын қамтамасыз етіп, халықаралық экономикалық қатынастарды жүзеге асырудың негізі ретінде қызмет етеді. Қозғалыс сипатына қарай құрлық (темір жол, автомобиль және құбыр), су (теңіз және өзен), сондай-ақ әуе көлігі түрлеріне бөлінеді.

Көлік салаларының дамуы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және технологиялық тұрғыдан даму деңгейі, аумағының көлемі мен игерілгендік жағдайы, табиғи жағдайлары, халықтың тығыздығы сияқты факторлармен байланысты.

Көлік жүйе ретінде мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

- 🌐 жол инфрақұрылымы (автомобиль және темір жолдар, каналдар, құбырлар және т.б.);
- 🌐 терминалдар (темір жол, сондай-ақ автовокзалдар мен аялдамалар, әуежайлар, теңіз және өзен порттары және т.б.);
- 🌐 көлік құралдары (автомобиль, пойыз, кеме және т.б.);
- 🌐 көлік компаниялары.

Көлік түрлерінің ішінде жүк тасымалдауда теңіз, жолауши тасымалдауда автомобиль көлігінің маңызы зор.

Автомобиль көлігі — ең көп тараған көлік түрі саналады. Бұған аталған көлік түрінде «есіктен есікке» жеткізу мүмкіндігінің болуы себеп болған. Соңғы жылдары саланың дамуы асфальт жолдар ұзындығының ұлғаюымен, автомагистральды жолдары желісінің кеңеюімен, халықаралық магистральды жолдар маңызының артуымен сипатталады (38-сурет). Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы бойынша АҚШ, Қытай, Үндістан, Бразилия, Ресей сияқты аумағы үлкен мемлекеттер жетекшілік жасайды.

Темір жол көлігі қомақты көлемдегі жүктерді алыс қашықтыққа жеткізу, оның қозғалысының аяғ-райы жағдайына онша байланысты еместігі, тасымалдау қызметі құнының салыстырмалы түрде төмендігі сияқты ерекшеліктерімен сипатталады. Темір жолдардың жалпы ұзындығы бойынша АҚШ, Қытай, Ресей, Үндістан және Канада мемлекеттері алдыңғы қатарда. Жолдардың тығыздығы бойынша Еуропа мемлекеттері (Чехия, Бельгия, Германия, Швейцария) көш ілгеріде тұр. Азия да бүгінде бұл сала қарқынды дамып келе жатқан аймақ саналады. Темір жол көлігінің қазіргі дамуында әртүрлі жүрдек және магнитті рельстерде жүретін поїздардың маңызы зор (39-сурет).

 Көлік, құрлық көлігі, автомобиль көлігі, темір жол көлігі, құбыр көлігі, әуе көлігі, теңіз көлігі, өзен көлігі.

 Сізде жолауши немесе жүк тасымалдау компаниясын ашу мүмкіндігі болған жағдайда қандай көлік түрін пайдаланатын едіңіз? Не үшін?



38-сурет. Автомагистраль



Магнитті рельсті поїздар — маглев (Қытай)



TGV жүрдек поїзы (Франция)

39-сурет. Заманалық жүрдек поїздар



40-сурет. Құбыр транспорты



41-сурет. Шанхай порты

Құбыр көлігі сұйық және газ тәрізді жүктөрді ұзақ қашықтыққа жеткізеді (40-сурет). Ол қызмет көрсету құнының төмендігімен, жүктөрді бір сарынмен керекті жеріне дер кезінде жеткізіп беруімен, сондай-ақ қоршаған ортаға кері әсерінің төмендігімен ерекшеленеді. Құбырлардың басым бөлігі мұнай және газ өндіруші мемлекеттердің аумағына тұра келеді. Мұнай құбырларының ұзындығы бойынша АҚШ, Ресей, Канада, Қытай, Сауд Арабиясы, ал газ құбырларының ұзындығы бойынша АҚШ, Ресей, Канада, Германия, Франция мемлекеттері жетекші саналады.

Су көлігі табиғи (өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар) және жасанды (каналдар, су қоймалары) су жолдары арқылы жүктөр мен жолаушыларды тасымалдайды. Ол теңіз және өзен көлігі түрлерін өз құрамына біріктіреді.

Әлемде тасымалданатын жүктөрдің 60%-дан астамы теңіз көлігімен тасымалданады. Онда жүктасымалдау істерін теңіз сауда флоты жүзеге асырады. Оның сыйымдылығына қарай Панама, Либерия, Маршалл аралдары, Қытай, Сингапур, Греция сияқты мемлекеттер жетекшілік етеді.

Теңіз көлігінде жүк тасымалының жалпы көлемінің ең үлкен үлесі Тынық мұхитына тұра келеді. Теңіз көлік құралдарына қызмет көрсететін 2 мыңнан астам порттар бар, Шанхай, Сингапур, Роттердам порттары олардың ішінде қабылданған жүк көлемі бойынша алдыңғы орында тұр (41-сурет). Теңіз көлігінің дамуына халықаралық каналдар мен бұғаздардың ықпалы зор. Халықаралық каналдардың ішінде Суэц және Панама каналдары ең маңызды болып табылады. Теңіз бұғаздары ішінде Малакка, Баб әл-Мандеб, Ла-Манш, Ормуз, Гибралтар, Эресун (Зонд), Босфор ең үлкен транспорттық маңызға ие.

Ішкі су көлігі өзендер, көлдер және каналдар арқылы мемлекеттердің ішкі аумақтарына жүктөр мен жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асырады. Ішкі су көлік жолдарының ұзындығы бойынша Ресей, Қытай, АҚШ, Бразилия, Канада алда келеді. Ішкі су көлігінде Амазонка, Миссисипи,



Дунай, Рейн, Волга, Янцзы, Конго сияқты өзендер көп пайдаланылады. Олардан басқа кемелер қатынасында Теніз жағалауы (АҚШ), Ұлы (Қытай), Волга-Балтық (Ресей), Рейн-Майн-Дунай (Германия) және басқа да өзен арналары пайдаланылады.

Әуе көлігі — жолаушыларды, поштаны, тағы басқа да жүктерді ең жоғары жылдамдықпен тасымалдайтын салыстырмалы түрде қымбат қөлік түрі саналады. Қазіргі күнде дүние жүзіндегі жолаушылар тасымалының 20%-ға жуығы әуе транспорттының үлесіне тиеді. Бұл қөлік желісін дамытуда әуежайлардың рөлі ерекше. Жолаушыларды қабылдау саны бойынша Атланта (АҚШ), Пекин (Қытай), Дубай (БАӘ) әуежайлары ілгерілеген.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Неліктен қөлік экономиканың маңызды саласы болып табылады? Халықаралық экономикалық қатынастардың дамуында қөлік жүйесінің маңыздылығын сипатта.
- 2 Ғылыми-техникалық төңкөрістің қөлік жүйесінің дамуына әсерін түсіндір.
- 3 Қөлік түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай отырып, төмендегі кестені толтыр.

Қөлік түрлері	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Темір жол		
Автомобиль		
Кұбыр		
Су		
Ая		

- 4 Тақырып мәтініндегі мәліметтер негізінде төмендегі мемлекеттер қөліктің қайсы түрлерінің дамуы бойынша әлемде алдыңғы орындарда тұрғанын анықтап, сәйкес жауаптарды дәптеріңе белгіле.
 - АҚШ; Чехия; Греция; Ұндістан; Канада;
 - Либерия; Ресей; Бразилия; Сауд Арабиясы;
 - Газ құбырларының ұзындығы бойынша;
 - Теніз сауда флотының сыйымдылығы бойынша;
 - Темір жолдардың тығыздығы бойынша;
 - Ішкі су қөлігі жолдарының ұзындығы бойынша;
 - автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы бойынша;
 - Темір жолдардың жалпы ұзындығы бойынша
 - Мұнай құбырларының ұзындығы бойынша.
- 5 Атластағы қөлік картасын пайдаланып, қөлік желілерімен қамтамасыз ету деңгейі ең жоғары (100 км²-ге 50 км-ден астам қөлік жолы) және ең төменгі (әр 100 км²-ге 1 км-ден аз қөлік жолдары сәйкес келетін) мемлекеттерді тиісті жазусыз картаға белгіле. Қөлік желілерінің тығыздығына қаңдай әлеуметтік-экономикалық және табиғи факторлардың әсер ететінін түсіндір.



Халықаралық экономикалық байланыстар, халықаралық сауда, экспорт, импорт, сыртқы сауда айналымы, сыртқы сауда балансы, халықаралық туризм.



Экспорт және импорт ұғымдарының мәнін ашыңыз. Елімізден шет мемлекеттерге қандай өнімдер көбірек экспортталады?



Сыртқы сауда айналымы – бұл мемлекеттің экспортты мен импорттының қосындысы.

20-§. Халықаралық экономикалық байланыстар географиясы

Халықаралық экономикалық байланыстар деп мемлекеттер арасындағы халықаралық үйімдар мен компаниялардың қатысусындағы экономикалық байланыстардың бірнеше негізгі бағыты бар (42-сурет). Олардың дамуына ғылыми-техникалық өркендеу, мемлекеттер арасындағы әлеуметтік-экономикалық ерекшелік, дүниежүзілік аймақтардағы саяси жағдай, халықаралық экономикалық интеграция сияқты факторлар әсер етеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НЕСИЕ-ҚАРЖЫ ҚАТЫНАСТАРЫ

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҮНТҮІМАҚТАСТЫҚ

ӨНДІРІСТЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮІМАҚТАСТЫҚ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ

42-сурет. Халықаралық экономикалық байланыстардың негізгі көріністері

Халықаралық экономикалық байланыстардың негізгі көріністерінің ішінде халықаралық сауданың маңызы зор. Сауданың өте ұзақ тарихы бар екеніне қарамастан, оның халықаралық көлемде интернационалдануы әлемдік шарушалықтың қалыптасу кезеңінен басталады. Мемлекеттердің сыртқы саудасының көлемі сыртқы сауда айналымымен анықталады. Бұл көрсеткіш мемлекеттің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнын анықтайды. Қытай, АҚШ, Германия, Жапония, Франция сыртқы сауда айналымы бойынша әлемде жетекші саналады (16-кесте).

16-кесте. Әлем мемлекеттерінің ішінде экспорт пен импорт көлемі бойынша алдыңғы қатардағы мемлекеттер

№	Мемлекеттер	Сыртқы сауда айналымы, миллион АҚШ доллары	Экспорттық құны, миллион АҚШ доллары	Импорттық құны, миллион АҚШ доллары
1	Қытай	4646,2	2590,6	2055,6
2	АҚШ	3835,6	1430,2	2405,4
3	Германия	2559,0	1385,8	1173,2
4	Жапония	1276,7	641,3	635,4
5	Франция	1071,3	488,5	582,8

Халықаралық сауданың құрылымында өнімдермен сауда-саттық жасау қызметтер саудасына қарағанда үлкен үлескесе ие. Оның $\frac{3}{4}$ бөлігін өнім саудасы құрайды. Машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, электроника, химиялық өнімдер халықаралық саудада үлкен сұранысқа ие дайын өнім болып табылады. Экономикалық әлеуеті жоғары әлемнің дамыған елдері халықаралық сауданың 60%-дан астамын құрайды.

Сыртқы саудада мемлекеттер мен құрлықтар арасындағы үлкен айырмашылықтар сақталуда. Мәліметтерге сәйкес, Батыс Еуропа, Солтүстік Америка және Азия-Тынық мұхиты аймағы халықаралық сауданың 90%-ға жуығын құрайды. Бұл аймақтар негізінен дайын өнімдер мен жоғары сапалы қызметтерді экспорттаса, Африка, Азия, Океания және Латын Америкасындағы дамып келе жатқан мемлекеттер әлемдік нарыққа негізінен минерал ресурстарды, орман және ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарады.

Белгілі бір уақыт кезеңіндегі белгілі бір мемлекеттің экспорттық және импорттық құндарының азайтындысы сыртқы сауда балансын көрсетеді. Мемлекеттерде бұл көрсеткіш оң немесе теріс болуы мүмкін. Сыртқы сауда балансында экспортты жоғары мемлекеттердің ішінде Қытай, Германия және Ресей ерекшеленеді.

Соңғы жылдары шетелде өндіріс салаларын дамыту мақсатында капиталды инвестициялау және пайда алу үдерісі – капиталды экспорттау күшейіп келеді. Капиталдың үлкен көлемі дамып келе жатқан елдердің экономикасына бағытталады. АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия және Қытай сияқты мемлекеттер әлемдегі ең ірі капитал экспорттаушылары болып табылады.

Халықаралық туризм халықаралық экономикалық байланыстардың негізгі көріністерінің бірі болып табылады, ол әлемдік ЖҰӨ-нің дерлік 10%-ын, қызмет көрсету экспорттының 1/3 бөлігін береді. Испания, Греция, Италия, Мысыр сияқты мемлекеттер бұл саланы өз ұлттық экономикасынан мамандандырылған саласына айналдырыды. Әлемдегі континенттердің ішінде Еуропа ең көп туристік ағынды қабылдауымен ерекшеленеді. Бұл континент мемлекеттерінің ішінде Франция, Испания, Италия, Германия, Ұлыбритания жыл сайын келетін туристердің саны бойынша әлемнің алғашқы ондығына кіретін мемлекеттер. Соңғы жылдары Азияның да халықаралық туризмдегі маңызы артып келеді. Әсіреле Шығыс, Оңтүстік-шығыс және Оңтүстік-батыс Азия елдері көптеген саяхатшылады өзіне тартады. Оған осы аймақтардың әсем табиғат жағдайлары, әлемге әйгілі тарихи жәдігерліктердің көптігі, діни қасиетті орындардың болуы үлкен әсер етуде.

Африка құрлығы мемлекеттерінің ішінде Солтүстік Африка мемлекеттері ерекше көзге түседі. Жағалауда демалғысы келетіндер негізінен Марокко, Тунис және Египетке барады, ал тарихи туризмді ұнататындарды Мысыр пирамidalары мен ежелгі Карфагеннің көріністері қызықтырады. Африкада жүздеген қорықтар мен ұлттық бақтар бар, олар да маңызды туристік нысандар саналады. Табиғатты ұнататындардың үлкен бөлігі Кения, Танзания және Руандадағы аумағындағы ұлттық саябақтарға барады (43-сурет). Оңтүстік Африка Республикасы, Тунис, Мысыр және Марокко мемлекеттері туристердің жалпы саны бойынша континентте алдыңғы қатарда тұр.



Қызыл теңіз бойындағы курорт
(Мысыр)



Серенгеті ұлттық паркі
(Танзания)



Ежелгі Карфаген қирандылары
(Тунис)

43-сурет. Африканиң кейбір туристік обьектілері

Америка құрлығының туризмінде АҚШ, Мексика, Кариб алабы мемлекеттерінің үлесі үлкен. Австралия мен Океания аймағының туризмінде жағалау аумақтарында ашылған демалыс орындары маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда туризмнің дәстүрлі түрлерімен қатар (теңіз жағалауы, діни, тарихи) экотуризм, агротуризм, іскерлік, спорттық, шопинг (сауда), экстремалды туризм сияқты түрлері де дамып келеді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Халықаралық экономикалық байланыстардың бағыттары қандай? Олардың дамуына әсер ететін факторларды сипатта.
- 2 Несебепті әрбір мемлекет халықаралық сауда қатынастарына қатысады? Әрбір мемлекеттің сыртқы сауда балансының оң болуына әрекет ету себептерін түсіндір.
- 3 Дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттердің халықаралық сауда байланыстарына қатысу деңгейі мен ерекшеліктерінің айырмашылығы неде? Бұл айырмашылықтарға қандай факторлар әсер етеді?
- 4 Төмендегі кестеден терминдердің анықтамасын тауып, сәйкес жауаптарын дәптеріңе белгіле.


A	Өндіріс салаларын дамыту мақсатындағы капиталды құйылым енгізу және пайда алу үдерісі.
B	Мемлекеттің экспорт және импорт жиынтығы.
D	Мемлекеттер арасындағы, халықаралық үйімдар мен компаниялардың қатысуындағы шаруашылық байланыстары.
E	Белгілі бір кезеңдегі белгілі бір мемлекеттің экспортты және импорт құндарының азайтындысы.

- 1 халықаралық экономикалық байланыстар; 2 сыртқы сауда айналымы
- 3 сыртқы сауда балансы; 4 капитал экспортты.
- 5 Сіздің ойыңызша, халықаралық туризмде Еуропа континенті салмағының жоғары болуының себебі неде? Саяхатшылар ағынына қандай факторлар әсер ететінін түсіндір.



21-§. ЖАЛПЫЛАУ САБАҒЫ

1. Картада белгіленген мемлекеттерің унитарлық немесе федеративтік құрылымға ие екенін анықта.



2. Дамыған және дамып жатқан мемлекеттер халқының табиғи өсіі мен жас-жыныстық құрамын салыстырып, оның ерекшеліктерін түсіндір.

3. Төмендегі суреттерде бейнеленген аумақтарға назар аударыңыз. Бұл өнірлерде баламалы энергия көздерінің қандай түрлерін пайдалану мүмкіндігі жоғары деп ойлайсыңыз? Өз пікірінді дәлелде.



4. Не үшін дүниежүзінде тасымалданатын жүктердің көпшілігі теңіз көлігімен жүзеге асырылатынын түсіндір. Көліктің бұл түрі әлемдік шаруашылықтың қалыптасуы мен дамуына қалай әсер етті? Атластағы көлік картасынан негізгі теңіз жолдары мен ірі теңіз порттарын тап.

5. Оқулықтағы мәліметтерді және атластағы ауыл шаруашылығы мен оның салаларының карталарына байланысты мәліметтерді пайдаланып, бұл саланың мамандануы мен дамуына климаттық жағдайлардың әсерін талда. Сенің ойынша, жердің рельефтік құрылымының аграрлық саланы дамытудағы маңызы қандай? Өз ойынды мысалдар арқылы түсіндір.



II бөлім. **Дүниежүзінің регионалдық сипаттамасы**



5-тарау. Еуропа мемлекеттері



Еуропа, құрлық, жаңа тауелсіз мемлекеттер, арал мемлекеттер, тұбек мемлекеттер, республикалық, монархиялық, федеративтік мемлекеттер.



Еуропада орналасқан әлемде экономикалық дамуы жағынан ерекшеленетін мемлекеттердің қайсыларын білесіз?



44-сурет. Еуропаның географиялық орны

22-§. Еуропаның географиялық орны, шекаралары және саяси картасы

Еуразия материгі екі құрлыққа — Еуропа мен Азияға бөлінетіні белгілі. Еуропа құрлығы Еуразия материгінің батыс бөлігінде орналасқан. «Еуропа» сөзі ежелгі ассириялықтардың тілінен келіп шыққан және «Құннің батуы», яғни «батыс» дегенді білдіреді.

Еуропа экватормен салыстырғанда Солтүстік жартышарда, бас меридианмен салыстырғанда негізінен Шығыс жартышарда орналасқан (44-сурет). Бірақ Португалия, Ирландия, Исландия тұтастай алғанда, Испания және Ұлыбританияның үлкен бөліктері және Францияның шеткі батыс аймақтары Батыс жартышарда орналасқан. Құрлықтың аумағы 10 млн шаршы км-ге тең.

Еуропа жағалауларын солтүстігінде Солтүстік Мұзды мұхиттың, батысында Атлант мұхитының, оңтүстігінде Жерорта және Қара теңіздердің сулары шайып жатыр. Жерорта теңізі мен Гибралтар бұғазы оны Африкадан бөліп тұрады.

Шығыста Еуропа негізінен құрлық арқылы Азия континентімен шектеседі. Еуропа мен Азияның шекарасы көптеген географиялық әдебиеттерде Орал таулары, Ембі өзені, Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалауы, Ресейдің оңтүстігіндегі Кума-Манич ойпаты, Азов және Қара теңіздер, Босфор бұғазы, Мармара теңізі, Дарданелл бұғазы және Эгей теңізі арқылы өтеді. Кейбір деректерде екі құрлықтың Каспий мен Қара теңіз арасындағы шекарасы Ұлы Кавказ жоталары арқылы өтеді.

Еуропаның қазіргі саяси картасында (45-сурет), екі континентте орналасқан Ресей Федерациясын қосқанда 44 тәуелсіз мемлекет бар. Еуропа — шағын елдердің құрлығы. Құрлықта Андорра, Сан-Марино, Мальта, Монако, Ватикан және Лихтенштейн сияқты шағын мемлекеттер орналасқан. Бұл мемлекеттерден басқа Еуропадағы тағы 12 мемлекеттің



45-сурет. Еуропаның географиялық орны

Ескерту: Ресей Федерациясының Еуропадағы бөлігі толық көрсетілмеген

аумағы 50 мың шаршы км-ден кіші. Олардың қатарында Люксембург, Бельгия, Нидерланды, Дания, Черногория, Швейцария, Молдова, Словакия, Солтүстік Македония, Словения, Албания және Эстония бар. Құрлыштағы 10 елдің аумағы 50 мыңдан 100 мың шаршы км-ге дейін жетеді. 12 мемлекеттің аумағы 100 мыңдан 500 мың шаршы км-ге дейін. Тек Франция, Украина және Испанияның аумағы 500 мың шаршы км-ден асады. Ресей аумағының үлкендігі бойынша Еуропадағы ғана емес, бүкіл әлемдегі ең үлкен мемлекет. Ресей аумағының 4,1 млн шаршы км-ге тең бөлігі (24%-ы) Еуропа континентінде орналасқан. Еуропа мемлекеттерінің ішінде арал, түбек, жағалаудағы континенттік және ішкі континенттік мемлекеттер бар (46-сурет).



Арал мемлекеттер (4) : Ұлыбритания, Ирландия, Исландия, Мальта


Тұбек мемлекеттер (7): Греция, Дания, Испания, Италия, Норвегия, Португалия, Швеция

Теңіз жағалау континенттік мемлекеттер(19): Албания, Бельгия, Болгария, Босния және Герцеговина, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Латвия, Литва, Монако, Нидерланды, Польша, Ресей, Румыния, Словения, Украина, Хорватия, Черногория

Ішкі континенттік мемлекеттер(14): Австрия, Андорра, Беларусь, Лихтенштейн, Люксембург, Молдова, Сан-Марино, Сербия, Словакия, Ватикан, Венгрия, Солтүстік Македония, Швейцария, Чехия

46-сурет. Еуропа мемлекеттерінің географиялық орнына қарай жіктелуі

Еуропадағы 44 елдің 32-сі республика, 12-сі монархия саналады. Андорра, Бельгия, Ұлыбритания, Дания, Испания, Лихтенштейн, Люксембург, Монако, Нидерланды, Норвегия, Швеция конституциялық монархия, ал Ватикан мемлекеті абсолютті теократиялық монархиялық басқару нысанына ие. Еуропадағы республикалардың үлкен бөлігі парламенттік республикалар саналады. Әкімшілік-аумақтық түрғыдан алғанда Еуропадағы 6 мемлекет федеративтік құрылымға ие - Австрия, Бельгия, Босния және Герцеговина, Германия, Ресей, Швейцария.



47-сурет. Еуропаның субаймақтарға бөлінуі (Еуропа Одағының жіктелуі бойынша)

Еуропа материгі 4 субаймаққа бөлінген: Солтүстік Еуропа, Батыс Еуропа, Оңтүстік Еуропа және Шығыс Еуропа (47-сурет). Бұл субаймақтар Еуропа мемлекеттері арасындағы табиғи, экономикалық, тарихи және мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ескере отырып бөлінген.


Сұрақтар мен тапсырмалар


- 1 Еуропа қай жартышарда орналасқан? Картадан құрлықтың шекарасын көрсет.
- 2 Төмендегі сұрақтардың сәйкес нұсқаларын тауып, дәптеріңе белгіле.

№	Сұрақтар	A	B	D	E
1	Еуропа құрлығының аумағы қанша?	4,1 млн км ²	12 млн км ²	10 млн км ²	5,9 млн км ²
2	Қайсы жауапты Еуропадағы түбек мемлекеттер берілген?	Италия, Исландия	Испания, Дания	Греция, Франция	Португалия, Ирландия
3	Еуропа негізінен құрлықпен қай жағынан шектеседі?	солтүстікте, батыста	оңтүстікте	шығыста	
4	Еуропада қанша мемлекет федеративтік құрылымға ие?	6	8	4	10
5	Берілген мемлекеттердің қайсысы конституциялық монархиялық басқару нысанына ие емес?	Дания	Ватикан	Швеция	Норвегия

- 3 Атластағы дүние жүзінің саяси картасын пайдалана отырып, төмендегі мемлекеттердің қайсысы бір-бірімен шекаралас екенін анықтаңыз.

Италия — Австрия	Германия — Словакия	Албания — Болгария
Франция — Андорра	Литва — Ресей	Украина — Чехия
Бельгия — Дания	Румыния — Эстония	Норвегия — Швеция
Сербия — Венгрия	Польша - Хорватия	Беларусь — Латвия
Ресей - Финляндия	Люксембург - Нидерланды	Лихтенштейн - Словения

- 4 Мемлекеттердің жалпы ерекшелігін тап.






23-§. Практикалық жаттығу. Еуропаның саяси картасын үйрену

1. Бұл мемлекеттерге тән сәйкес мәліметтерді тауып, дәптерізге белгіле.

I. Австрия II. Португалия III. Исландия IV. Румыния

а) Испаниямен шекарадас; ә) Шығыс Еуропада орналасқан; б) Ішкі континенттік мемлекет; ә) Астанасы – Рейкьявик қаласы; г) Қара және Азов теңіздері жағалауларын шаяды; г) Оңтүстік Еуропада орналасқан; д) Федеративтік құрылымға ие; е) Арал мемлекет; ё) Батыс Еуропада орналасқан; ж) Теңіз жағалау континенттік мемлекет; з) Түбек мемлекет; и) Солтүстік Еуропада орналасқан.

2. Төмендегі карталарда қайсы мемлекеттер көрсетілгенін тап және берілген нұсқалардан осы мемлекеттердің астанасын таңда.



A) Дублин
f) Прага

b) София
g) Рим

d) Берлин
h) Париж

e) Осло
i) Афина


3. Оқулық қосымшасындағы мәліметтерді пайдаланып, 100 мың шаршы км-ден үлкен мемлекеттердің атын дәптеріңе жаз.

4. Оқулықтағы және әлемнің саяси картасын пайдаланып, берілген мәліметтердің дұрыс немесе бұрыс екенін анықта.

1	Солтүстік Македония жағалаудағы континенттік мемлекеттер тобына жатады.
2	Дания құрлықта тек Германиямен шекарадас.
3	Греция Оңтүстік Еуропада орналасқан.
4	Еуропада тек Ұлыбритания, Исландия және Ирландия арал мемлекеттер саналады.
5	Италия Пиреней түбегінде орналасқан.
6	Бельгияның астанасы – Брюссель қаласы.
7	Швеция – парламенттік республика.
8	Еуропа субаймақтарының ішінде Шығыс Еуропа аумағы бойынша ең үлкен.
9	Босния және Герцеговина – Еуропадағы федеративтік мемлекеттердің бірі.
10	Франция екі мұхиттың акваториясында орналасқан.

5. Төмөндегі әріптермен белгіленген Еуропадағы «ергежейлі» мемлекеттердің атын тап.






Солтүстік теңіз, Балтық теңізі, Киль каналы, парламенттік республика, федеративтік канцлер, федеративтік жерлер, ГФР мен ГДР-ның қайта бірігуі, сыртқы миграция, лютерандық шіркеу.



Германия өзінің қандай өнімдерімен әлемге танымал?



Жер аумағы: 357,4 мың км²

Халқы (2020 ж.): 83,3 млн

Астанасы: Берлин

24-§. Германия Федеративтік Республикасы

Еуропаның экономикалық жағынан ең қуатты мемлекеті Германия Федеративтік Республикасы құрлықтың ортасында орналасқан. Германия аумағы бойынша құрлық елдері арасында 6-шы орында. Оның жағалауларын солтүстік-батысында Солтүстік теңіздің, солтүстік-шығысында Балтық теңізінің сularы шайып жатыр. Германия аумағының ең маңызды халықаралық каналдардың бірі — Солтүстік және Балтық теңіздерін байланыстыратын Киль каналы арқылы өтеді. Құрлықта барлығы 9 мемлекетпен шекарадас. Оның экономикалық географиялық орналасуының қолайлылығы Еуропаның әртүрлі бөліктеріндегі мемлекеттерді байланыстыратын негізгі автомобиль жолдарының, темір жолдардың және су жолдарының (өзендер мен каналдар) өтуімен белгіленеді.

Басқару нысаны тұрғысынан — парламенттік республика. Мемлекет басшысы - президент, бірақ атқарушы биліктің басшысы және ең үлкен саяси өкілетердің иесі - үкімет басшысы, яғни федералды канцлер саналады. Саяси және аумақтық құрылымы жағынан Германия федеративтік мемлекет болып табылады және 16 федералды жерге бөлінеді. Мемлекет астанасы — Берлин — оның шығыс бөлігінде орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Германия аумағының жер бедері солтүстіктен оңтүстікке қарай көтеріледі (48-сурет). Елдің солтүстігінде Солтүстік Германия жазығы орналасқан, орталық аумақтарды аласа және орташа биіктікте таулардан тұрады, ал оңтүстік бөлігінің биіктігі шамамен 3000 метрге жететін Альпі таулары орналасқан. Пайдалы қазбаларына тас пен қоңыр көмір, темір рудасы, мыс және калий тұздарының кен орындары жатады.

Ел аумағы қоңыржай климатты континентте орналасқан. Солтүстік аумақтарда теңіз климаты, ал орталық және оңтүстік аймақтарда қоңыржай континенттік типтегі климат байқалады. Ауа-райы жиі өзгереді, жаңбыр көп жауады. Қыс әдette жылды, қатты аяздар сирек кездеседі. Жағалау аймақтарында үнемі күшті желдер байқалады және бұл фактор республикада энергетикалық мақсаттарда белсенді түрде қолданылады.

Германияда өзендер желісі өте тығыз. Ең ірі өзендері: Рейн, Дунай, Эльба, Везер және Одер. ГФР-ның барлық ірі өзендері бір-бірімен каналдар арқылы байла-



48-сурет. Германияның жер бедері



нысқандықтан, оның ішкі су көлік жолдары Солтүстік және Балтық теңіздерінің порттарын Дунай арқылы Қара теңіз порттарымен байланыстырады.

Халық саны. Германия 83,3 миллион адамға тең болған халқымен (2020 жылғы деректер бойынша) Еуропада бұл тұрғыдан Ресейден кейін екінші орында тұр. Тылудың төмен болуына байланысты Германияда халықтың табиғи өсімі 1972 жылдан бері теріс болды. Сондықтан Германияда халық өсімінің көзі белсенді сыртқы миграция саналады.

Германия шетелдік мигранттардың санына қарай (2019 жылғы жағдай бойынша 13 миллионнан астам адам) континентте бірінші орында тұрған мемлекет саналады. Шетелдік мигранттардың құрамында Польша, Румыния, Италия, Турция, Сирия, бұрынғы Югославия мемлекеттерінен келген иммигранттар көш бастап тұр.


Германиялықтардың 80%-ға жуық бөлігі қалаларда тұрады. ГФР-дің ірі қалалары Берлин, Гамбург, Мюнхен, Кельн, Майн Франкфурт, Бремен.

Мемлекет халқының 85 пайыздан астамы немістер. Германияның солтүстік, орталық және шығыс аймақтарында жасайтын немістердің басым бөлігін протестанттар (лютерандар) құраса, ал елдің онтүстікте қоғанесе католиктер жасайды.

Германия халқы үлкен өзендердің аңғарларында өте тығыз орналасқан. Бұл ретте Рейн аңғары ерекше көзге түседі. Халық ең тығыз қоныстанған аймақ — Рур өнеркәсіптік ауданы міне осы өзен алабында орналасқан. Елдің таулы аймақтары мен солтүстік-шығысында халықтың тығыздығы салыстырмалы түрде төмен (49-сурет).

Экономикасы. Германия экономикалық әлеуеті мен халықтың өмір сүру деңгейі тұрғысынан әлемдегі жетекші елдердің бірі, «Улкен жетілік» тобына кіретін мемлекет. Еуропада Германия ЖІӨ және өнеркәсіп өндірісі бойынша бірінші орында.

ГФР әртүрлі өнеркәсіп өнімдерінің жоғары сапасымен бүкіл әлемге танымал. Германия өнеркәсібінің жетекші салаларының қатарына



49-сурет. Германияның халық тығыздығы картасы (адам / км²)



50-сурет. Франкфурт-Майн қаласы



машиналасау, химия және фармацевтика, көмір, қара металлургия, азық-түлік өнеркәсібі кіреді. Машиналасау тармақтарынан станок жасау, электротехника, автомобильжасау, микроэлектроника, кемежасау, аэрофарыш өнеркәсібі жоғары дамыған.

Ауыл шаруашылығының негізгі салалары — сүт-ет мал шаруашылығы және шошқа шаруашылығы. Елдің солтүстік және орталық бөліктерінде бидай, арпа, жүгері, картоп, қант қызылшасы өсіріледі. Оңтүстік беткейлер мен тау аралық аңғарларда жүзім, жүзім, темекі, және сыра өндірісінде қолданылатын құлмақ өсіру де жақсы дамыған.

Германияның экономикасында транспорт, банк және қаржы секторы, туризм және басқа да қызымет көрсету секторлары да өте маңызды. Атап айтқанда, Еуропадағы ең үлкен әуежайы бар Франкфурт-Майн қаласы континенттегі негізгі банк және қаржы орталықтарының бірі болып табылады (50-сурет).

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Атластағы дуниежүзінің саяси картасын пайдаланып Германияға шекаралас мемлекеттердің атын дәптеріңе жазып ал.
- 2 Германияның әлеуметтік-экономикалық дамуында оның табиғи жағдайлары мен экономикалық географиялық орнының маңызын түсіндір.
- 3 Германияға шетелдік мигранттардың көп ағыны қандай факторлармен байланысты деп ойлайсыз? Шетелдерден белсенді қандай иммиграцияның оң және теріс аспектілері болуы мүмкін? Халқы белсенді көшіп кетіп жатқан елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әмбиграциялық үдерістің әсері қандай? Өз ойларың бойынша төмендегі кестені толтыр.

Иммиграция	Эмиграция
Артықшылықтары	Кемшіліктері
...

- 4 Германия туралы төмендегі мәліметтерден қателерді тауып, түзетіп, дәптеріңе жазып ал.
 - Аумағы бойынша Еуропа елдері арасында 9-шы орында тұрады;
 - «Үлкен жетілік» тобына мүше мемлекет;
 - Саяси-аумақтық құрылымы жағынан федеративтік мемлекет;
 - Ауыл шаруашылығының негізгі салалары сүт-ет мал шаруашылығы және құс шаруашылығы саналады;
 - Ең ірі қалалары — Берлин, Гамбург, Мюнхен, Кельн, Франкфурт-Майн, Бремен;
 - Еуропадағы ең үлкен теңіз портына ие;
 - Ел аумағы қоңыржай климатты континентте орналасқан;
 - Еуропада ЖІӨ және өнеркәсіп өндірісі көлемі бойынша екінші орында;
 - Ішкі су көлік жолдары Рейн арқылы Солтүстік және Балтық теңіздері порттарын Қара теңіз порттарымен байланыстырады;
 - Өнеркәсібінің жетекші салаларына машиналасау, химия және фармацевтика, көмір, қара металлургия, азық-түлік өнеркәсібі кіреді.
- 5 Қосымша деректерді пайдалана отырып, Германия мен Өзбекстан арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың негізгі бағыттары мен ауқымы туралы мәліметтер жина. Сенің ойыңша, алдағы уақытта еліміз бен Германия арасында қайсы салаларында ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективалары жоғары? Өз пікіріңізді негіздеуге әрекет жаса.

25-§. ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ СОЛТУСТІК ИРЛАНДИЯ БІРІККЕН КОРОЛЬДІГІ

Ұлымынан және Солтустік Ирландия Біріккен Корольдігі Еуропаның солтустік-батысындағы Британ аралдарында орналасқан. Біріккен Корольдік аумағының негізгі бөлігі Ұлымынан және Ирландия аралының солтустік-шығысынан тұрады. Сонымен қатар мемлекет құрамына бірнеше кішігірім аралдар кіреді. Біріккен Корольдіктің жағалауын Солтустік теңіз, Ирландия теңізі және Атлант мұхитының сularы шайып жатыр. Ла-Манш бұғазы Ұлымынан Францияның солтустік-батыс жағалауынан бөліп тұрады. Құрлықта тек Ирландиямен шекаралас.

Қазіргі уақытта Ұлымынан 15-ке жуық теңізден арғы аумақ, яғни отарлары бар. Олардың көпшілігі Кариб теңізінде аралдарында орналасқан. Еуропа континентіндегі жалғыз отар аумақ — Гибралтар да Біріккен Корольдіктің теңізден арғы аумағы саналады. Бірақ ресми тұрде бірде-бір теңізден арғы аумақ Біріккен Корольдіктің құрамына кірмейді.

Басқару нысаны — конституциялық монархия. Ұлымынан монархы (король немесе королева) қазірде ресми тұрде Британ Достастығы Корольдіктері болып табылатын Канада, Австралия және Жаңа Зеландияның қоса алғанда, 14 тәуелсіз мемлекеттің басшысы болып табылады.

Саяси және аумақтық жағынан Біріккен Корольдік 4 өлкеден (елдерден) — Англия, Шотландия, Уэльс және Солтустік Ирландия (51-сурет) тұрады. Англиядан басқа 3 өлкеде ішінана автономия бар. Ұлымынан астанасы Лондон қаласы мемлекеттің оңтүстік-шығысында, Темза өзенінің теңізге құяр жерінде орналасқан.


Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Ұлымынан оңтүстік-шығыс бөлігін негізінен жазықтар, ал Солтустік-батыс аймақтарын қоныржай таулар алғып жатыр (52-сурет). Байырғы ұсақталған таулар әсіресе Шотландия мен Уэльсте көп кездеседі. Мемлекеттің ең биік тауы — Бен Невис тауы Шотландияда орналасқан (53-сурет).

Мемлекетте пайдалы қазбалардан негізінен мұнай, табиғи газ және көмір өндіріледі. Мұнай және газ кен орындары Солтустік теңіздің түбінде орналасқан. Бірақ соңғы жылдары Ұлымынан қазбалы отынның барлық тұрларын импорттаушыға айналды, өйткені қазба байлықтары ұлттық экономиканың энергия көздеріне деген сұранысты қанағаттандыра алмайды.

Атлант мұхитынан жыл бойы соғатын ылғалды желдің, сондай-ақ Гольфстримнің ағынының әсерінен қоныржай теңіз климаты қалыптасты. Жыл бойы жаңбыр жиі жауады, әсіресе елдің батысында. Қысы жылы, қаңтардағы ауаның орташа температурасы шамамен 0°C.

Халық саны. Біріккен Корольдік Еуропа мемлекеттері ішінде халық саны бойынша 3-орында тұрады (2020 жылдың жағдайына орай 67 миллион адамнан астам). Халықтың табиғи өсүі өте төмен деңгейде, халық саны негізінен сыртқы миграция есебінен көбеюде. Әсіресе Оңтүстік Азиядан, Африкадан және Кариб теңізінің аралдарынан көшіп келгендер көп.

Ұлымынандағы урбанизация деңгейі шамамен 85%-ды құрайды.



Жер аумағы: 243,8 мың км²

Халқы (2020 ж.): 67,2 млн

Астанасы: Лондон

 Біріккен Корольдік, Англия, Шотландия, Уэльс, Солтустік Ирландия, конституциялық монархия, Ла-Манш бұғазы, қоныржай теңіз климаты, англикан шіркеуі.

 Біріккен Корольдік тің әлемдік экономикалық және саяси өмірдегі орны туралы нені білесін?



Англия Шотландия

Уэльс Солтустік Ирландия

51-сурет. Біріккен Корольдік құрамындағы округтер



52-сурет. Біріккен Корольдіктің жер бедері

Елдің ірі қалаларының қатарына Лондон, Бирмингем, Манчестер, Ливерпуль, Глазго, Эдинбург кіреді.


Мемлекет халқының этникалық құрамында ең көп ұлт ағылшындар. Шотландтар, уэльстіктер және ирландтар да байырғы ұлттар саналады. Ең көп тараған дін — Англикан шіркеуі (протестанттық христиандық конфессиясы).

Халық тығыздығы Орталық және Оңтүстік Англия, Оңтүстік Уэльс және Орта Шотландияның ойпатты аймақтарында жоғары дәрежеде, ал Шотландияның Солтүстік-батыс таулы аймақтарында бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен (54-сурет). Біріккен Корольдік халқының 85% дерлік Англияда жасайды. Ал Солтүстік Ирландияда мемлекет жалпы халқының 3 пайызы ғана тұрады.


Экономикасы. Ұлыбритания — Еуропадағы және әлемдегі ең құдіретті мемлекеттердің бірі, ЖІӨ бойынша Еуропада Германиядан кейін екінші орында тұр.

Ұлыбритания өнеркәсіптік төңкерістің отаны болып, XIX ғасыр және XX ғасырдың басында әлемдегі жетекші индустрияланған мемлекет есептелген. Ол кезеңде Біріккен Корольдіктің өнеркәсібі, әсіресе тоқымашылық, көмір, қара металлургия, кемежасау салаларының дамуымен ерекшеленді. Қазіргі уақытта Ұлыбритания өнеркәсібінің жетекші салаларына автомобильжасау, авиация, ауылшаруашылық машиналарын жасау, химия және фармацевтика өнеркәсіптері жатады. Мемлекеттің электр энергетикасы жылу электр станцияларына сүйенеді.

Ауыл шаруашылығының жетекші салалары — асыл тұқымды мал



53-сурет. Бен-Невис тауы



54-сурет. Біріккен Корольдік халқының тығыздығы картасы (адам/шаршы км²)

шаруашылығы, қой шаруашылығы және шошқа шаруашылығы саналады. Негізгі ауыл шаруашылығы егіндері: бидай, арпа, картоп, қант қызылшасы.

Ұлыбританияның экономикасында қызмет көрсете саласы да өте маңызды. Олардың ішінде банк және қаржы, туризм, ақпараттық технологиялар, медицина және жоғары білім халықаралық маңыздылығымен ерекшеленеді. Лондон қаласы - әлемнің ең ірі қаржы орталығы саналады. Ұлыбританияға әлемге әйгілі көптеген тарихи-мәдени жәдігерліктерді көру үшін әр жылды бірнеше он миллион саяхатшылар келеді. Біріккен Корольдік ең көп саяхатшылардың қабылдайтын әлемдегі алғашқы 10 елдің қатарына кіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Біріккен Корольдіктің саяси-аумақтық құрылымын сипатта. Оны ішінде федеративтік деп санауға бола ма? Не үшін?
 - 2 Ұлыбритания климатының маңызды ерекшеліктерін және оларды тудыратын факторларды түсіндір. Қосымша мәліметтер негізінде бұл мемлекеттің «Тұманды Альбион» деп те аталу себебін тап.
 - 3 Не үшін Ұлыбритания халқы негізінен сыртқы миграция есебінен өсіп жатқанын түсіндір. Неліктен Оңтүстік Азиядан, Африкадан және Кариб теңізі аралдарынан көшіп келгендер көп?
 - 4 Ұлыбританияның электр энергетикасы ЖЭС-терге тәуелді болуының негізгі себептері туралы пікір жүргіз. Мұның экономикалық және экологиялық аспектілерін қалай бағалауға болады? Бұл елде дәстүрлі емес энергия көздерінің қай салаларының одан әрі даму болашағы зор? Пікіріңізді негізде.
 - 5 Ұлыбританияның әлемдегі шетелдік туристерді ең көп қабылдайтын мемлекеттердің ондығына кіруіне әсер ететін келесі факторларды бағала:
 - а табиғи жағдайлары мен теңіз жағалау ландшафттары;
 - б тарихи кешендер;
 - д заманауи архитектуrasesы;
 - е туризм инфрақұрылымының дамуы;
 - f қызмет көрсетудің жоғары сапасы.
 - 6 Ұлыбританиядағы әлемге әйгілі университеттердің қайсыларын білесің? Егер сізде шетелде білім алу немесе саяхаттау мүмкіндігі болса, Ұлыбританияны таңдаған болар ма едің? Неге?







Ла-Манш бұғазы, Атлант мұхиты, Корсика аралы, теңізден арғы аумақтар, Париж агломерациясы, сыртқы миграция, аймақтық тілдер, «Ұлкен жетілік», туризм.



Францияның алемге әйгілі брендтерінің қайсы бірін білесің?



Жер аумағы: 547 000 км²

Халқы (2020 ж.): 64,9 млн

Астанасы: Париж

26-§. Франция Республикасы

Еуропадағы ең ірі елдердің бірі — Франция Республикасы құрлықтың батысында орналасқан. Елдің жағалауарын батыс пен солтүстік-батыстан Атлант мұхиты, оңтүстік-шығыстан Жерорта теңізі шайып жатыр. Ла-Манш бұғазы Францияны Ұлыбританиядан бөліп тұрады. Құрлықта 8 мемлекеттің шекаралас, ал ең ұзын шекаралары Германия, Италия және Испания мемлекеттерімен өткен. Жерорта теңізіндегі Корсика аралы Францияға тиесілі. Сондай-ақ, Францияның 10-нан астам теңізден арғы аумақтары, яғни отарлары да бар. Олар негізінен Тынық мұхиты мен Кариб теңізінде орналасқан.

Басқару нысаны — президенттік республика. Саяси және аумақтық тұрғысынан Франция 18 аймақта (регионға) бөлінген унитарлық мемлекет. Олардың 12-сі Францияның негізгі континенттік бөлігінде, 1-і Жерорта теңізіндегі Корсика аралында, ал қалған 5-үі теңіздің арғы жағындағы аумақтарда орналасқан. Францияның астанасы Париж қаласы елдің солтүстік бөлігінде, Сена өзенінің аңғарында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Франция аумағының 2/3 бөлігін жазықтар алып жатыр. Сонымен бірге елдің шығыс, орталық және оңтүстік аймақтарында Альпі, Пиреней, Арденн, Вогеза, Орталық массив (55-сурет), Юра сияқты әртүрлі биіктіктері таулар бар. Альпі мен Пиренейден басқа, Франциядағы тау жоталары аса бөлшектенген ескі таулар болып табылады. Пайдалы қазбалардан темір, уран және боксит рудаларының кен орындары бар.

Францияның Атлант мұхитына жақын қоңыржай теңіз климаты, шығыс аумақтарында қоңыржай континенттік климат, оңтүстігінде Жерорта теңізі типіндегі субаймақтық климат қалыптасқан. Жазы ыстық, ал қысы жылы және жаңбырлы. Ең көп жауын-шашын қаңтар-сәуір аралығында байқалады.

Францияда өзендер желісі өте тығыз. Ең ұзын өзен — Луара (56-сурет), ал ең қарқынды өзен — Рона. Сонымен қатар Сена мен Гаронна да ірі өзендер болып табылады.

Халық саны. Франция Еуропа мемлекеттерінің ішінде халық саны бойынша төртінші орында тұрады. 2020 жылғы жағдайға сәйкес, Франция халқы 65 миллион адамға жуық. Халықтың табиғи өсуі өте баяу, жылдық есепте 0,2%-ға тең. Халық санының өсуінің негізгі көзі сыртқы миграция болып табылады. Мигранттар арасында бұрын Франция отары болған әртүрлі түрлі Африка мемлекеттерінен көшіп келгендер өте көп.



55-сурет. Орталық массив тауларының көрінісі



56-сурет. Луара өзені

Францияда қазіргі күнде урбанизация деңгейі 80%-дан асқан. Париж төңірегінде континенттегі ең ірі қалалық агломерациялардың бірі қалыптасты, оның халқы 10 миллион адамнан астам. Ирі аймақтық орталықтар қатарына Лион, Марсель, Лилль, Тулуса және Бордо кіреді.

Мемлекеттің байырғы үлттарының арасында француздардан басқа басктер, бретондықтар, элзастықтар, лотарингтер, каталондықтар, окситандықтар мен корсикандықтар бар. Франция Конституциясына сәйкес осы 7 үлттың тілдері аймақтық тілдер мәртебесіне ие. Мемлекет халқының діни құрамында католиктер жетекші саналады. Халқы Париж агломерациясында, Бельгия және Германиямен шектесетін аудандарда және Жерорта теңізі жағалауында ең тығыз орналасқан. Таулы аумақтарда халықтың тығыздығы біршама төмен.

Экономикасы. Франция Республикасы Еуропадағы және дүниежүзіндегі ең ірі экономикалық әлеуеті бар мемлекеттердің бірі болып табылады. Ол «Улкен жетілік» тобына жатады.

Франция өнеркәсібінің құрамында машина жасау, химия, қара және түсті металлургия, сондай-ақ азық-түлік өнеркәсібі жетекші маңызға ие. Мемлекет автомобиль, кемелер, ұшақтар, қосалқы бөлшектер, минерал тыңайтқыштар, сода, полимерлер, парфюмерия, косметика, шарап, ірімшік, тағы басқа да көптеген өнімдерді өндіру мен әлемдік нарыққа жеткізу бойынша ерекшеленеді.

Францияның электр энергетикасында атом электр станциялары бірінші дәрежелі маңызға ие. Атом электр станцияларының мемлекетте өндірілетін электр энергиясы құрамындағы үлесі дерлік 80 %-ға тең. Бұл көрсеткіш бойынша Франция әлемде бірінші орында.

Ауыл шаруашылығының жетекші саласы ет-сүт мал шаруашылығы саналады. Негізгі ауылшаруашылық егіндері: бидай, қант қызылшасы, картоп, жүгері, жүзім, зығыр. Әсіресе, жүзім шаруашылығы мен шарап жасау салаларында Франция өзінің өндіріс көлемімен және өнімдернің дәстүрлі сапасымен бүкіл әлемге әйгілі (57-сурет). Теніздің таяз жерлерінде маришаруашылық, яғни әртүрлі теңіз ағзаларын жасанды түрде көбейту жақсы дамыған.

Франция әлемдегі мемлекеттердің ішінде туристер ең көп келетін мемлекет саналады. Кей жылдары шетелдік саяхатшылардың саны 75 миллион адамнан асады. Туризмның осындағы дәрежеде дамуында табиғи климаттық жағдайлар, әлемге әйгілі теңіз жағалауындағы курорттар (Ницца, Сен-Тропе, Канн және т.б.), Француз қалалары, әсіресе Париждеге әйгілі мәдени нысандардың көптігімен байланысты. Мысалы, Париждегі Лувр мұражайы келушілердің саны бойынша әлемде жетекші орын алады (58-сурет).



57-сурет. Франция жүзімдіктері



58-сурет. Париждегі Лувр мұражайы

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Атластағы дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, төмендегілердің арасынан Франциямен шекаралас мемлекеттердің астаналары берілген нұсқаларды тап.
 - a - Амстердам;
 - b - Люксембург
 - c - Берн;
 - d - Вена
 - e - Мадрид;
 - f - Копенгаген;
 - g - Берлин;
 - h - Рим;
 - j - Вадуц;
 - k - Брюссель;
 - l - Монако;
 - m - Андорра-ла-Велла;
- 2 Францияның экономикалық географиялық орнының негізгі ерекшеліктері қандай? Оның экономикалық және әлеуметтік дамуындағы шекаралас мемлекеттердің маңызы қандай және өз кезегінде сол мемлекеттердің дамуына Францияның ықпалы қандай? Мемлекеттердің даму деңгейі олар орналасқан аймақтардағы экономикалық және әлеуметтік жағдайлармен қаншалықты байланысты деп ойлайсың? Өз пікірінді мысалдар арқылы түсіндір.



- 3) Не үшін Париж агломерациясында, Францияның Бельгия мен Германиямен шекаралас аумақтарында, сондай-ақ Жерорта теңізінің жағалауында халықтың тығыздығы ең жоғары? Белгілі бір аумақта халықтың өте тығыз орналасуының себептері, оның артықшылықтары мен кері салдары жөнінде пікір жүргіз.



- 4) Францияда өнеркәсіптің қайсы салалары жетекші маңызға ие? Ол не үшін көптеген өнеркәсіп өнімдерін әлемдік нарыққа шығаруда ерекшеленеді?
- 5) Францияда туризмнің жоғары дәрежеде дамуына әсер ететін факторларды сипатта. Оның ең әйгілі мәдени нысандарының қайсысын білесің?



27-§. Италия Республикасы

Италия Республикасы Еуропаның оңтүстігінде, Жерорта теңізінің жағасында орналасқан. Мемлекет аумағының үлкен бөлігін Апенний түбегі алып жатыр. Италияға Жерорта теңізіндегі ең үлкен екі арал - Сицилия мен Сардиния тиесілі. Солтүстікте Франция, Австрия, Швейцария және Словениямен шекаралас. Италияның көршілерінің арасында Сан-Марино және Ватикан «ергежайлі» мемлекеттердің орны ерекше, өйткені бұл елдер әр түрғыдан Италиян аумағымен қоршалған және басқа мемлекеттер немесе теңіз суларымен мен шекараға ие емес. Мұндай географиялық орналасуға ие елдер анклав деп аталады.

Басқару нысаны — парламенттік республика. Саяси-аумақтық түрғыдан Италия 20 аумақтан құралған унитарлық мемлекет. Астанасы — Рим қаласы, мемлекеттің орталық бөлігінде, Тибр өзенінің аңғарында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Италияның жер бедері негізінен таулардан тұрады (59-сурет). Мемлекеттің солтүстігінде Альпі таулары орналасқан. Еуропадағы ең биік тау шыңы - Монблан (4807 м) Италияның Франция билан чегарасыда орналасқан. Апенний түбегін солтүстіктен оңтүстікке қарай орташа биіктікегі Апенний таулары кесіп өтеді (ең биік нүктесі — Корно-Гранде шыңы, 2914 м). Альпі мен Апенний тауарының арасында Падан жазығы орналасқан. Бұл жазықта батыстан шығысқа қарай Италияның ең үлкен өзені — По өзені ағып өтеді.

Италия сейсмикалық және жанартаулық белсенді аумақтардың бірі. XXI ғасырдың өзінде 4 күшті жер сілкінісі болды. Елде бірнеше белсенді қозғалыстағы жанартау, атап айтқанда, Этна (Еуропадағы ең жоғары белсенді жанартау), Везувий және Стромболи бар (60-сурет).

Италияда әртүрлі пайдалы қазбалардың (мұнай, табиғи газ, көмір, марганец, калий және ас тұзы) кен орындары бар, бірақ көптеген пайдалы қазбаларды өндіру көлемі үлкен емес және мемлекет экономикасының қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды.

Италияда негізінен Жерорта теңізі типіндегі субаймақтық климат базым. Жазы ыстық, қысы жылы және жұмсақ, жауын-шашын қыс айларында көбірек түседі. Альпі таулары Италия аумағын сүйк ауа масаларынан қорғайды және теңізден соғатын желдердің жолын жауып, жауын-шашын мөлшерін арттырады.

Халық саны. Италия Еуропадағы халқы ең көп бес мемлекеттің бірі. 2020 жылғы мәліметтер бойынша Италияда 60 миллионнан астам адам тұрады. Халықтың табиғи өсімі теріс, жылдық есепте 0,4%-ға тең. Халық құрамындағы шетелдік мигранттардың үлесі артып келеді. Мигранттардың ішінде румындар, албандар және Солтүстік Африқадан көшіп келген арабтар көбірек басымдықта ие.

Италияда қала халқының үлесі 70%-дан асады. Милан, Рим, Турин және Непал елдегі ең ірі қалалар саналады.

Мемлекеттік тілі — италиян тілі. Халықтың діні құрамы бойынша католиктер жетекші болып табылады. Италия католиктер саны бойынша Еуропада бірінші орында тұрады.

Италияда халық саны біркелкі орналаспаған. Бұл көрсеткіш Пәннен ағып өтетін Падан жазығында ең жоғары. Сондай-ақ, елдің оңтүстігіндегі теңіз жағалау аумақтарында халықтың тығыздығы жоғары. Таулы аумақтарда және Сардиния аралында халық салыстырмалы тұрде сирек (61-сурет) орналасқан.



Апенний түбегі, Жерорта теңізі, Сицилия, Сардиния, Альпі, анклав, Жерорта теңізі типтес климат, әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар, мәдени мұра..



Не үшін Италия европалық мәдениет бесіктерінің бірі саналады?




Жер аумағы: 302,1 мың км²

Халқы (2020 ж): 60,3 млн


Астанасы: Рим



59-сурет. Италияның жер бедері



60-сурет. Стромболи жанартауы

61-сурет. Италия халқының тығыздығы (адам/км²)

Экономикасы. Италия Еуропадағы «Үлкен жетілік» тобына кіретін 4 мемлекеттің бірі. Дегенмен, мемлекеттің түрлі аймақтарының экономикалық дамуында үлкен айырмашылық байқалады. Италияның ең ірі және ең дамыған экономикалық орталықтары оның солтүстігінде орналасқан (Милан және Турин агломерациялары). Оңтүстік аймақтарға артта қалған аграрлық экономика тән.

Италия өнеркәсібінің жетекші салалары ретінде машинажасау (әсіреке автомобильдер мен тұрмыстық техника өндірісі), химия, азық-түлік және женіл өнеркәсіп салалары ерекшеленеді. Мемлекет женіл автомобиль, мотоцикл, тоқазытқыш, велосипед, жұн мата, киім-кешек, аяқиім, зәйтүн майы, ірімшік, шарап, жеміс-жидек және қызанақ консервілері сияқты өнімдерді экспорттаушы әлемдегі жетекші елдердің бірі. Алайда, Италияда отын ресурстары мен металл көндерінің аз мөлшерде өндірілуіне байланысты энергия көздерінің және өнеркәсіптік шикізаттың көптеген түрлері басқа мемлекеттерден әкелінеді. Сонымен қатар Италия әлемдегі электр энергиясын ең көп көлемде импорттаушы мемлекеттердің бірі болып табылады.

Ауыл шаруашылығы көбірек субтропиктік егіншілікке маманданған. Италия Еуропа және әлем көлемінде цитрустық жемістер, жұзім, қызанақ және зәйтүн өсіру бойынша ерекшеленеді (62-сурет). Үлттық экономиканың ең табысты саласының бірі халықаралық туризм болып табылады. Италияға жылына орта есеппен 50 миллион шетелдік саяхатшылар келеді. Туризмнің осындай кең ауқымды дамуына Италияның климаттық жағдайы, табиғатының сұлулығы және өте бай мәдени мұрасы қызмет етеді. Италияның Рим, Милан, Непал, Венеция, Флоренция, Генуя, Парма, Пиза, Верона және тағы басқа қалалары шын мәнінде «аспан астындағы мұражайлар» ретінде бүкіл әлемге әйгілі. ЮНЕСКО құрастырған Дүниежүзілік мұра-

нысандарының тізіміне осы Италиядағы ең көп табиғи және тарихи-мәдени ескерткіштер енгізілген (63-сурет).



62-сурет. Италиядағы зәйтүн плантациялары



63-сурет. Неаполь қаласының тарихи орталығы



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Италияға шекаралас мемлекеттердің ішінде Ватикан мен Сан-Марино қандай сипаттармен ерекшеленеді? Мұндай сипаттар тағы қайсы мемлекеттерге тән?
- 2 Табиғи география курсарынан алған білімдеріңізге сүйене отырып, Италия не үшін сейсмикалық және жанартаулық түрғыдан белсенді аймақтардың бірі екенін түсіндір. Табиғи апаттардың әсерін азайту үшін нелерге көніл бөлу тиіс деп ойлайсың?
- 3 Италияның солтүстік және оңтүстік бөліктерінің экономикалық дамуындағы айырмашылықтар неден құралған? Сіздің ойыңызша, мемлекеттердің әртүрлі аймақтарының дамуындағы үлкен айырмашылықтар қандай әлеуметтік-экономикалық проблемаларды туыннатуға себеп болады? Бұның алдын алу үшін қандай шараларды қолдану керек?
- 4 Не үшін Италияның ауыл шаруашылығында Еуропаның көптеген мемлекеттерінен ерекшеленген түрде егіншілік басым тұрады?
- 5 Италиядағы туризмнің жоғары дәрежеде дамуы қандай факторларға байланысты? Қосымша дереккөздер негізінде Италиядағы әлемге әйгілі тарихи-мәдени нысандар туралы мәлімет жина және қысқаша ақпарат дайында.





Шығыс Еуропа, Солтүстік Азия, федерация, экслав, агроклиматтық ресурстар, табигат зоналары, Байкал көлі, көпконфессионалы мемлекет, «Санкт-Петербург—Сочи—Иркутск» үшбұрышы.



Ресейдің географиялық орны қандай ерекшеліктерге ие? Бұл ерекшеліктер мемлекеттің дамуына қалай жер етеді?



Жер аумағы: 17098 мың км²
Халқы (2020 ж.): 146,7 млн
Астанасы: Мәскеу

28-§. Ресей Федерациясы

Ресей Федерациясы жер аумағы бойынша әлемдегі ең үлкен мемлекет. Ол Шығыс Еуропа мен Солтүстік Азияда орналасқан. Ресей жағалауарын Солтүстік Мұзды, Тынық және Атлант мұхиттарына жататын 12 теңіз сүй шайып жатыр. Әлемдеге тек 3 мемлекет — Ресей, АҚШ және Канада үш мұхитқа бірден шығу мүмкіндігіне ие.

Ресей Федерациясы жалпы 16 тәуелсіз мемлекетпен шекаралас. Атап айтқанда, Жапония және АҚШ-пен шекара тек су арқылы өтеді. Ең ұзын шекара сызықтары Қазақстан, Монголия және Қытаймен өткен. Шекаралас мемлекеттердің саны бойынша Ресей әлемдегі мемлекеттердің арасында бірінші орында тұр.

Оның конституциясына сәйкес, Ресей түрлі мәртебедегі 85 аймақтың федерациясы саналады. Ресей Федерациясының аймақтары арасында республика, облыс, өлкө, автономиялық округ, автономиялық облыс және федералдық маңызы бар қалалар бар. Балтық теңізіндегі Калининград облысы Ресейдің негізгі аумағынан бөліне ораласып, эксклавтық географиялық орналасуға ие.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Ресейдің аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 4000 км-ден астам, ал батыстан шығысқа қарай шамамен 10000 км қашықтыққа созылғандықтан, елдің табиғи жағдайлары әртүрлі (64-сурет). Мемлекет аумағының 70%-ын жазықтар алғып жатыр. Ең үлкен аумақтарды Шығыс Еуропа мен Батыс Сібірдің жазықтары иелейді. Биік таулар (Кавказ, Алтай, Саян, Сихоте-Алин және т.б.) Ресейдің шығыс және шалғай оңтүстік бөліктерінде орналасқан.

Ресейде мұнайдың, табиғи газдың, көмірдің, уранның, темір рудасының, алтынның, алмаздың және басқа да пайдалы қазбалардың үлкен қоры бар. Мемлекет экономикасы үшін мұнай мен табиғи газ ресурстарының маңызы үлкен. Мұнай мен газдың ірі кен орындары негізінен Батыс Сібір жазығында орналасқан.

Ресей негізінен қоныржай, субарктикалық және арктикалық климаттық континенттерде орналасқан. Тек Қара теңіз бойындағы аумақтарында субтропикалық климат бар. Мемлекет аумағының 70%-дан астамы диқаншылық үшін агроклиматтық ресурстармен жеткілікті қамтамасыз етілмеген. Негізгі табиғат аймақтары — тайга, тундра, аралас және жалпақ жапырақты ормандар, жайылым және орманды дала. Ресей - орман және жер ресурстарымен ең жақсы дамыған мемлекеттердің бірі.



Тайга (Архангельск облысы)



Жайылым (Оренбург облысы)



Шөл (Астрахан облысы)

64-сурет. Ресейдің кейбір табиғат аймақтары

Ресей, әсіресе оның Азиядағы бөлігі су және гидро энергетикалық ресурстарға өте бай. Оның ең ірі өзендері — Енисей, Лена, Обь, Амур, Волга.




Сібірде орналасқан Байкал көлі — жер бетіндегі ең терең және ең үлкен түші су жиналған көл саналады.

Халық саны. Ресей Федерациясы халық саны бойынша әлемде 9-шы орында. Халықтың табиғи өсімі теріс, жылдық есеппен 0,2%-ға тең. Мемлекет халқының динамикасына сыртқы миграция едәуір дәңгейде әсер етеді.

Ресейде қала тұрғындарының үлесі шамамен 75%-ға жуық. Ең ірі қалалары — Мәскеу (12,6 млн. адамнан астам) және Санкт-Петербург (5,3 млн. адамнан астам). Ресейде қазіргі уақытта жалпы 15 «миллионер» қала бар.

Ресей көпұлтты мемлекет саналады. Халқының 81%-ы орыстар. Жалпы алғанда, Ресей аумағында 100-ден астам байырғы ұлт пен ұлыстардың өкілдері жасайды. Орыстардан басқа татарлар, украиндер, башқұрттар, чуваштар, шешендер мен армяндардың саны 1 миллион адамнан асады. Сондай-ақ Ресейде, әсіресе оның солтүстік өлкелерінде ондаған аз санды ұлыстар да тұрады.



Мәскеудегі Құтқаруышы
Христос шіркеуі



Грозныйдағы «Шешенстан
жүргегі» мешіті



Элиста дағы будда гибадатханасы

65-сурет. Ресей көп конфессиялы мемлекет

Ресей көп конфессиялы мемлекет (65-сурет). Мемлекеттегі ең көп санды дін — православие христианы саналады. Оған орыстардан бөлек, украиндар, чуваштар, мордвалар, осетиндер және тағы бірнеше ұлт өкілдері сыйынады. Татарлар, башқұрттар, Солтүстік Кавказдың көптеген халықтары ислам дініне жатады. Буряттар, қалмақтар, тувалар буддизм дініне сенеді. Сонымен қатар, Ресейде католиктер, яхудилер, протестанттар да тұрады.

Ресейдегі халықтың орташа тығыздығының орташа көрсеткіші айтарлықтай тәмен (1 шаршы км-ге 8 адам), халықтың аумақтық орналасуы әркелкі. Бұған негізінен климаттық жағдайлар үлкен әсер етті. Халықтың көбі Ресейдің батыс және оңтүстік бөліктерінде — шартты түрде бөлінетін «Санкт-Петербург — Сочи — Иркутск» географиялық үшбұрышында шоғырланған.





Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Аумағының көп бөлігі Азия құрлығында орналасқанына қарамай Ресей неліктен Еуропа елдерінің қатарына қосылады деп ойлайсың? Екі құрлықта орналасқан тағы қандай мемлекеттерді білесін?
- 2 Атластағы Ресейдің картасын пайдаланып Ресеймен шекаралас мемлекеттерді анықтап, дәптеріңе жазып ал.
- 3 Ресейдің үш мұхит акваториясында орналасуының маңызы қандай? Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігі бар, сондай-ақ құрлық ішінде орналасқан мемлекеттердің экономикалық географиялық орналасуының ерекшеліктері қалай ерекшеленеді? Сіздің ойыңызша ішкі континенттік мемлекеттер экономикалық географиялық орнын жақсарту үшін қандай істерді жүзеге асыру керек?
- 4 Ресейдің минерал ресурстарға ең бай мемлекеттердің бірі болуының басты себебі неде? Табиғи ресурстардың оның халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнында қандай маңызға ие?
- 5 Не үшін Ресей аумағының үлкен бөлігі агроклиматтық ресурстармен жақсы қамтамасыз етілмеген? Осындай жағдайды басқа қандай мемлекеттер мен аймақтарда байқауға болады?
- 6 Төменде аталған ұлттардың дінін тауып, соған сәйкес түрде дәптеріңе белгіле.

а) мордвалар;	д) осетиндер;
ә) қалмықтар;	е) тувалар;
б) украиндер;	ё) буряттар;
в) татарлар;	ж) чуваштар;
г) орыстар;	з) Солтүстік Кавказдың көптеген халықтары.
ғ) башқұрттар;	

I. Православие христианы дініне; II. Ислам дініне; III. буддизм дініне

- 7 Ресейде халқының әркелкі орналасуы қандай факторлармен байланысты? Халық Ресейдің қай бөлігінде көбірек шоғырланған? Неліктен?



29-§. Ресей Федерациясының шаруашылығы

Ресей Федерациясы ЖІӨ көлемі бойынша әлемде 6-шы орында тұрады (2018 ж.). Мемлекеттің экономикасы индустриалды сипатқа ие.

Өнеркәсібі. Ресейде өнеркәсіптің көптеген салалары жақсы дамыған, бірақ өнеркәсіптің және бүкіл экономиканың тірекі отын-энергетика кешені болып табылады. Ресей мұнай қоры бойынша әлемде 6-шы орынды, көмір қоры бойынша 2-ші, табиғи газ қоры бойынша 1-ші орынды иелейді (2019 ж.). Бірнеше жылдардан бері Ресей мұнай және табиғи газ өндіру көлемі бойынша әлемнің үздік 3 елінің қатарынан орын алды. Көмір және уран өндіру бойынша да Ресей әлемде едәуір жоғары орындарда тұрады. Отынның жалпы экспортты бойынша Ресей әлемде жетекші мемлекет саналады. Мұнай мен табиғи газ экспортты Ресейдің мемлекеттік бюджетінің ең үлкен кіріс көзі. Мемлекеттің отын өнеркәсібінің ең ірі ауданы — Батыс Сібір саналады.

Электр энергиясын өндіру бойынша Ресей дүниежүзінде Қытай, АҚШ және Үндістаннан кейін төртінші орында тұр (2020 жылы 1 триллион 85 миллиард кВт/сағ). Электр энергиясының басым бөлігі жылу станцияларында өндіріледі (64%). Сонымен қатар су электр станцияларының үлесі 17 %-ға, атом электр станцияларының үлесі 19%-ға тең.

Қара металлургия да Ресей өнеркәсібінің негізгі салаларының бірі болып табылады. Ресей дүние жүзінде темір рудасын өндіруде 5-ші, шойын балқыту бойынша 4-ші, болат балқыту бойынша 5-ші, болат экспортты бойынша 3-ші орында тұрады. Жылына 70 миллион тоннадан астам болат балқытылып, 30 миллион тоннадан астамы экспортқа шығарылады (2018 ж.). Ресейде қара металл өндірісі негізінен үш ірі темір рудасы алабы - Кузнецк, Магнитогорск және Курск магниттік аномалиясына сүйенеді. Желінің ірі орталықтары: Магнитогорск, Челябинск, Новокузнецк, Череповск, Старый Оскол, Липецк.

Ресейде тұсті металлургия өнеркәсібі де жоғары дамыған. Оның негізгі өнімдері - алюминий, никель, мыс, алтын, құміс, мырыш және қорғасын. Атап айтқанда, алюминий мен никель балқыту бойынша әлемде 2-ші, олардың экспортты бойынша 1-ші, алтын өндіруден 3-ші орында (2018 ж.). Тұсті металлургияның ірі кәсіпорындары Шығыс Сібірде жұмыс істейді (66-сурет). Бұған Енисей және Ангара өзендері бойында салынған ірі су электр станцияларының маңызы зор.

Машинажасау өнеркәсібі Ресейде көпсалалы құрылымымен және кең географиясымен ерекшеленеді. Мемлекеттің машинажасау өнеркәсібі аэроғарыш жабдықтарын, энергетикалық құрылғыларды, пойыздарды, кемелерді, жеңіл және жүк көліктерін, ауылшаруашылық машиналарын, әртүрлі қосалқы бөлшектерді шығаруға маманданған. Автомобиль шығаратын ең ірі кәсіпорындар Тольятти, Нижний Новгород, Мәскеу, Набережные Челны, Ульяновск қалаларында орналасқан. Мемлекеттегі ең ірі автомобиль зауыты — Тольяттидегі «АвтоВАЗ» кәсіпорны саналады (67-сурет).



66-сурет. «Норильск никель» кәсіпорны



67-сурет. Тольяттидегі «АвтоВАЗ» кәсіпорны



Жалпы ішкі өнім, өнеркәсіп, отын-энергетика кешені, металлургия, машина жасау, астық шаруашылығы, темір жол көлігі, экономикалық аудандар...



Ресейдің экономикалық дамуына ауамағының үлкен болуы қалай кері әсерін тигізеді деп ойлайсың?



Химия өнеркәсібінің ең маңызды өнімі әртүрлі минерал тыңайтқыштар саналады. Минерал тыңайтқыштардың барлық түрін өндіру бойынша Ресей дүниежүзінде Қытайдан кейін 2-орында, азот пен калий тыңайтқыштарын экспорттауда да әлем елдері арасында 2-орында тұр. Минерал тыңайтқыштар өнеркәсібінің негізгі орталықтары — Воскресенск, Кингисепп, Дзержинск, Новомосковск, Соликамск, Березники қалалары.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі Ресейдің көптеген солтүстік аймақтарында дамыған. Саланың ірі кәсіпорындары Архангельск, Иркутск, Киров облыстарында, Красноярск және Пермь өлкелерінде орналасқан.

Ауыл шаруашылығы. Ресей дүниежүзі елдері арасында ең үлкен жер қорына ие, бірақ ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жер оның тек 10%-дан астамын ғана құрайды (ауылшаруашылық жерлерінің аумағы бойынша Ресей әлемде Қытай мен АҚШ-тан кейін 3-ші орынды иелейді).



әсіресе бидай экспортты бойынша дүниежүзілік деңгейде ерекшеленеді (68-сурет). Дәнді дақылдардан басқа Ресейде қант қызылшасы, картоп, күнбағыс және зығыр да маңызды ауыл шаруашылығы егіндері саналады.

Мал шаруашылығының негізгі салалары — ірі қара шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы, қой шаруашылығы саналады. Солтүстік аумақтарда бұғы шаруашылығы, жайылым, шөл және таулы өлкелерде жылқы шаруашылығы дамыған. Балық аулау негізінен Беринг, Охота, Жапон, Баренс, Балтық және Каспий теңіздерінде дамыған.

Көлігі. Ресейде көліктің барлық түрлері жақсы дамыған, бірақ көлік жолдарының тығыздығы мемлекеттің әртүрлі бөліктерінде ерекшеленеді. Оның негізгі себептері табиғи-климаттық жағдайлар мен халқының тығыздығымен байланысты. Жұк айналымындағы ең көп үлесті темір жол және құбыр көлігі құрайды. Темір жолдарының ұзындығы бойынша Ресей әлемде АҚШ пен Қытайдан кейін 3-ші орында, ал электрлендірілген темір жолының ұзындығы бойынша Қытайдан кейін 2-ші орында тұр. Дүниедегі ең ұзын темір жол - Мәскеуді Владивостокпен байланыстыратын Транссібір магистралы саналады.

Мемлекеттің кейбір аудандарында, әсіресе солтүстік өңірлерінде өзен көлігінің маңызы жоғары. Бірақ өзендердің бірнеше ай бойы мұздап қалуына байланысты кемелер негізінен жазда қатынайды. Волга өзені Ресейдің Еуропа бөлігіндегі өзен көлігінің өзегі болып қызмет етеді. Ол әртүрлі бастаулар мен каналдар арқылы Балтық, Ақ және Азов теңіздерімен жалғасады.

Ресейдің 7 қаласында (Мәскеу, Санкт-Петербург, Нижний Новгород, Самара, Екатеринбург, Новосибирск және Қазан) метрополитен қызмет көрсетуде.

Экономикалық аудандары. Ресей Федерациясы ресми түрде 11 экономикалық ауданға бөлінген. Олардың ең ірілері — Орталық, Солтүстік-батыс, Урал, Волгабойы, Батыс Сібір, Шығыс Сібір, Қыыр Шығыс аудандары. Мемлекеттің экономикалық аудандарының арасындағы айырмашылықтар негізінен табиғи жағдайлар мен ресурстарға, сондай-ақ тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

- 1 Ресейдің мемлекеттік бюджетті үшін мұнай мен табиғи газ экспорты ең үлкен кіріс көзі екенін қалай бағалауға болады? Әдетте шикізат экспортты экономикалық даму деңгейі бойынша қай топқа жататынын мемлекеттердің экономикасы үшін жоғары маңызды ие болады?
- 2 Ресей экономикасының әртүрлі көрсеткіштері бойынша әлем елдерінің арасында нешінші орындарда алатынын анықтап, тиісті жаупаттарды дәлтеріңе белгіле.

1.	Ауылшаруашылық жерлерінің көлемі бойынша
2.	Темір рудасын өндіру бойынша
3.	Электрлендірілген темір жолдардың ұзындығы бойынша
4.	Электр энергиясын өндіру бойынша
5.	Жалпы ішкі өнімнің көлемі бойынша
6.	Табиий газ қоры бойынша

А) 1-орын Ә) 2-орын Б) 3-орын В) 4-орын Г) 5-орын Е) 6-орын

- 3 Реседе егін шаруашылығының ең маңызды саласы дән өсіру болуы қандай факторларға байланысты деп ойлайсың? Реседе және елімізде өсірілетін негізгі егін түрлерінің айырмашылығын анықтап, себебін түсіндір.
- 4 Реседе көліктің қандай түрлері жақсы дамыған? Неліктен? Мемлекеттің қай аумақтарында өзен көлігін пайдалану маңызды? Ресейдің ең үлкен өзендерін картадан көрсет.
- 5 Өзбекстан мен Ресей арасындағы экономикалық ынтымақтастық байланыстары жөнінде не білесің? Бұл екі мемлекеттің табиғи жағдайлары мен табиғи ресурстары ерекшеліктеріне қарай бір-біріне қандай өнімдерді жеткізуде ерекше маңызды? Елімізден Ресейге қандай түрдегі өнімдердің экспорттың арттыру мүмкіндігі бар?





30-§. Жалпылау сабагы

1. Еуropa мемлекеттерінің экономикалық географиялық орны мен табиғи жағдайын қалай бағалауға болады? Құрлық елдерінің көпшілігі экономикалық дамыған елдер тобына енүінде қандай факторлардың әсері жоғары деп ойлайсыңыз?

2. Еуропаның «Үлкен жетілікке» кіретін мемлекеттер өнеркәсібінің жетекші салаларын салыстырыңыз. Олардың барлығында қайсы салалардың маңыздылығы жоғары? Бұл мемлекеттер халықаралық еңбек бөлінісіне қандай түрдегі тауарлар өндірумен ерекшеленеді?

3. Төмендегі сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап бер.

1. Франция аумағы бойынша Еуропадағы ең үлкен мемлекеттердің бірі санала ма?

2. Сан-Марино анклав мемлекет пе?

3. Еуропа аумағы бес субаймаққа бөліне ме?

4. Ресей екі құрлықта орналасқан ба?

5. Лиссабон қаласы Португалия мемлекетінің астанасы ма?

6. Еуропа жағалауларын Үнді мұхитының сулары шайып жатыр ма?

7. Испания «Үлкен жетілік» мемлекеттерінің тобына кіре ме?

8. Италия мен Германия мемлекеттері шекаралас па?

9. Мальта түбек мемлекет санала ма?

10. Ұлыбритания ЖІӨ көлемі бойынша Еуропада 1-ші орында тұр ма?

4. Қосымша дереккөздерге сүйене отырып, төмендегі әлемге әйгілі тауар брендтері Еуропаның қайсы мемлекеттерге тиісті екенін анықта.



Mercedes-Benz

a



b



d



BENTLEY

e



f



g

5. Төмендегі анықтамалар қай мемлекеттерге қатысты екенін тап.

А) түбекте орналасқан, католиктер саны бойынша Еуропада бірінші орында тұрады, ауыл шаруашылығы субтропиктік егіншілікке маманданған;

Б) қоңыржай теңіз климаты қалыптасқан, халық саны негізінен сыртқы миграция есебінен өсуде, өнеркәсіптік төңкеріс отаны;

Д) Жер бетіндегі ең үлкен тұщы су жиналған көлі бар, химия өнеркәсібінің ең маңызды өнімі әртүрлі минерал тыңайтқыштар саналады, ол ресми түрде 12 экономикалық ауданға бөлінеді;

Е) Солтүстік-шығысқында Балтық теңізінің суларымен шайылады, халқы үлкен өзен аңғарларында тығыз орналасқан, әртүрлі өнеркәсіп өнімдерінің жоғары сапасымен дүниеге танымал;

Ғ) аумағының 2/3 бөлігін жазықтар иелейді, электр энергиясында АЭС бірінші дәрежелі маңызға ие, әлем елдерінің ішінде туристер ең көп келетін мемлекет саналады.



6-тарау. Азия мемлекеттері

31-§. Азия құрлығының географиялық орны, шекаралары және саяси картасы

Дүниежүзіндегі ең үлкен құрлықтың Азия деп аталуы оның географиялық орналасуына байланысты. Ежелгі ассириялықтардың тілінде «Күннің шығуы», яғни «шығыс» деген мағынаны білдіреді.

Азияның аралдармен біргеліктегі жалпы көлемі 44,5 млн шаршы км-ді, ал халқы 2020 жылғы мәліметтер бойынша 4,6 миллиардтан астам адамды құрайды, яғни Азияда адамзаттың 60%-ы жасайды. Бұл жағдай Азияның заманауи әлемнің экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі орнын көрсетеді.

Азия құрлығы экваторға қатысты негізінен Солтүстік жартышарда, ал бас меридианға қатысты Шығыс жартышарда орналасқан (69-сурет).

Азия төрт мұхитпен шайылдып жатқан жалғыз құрлық. Оның жағалауларын солтүстігінде Солтүстік Мұзды мұхит (Ресей аумағы), оңтүстігінде Үнді мұхиты, шығысында Тынық мұхиты, батысында Атлант мұхиты бассейніне жататын Жерорта теңізі және Қара теңіз сулары шайып жатыр. Сувайш каналы Азияны Африкадан, Беринг бұғазы Солтүстік Америкадан бөліп тұр.

Азияның қазіргі саяси картасында (70-сурет) Ресей Федерациясын есептемегенде 47 тәуелсіз мемлекет бар. Бұл мемлекеттердің көшілігі саяси тәуелсіздікке Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қол жеткізді. Құрлықтың ең жас мемлекеттерінің қатарында 1991 жылы бұрынғы Одақтың ыдырауы нәтижесінде тәуелсіздік алған Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзіrbайжан, Грузия және Армения мемлекеттері, сондай-ақ 2002 жылы тәуелсіз мемлекет болған Шығыс Тимор кіреді.

Азия мемлекеттері аумағының көлемі бойынша бір-бірінен ете ерекшеленеді. Ресей, Қытай, Үндістан және Қазақстан әлемдегі ең ірі 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Тағы төрт мемлекет - Сауд Арабиясы, Индонезия, Иран және Монголияның аумағы 1 миллион шаршы км-ден астам. Бұдан тыс аумағы 500 мың шаршы км-ден асатын Пәкістан,

 Азия, құрлық, жаңа тәуелсіз мемлекеттер, арал мемлекеттер, ішкі континенттік мемлекеттер, республика, монархия, федеративтік мемлекеттер.

 Азияда орналасқан аумағы үлкен, бірақ халық саны аз және тығыздығы кіші болған мемлекеттердің қайсысын білесіз?



69-сурет. Азияның географиялық орны



10 of 10 | Page

70-сурет. Азияның географиялық орны

Ескерту. Ресей Федерациясының Азиядағы бөлігі толық көрсетілмеген

Түркия, Ауғанстан, Мьянма, Йемен және Таиланд та үлкен мемлекеттер саналады. Сонымен қатар, Азияда аумағы 1 мың шаршы км-ден кіші 3 мемлекет бар - Бахрейн, Сингапур және Мальдив Республикасы. Бірақ, жалпы алғанда, Азияда Еуропамен салыстырғанда үлкен және ірі мемлекеттер едәуір дәрежеде көп.

Азия елдерінің 35-інің тікелей теңізге тікелей шығу мүмкіндігі бар. Бұл жағдай олардың теңіз сауда жолдарына тікелей шығуына мүмкіндік береді. Азия елдерінің бір бөлігі қатынау жіне теңіз жолдары мен бұғаздарда орналасуы (мысалы, Түркия, Малайзия, Сингапур, Корея Республикасы) олардың экономикалық дамуының маңызды факторы болып қызмет етеді. Азия мемлекеттерінің 10-ы аралдарда орналасқан - Индонезия, Филиппин, Шығыс Тимор, Сингапур, Бруней, Жапония, Шри-Ланка, Мальдив Республикасы, Кипр және Бахрейн. Сонымен бірге Азияда 12 мемлекет құрлық ішкөрісінде орналасқан. Дүниенің ішкі континенттік мемлекеттерінің ең ірі екеуі дәл (Қазақстан және Монғолия) Азияда орналасқан.

Азия мемлекеттерінің саяси жүйесінде де үлкен айырмашылықтар бар. Құрлықтағы 47 мемлекеттің 34-і республикалық, 13-і монархиялық басқару нысанына ие. Азияда әлемдегі 5 абсолюттік монархияның 4-үі (Сауд Арабиясы, Оман, Катар, Бруней) орналасқан.

Әкімшілік-аумақтық жағынан Азиядағы 6 мемлекет федеративтік құрылымға ие — Үндістан, Пәкістан, Ирак, Малайзия, Непал және Біріккен Араб Әмірліктері.

Азия 5 субаймаққа бөлінеді: Орталық, Оңтүстік-батыс, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия. Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан Республикалары Орталық Азия субаймағын құрайды . (17-кесте).

17-кесте. Азия субаймағының құрамы туралы мәлімет

Азия субаймақтары	Мемлекеттер
Оңтүстік-батыс Азия	Ауғанстан, Армения, Бахрейн, БАӘ, Грузия, Иран, Иордания, Ирак, Израиль, Кипр, Ливан, Әзірбайжан, Катар, Кувейт, Сауд Арабиясы, Сирия, Түркия, Оман, Йемен
Орталық Азия	Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан
Оңтүстік Азия	Бангладеш, Бутан, Үндістан, Мальдив Республикасы, Непал, Пәкістан, Шри-Ланка
Шығыс Азия	КХДР, Корея Республикасы, Монғолия, Қытай, Жапония
Оңтүстік-шығыс Азия	Бруней, Филиппин, Индонезия, Камбоджа, Лаос, Малайзия, Мьянма, Шығыс Тимор, Сингапур, Тайланд, Вьетнам

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Азияның табиғи және саяси карталарын салыстыр. Қай мемлекеттерде таулы жер бедері басым келеді? Бұл жағдай елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қалай әсер етеді?
- 2 Төмендегі ақпараттың дұрыс немесе жалған екенін бекіт.

1.	Азияда ауданы 1 мың шаршы км-ден кіші 2 мемлекет бар - Сингапур және Мальдив Республикасы.
2.	Азия төрт мұхит шайып жатқан жалғыз құрлық.
3.	Ресей, Қытай, Сауд Арабиясы және Қазақстан дүниене жүзіндегі ең үлкен 10 мемлекеттің тобына кіреді.
4.	Азияда Еуропамен салыстырғанда шағын мемлекеттер едәуір дәрежеде көп.
5.	КХДР, Корея Республикасы, Монғолия, Қытай, Жапония Шығыс Азия субаймағында орналасқан.
6.	Индонезия — Азиядағы ең жас мемлекеттің қатарына кіреді.
7.	Дүниеде ішкі континенттік мемлекеттердің ең үлкен екені Түркіменстан және Монғолия.
8.	Иракта абсолютті монархиялық басқару нысаны бар.
9.	Азия құрлығы негізінен бас меридианға қатысты Шығыс жартышарда орналасқан.
10.	Азия субаймақтарының ішіндегі Оңтүстік-шығыс Азия мемлекеттердің саны бойынша жетекші саналады..



- 3 Тақырып мәтіні мен оқулықтың қосымшасын пайдаланып, Азиядағы монархия мемлекеттерді тауып, оларды жазусыз картада түсір.
- 4 Әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан әлемде ерекшеленетін Азия мемлекеттерінің қайсысын білесің? Сенің ойынша, олардың жоғары экономикалық өсуге қол жеткізуінде географиялық орналасуының, табиғи жағдайларының және ресурстарының маңызы қандай?
- 5 Азияның аралда орналасқан мемлекеттерін картадан тауып, олардың аттары мен астаналарын дәптеріңе жазып ал.

32-§. Практикалық жаттығу. Азияның саяси картасын үйрену

1. Атластағы дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, төмендегі Азия мемлекеттерінің құрлық ішкөрісінде орналасқанын тап.


Грузия	Камбоджа	Сирия	Непал
Ауғанстан	Ливан	Монголия	Армения
Бутан	Ирак	Лаос	Қазақстан
Бруней	Иордания	Катар	Бангладеш

2. Азия жағалауларын шайып тұратын мұхит, теңіз, шығанақ және бұғаздар аттарын дәптеріңізге жазып ал.

3. Атластағы дүниежүзі мен Азияның саяси карталарындағы, сондай-ақ оқулық қосымшасындағы мәліметтерге сүйене отырып, төмендегі елдердің астаналары дұрыс немесе бұрыс берілгенін анықтап, қателерді түзет.

Тайланд — Бангкок	Грузия — Баку	Йемен — Саны
Жапония — Токио	Иран — Исламабад	Қырғызстан — Бішкек
Түркия — Бағдад	Вьетнам — Ханой	Катар — Абу-Даби
Шығыс Тимор — Дили	Тәжікстан — Душанбе	Шри-Ланка — Дакка
Филиппин — Мале	Бахрейн — Манама	Индонезия — Джакарта

4. Төмендегі картадан бөлініп көрсетілген мемлекеттердің аттарын тауып, тиісті мәліметтерді дұрыс таңда.



5. Суретте берілген мемлекеттердің аттарын анықтап, олардың жалпы ұқсас ерекшеліктерін тап.



- а) Федеративтік құрылымға ие;
- ә) Дүние жүзіндегі 2 ең ірі ішкі континенттік мемлекеттердің бірі;
- б) Дүние жүзіндегі ең ірі 10 мемлекеттің қатарына кіреді;
- в) Азиядағы ең жас мемлекеттердің бірі;
- г) Абсолюттік монархиялық басқару нысаны бар;
- ғ) Астанасы — Тхимпху қаласы.



Әлеуметтік-экономикалық даму, жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), «Үлкен жетілік» тобы, Жаңа индустриалды мемлекеттер, индустриалды-аграрлық мемлекеттер, аграрлық-индустриалды мемлекеттер, аграрлық мемлекеттер



Азияның экономикалық тұргыдан дамыған мемлекеттерине мысалдар келтіріңіз.

33-§. Азия елдерінің экономикалық дамуы

Азия мемлекеттері бір-бірінен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, әлемдік экономикадағы йелейтін рөлі, халықаралық мамандануы бойынша едәүір ерекшеленеді. Құрлық мемлекеттердің экономикалық дамуы және шаруашылығының мамандануына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

1. Жапония — «Үлкен жетілік» тобына кіретін жалғыз Азия мемлекеті. Жапония жалпы ішкі өнім көлемі бойынша 2020 жылғы жағдай бойынша әлемдегі ең үлкен төртінші мемлекет болып табылады. Мемлекеттің экономикасы инновациялық технологияларға сүйенетін ғылымға қажетті өндіріс салаларына мамандандырылған. Халқының өмір сүру деңгейі бойынша да Жапония әлемде алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі.

2. Израиль — «көшірілген капитализм» типіндегі дамыған мемлекет. Халық жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша Азиядағы жетекші елдердің бірі. Израиль экономикасы жоғары технологиялық техникаға сүйенетін машинажасаудың әртүрлі салаларына мамандандырылған.

3. Қытай және Үндістан — табиғат ресурстары, халқы және ЖІӨ көлемі бойынша орасан зор әлеуетке ие, негізгі дамып келе жатқан мемлекеттердің тобына жатады. Олар соңғы 20 жылда экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттерге айналды. Қазіргі уақытта Қытай ЖІӨ көлемі бойынша әлемде бірінші орынды, Үндістан үшінші орынды иелейді. Бірақ халықтың жан басына есептелеңін экономикалық көрсеткіштері өсіреле Үндістанда дамып келе жатқан мемлекеттердің деңгейіне қарай біршама төмен болуда. Екі мемлекетке әлеуметтік даму барысында да өзекті проблемалар тән.

4. Азияның жаңа индустриалды мемлекеттері — Корея Республикасы, Сингапур, Малайзия, Таиланд. 1980 жылдардан бері жүзеге асырылып келе жатқан терең экономикалық реформалардың арқасында бұл топтағы мемлекеттер әлеуметтік-экономикалық дамуында қарқынды жетістіктерге жетті. Осыған байланысты оларды Батыста «Азия жолбарыстары» немесе «Азия айдаһарлары» деп атайды. Корея Республикасы мен Сингапур мемлекеттері дамыған мемлекеттердің қатарына қосылды. Жаңа индустриалды мемлекеттердің экономикасы микроэлектроника, электротехника, автомобилъжасау, кемежасау, тағы басқа салаларға мамандандырылған. Жаңа өндірістік және ақпараттық коммуникация технологияларын жасау мен экспорттауда да бұл топтағы мемлекеттер үлкен табысқа жетті.

18-кесте. Азиядағы ірі индустриалды-аграрлық мемлекеттердің негізгі экономикалық көрсеткіштері (2020 ж.)

№	Мемлекеттер	ЖІӨ, млрд АҚШ доллары.	Әлем мемлекеттері арасындағы орны	Тұрғындарлық жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ доллары	Әлемдегі мемлекеттер арасындағы орны
1	Индонезия	3302	7	12221	103
2	Түркія	2546	11	30449	51
3	Иран	1326	19	15764	83
4	Пәкістан	1209	24	5541	139
5	Вьетнам	1061	26	10897	113
6	Филиппин	919	29	8452	122

5. Ирі индустриалды-аграрлық мемлекеттер — Индонезия, Пәкістан, Филиппин, Вьетнам, Түркія, Иран. Бұл мемлекеттер аумағының және халқының саны жағынан үлкен саналып, табиғи және еңбек ресурстарының күшті әлеуетіне ие. Бұл мемлекеттердің экономикасы жеңіл, азық-түлік, тау-кен өнеркәсібі, машинажасау, сондай-ақ көпсалалық ауыл шаруашылығына маманданған. Бұл мемлекеттер ЖІӨ көлемі бойынша әлемнің озық 30 мемлекеттің қатарына кірсе де, халықтың жан басына шаққандағы көрсеткіштері біршама төмен (18-кесте).

6. Мұнай экспорттаушы мемлекеттер — Парсы шығанағының араб мемлекеттері және Бруней. Бұл мемлекеттер қазіргі уақытта жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі бойынша Азияда ғана емес, бүкіл әлем қолемінде жетекші орындарда. Мұның негізгі себебі мұнайдың көп өндірілуіне және оның экспорттың түсін үлкен қолемдегі табыс және халық санының салыстырмалы түрде аз болуы (Сауд Арабиясын есепке алмағанда). Соңғы кездері Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінде химия, металлургия сияқты өнеркәсіп салалары, туризм, транзиттік сауда, банк-қаржы секторы да жақсы дамып келеді.

7. Өтпелі экономикадағы мемлекеттер. Азияда орналасқан бұрынғы Кеңес Одағының республикалары — Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Әзіrbайжан, Армения, Грузия, сондай-ақ 1990 жылдардың басында кеңестік жүйеден бас тартқан Монғолия құрлық елдерінің жеке әлеуметтік-экономикалық тобын құрайды. Бұл мемлекеттердің экономикасы негізінен шикізатті жеткізетін салаларға (мұнай-газ өнеркәсібі, тау-кен өнеркәсібі, көпсалалы ауыл шаруашылығы) мамандандырылған. Бұл топтағы мемлекеттердің арасындағы ең жоғары экономикалық көрсеткіштер Қазақстанға ең төмен дәрежелері Қырғызстан мен Тәжікстанға тиесілі (19-кесте).

19-кесте. Азияның өтпелі экономикадағы мемлекеттерінің негізгі экономикалық көрсеткіштері (2020 ж.)

№	Мемлекеттер	ЖІӨ, млрд АҚШ доллары.	Әлем мемлекеттері арасындағы орны	Жан басына шаққандағы ЖІӨ, АҚШ доллары.	Әлем мемлекеттері арасындағы орны
1	Қазақстан	501	41	26551	59
2	Өзбекстан	265	61	7821	126
3	Әзіrbайжан	146	76	14512	88
4	Түрікменстан	99,7	92	16458	80
5	Грузия	54,8	108	14754	87
6	Монғолия	40,5	118	12074	105
7	Армения	39,5	120	13323	95
8	Тәжікстан	36,8	124	3879	156
9	Қырғызстан	32,6	134	5007	148

8. Туризм мен қызмет көрсету саласына маманданған мемлекеттер — Кипр, Ливан, Мальдив Республикасы. Бұл аумақтық тұрғыдан кіші, рекреациялық ресурстары мол мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы қазіргі жағдайда туризм және елдердің қызмет көрсету саласымен, әсіресе банк және қаржы секторымен байланысты.


9. Баяу дамыған аграрлық-индустриалды мемлекеттер. Бұл топқа Камбоджа, Бангладеш, Шри-Ланка, Иордания, Ирак, Сирия және КХДР сияқты мемлекеттер кіреді. Олар негізінен ауыл шаруашылығына, тау-кен өнеркәсібіне, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіпке мамандандырылған.

10. Экономикасы ең артта қалған аграрлық елдер. Олар Ауғанстан, Непал, Йемен, Мьянма, Шығыс Тимор, Лаос, Бутан сияқты мемлекеттер. Оларда барлық өнеркәсіп салалары өте нашар дамыған, сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі өте төмен.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Қытай және Үндістанның соңғы жылдары экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттерге айналуында қандай факторлардың маңызы үлкен деп ойлайсың? Бұл мемлекеттер қазіргі таңда ЖІӨ көлемі бойынша әлемде жетекші орындарда тұрса да, экономикалық дамыған мемлекеттердің қатарына енгізілмеуінің себебі неде?
- 2 Төмендегі мемлекеттердің атын анықта және олардың ішінде экономикасы ең артта қалған аграрлық мемлекеттерді тап. Осы мемлекеттердің қайсыларының экономикалық дамуының нашарлығына табиғи жағдайлары мен жер бедері құрылымындағы күрделіліктер үлкен әсер етеді?



- 3 Неліктен өтпелі экономикадағы мемлекеттердің шаруашылығы негізінен шикізатты жеткізу салаларына маманданған? Сенің ойыңша, шикізат экспортты тиімдірек пе, әлде оларды қайта өндеп, дайын өнімді сату ма? Өз ойынды мысалдармен түсіндір.
- 4 Азияның туризм мен қызмет көрсету саласына маманданған мемлекеттерді картадан көрсет. Экономиканың өте тар мамандандырылғандығы қандай ұнамсыз жағдайларға әкелуі мүмкін? Не үшін соңғы жылдары туризм ең көп зиян көрген салалардың бірі болды?

34-§. Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы аумағы жөнінен ең үлкен мемлекет, бұл көрсеткіш бойынша әлем елдері арасында 9-орынды алғы жатыр. Қазақстан бес мемлекетпен — Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қыргызстан және Түрікменстанмен шекаралас. Қазақстанның Ресеймен шекарасының ұзындығы бойынша (7548 км) әлемде АҚШ және Канада арасындағы шекарадан кейінгі 2-орында тұрады. Оңтүстік-батысында Каспий теңізімен шектеседі.

Қазақстанның экономикалық географиялық орнының негізгі белгілері Азия және Еуропа мемлекеттерін байланыстыратын темір жолдар мен автомобиль магистралының өтуімен, үлкен транспорттық маңызы бар Каспий теңізімен тұтастырымен, Ресей және Қытай сияқты мемлекеттерге шекаралас болуымен анықталады.

Басқару нысаны — президенттік республика. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан унитарлық мемлекет, 17 облыс пен респубикалық маңызы бар 3 қаладан (Астана, Алматы, Шымкент) тұрады. Мемлекеттің астанасы — Астана қаласы (71-сурет).

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Қазақстанның жер бедерінде жазықтар басым, республиканың Оңтүстік-шығыс бөлігінде ғана тау жоталары орналасқан, ал орталық аудандарының жер бедері қатты бөлшектенген қыраттардан тұрады.

Қазақстан пайдалы қазбаларға әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі саналады. Мұнай мен табиғи газдың ірі кен орындары Каспий теңізінә жақын аумақтарда, негізгі көмір қорлары (Қарағанды, Екібастұз бассейндері) орталық аймақта шоғырланған. Сондай-ақ Қазақстанның орталық және шығыс облыстары темір, марганец, хром, уран, мыс, вольфрам, мырыш, қорғасынның және басқа металдардың үлкен қорына ие. Кенсіз минерал байлықтарының ішінде фосфорит пен құқырт ерекше назар аударуға лайық.

Климаты қоңыржай, шұғыл континенттік және құрғақшыл, қыста солтүстік аумақтарында ауа температурасы -50°C -дан төмен болады. Құрғақшыл климатқа байланысты Қазақстанның кең-байтақ жазықтарындағы дала (72-сурет), шөлейт және шөл табиғат зоналары қалыптасқан. Жауын-шашын аз болуы, аумақтың көп бөлігін жазықтар алғы жатқаны елдің үлкен бөлігінде су ресурстарының тапшылығын туыннатқан. Негізгі өзендері саналатын — Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Орал республиканың шалғай аймақтары арқылы ағып өтеді, ал тойыну көздері көрші елдердің аумағында орналасқан. Ең ірі көлдері: Каспий, Балқаш, Алакөл, Теніз, Зайсан.



Экономикалық географиялық орналасуы, шұғыл континенттік құрғақшыл климат, минерал ресурстар, үлттық құрам, құпсалалы өнеркәсіп, тәлімдік және суармалы егіншілік, астық өсіру.



Қазақстан қалай географиялық ерекшеліктері бойынша жаһандық ауқымда ерекшеленеді?




Жер аумағы: 2724,9 мың км²
Халқы (2020 ж.): 18,7 млн
Астанасы: Астана



71-сурет. Астана қаласы



72-сурет. Қазақстанның далаалары



73-сурет. Қазақстан халқының үлттық құрамы (1.01. 2020 ж.)



74-сурет. Үлттық киімдегі қазақтар



75-сурет. Темиртау қаласындағы тау-кен металургиялық комбинаты

Халық саны. 2020 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасындағы халық саны 18,7 миллион адамды құрайды. Халықтың табиғи өсімі Орталық Азия мемлекеттерінің арасында ең тәмен дәрежеде, жылдық есепте 1,4%-ға тең.

Урбанизация деңгейі 59% (2020 ж.). Елде қазіргі уақытта 3 «миллионер» қала бар: Алматы, Астана және Шымкент. Үлкен қалаларының қатарында Қарағанды, Ақтөбе, Тараз, Павлодар және тағы басқалар кіреді.

Қазақстандағы халық тығыздығының орташа көрсеткіші өте тәмен, 1 шаршы км-ге 7 адамға тең. Халқы республиканың оңтүстігінде суармалы егіншілік дамыған өзен аңғарларында және таулы жазықтарда, сондай-ақ елдің солтүстігіндегі индустрияланған аумақтарда біршама тығызырақ орналасқан.

Халықтың үлттық құрамы біраз күрделі (73-сурет). Қазақтардың үлесі 68%-дан асады (74-сурет). Сондай-ақ орыстар, өзбектер, ұйғырлар, украиндер, немістер және басқа үлт өкілдері көп. Орыстар елдің солтүстік және шығыс аймақтарында кең таралса, өзбектер негізінен республика оңтүстігіндегі Түркістан және Жамбыл облыстары, сондай-ақ Шымкент қаласында жасайды.

Экономикасы. Қазақстан Орталық Азиядағы 5 мемлекеттің ішінде экономикалық әлеуеті жағынан жетекші саналады. Өнеркәсіптің негізгі салаларының қатарында мұнай және газ, көмір, қара және түсті металургия (75-сурет), химия және машинаjaxасау кіреді. Қазақстан мұнай өндіру бойынша әлемдегі жетекші 20 мемлекеттердің қатарында көмір, мыс, мырыш өндіру көлемі бойынша алғашқы ондыққа кіреді. Әсіресе қазірде уран өндіруде Қазақстанның әлемдегі маңызы жоғары, өйткені ол 2009 жылдан бері аталған салада әлемде бірінші орынды иелеуде және жалпы өндірілген уранның 40%-ына дейінгі бөлігін қамтамасыз етеді. Электр энергиясының 90%-дан астам бөлігі жылу электр станцияларында өндіріледі.

Егіншілік саласының жетекші саласы — астық шаруашылығы. Ол әсіресе елдің солтүстік облыстарында тәлімдік жерінде жақсы дамыған. Оңтүстік облыстарында егіншілік суарудың көмегімен дамып, мұнда оның негізгі салалары көкөніс өсіру, күріш шаруашылығы, бақ өсіру және бау-бақша саналады. Мал шаруашылығының жетекші салалары: қой шаруашылығы, мал шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы.


Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Қазақстанның экономикалық географиялық орнын Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстыр. Бұл ретте Қазақстанның басым тұстарын сипатта.
- 2 Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде экономикалық әлеуеті бойынша жетекші екенін түсіндір. Бұл ретте оның экономикалық географиялық орны мен табиғи байлықтарының, әсіресе минерал ресурстарының маңызы қандай? Минерал ресурстарының өте үлкен қорларына ие болған, сондай-ақ экономикада минерал шикізатты қайта өңдеу мен экспорттау маңызды болып табылатын мемлекеттерге мысалдар келтір.
- 3 Өзбектер Қазақстанның қай бөлігінде кең таралған? Орыстар ше? Неліктен? Қазақстан халқының тығыздығының өте төмен болуы себебін түсіндір.
- 4 Қазақстанның өнеркәсібінің негізгі салалары қандай? Мемлекеттің электр энергетикасындағы ЖЭС-тер салмағының жоғары болуының негізгі себебі неде?
- 5 Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы экономикалық-әлеуметтік ынтымақтастық байланыстарының болашағын қалай бағалайсың? Өзбекстан қандай өнеркәсіп өнімдерін өндіруде және ауылшаруашылық егіндерін өсіруде Қазақстанның салыстырмалы артықшылыққа ие? Өз кезегінде Қазақстан Өзбекстанға қандай өнімдерді импорттауда ыңғайлы серіктес саналады? Өз пікірінді негізде.





 Тяньшань таулары, тау аралығындағы аңгарлар, тау-кен өнеркәсібі, Құмтөр кеніші, гидроэнергетика, таулы жайлайу шаруашалығы, туризм, Ыстықкөл.

 Қыргыз Республикасы аумағындағы қайсы үлкен тау, өзен, көл және су қоймаларын білесіз?

35-§. Қыргыз Республикасы

Қыргыз Республикасы (Қыргызстан) Еуразия материгінің ортасында, негізінен Тяньшань таулы өлкесінің аумағында орналасқан. Мұхитқа шығу мүмкіндігіне ие емес. Солтүстігінде Қазақстан, батысында Өзбекстан, оңтүстігінде Тәжікстан шығысында Қытаймен шекаралас.

Мемлекеттің экономикалық географиялық орналасуы біршама қолайсыз саналады, өйткені халықаралық маңызы бар көлік магистральдары оның аумағынан дерлік өтпейді. Бұл жағдай Қыргызстанның күрделі рельефтік жағдайларымен байланысты.

Қыргызстан 2021 жылы президенттік-республикалық басқару нысанына көшті. Әкімшілік-аумақтық құрылымы 7 облыс пен 2 республикалық маңыздығы қаладан (Бішкек және Ош) құралған. Астанасы — Бішкек қаласы елдің солтүстігіндегі Шу өзенінің аңғарында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Қыргызстанның табиғатының негізгі сипаттамалары оның таулы табиғатына байланысты (76-сурет). Ел аумағының дерлік 90%-ын тау жоталары алып жатыр. Қыргызстанның Қытаймен шекарасында Тяньшаньың ең биік тауы — Жеңіс шыңы орналасқан, ол елдің ең биік нүктесі болып табылады.

Қыргызстанның негізгі жер асты ресурстары — алтын, сурьма, синап, вольфрам, уран, қалайыдан тұрады. Елде жанармай қорымен қамтылғандық тәмен деңгейде және оның тиісті қажеттіліктерін импорт есебінен қамтамасыз етеді.

Тяньшань тауларында ірі мұздықтардың болуына байланысты Қыргызстан гидроэнергетикалық ресурстармен жақсы қамтамасыз етілген. Ең ірі өзендері — Нарын (77-сурет), Шу және Талас. Ең үлкен көл — Қыргызстан және оның халқы үшін баға жетпес маңызға ие Ыстықкөл.

Халық саны. Қыргызстан Орталық Азиядағы халықтың табиғи өсүнің салыстырмалы түрде жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Бұл көрсеткіш елде жылдық есепте 2,2%-ға тең. Миграция сальdosы -0,1%-ды құрайды.

Халықтың 34%-ы ғана қалаларда жасайды, ал дерлік 2/3 бөлігі ауыл тұрғындарынан құралған. Мемлекеттің ең үлкен қаласы — Бішкек халқының саны 2020 жылдың басында 1 миллион 50 мыңнан асады. Үлкендігі бойынша екінші қала саналатын Ошта 280 мыңнан астам адам тұрады (78-сурет).



76-сурет. Қыргызстан аумағының ғарыштық суреті



77-сурет. Нарын өзені



78-сурет. Оштағы Сүлеймантау зиярат орны

79-сурет. Қырғыздар

Халықтың ұлттық құрамындағы қырғыздардың үлесі 75% (79-сурет). Мемлекет халқының 15 % -ға жақын бөлігін өзбектер құрайды, олар негізінен Қырғызстанның республикамызға іргелес оңтүстік аумақтарында жасайды. Орыстар, дүнгендер, үйғырлар, тәжіктер де түрғындардың этникалық құрамында маңызды орын алады.

Қырғызстан халқы таулы жер бедері жағдайында әркелкі орналасып, олардың көпшілігі тау аралығындағы аңғарлар мен ойпаттарда шоғырланған. Халқы ең тығыз түрде Ферғана, Шу аңғарларында жасайды. Бұл жағдай сол аумақтардың егіншілік егуге қолайлы табиғи жағдайларымен байланысты.

Экономикасы. Қырғызстан экономикасындағы ауыл шаруашылығы өнеркәсіпке салыстырмалы түрде көбірек маңызға ие болғандықтан аграрлық-индустриалды мемлекет саналады.

Өнеркәсібі қазіргі уақытта негізінен тау-кен өндірісіне маманданған. Ең маңызды өнеркәсіп өнімі алтын саналады және ол елдің экспорттында ең үлкен үлеске ие. Қырғызстан бұрынғы одақтас мемлекеттердің ішінде алтын өндіру көлемі бойынша Ресей және Өзбекстаннан кейін 3-ші орында тұрады. Алтын көбінесе Орталық Тяньшаньың биік таулы аймақтарында орналасқан Құмтөр кенішінен өндіріледі. Құмтөр әлемдегі 10 ірі алтын кенішінің бірі саналады. Өнеркәсібінің басқа салаларынан, азық-түлік және женіл өнеркәсібінің, машинажасау өнеркәсібінің маңызы зор. Қырғызстандағы электр энергетика негізінен су электр станцияларына сүйенеді. Ең ірі су электр станциялары Нарын өзенінде құрылған.

Негізгі ауыл шаруашылығы егіндеріне бидай, мақта, картоп, көкөніс, күнбағыс, темекі кіреді. Егін шаруашылығы тау аралығындағы аңғарларда дамыған. Қырғызстанның таулары құнарлы жайылымдарға бай болғандықтан республикада мал шаруашылығының қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, ірі қара шаруашылығы, жылқы шаруашылығы сияқты салалары жақсы дамыған.

Мемлекеттің экономикасында туризмнің де маңызы орасан зор. Республикаға жылына 3 миллионнан астам шетелдік туристер келеді. Олардың негізгі бөлігі Ыстықкөл төнірегінде демалу үшін келеді (80-сурет).




80-сурет. Ыстықкөл



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Қырғызстанның экономикалық географиялық орны қалай бағаланады? Оның көрі аспектілеріне қандай факторлар әсер етеді? Оның ЖІӨ көлемі бойынша дүниежүзіндегі жетекші мемлекет — Қытаймен көршілес екендігі қандай экономикалық маңызға ие деп ойлайсың?
- 2 Төмендегілердің арасынан Қырғызстанның негізгі жер асты байлықтарының қатарында кіретін пайдалы қазбаларды білдіретін шартты белгілерді тап.



- 3 Не үшін Қырғызстанның электр энергетикасында су электр станцияларының маңызы жоғары? Мұндай көздерден электр энергиясын алу экономикалық және экологиялық түрғыда қандай артықшылықтарға ие? Су электр станцияларының есебінен электр энергиясының негізгі бөлігін құрайтын тағы қандай мемлекеттерді білесің?
- 4 Қырғызстанның ауыл шаруашылығының дамуы және оның аумақтық құрамына мемлекеттің жер бедерінің жағдайы оған қалай әсер етеді? Еліміздің және Қырғызстан ауыл шаруашылығының негізгі салаларын салыстыра отырып, жалпы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықта.
- 5 Қырғызстан мен Қазақстанның табиғи жағдайлары мен ресурстарын салыстырып, табиғи географиялық айырмашылықтар экономиканың дамуы мен мамандануына қалай әсер ететінін анықта.
- 6 Қырғызстан халқының санынан келіп шығып, осы мемлекетке келетін саяхатшылардың санын қалай бағалауға болады? Өзбекстандықтар үшін Қырғызстанға саяхаттау жасаудың қандай қолайлылықтары бар деп ойлайсың? Саяхаттау үшін осы мемлекетті таңдаған болатын ба едің?



36-§. Түрікменстан Республикасы

Түрікменстан Орталық Азияның Оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде Қазақстанмен, солтүстік-шығысында Өзбекстанмен, оңтүстік-шығысында Ауғанстанмен, оңтүстігінде Иранмен шектеседі. Батысы Каспий теңізімен тұтасқан.

Түрікменстанның экономикалық географиялық орналасуы қолайлы саналады, өйткені республика аумағынан Орталық және Оңтүстік-Батыс Азия мемлекеттерін байланыстыратын теміржол және автомобиль магистралы өтеді. Сондай-ақ Каспий теңіз арқылы Түрікменстан Ресеймен және Кавказ елдерімен байланысқан.

Түрікменстан – президенттік республика. Экімшілік-аумақтық жағынан 5 облыс пен 1 респубикалық маңызы бар қаладан тұрады. Мемлекет астанасы – Ашхабад қаласы елдің оңтүстігінде, Копетдағ тау бөктерінде орналасқан (81-сурет).

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Түрікменстанның аумағын негізінен кең жазықтар алып жатыр және оның 80%-дан астамы Қарақұм шөліне тұра келеді (82-сурет). Таулар шекара бойындағы оңтүстік және шығыс аумақтарында ғана орналасқан. Оңтүстік тау және тау бөктеріндегі аумақтар сейсмикалық тұрғыдан ерекшеленеді. Ашхабад қаласында 1948 жылы 6 қазанда болған жер сілкінісі XX ғасыр барысында туындаған ең жойқын жер сілкіністерінің бірі болып саналады.

Түрікменстанның ең маңызды минерал ресурстары табиғи газ, мұнай және әртүрлі химиялық тұздардан тұрады. Түрікменстан табиғи газ қоры бойынша әлем мемлекеттері арасында 4-орында тұр.

Шөлді жазықтар үлкен аумақты иелегендіктен Түрікменстан су ресурстарына бай емес. Республикадағы ең ірі су көзі – Әмудария саналады. Әмудариядан тойынатын Қарақұм каналы (Қарақұмдария) әлемдегі ең ірі суару арнасы болып табылады.



81-сурет. Түрікменстанның астанасы – Ашхабад қаласы



82-сурет. Түрікменстан аумағының ғарыштық суреті

Халқы. Түрікменстан халық саны бойынша Орталық Азияда соңғы орынды алып жатыр. Елдегі халықтың табиғи өсүі жылдық есепте 1,6%-таң. Орталық Азия елдерінің ішінде тек Қазақстанда бұл көрсеткіштің сәл тәмен деңгейі байқалады. Миграция сальдосы теріс және -0,1%-таң.

Түрікменстан халқының 52 % қалалық жерлерде жасайды. Ашхабад

 Каспий теңізі, Қарақұм шөлі, Копетдағ, отын ресурстары, Қарақұм каналы, Ахалтекі жылқылары, «Аваза» туристік аймагы.



Жер аумағы: 491,2 мың км²
Халқы (2020 ж.): 6 млн
Астанасы: Ашхабад



83-сурет. Түркімендер

қаласы халқының саны 1 миллионнан асады. Мемлекет астанасынан басқа, Түркіменабад, Ташауыз, Мари, Түркіменбашы қалалары республиканың ірі қалалары болып табылады.

Халқының ұлттық құрамындағы түркімендердің үлесі 85%-дан жоғары (83-сурет), халықтың 10%-ға жуығын өзбектер құрайды. Өзбектер негізінен елімізben шекаралас болған Ташауыз және Лебап облыстарында жасайды.

Халықтың орналасуы мемлекеттің табиғи географиялық ерекшеліктерімен белгіленеді. Халқы негізінен Әмудария, Мурғаб және Таджан өзендерінің аңғарларында, Копетдағ етегіндегі жазықта және Каспий жағалауында тұрады.

Экономикасы. Түркіменстан экономикасының негізін отын-энергетика және химия өнеркәсібі құрайды. Түркіменстан табиғи газды өндіру және экспорттау бойынша әлемдегі ең озық 10 елдің қатарына кіреді. Газ өнеркәсібі мемлекеттік бюджеттің ең көп табыс көзі саналады. Мұнай және мұнайды қайта өңдеу өнеркәсібі де Түркіменстанда жақсы дамыған. Отын ресурстарымен жақсы қамтамасыз етілуіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты республикада электр энергиясы тек жылу электр станцияларында өндіріледі. Түркіменстан химия өнеркәсібі минерал тыңайтқыштар, мирабилит, күкірт, йод және тағы басқа өнімдерді көп мөлшерде өндіреді. Сондықтан Түркіменстанда тоқыма өнеркәсібі, тігіншілік, кілем тоқу едәуір жақсы дамыған, мемлекеттің халықаралық мамандануына белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізеді.

Ауыл шаруашылығының негізгі салалары — астық шаруашылығы, мақта шаруашылығы (атап айтқанда, жіңішке талшықты бағалы сұрыптар өсіріледі), жүзім шаруашылығы, қаралөш шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы саналады. Түркіменстанда бағылатын Ахалтекі сәйгүлік аттар бүкіл әлемге әйгілі, түркімендердің рәмізі мен мақтанышы болып табылады (84-сурет). Тіпті республиканың елтаңбасында да ахалтекі жылқысы бейнеленген.

Түркіменстанда туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, соңғы жылдары Каспий теңізінің жағалауында «Аваз» ірі туристік аймағы құрылды (85-сурет).



84-сурет. Ахалтекі жылқысы.



85-сурет. «Аваз» туристік аймағы



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Түркменстан мен Қырғызстанның географиялық орны, табиғи жағдайлары мен ресурстарын салыстырып, негізгі айырмашылықтарын тап. Не себептен Түркменстанның экономикалық географиялық орны қолайлырақ саналады? Оның географиялық орны мен экономикасына Каспий теңізі қалай әсер етеді?
- 2 Түркменстанның табиғи жағдайларының өзіндік ерекшеліктері қандай? Мемлекеттің экономикалық әлеуетінде және экономикалық мамандануында табиғи жағдайлары мен табиғи ресурстарының маңызы қандай?
- 3 Неліктен Түркменстан аумағы тұрғысынан Орталық Азияда екінші орында тұрса да, халық саны бойынша соңғы орында? Халқының орналасуына қандай факторлар үлкен әсер еткен?
- 4 Түркменстанда туризмді дамытуға үлкен көніл бөлініп жатқанының себебі неде деп ойлайсың? Мемлекеттің және Түркменстанның рекреациялық ресурстары мен туризмнің дамыту болашағын салыстыр. Келешекте мемлекет арасындағы өзара туристік қарым-қатынасты жақсарту мүмкіндіктерін қалай бағалайсың?





Экономикалық географиялық орналасуы, Памир таулары, су және гидроэнергетикалық ресурстары, Сарез көлі, тау аралигындағы аңғарлар, жер ресурстары, түс мінметаллургия.



Тәжікстанның географиялық жағдайы түргышынан Орталық Азиядагы басқа қайсы мемлекетке үқсайды?



Жер аумағы: 141,4 мың км²
Халқы (2020 ж.): 9,4 млн
Астанасы: Душанбе

37-§. Тәжікстан Республикасы

Тәжікстан Республикасы Орталық Азияның оңтүстік-шығысында Гисар-Алай және Памир таулары аумағында орналасқан. Солтүстікте Қырғызстанмен, солтүстік-батысында және батысында Өзбекстанмен, оңтүстігінде Ауғанстанмен, шығысында Қытаймен шекаралас.

Географиялық орналасуы Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шығудың жоқтығы, биік тау жоталары жағдайында құрлық көлігі дамуының өте күрделілігі және әскери-саяси жағдайы тұрақсыз болған Ауғанстанмен көршілестігі есебінен біршама қолайсыз саналады.

Басқару нысаны бойынша Тәжікстан президенттік республика болып табылады. Әкімшілік-аумақтық құрылымы 2 облыстар, 1 автономиялық облыстар (Таулы Бадахшан), республика бағынышты 1 қала (Душанбе) және 13 ауданнан тұрады. Оның астанасы — Душанбе қаласы елдің оңтүстік-батыс бөлігіндегі Гисар аңғарында орналасқан (86-сурет).

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Тәжікстан — таулы мемлекет саналады. Аумағының 90%-дан астамын биік тау жоталары алып жатыр. Шығысында орташа биіктігі 4000 метрден асатын Памир таулы өлкесі орналасқан. Ең биік нүктесі — Исмаил Самани шыңы (7495 м., 87-сурет). Сейсмикалық тұрғыдан белсенді аймақта орналасуына байланысты республикада күшті жер сілкінісі орын алады.

Тәжікстанның жері әртүрлі пайдалы қазбаларға бай. Атап айтқанда, республика аумағында уран, алтын, күміс, полиметалл кендерінің ірі кен орындары бар. Бірақ Тәжікстан отын-энергетикалық ресурстарға бай емес.

Тәжікстан Республикасы су және гидроэнергетикалық ресурстарымен ең жақсы қамтамасыз етілген мемлекеттердің қатарына кіреді. Ел аумағынан Пандж, Вахш, Сырдария, Зарафшан сияқты өзендер ағып өтеді. Қаракөл, Сарез, Ескендіркөл республиканың ең үлкен көлдері. Олардың ішінде, әсіресе Памирде орналасқан, 1911 жылы болған күшті жер сілкінісі нәтижесінде Мурғаб өзенінің арнасында пайда болған үлкен бөгетті көл — Сарез көлі таныма.



86-сурет. Душанбе қаласы



87-сурет. Исмаил Самани шыңы

Халық саны. Тәжікстан да Қырғызстан сияқты Орталық Азия елдерінің қатарында халықтың табиғи өсуінің жоғары қарқынымен (жылына 2,2%) ерекшеленеді. Сондай-ақ Тәжікстан аймақтағы қала тұрғындарының үлесі ең төмен мемлекет саналады (26%, 2020 ж.). Астанасы халқының саны 850 мың адамнан асады. Ирі қалалар санатына Ходжент, Бахтар (бұрынғы Қорғантепе) және Күляб қалалары жатады.



Халықтың 85%-ға жуық бөлігін тәжіктер құрайды (88-сурет). Халықтың ұлттық құрамында екінші орында Тәжікстанда жалпы саны 1 миллион адамнан асатын өзбектер тұрады. Олар негізінен Өзбекстанмен шекаралас аудандарда тұрады. Таулы Бадахшан автономиялы облыста тәжіктермен бірге олармен туысқан жергілікті шағын халықтар тобы (вахандар, рушандар, ишқашимдер, язғұламдар, тағы басқалар) өкілдері мен қырғыздар жасайды.

Жер бедері таулы болғандықтан егіншілік егуге қолайлы жердің жетіспеушілігі халықтың негізгі бөлігін тау аралығындағы аңғарлар мен ойпаттарда шоғырландырған. Халқының жоғары тығыздығымен мемлекет солтүстігіндегі Ферғана аңғары, оңтүстік-батысында орналасқан Гисар мен Вахш аңғарлары көзге түседі. Памир тауларында адамдар өзен аңғарларында және тау беткейлеріндегі шағын ауылдарда сирек орналасқан.

Экономикасы. Тәжікстан Республикасы Орталық Азия мемлекеттерінің арасында әлеуметтік-экономикалық дамудың салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштері тән, ал экономикасы аграрлық-индустриалды бағытқа ие.

Тәжікстанның өнеркәсібінің жетекші салаларының қатарына түсті металлургия, тау-кен, химия, құрылым материалдары және жеңіл өнеркәсіптері кіреді. Елдегі ең ірі өнеркәсіп кәсіпорын Тұрсынзада қаласындағы Тәжікстан алюминий зауыты саналады (89-сурет). Бұл кәсіпорын Ресейден әкелінетін шикізат негізінде ірі ГЭС өндіретін электр энергиясын пайдаланып жұмыс істейді. Алюминий Тәжікстанның экспорттының құрамында жетекші орында. Тәжікстанның электр энергетикасы Қырғызстан сияқты су электр станцияларына негізделген. Ең ірі ГЭС-тер Вахш өзенінде құрылған және олардың ішінде Норак Су электр станциясының экономикалық маңызы ерекше (89-сурет). Жеңіл өнеркәсіп салаларының ішінде тоқыма өнеркәсібі маңызды орын алады.

Тәжікстанның егін шаруашылығының негізгі салалары: астық шаруашылығы, мақта шаруашылығы, бау-бақша және жүзім шаруашылығы. Мақта мен түрлі жемістер Республиканың маңызды экспорттық өнімдері саналады. Суармалы егіншілік тау аралығындағы аңғарларда жақсы дамыған, бірақ оның ау мағының көп бөлігін таулар иелегені және халықтың тығыздығының жоғарылығы егістік жерлердің тапшылығын тудырады. Таулы-жайылымдық шаруашылығы ірі қара шаруашылығы және қой шаруашылығына маманданған. Ауыл шаруашылығы саласының ішінде жібек шаруашылығы да үлкен маңызға ие.



88-сурет. Ұлттық киім киген тәжіктер



89-сурет. Тәжікстанның маңызды экономикалық нысандары—Тұрсынзада қаласындағы, Тәжікстан алюминий зауыты мен Вахш өзеніндегі Норак су электр станциясы



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Тәжікстанның экономикалық географиялық орнының негізгі сипаттамалары қандай? Оның географиялық орны Орталық Азиядағы қайсы мемлекетпен көп тұрғыдан ұқсастықтықа ие?
- 2 Тәжікстан халқының аумақтық орналасуына үлкен әсер ететін факторларды түсіндіріңіз. Мемлекетте жер ресурстарының тапшылығы қандай мәселелерді туғызуда? Мұндай мәселелерді қалай шешуге болады деп ойлайсың?
- 3 Тәжікстанның Орталық Азияда урбанизациялық деңгейі ең төмен мемлекет екендігіне қандай факторлардың әсері болды деп ойлайсың? Түрлі мемлекеттерде бұл көрсеткіштің жоғары немесе төмен болуы олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен қаншалықты байланысты? Сенің ойыңша, қала тұрғындары үлесінің өсуі мемлекеттің өркендеуіндегі маңызы қандай?
- 4 Тәжікстанда алюминий рудалары өндірілмесе де, ірі алюминий зауытының болуының негізгі экономикалық географиялық факторын түсіндір. Бұл зауыт қай ауданда атмосфералық ауаның ластануымен байланысты экологиялық проблемалардың пайда болуына себеп болған? Қоршаған ортаны жоғары деңгейде ластайтын өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыруда қандай факторларды ескеру қажет?
- 5 Төмендегі географиялық атаулар қандай географиялық нысандарға тиісті екенін дәптеріңе кесте түрінде жазып ал.

Зарафшан, Ходжент, Памир, Қарнакөл, Душанбе, Пандж, Куляб, Вахш, Сарез, Сырдария, Бахтар, Гисар-Алай

Tay '	Өзен	Көл	Қала
...



38-§. Практикалық жаттығу

Орталық Азия елдерінің салыстырмалы географиялық сипаты

1. Оқулықтар мен атластағы Орталық Азия мемлекеттері жөнінде мәліметтерді пайдаланып, дәптерізде төмендегі көріністе кестені толтыр:

Орталық Азия мемлекеттерінің салыстырмалы географиялық сипаты

Географиялық сипаттамалар	Қазақстан	Қырғызстан	Түрікменстан	Тәжікстан
Экономикалық географиялық орны: қолайлы және қолайсыз аспектілері				
Ауданы (мың км ²)				
Халқы (миллион адам)				
Халқының тығыздығы (адам/км ²)				
Халықтың орналасуының ерекшеліктері				
Жер бедері				
Негізгі пайдалы қазбалары				
Су ресурстарымен қамтылғандық деңгейі және негізгі көздері				
Электр станцияларының негізгі түрі				
Ауыл шаруашылығының негізгі салалары				
Өнеркәсіпің негізгі салалары				

2. Қырғызстан мен Тәжікстанның географиялық жағдайларының жалпы сипаттамасын анықта және себептерін түсіндір.

3. Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы ұқсастықтарды анықтап, сипатта.
4. Орталық Азия мемлекеттерін қандай екі топқа бөлуге болады? Пікірінді негізде.
5. Орталық Азия мемлекеттерінің географиялық жағдайларының өзара толықтыратын ерекшеліктерін көрсет, сондай-ақ субаймақ мемлекеттер өзара ынтымақтастығының қажеттілігін және маңызды бағыттарын негізде.



Қолайлы экономикалық географиялық орналасуы, таулы жер бедері, субтропиктік климат, индустриалды-аграрлық экономика, рекреациялық ресурстар, халықаралық туризм.



Не себепті Түркия Еуропа мемлекеттерінің көлік және сауда қатынастарында маңызды орын алады?



Жер аумағы: 783,6 мың км²

Халқы (2020 ж.): 83,7 млн

Астанасы: Анкара



90-сурет. Фрот өзеніндегі ГЭС бөгеті

39-§. Түркия Республикасы

Түркия Республикасының ең маңызды өзіндік ерекшеліктерінің бірі оның географиялық орны. Аумағының 97%-ы Оңтүстік-батыс Азияда, 3% бөлігі Шығыс Еуропада орналасқан. Азиядағы аумағы негізінен Кіші Азия түбегіне сәйкес келеді, Еуропалық бөлігі Балқан түбегінде орналасып, Шығыс Фракия деп аталады. Түркия Республикасының түрлі құрлықта орналасқан бөлігін және Жерорта теңіздерін өзара байланыстыратын Мәрмәр теңізі, Босфор және Дарданелл бұғаздары бөліп тұрады. Мемлекеттің жағалаулары солтүстіктен Қара теңізінің, батыстан Эгей теңізі мен оңтүстіктен Жерорта теңізінің сularымен шайылады.

Мемлекеттің экономикалық географиялық орналасуының қолайлылығы оның бірнеше теңіздерге жақын орналасуымен, аумағынан Еуропа мен Азияны, Жерорта және Қара теңіз бассейндерін байланыстыратын халықаралық маңызы бар көлік жолдарының өтуімен анықталады.

Түркия унитарлық құрлылымдағы президенттік республика. Астанасы — Анкара қаласы. Ең үлкен қаласы Босфор бұғазының жағалауында орналасқан, өзінің бірнеше ғасырлары әйгілі тарихы бар Стамбул. Стамбул қаласының халқы 13 миллион адамнан астам, Еуразиядағы ең ірі қалалардың бірі саналады.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Жер бедері негізінен таулы, басым бөлігін Кіші Азия мен Армения қыраттары, Тавр және Понт таулары алып жатыр. Жазықтар көбірек теңіз жағаларында кездеседі. Түркияның аумағы жоғары сейсмикалығымен сипатталады. Мемлекетте хром, сынап, вольфрам кендерінің қоры бар әлемдік масштабымен ерекшеленеді.

Климаты субтропиктік, теңізге тұтас аумақтарында жылы, жұмсақ, ал мемлекеттің орталық және шығыс аумақтарында құрғақ және шұғыл, яғни жазы ыстық, қысы өте сұық. Жер бедері таулы болғандықтан Түркия су және гидро энергетика ресурстарына бай (90-сурет). Ең ірі өзендері Фрот, Дажла, Кызылрымақ, ең үлкен көлдері Ван және Тұз көлдері.


Халқы. Халық саны бойынша Түркия Республикасы әлемнің бірінші жиырмалығына кіреді. 2020 жылғы мәліметтер бойынша мемлекеттегі халық саны 83 млн адамнан артық. Халық санының жыл сайынғы өсүі қазіргі уақытта 1,2%, бірақ түзулы көрсеткіші әлемде және Азия бойынша орташа көрсеткіштерден төмен.

Урбанизациялық деңгейі 76%-ға тең (2020 ж.). Ирі қалаларының қатарына Стамбул мен Анкарадан басқа, Измир, Бурса, Адана, Газиантеп, Антalia және тағы басқалар тиесілі. Ирі қалаларының көпшілігі батыста және оңтүстік жағалау аумақтарында орналасқан.

Халықтың этникалық құрамында түріктер көпшілікті құрайды (75%-дан астам). Жалпы халықтың 15%-дан астамын құрайтын курдтер елдің оңтүстік-шығысында жасайды. Негізгі дін ислам саналады.

Халық Түркия аумағында әркелкі орналасқан (91-сурет). Мемлекеттің Мәрмәр теңізіне дейін

іргелес жатқан солтүстік-батыс бөлігінде халықтың тығыздығы өте жоғары. Атап айтқанда, мемлекет халқының $\frac{1}{5}$ бөлігі Шығыс Фракияда тұрады. Орталық және шығыс таулы аумақтарында халық едәуір сирек. Мұндай айырмашылықтарға аумақтардың табиғи жағдайлары мен экономикалық географиялық орналасуының қолайлылығы, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтар үлкен әсер еткен.




91-сурет. Турция халқының тығыздығы (адам/шаршы км)

Экономикасы. Турция ЖІӨ көлемі бойынша дүниенің жетекші 15 мемлекетінің қатарынан орын алғып, ірі өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісіне ие. Өнеркәсіптің халықаралық мамандануын тоқыма, тігін, былғары-аяқ киім, автомотильжасау, электротехника, кен-металлургия, құрылыш материалдары, азық-түлік және фармацевтика сияқты салалары белгілейді. Мұндай мамандану еңбек ресурстарының, шикізаттың, сыртқы сауда қатынастары мен көлік факторларының әсерінен қалыптасқан. Өнеркәсіп мемлекеттің батысында жақсы дамыған, ішкі аумақтары аграрлық экономикаға ие.

Агроклиматтық және су ресурстарына бай Турция түрлі ауыл шаруашылығы өнімдерін (жеміс, жаңғақ, жүзім, көкөністер, шай, қант қамысы, зәйтүн, темекі, мақта) өсіру жағынан дүниежүзілік ауқымда көзге түседі. Турция әлем мемлекеттері арасындағы ауылшаруашылық өнімдердің ең ірі экспорттаушылардың бірі.


Турция аумағы табиғи және тарихи-мәдени рекреациялық ресурстарға, сирек кездесетін жәдігерліктерге бай (92-сурет), оның экономикасында туризмнің маңызы зор. Мемлекет ең көп саяхатшыларды қабылдайтын дүниежүзінің жетеші 10 мемлекеттерінің бірі саналады.



92-сурет. Туркияның атақты тарихи объектілері: Стамбулдағы Ая-София кешені (сол жақта) және Измир маңындағы ежелгі Эфес қаласының қирандылары (оң жақта)

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Түркияның экономикалық географиялық орнының өзіндік ерекшеліктері қандай? Бұл фактор мемлекет экономикалық-әлеуметтік дамуына қандай әсер етеді? Осындай өте қолайлы экономикалық географиялық орынға ие мемлекеттерге мысалдар келтір және оларды картадан көрсет.
 - 2 Түркияның табиғи жағдайлары халықтың орналасуына және шаруашылық мамандануына қандай әсер етеді? Не үшін мемлекеттің Солтүстік-батыс бөлігінде халық өте тығыз қоныстанған? Өнеркәсіп Түркияның көбірек қайсы аумақтарында дамыған? Неге?
 - 3 Түркия халқының үлттық құрамы қайсы диаграммада дұрыс көрсетілгенін тап.



- 4 Түркия жеңіл өнеркәсіп өнімдерін, ең алдымен, тоқыма және тігіншілік өнімдерін өндіру мен экспорттауда ерекшеленетіні белгілі. Сенің ойыңша, мұндай нәтижеге қол жеткізуде қандай факторлар маңызды рөл атқарады? Мемлекетімізде Түркия өнімдеріне сұраныс қай дәрежеде деп ойлайсың?
 - 5 Түркияда халықаралық туризмнің жоғары дәрежеде дамуы қандай факторлармен байланысты? Өзбекстандықтар үшін Түркияға саяхат жасаудың артықшылықтары қандай деп ойлайсың? Өз кезегінде түркиялықтарды Орталық Азия елдеріне, соның ішінде Өзбекстанға саяхат жасауға жұмылдыратын қандай маңызды факторлар бар?
 - 6 Қосымша дереккөздер негізінде Өзбекстан мен Түркия арасындағы өзара ынтымақтастық байланыстарының негізгі бағыттары туралы мәліметтер жина және ақпарат дайында.



40-§. Практикалық жаттығу

Иран, Ауганстан және Пәкістанның салыстырмалы географиялық сипаты

ИРАН

Иранның жағалаулары оңтүстікте Араб теңізі мен Парсы шығанағы, солтүстік-батыста Каспий теңізінің сүй шайып жатыр. Экономикалық географиялық орны Оңтүстік-батыс, Оңтүстік және Орталық Азия мемлекеттерін байланыстыратын көлік жолдарының өткендігі есебінен қолайлы.

Иранның мемлекеттік жүйесі — ислам республикасы. Мемлекет басшысы — Жоғарғы басшы, шілті мұсылмандарының жоғары дәрежелі діни қызметкери (Аятулла). Ал президент мемлекеттегі екінші тұлға саналады.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Иран аумағының жер бедері бірнеше тау жоталары және олардың арасындағы ойпаттардан тұрады (93-сурет). Мемлекеттегі пайдалы қазбалардың ішінде ірі мұнай мен газ қорлары ең үлкен экономикалық маңызға ие. Мұнай және газ кен орындары негізінен Парсы шығанағы мен Каспий теңізіне жақын аумақтарда орналасқан. Климаты Солтүстік-батыс аумақтарында жұмсақ және ылғалды субтропиктік, орталық және шығыс аумақтарында құрғақ субтропиктік, ал Парсы шығанағы бойында ыстық және құрғақ тропиктік.

Халық саны. Табиғи өсімі орташа деңгейде, жылына 1,2%-ға тең болуда. Қалаларда мемлекет халқының 75% жасайды. Ең ірі қалалары — Тегеран, Мешхед, Карадж, Исфахан, Табриз. Халық мемлекеттің батыс аумақтарында тығыз орналасқан, ал орталық және шығыс бөлігіндегі кейір шөл аймақтарында тұрғылықты тұрғындар мұлде жоқ. Халықтың 60%-дан астамын парсылар құрайды. Сонымен қатар әзіrbайжандар, күрдтер, арабтар, түркімендер, армяндар және басқа ұлттар жасайды. Иран халқының діни құрамында шійттер мұсылмандары жетекші саналады.

Экономикасы. Көпсалалы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығына негізделеді. Өнеркәсіптің жетекші салалары: мұнайды қайта өңдеу, газ, металлургия, машинажасау, тоқыма және азық-түлік өнеркәсібі.

Мемлекеттік бюджет үшін ең үлкен табыс көзі мұнай және газ экспорты болып табылады. Ауыл шаруашылығының негізгі салалары — астық шаруашылығы, бау-бақша, қой шаруашылығы, ешкі және ірі қара мал шаруашылығы. Каспийдебалық шарушалығы жақсы дамыған. Қара уылдырықтың экспорты бойынша Иран әлемде алдыңғы қатарда тұр.




Жер аумағы: 1648

мың км²

Халқы (2020 ж.): 84,2 млн

Астанасы: Тегеран

қаласы



93-сурет. Иранның рельефтік картасы



АУГАНСТАН



Жер аумағы: 652,8 мың км²

Халқы (2020 ж.): 38,9 млн


Астанасы: Кабул

Ауғанстан Оңтүстік-батыс Азияда орналасқан, тікелей Дүниежүзілік мұхитқа шығу мүмкіндігі жоқ. Экономикалық географиялық орны Азияның әртүрлі бөліктеріндегі мемлекеттердің байланыстыратын көлік магистральдары құрылса, әлдеқайда жақсы болуы мүмкін.

Ауғанстандағы саяси жағдай өте күрделі және тұрақсыз болып, 1970 жылдардан бері жалғасып жатқан азаматтық соғыс жағдайымен сипатталады.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Ауғанстан аумағының үлкен бөлігі әсіреле орталығы мен шығысын биік таулар алып жатыр (94-сурет). Мемлекетте күшті жер сілкінісі жиі болып тұрады. Ауғанстан түрлі минерал ресурстарға (көмір, мұнай, темір, мыс, марганец, тағы басқа) бай, бірақ олар өте аз мөлшерде өндіріледі. Ауғанстанға құрғақ континенттік субтропиктік климат тән. Тау мұздықтарынан көптеген өзендер басталады, кейбір өзендер толығымен суаруға жұмсалады. Тау өзендерінің энергетикалық әлеуеті дерлік пайдаланылмайды.

Халқы. Жылдық табиғи көбею деңгейі 2,5%-дан жоғары. Халқы негізінен таулар бөктеріндегі жазықтар мен тау аралығындағы аңғарларды мекендейді. Қалалық жерлерде халықтың $\frac{1}{4}$ бөлігі ғана тұрады. Мемлекеттегі ең үлкен қала — Кабул халқы 3 миллион адам. Герат, Кандагар және Мазари-Шариф салыстырмалы түрде үлкен қалалар саналады. Энтикалық құрамы негізінен пуштундер, тәжіктер, өзбектер, хазарлар, балұчтар мен түркімендерден құралған. Өзбекстанмен шектесетін солтүстік аумақтарда 2 миллионға жуық өзбектер жасайды.



94-сурет. Ауғанстанның рельефтік картасы

Экономикасы. Ауғанстан — экономикалық жағынан нашар дамыған аграрлық мемлекет. Ауыл шаруашылығының негізін суармалы егіншілік құрайды. Егіншілікте дәнді дақылдар мен мақта егу, жеміс-жидек және жүзім өсіру маңызды рөл атқарады. Шаруашылық салаларынан қой шаруашылығы (соның ішінде қаракөлшілік) және ешкі шаруашылығы жетекші маңызға ие. Қаракөл терілерін өндіруде Ауғанстан әлем бойынша 1 орында тұр. Өнеркәсіптік өндіріс өте нашар дамыған.


ПӘКІСТАН

Пәкістан Оңтүстік Азияда, негізінен, Үнді өзенінің алабында орналасқан. Оның жағалауларын оңтүстікте Араб теңізінің сулары шайып жатыр. Географиялық орнының ұнамды ерекшеліктері халықаралық маңызы бар теңіз және құрлых трансортты өткен жолымен анықталса, кері жақтары саяси жағдайдың тұрақсыз аймақта орналасқандығынан құралған. Мемлекеттің қазіргі саяси географиялық жағдайы Үндістан мен Кашмир аумағына қатысты ұзақ мерзімді қақтығыс әсерінде қалыптасқан. Пәкістан — әкімшілік-саяси құрылымы жағынан федеративтік мемлекет, 4 провинция және 2 федеративтік аумақты өз ішіне қамтиды.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Пәкістанның солтүстік және батыс бөліктерін биік таулар алып жатыр, ал шығыс және оңтүстік аймақтары жазық жер бедеріне ие. Мемлекеттің үлкен бөлігін көршілес Үндістаннан басталатын және Араб теңізіне құялатын Үнді өзенінің аңғары алып жатыр. Жазық аумақтары мұнай, табиғи газ, көмір, тұз қорына ие, ал таулы бөлігі әртүрлі металл рудаларына бай. Пәкістанның негізгі аумағында ыстық тропиктік климат басым, сондықтан жазық бөлігінде шөл және шөлейттер кең аумақты иелейді.

Халқы. Пәкістандағы халықтың табиғи өсу қарқыны 2%-дан жоғары, яғни жылына 4-4,5 миллион адамға тең. Урбанизация деңгейі 37%. Мемлекеттің ең ірі қалалары — Караби, Лахор, Фейсалабад, Равалпинди. Халықтың 45%-ға жуығы пенжабилерден тұрады, бұдан тыс пуштундар, синдтер, балучтердің үлесі де маңызды.


Экономикасы. Пәкістан экономикасы қарқынды дамып келе жатқан индустриалды-аграрлық мемлекет. Өнеркәсібінің жетекші саласы жеңіл өнеркәсіп, әсіресе тоқыма өнеркәсібі. Металлургия, машинажасау, химия, та-мақ, былғары өнеркәсібі де дамып келеді. Ауыл шаруашылығы бидай, күріш, қант қамысы, мақта өсіруге мамандандырылған. Мемлекет экспорттының құрамында жібек мата, күріш, мақта, тери, былғары өнімдері, кілемдер жетекші орындарға ие.



Жер аумағы: 803,9 мың км²

Халқы (2020 ж.): 220,9 млн

Астанасы: Исламабад



95-сурет. Пәкістанның рельефтік картасы



Иран, Ауғанстан, Пәкістан мемлекеттері туралы берілген мәліметтер және Атластағы карталарды пайдаланып төмөндегі тапсырмаларды орында.

1. Иран, Ауғанстан және Пәкістанның экономикалық географиялық жағдайын салыстырыңыз. Қайсы мемлекеттердің экономикалық географиялық орны қолайлы саналады? Керісінше, қайсысы мемлекетте біршама қолайсыз? Не үшін? Пікіріңді карта жәрдемінде түсіндір.

2. Кестені толтыр және төмөндегі сұрақтарға жауап тауып, тапсырмаларды орында.

Мемлекеттер	Аймағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Халықтың тығыздығы, адам/км ²	Урбанизация деңгейі, %	Қала тұрғындарының саны, миллион адам	Ауыл тұрғындарының улесі, %	Ауыл тұрғындарының саны, миллион адам
Иран	1648	84,2	75
Ауғанстан	652,8	38,9	24
Пәкістан	803,9	220,9	37

а) осы мемлекеттердің қайсысы халық тығыздығы бойынша жоғары көрсеткіштерге ие? Бұған қандай факторлар әсер еткен деп ойлайсың?

б) қайсы мемлекетте ауыл тұрғындарының үлесі ең көп? Бұл мемлекеттің әлеуметтік экономикалық даму деңгейімен қандай байланысты?

3. Оқулық мәтіні мен атластағы дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, Иран, Ауғанстан мен Пәкістанға қатысты мәліметтерді табыңыз және тиісті жауаптарды дәптеріңе белгіле.

А) Иран Ә) Ауғанстан Б) Пәкістан

- 1) Оңтүстік Азияда орналасқан;
- 2) Каспий теңізінің суы жағалауларды шайып жатыр;
- 3) Ішкі континенттік мемлекет;
- 4) Халықтың діни құрамында шиіт-мұсылмандары жетекші;
- 5) Өнеркәсібінің жетекші саласы женіл өнеркәсіп;
- 6) Қаракөл терілерін өндіруден әлемде бірінші орында тұрады;
- 7) Әкімшілік-саяси құрылымы жағынан федеративтік мемлекет;
- 8) Мемлекеттік бюджет үшін ең үлкен табыс көзі мұнай мен газ экспортты саналады;
- 9) Елдің үлкен бөлігін Үнді өзенінің аңғары иелейді;
- 10) Қалалық жерлерде халықтың $\frac{1}{4}$ бөлігі жасайды;
- 11) Өнеркәсіптік өндіріс өте нашар дамыған;
- 12) Халықтың 60%-дан астамын парсылар құрайды;
- 13) Ауыл шаруашылығы бидай, күріш, қант қамысы, мақта өсіруге мамандандырылған;
- 14) Қара уылдырық экспортты бойынша әлемдік жетекші орында тұрады;
- 15) Халықтың жылдық табиғи өсу қарқыны 2,5%-дан жоғары.

4. Ауғанстан экономикасының дамуында қандай факторларға сүйенуі мүмкін және оларды тиімді пайдалану үшін қандай жағдайларды жасау керек? Бұл мемлекетте саяси жағдайдың тұрақты болуы мемлекеттің және бүкіл Орталық Азия аймағының экономикалық географиялық орнына қандай әсер етеді?

41-§. Қытай Халық Республикасы


Қытай Халық Республикасы Шығыс Азияда орналасқан. Оның жағалаулары шығыстан Тынық мұхиты теніздерінің сularымен шайылады. Ол құрлықта 14 мемлекетпен шекаралас. Қытай дүниежүзі мемлекеттері арасында аумағының үлкендерінің бойынша 3-ші, халық саны мен ЖІӨ көлемі бойынша 1-ші орынды иелейді. Жалпы алғанда, Қытай заманалық әлемнің экономикалық және саяси жүйесінде маңызды рөл атқаратын мемлекеттердің бірі.

Қытайдың экономикалық географиялық орналасуының қолайлылығы Тынық мұхитының жағалауларына тікелей шығу мүмкіндігімен анықталады.

Қытай дүниежүзінің қазіргі саяси картасындағы санаулы социалистік мемлекеттердің бірі. Оның басқару жүйесінде және саяси өмірінде шешуші мәні Қытай Коммунистік партияға тиісті болып, партияның жетекшісі әрі мемлекет басшысы — Қытай Халық Республикасының төрағасы да саналады. Экімшілік-аумақтық түрғыдан Қытай құрамында 23 провинция, 5 автономиялық (автономиялық) аудан, 4 орталықта бағынатын қала және 2 арнаулы әкімшілік аудан (Гонконг және Макао) бөлінеді. Ұлы Британияның бұрынғы отары Гонконг (Сянган) 1997 жылды, Португалияның отары болған Макао (Аомин) 1999 жылды Қытайдың құрамына кірді.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Қытайдың аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 4 мың км, батыстан шығысқа 4,5 мың км-ге созылғандықтан, табиғи жағдайлары, әсіреке, оның жер бедерінің әртүрлілігімен сипатталады (96-сурет). Шығыста жазық және қыраттар кең таралса, батыс аймақтарын биік таулар мен шөлдік сипаты бар тау сілемдеріндегі ойпаттар алып жатыр (97-98-суреттер). Мемлекет климатында да айтарлықтай аймақтық айырмашылықтар бар.

Қытайдың отын-энергетикалық ресурстарынан көмір, мұнай, газ және жанғыш сланецке бай. Мемлекет түрлі қара және түсті металл рудаларымен де жақсы қамтамасыз етілген. Қытайда Янцзы, Хуанхэ, Амур сияқты ірі өзендер ағады. Ол гидро энергетика ресурстары бойынша дүниежүзінде бірінші орында тұрады.



96-сурет. Қытайдың рельефтік картасы



97-сурет. Ұлы Қытай жазығы



98-сурет. Батыс Қытайдағы шөл ландшафты

Халқы. 2020 жылғы мәліметтерге сәйкес, Қытай халық саны бойынша дүниежүзіндегі ең үлкен мемлекет. Қазіргі уақытта Қытайда әлем халқының 18 %-дан астам бөлігі жасайды. Ол дүниеге жүзінің ең ірі еңбек ресурстарына ие мемлекеті де.

Қытайдағы халықтың табиғи өсуі 2020 жылға қарай 0,3%-ға дейін төмөндейді. Соның нәтижесінде мемлекет түрғындарының жас құрылымы



Шығыс Азия, Тынық мұхиты, социалистік мемлекет, Ұлы Қытай жазығы, Тибет үстірті, гидроэнергетикалық ресурстар, көпұлтты мемлекет, урбанизация.



Жер аумағы: 9599 мың қм²

Халқы (2020 ж.): 1434,2 млн

Астанасы: Пекин



Қытайдың әлем экономикасы мен саясатындағы рөлі қандай факторлармен белгіленеді?



күрт өзгеріп, қарттардың үлесі күрт барған сайын артып отырғаны байқалады. Осы үдерістің ықпалымен Қытай үкіметі мемлекетте ұзақ жылдар бойы жүзеге асырылған «әр отбасына бір бала» қағидатына негізделген мемлекеттік саясатын жұмсартып, отбасыларда 2016 жылы 2, ал 2021 жылы 3 перзент туылуға рұқсат берді.

Халқының этникалық құрамы бойынша Қытай көпұлтты мемлекет саналады. Мемлекет халқының 90%-дан көбін қытайлықтар — ханьдар құрайды. Дегенмен, ресми деректер бойынша мемлекетте ханынан басқа 55 жергілікті ұлттар мен ұлыстар жасайды. Олардың ең ірілері чуандар, үйғырлар, монголдар, тибеттіктер, дүнгендер, манчжурлар (99-сурет).

Діндердің ішінде қытайлықтардың ұлттық діндерінің бірі — конфуцийшілдік ең көп таралған. Сонымен қатар Қытайда даосизм, буддизм, ислам, христиандық діндеріне сенушілердің саны да көп. Мұсылмандар негізінен Шынжан-Үйғыр автономиясының ауданында тұрады.



Қытайлықтар (ханьдар)



Үйғырлар



Тибеттіктер

99-сурет. Қытай — көпұлтты мемлекет

Мемлекет халқының аумақтық орналасуы біркелкі емес. Халықтың орташа тығыздығы әр 1 шаршы км-ге 150 адамды құрап, бұл көрсеткіш Хуанхә мен Янцзы өзендерінің аралығындағы жазықта 800–1000 адам/ шаршы км-ді, Тибет таулы аймақтарында 1-2 адам/шаршы км-ді құрайды. Халықтың 90 %-ы мемлекет аумағының ¼ бөлігінде тұрады.

Қытайда 2011 жылы қала халқының үлесі 50%-ға дейін өсті, 2020 жылға қарай урбанизация деңгейі 61%-ға жетті. Бұл көрсеткіш қарқынды өсуде. Мемлекеттегі ең ірі қалалардың қатарына Шанхай, Пекин, Гонконг, Чэнду, Гуанчжоу, Тяньцзинь, Ухань, тағы басқалар кіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Қытайдың экономикалық географиялық орналасуының ұнамды және кері жақтарын түсіндір. Атластағы дүниежүзінің саяси картасынан Қытаймен шектесетін мемлекеттерді анықтаңыз және дәптеріңізге жазып ал. Ол қайсы мемлекеттермен ең ұзын мемлекеттік шекараларға ие?
- 2 Қосымша дереккөздер негізінде нарықтық экономикаға негізделген, сондай-ақ социалистік мемлекеттердің экономикалық жүйесіндегі негізгі айырмашылықтарды анықта. Қытайдың экономикасын аралас экономика деп атауға бола ма? Мемлекеттің экономикадағы рөлі қандай болуы керек деп ойлайсыңыз?
- 3 Несебептен Қытай үкіметі мемлекетте ұзақ жылдар бойы жүзеге асырылған демографиялық саясатты жұмсартты? Туылу деңгейінің тым жоғарылығы немесе тым төмендігі болашақта қандай әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күшейтуі мүмкін?
- 4 Қытайдың табиғи жағдайлары халықтың тығыздығына қалай әсер етеді? Мемлекеттің қайсы бөлігінде халықтың тығыздығы өте жоғары? Керінше қай аумақта бұл көрсеткіш өте төмен?
- 5 Қытайдағы урбанизацияның қарқынды өсуі қандай факторлармен байланысты? Мемлекеттегі ең ірі қалаларын картадан тап. Олар Қытайдың қай бөлігінде орналасқан?



42-§. ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНДАРЫ

Қытай ЖІӨ көлемі бойынша әлем елдері арасында бірінші орынды иелейді. Бірақ ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы тұра келетін көрсеткіші дамып келе жатқан мемлекеттер деңгейінде.

Өнеркәсібі. Қытайда өнеркәсіптің барлық саласы жоғары деңгейде дамыған, ол өнеркәсіп өнімдерінің көптеген түрлерін өндіру бойынша дүниежүзінде бірінші немесе екінші орындарда тұрады. Атап айтқанда, көмір өндіру, электр энергиясын өндіру, болат, шойын, алюминий, мыс, мырыш, қорғасын, никель, алтын және басқа да қаражәне түсті металдарды балқыту, автомобиль, әртүрлі электротехника және электрондық бүйімдар, аммиак, минерал тыңайтқыштар, цемент, қағаз, жібек мата, киім-кешек, аяқтім өнімдерін өндіруде Қытай дүниежүзінде бірінші орынды иелейді.

Қытай жылына шамамен 4 миллиард тонна көмір өндіреді. Оның негізгі кен орындары елдің Солтүстік-шығыс және шығыс аумақтарында орналасқан. Қытай 2012 жылдан бері электр энергиясын өндіру көлеміне қарай дүниежүзінде бірінші орында. 2020 жылы мемлекетте 7,8 трлн. кВт·сағаттан астам электр энергиясы өндірілді (әлемде өндірілген электр энергиясының 28%-дан астамы). Салада ЖЭС-тердің үлесі 70% айналасында, оларда қолданылатын жанылғының 95%-ы көмірден құралған. Энергетиканың қарқынды өсуі Қытайдағы ірі қалаларындағы экологиялық жағдайдың құрделенуіне әкелді (100-сурет). Соңғы жылдары гидро электр станциялары, атом электр станциялары және жаңартылатын ресурстарға негізделген электр станцияларын көбейтуге үлкен көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, Янцзы өзенінде әлемдегі ең үлкен — «Үш Қысан» (Санся) ГЭС-і құрылған (101-сурет).



100-сурет. Пекиндегі ауаның ластануы



101-сурет. Янцзы өзеніндегі "Үш Қысан" ГЭС-і

Машинажасау өнеркәсібі Қытайда ерекше қарқынмен дамып келеді. Мемлекетте теледидар, тұрмыстық техника құрылғылары, автомобилдер, компьютерлер, әртүрлі өлшеу және электротехникалық өнімдер шығарылады.

Азық-түлік және женіл өнеркәсіп Қытайдағы жетекші өнеркәсіп болып табылады. Әсіресе, тоқыма және былғары-аяқтім тігу өнеркәсібі үлкен көлемдегі өнімдерді шығарады.



Жалпы ішкі өнім, өнеркәсіп, отын-энергетикалық кешен, металургия, машинажасау, «Үш Қысан» гидро электр станциясы, егіншілік, экономикалық аймақтар.



Қытай қандай факттардың есебінен дүние жүзі өнеркәсібінде жетекшілікке қол жеткізді деп ойлайсың?



Ауыл шаруашылығы. Қытай ауыл шаруашылығының негізін егіншілік құрайды. Жалпы егістік жердің негізгі бөлігін дәнді дақылдар, әсіреке күріш алып жатыр. (102-сурет). Қытай әлем мемлекеттері ішінде бидай, күріш, картоп, көкөніс, жеміс, бау-бақша өнімдері, жүзім, шай, жержаңғақ, қой, ешкі, шошқа, құс, ет, жұн, жұмыртқа, бал өндіру, балық аулау көлемі бойынша бірінші орынды иелейді (20-кесте).

20-кесте. Қытайдың дүниежүзі бойынша ауылшаруашылық өнімдерін өндірудегі орны (2018 жылдың қорытындылары бойынша)

№	Ауылшаруашылық өнімдері	Өлшеу бірлігі	Өсіру	Әлемдегі үлесі (%)	Дүние жүзіндегі орны
1	Бидай	миллион тонна	131,4	17,9	1
2	Күріш	миллион тонна	214,1	27,4	1
3	Жүгері	миллион тонна	257,3	22,4	2
4	Картоп	миллион тонна	90,3	26,3	1
5	Қант қамысы	миллион тонна	108,1	5,7	3
6	Көкөніс	миллион тонна	549	52,3	1
7	Жеміс	миллион тонна	240,8	24,3	1
8	Шай	миллион тонна	2,6	41,2	1
9	Ет	миллион тонна	88,1	25,7	1
10	Жұмыртқа	миллион тонна	27	39,6	1
11	жұн	мың тонна	417	19,9	1

Қытай өзінің негізгі азық-түлік өнімдеріне қажеттіліктерін өз күші есебінен қанағаттандырады. Әлемдегі жалпы егістік жердің 9%-ын иелей отырып, адамзаттың 18%-дан көп бөлігін құрайтын халқын Қытай өз ресурстары есебінен азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ете алатыны ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің жоғарылығын көрсетеді.



102-сурет. Қытайдағы күріш алқаптары



103-сурет. Қытайдың экономикалық аймақтары

Экономикалық аудандары. Қытайда әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі және мамандануы әртүрлі 3 ірі — Шығыс, Орталық және Батыс экономикалық ауданды (зоналар) ерекше көзге түседі (103-сурет). Олардан Шығыс экономикалық аудан өзінің табиғи, әлеуметтік, демографиялық және экономикалық әлеуеті бойынша әр түрғыдан алдыңғы қатарда. Бұл ретте әсіреке теңіз жағалаудағы аумақтары, Шанхай, Пекин, Тяньцзинь, Гуанчжоу сияқты ірі қалалардың маңызы ерекше. Мемлекетте жүзеге асырылып жатқан аймақтық саясат табиғи ресурстарға бай Орталық және Батыс экономикалық аймақтарды дамыту, олардың ұлттық экономикадағы үлесін арттыруға бағытталған.

**Сұрақтар мен тапсырмалар**

- 1 Қытайда өнеркәсіптің барлық салалары жоғары деңгейде дамуына қандай факторлар әсер еткен? Сенің пікіріңше, Қытай өнімдері қандай ерекшеліктерімен әлемнің көптеген елдерінде өз тұтынушыларына ие?
- 2 Соңғы жылдары Қытайда қандай электр станцияларын көбейтуге көбірек көңіл бөлінуде? Неліктен? Қосымша дереккөздерге негізделіп Қытай атмосфераның ластануы туралы мәліметтер жина.
- 3 Қытайдың әртүрлі салалардағы әлем көлеміндегі орнын тауып, тиісті жауаптарды дәптеріңе белгіле.

А) 1-орында Ә) 2-орында Б) 3-орында

- | | |
|----------------------------|--------------------------------|
| 1) автомобиль өндірісінде; | 6) бал дайындауда; |
| 2) қант қамысын өсіруде; | 7) электр энергиясын өндіруде; |
| 3) жеміс өсіруде; | 8) шай өсіруде; |
| 4) көмір өндіруде; | 9) балық аулау көлемі бойынша; |
| 5) жүгегі өсіруде; | 10) күріш өсіруде. |

- 4 Төмендегі сауда брендтері негізінде жұмыс істейтін Қытай компаниялары туралы не білесің?

a Hisense**b Alibaba.com****d HUAWEI****e UnionPay****f xiaomi**

- 5 Қытайдың Шығыс, Орталық және Батыс экономикалық аймақтары арасындағы айырмашылықтарға қандай экономикалық географиялық факторлар әсер еткен? Не үшін Шығыс экономикалық аймақ үшін өз әлеуетіне қарай әр түрғыдан алды келеді? Толық игерілмеген аумақтарды игеруде мемлекеттің аймақтық саясатының негізгі бағыттары қандай болуы керек деп есептейсің?







Тубек мемлекет, ежелгі платформа, таулы жер бедері, халық тығыздығы, бір ұлтты мемлекет, жаңа индустриалды мемлекет, экономикалық даму.



Корея Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктер жөнінде нелерді білесін?



Жер аумағы: 100,2 мың км²
Халқы (2020ж) — 51,8 млн
Астанасы: Сеул



106-сурет. Корея Республикасы халқының орналасқан жері (халықтың 1/4 бөлігі әртүрлі түске боялған елдің әр бөлігінде тұрады)

43-§. Корея Республикасы

Корея Республикасы Шығыс Азияда, Корея түбегінің оңтүстік бөлігінде орналасқан. Жағалаулары шығыста Жапон теңізі (Кореяда оны Шығыс теңіз деп атайды), батыста Сары теңіз (Кореяда Батыс теңіз деп атайды), оңтүстікте Корея бұғазы және Шығыс Қытай теңізі (Кореяда Оңтүстік теңіз деп атайды) сularымен шайылады, солтүстікте Корея Халық Демократиялық Республикасымен (КХДР) шекаралас. Басқару нысаны — президенттік республика. Мемлекеттің астанасы — Сеул қаласы (104-сурет).

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Корея Республикасы ежелгі платформада орналасқан, ал жер бедері негізінен күшті бөлшектенген орташа биік таулардан құралған (105-сурет). Рельефі таулы жер болғандықтан мемлекетте егіншілікке жарамды жер онша көп емес, бұл жағдай кореялықтарды жерді интенсивті пайдалануға үндейді. Көмір, вольфрам, темір, мырыш, қорғасын, алтын кеніштері бар, бірақ салыстырмалы түрде қоры аз болуына байланысты мемлекет әртүрлі шикізатқа деген қажеттілігін импорт арқылы қамтамасыз етеді.

Климаты негізінен қоңыржай және муссондық жеддермен қалыптасады. Жазы ыстық және ылғалды болып, ұзақ уақытқа созылады, ал қысы өте сүйк емес, бірақ құрғақ. Өзендердің суы мол және энергетикалық әлеуетке бай. Ең ірі өзендері — Нактонган және Ханган. Үлкен аумақты ормандар алып жатыр.



104-сурет. Сеул қаласы



105-сурет. Корея Республикасындағы тау көрінісі

Халық саны. Корея Республикасының халқы негізінен Азия мемлекеттерінен табиғи өсудің төмен деңгейімен ерекшеленеді (соңғы жылдары дерлік 0-ге теңесті). Туылу және табиғи өсудің төмен деңгейі халықтың жас құрамына әсер етуде. 2020 жылғы жағдай бойынша мемлекет тұрғындарының құрамында 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі 12%, ал 65 және одан жоғары жастағылардың үлесі 16%-ды құраған. Мұндай жағдай елдегі жұмыс күшімен қамтамасыз етілгендей, сондай-ақ зейнетақы жүйесінің тұрақтылығымен байланысты мәселелерді туғызады.

Корея Республикасы жоғары урбанизацияланған мемлекет, халқының 80%-дан үлкен бөлігі қалаларда тұрады. Ең ірі қалалардың қатарында Сеулден басқа Пусан, Тэгу, Инхон, Кванджу және Тэджон кіреді.

Корея Республикасы халқының әтнікалдық құрамы жағынан бірұлтты мемлекет саналады. Жалпы халықтың 99 %-ын корейлер құрайды. Кең таралған діндер - христиандық және буддизм саналады.

Корея Республикасындағы халықтың орташа тығыздығы айтарлықтай жоғары және 1 шаршы км-ге 500-ден астам түрғын тұра келеді. Мемлекеттің жер бедері салыстырмалы түрде тегіс болған батыс және оңтүстік теңіз жағалау аумақтарында халықтың тығыздығы өте жоғары. Жалпы алғанда, мемлекетте халықтың аумақтық бөлінісі біркелкі емес (106-сурет).

Экономикасы. Корея Республикасы 1980 жылдардан бастап әлеуметтік-экономикалық дамуда үлкен жетістіктерге жетті. Бұл өсу әсіреле өнеркәсіп саласында байқалады, сондықтан Корея Республикасы жаңа индустриалды мемлекеттер тобына кіреді.

Өнеркәсіптің ең маңызды салалары — автомобильжасау, кемежасау, электротехника, электроника, атом энергетикасы, металлургия, химия және мұнай-химия, жеңіл өнеркәсіп (107-сурет). Әсіреле, кеме өндіру бойынша мемлекет әлемде бірінші орында тұрады, шойын, мырыш, қорғасын балқыту, жеңіл автомобильдер, полимер бұйымдарын өндіру бойынша әлемдегі алғашқы бестікке кіреді. Корея Республикасы «Samsung Electronics», «Hyundai», «Posco» және басқа да әлемге әйгілі трансұлттық корпорациялардың бар болуымен ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығында құріш, көкөніс, жеміс, жүзім шаруашылығының маңызы орасан зор. Шаруашылығында, ет-сүт шаруашылығы, ірі қара шаруашылығы және шошқа шаруашылығы дамыған.



107-сурет. Корея Республикасы кеме өндіру және атом энергетикасы салаларында әлемдегі жетекші мемлекеттердің бірі

Корея Республикасы экспорт көлемі бойынша дүниежүзінің жетекші 10 мемлекетінің қатарына жатады. Корея Республикасы Өзбекстан үшін де маңызды сауда серіктесі болып табылады. Корея Республикасы 2020 жылдың қорытындыларына сәйкес сыртқы сауда айналымы бойынша Өзбекстанның сауда серіктестерінің арасында Қытай, Ресей және Қазақстаннан кейін 4-орынға тұрақтады. Өзбекстанда Корея Республикасы капиталының қатысуымен 900-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Әлемнің саяси картасын пайдалана отырып, Корея Республикасының экономикалық географиялық орнына сипаттама бер және ұнамды жақтарын негізде.
- 2 Корея Республикасының географиялық орны табиғи климаттық жағдайына қалай әсер етеді? Мемлекеттің жер бедеріне байланысты түрде қандай ресурстар тапшы? Не себептен ол түрлі шикізаттарға деген қажеттілігін импорт есебінен қамтамасыз етеді?
- 3 Мемлекет халқының жас құрылымына қандай үдеріс үлкен әсер етуде? Төмендегі кестені дәптеріңе сыз және тақырып мәтінінде берілген мәліметтерді пайдаланып толтыр.

	14 жасқа дейінгі балалар	15-64 жастағылар	65 жас және одан жоғары ересектер
Ұлесі, %
Саны, миллион адам

- 4 Корея Республикасының әлемдік өнеркәсіптегі орнын сипатта. Ол не үшін жаңа индустріалды мемлекеттердің қатарына енгізіледі? Корея Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен жетістіктерге қол жеткізуде қандай факторлар маңызды деп ойлайсың?
- 5 Мемлекетіміз және Корея Республикасы арасындағы экономикалық байланыстар қай бағыттарда дамып жатыр? Қосымша дереккөздер негізінде екі мемлекет арасындағы тауар айналымының көлемі және оның тауарлар құрамы жөнінде мәліметтер тап.



44-§. Жапония

Жапония — Шығыс Азияда орналасқан арал мемлекет. Ондағы аралдардың жалпы саны 6800-ден асады, ал аумағының 97%-ы 4 ірі арал — Хонсю, Хоккайдо, Кюсю мен Сикокуға сәйкес келеді. Мемлекеттің жағалаулары солтүстікте Охотск, батысында Жапон, оңтүстік-батысында Шығыс Қытай теңізі, шығыс және оңтүстікте Тынық мұхиты суларымен шайылады.

Жапония — конституциялық монархия, мемлекет басшысы — император беделіне ие әлемнің қазіргі саяси картасындағы бірегей мемлекет (108-сурет). Қазіргі саяси басқару жүйесінде жетекші рөл премьер-министрге тиесілі. Жапония 47 префектураға бөлінген унитарлық мемлекет. Жапонияның астанасы — Токио елдің ең үлкен аралы Хонсюның шығысында, Канто жазығында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Тынық мұхитының сейсмикалық аймағында орналасқандықтан Жапонияда жер сілкінісі мен цунами жиі болып тұрады. Бұл табиғи ерекшелік Жапония халқының өмір сүруіне үлкен әсер етеді, сондықтан да жапониялықтарға бала кезінен-ақ жер сілкінісі кезінде өзін дұрыс ұстасу ережелері үйретіледі. Ел аумағының $\frac{3}{4}$ бөлігін таулар мен қырлар алғып жатыр. Жапонияның ең биік тау шыңы — Фудзияма жанартауы жапон халқы үшін қасиетті орын саналады (109-сурет). Жер бедерінің таулы болуы ауыл шаруашылығы жерлерінің тапшылығына әкелген.





108-сурет. Жапония императоры Нарухито ант беру кезінде (2019 ж.)



109-сурет. Фудзияма жанартауы

 Арал мемлекет, император, Тынық мұхитының сейсмикалық аймагы, Фудзияма, Канто жазығы, бір ұлтты мемлекет, синтоизм, буддизм, Токайдо, мегаполис.

 Неліктен Жапония «Күншігіс мемлекет» деп аталағы?



Жер аумағы: 377,9 мың км²

Халқы (2020 ж.): 126 млн

Астанасы: Токио

Жапония пайдалы қазбаларға бай емес. Мемлекетте негізінен йод (қоры бойынша әлемде 1-орында), құқырт, сондай-ақ аз мөлшерде мұнай, табиғи газ, алтын, күміс және басқа да пайдалы қазбалар өндіріледі. Жерасты байлықтарының аз болуы Жапонияны жағармай мен металды ең ірі импорттайдын мемлекеттің біріне айналдырыды.

Жапония негізінен қоңыржай және субтропиктік климатты аймақтарда орналасқан. Климаты, жалпы алғанда, муссондық желдердің әсерінен қалыптасып, оған жоғары дәрежедегі ылғалдылық тән. Жылдық жауыншашын мөлшері 1700-4000 мм-ге тең. Сондай-ақ Жапонияның климаты тайфундардың жиі қайталануымен сипатталады. Ел аумағы сүй мол өзендерге бай болғандықтан, оларды суармалы егіншілік пен энергетикада кеңінен пайдаланылады.

Халық саны. Жапонияда туылу деңгейі өте төмен болғандықтан, халық табиғи төмендеуі байқалады. Жапония халқының жас құрылымындағы егде жастағы адамдардың үлесі ең жоғары көрсеткішке ие мемлекет (29%, 2020 ж.) саналады.

Жапонияда қала халқының үлесі 90%-дан жоғары. Токио - әлемдегі ең ірі қалалардың бірі саналады, оның агломерациясында 30 миллионнан астам тұрғын жасайды (110-сурет). Йокагама, Осака, Нагоя, Саппоро, Кобе мен



Киото да мемлекеттің ең ірі қалалары болып табылады. Хоккайдо аралында орналасқан Саппородан басқа барлық ірі қалалар Хонсю аралының оңтүстік-шығысында орналасқан. Мемлекеттің бұл бөлігінде бірнеше ірі қала агломерацияларының қосылуына байланысты Токайдо мегаполисі қалыптасты (111-Сурет).



110-сурет. Токиодағы қызылстардың бірі



111-сурет. Токайдо мегаполисі

Жапония Корея Республикасы сияқты бірұлтты мемлекет саналады. Халықтың 98%-дан астамын жапондар құрайды. Негізгі діндері — синтоизм (жапондардың ұлттық діні) және буддизм. Қызықты ерекшелігі сонда, жапониялықтардың көшілігі әрі синтоизм, әрі буддизм дәстүрлерін ұстанады.

Халықтың орналасуына мемлекеттің жер бедері үлкен әсер еткен. Жапония халқының негізгі бөлігі оның аумағының 10%-ында тұрады. Канто жазығындағы халық тығыздығы ең жоғары.

Экономикасы. XX ғасырдың 60-жылдарынан бері Жапонияның «экономикалық ғажайыбы» әлемді таң қалдыра бастады. Мұның мәні Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліп, атом бомбасының қасіретін бастан өткізген мемлекеттің жылдам өзін тіктең, бұрын-соңды болмаған қарқынмен жедел дамуға қол жеткізуінен тұрады. Сарапшылардың пікірінше, Жапонияның «экономикалық ғажайыбының» қайнар көзі — жапон ұлтының жоғары дәрежедегі еңбекқорлығы мен еңбек тәртібі, үйымшылдық пен төзімділік, жұмысқа жауапкершілік сезімі мен үнемділік сияқты әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты.

Жапония экономикасы жоғары деңгейде дамыған мемлекет. ЖІӨ-нің жалпы көлемі бойынша дүниежүзінде Қытай, АҚШ және Үндістаннан кейін төртінші орын алады. Жапония өнеркәсібі ең заманауи технологияларға негізделген салалар — электроника, электротехника, машинажасау, кемежасау, автомобиль жасау, қосалқы бөлшек жасау, химия және мұнай-химия өнеркәсіптеріне мамандандырылған. Мемлекеттің ең танымал трансұлттық корпорациялардың қатарында “Toyota”, “Honda”, “Sony”, “Mitsubishi”, тағы басқалар кіреді.

Жапония ауыл шаруашылығының жетекші саласы — күріш шаруашылығы. Күріш — жалпы егін алқаптарының жартысына егіледі. Сондай-ақ бидай, соя, әртүрлі көкөністер және бау-бақша салалары да жақсы дамыған.

Жапонияда көліктің барлық түрлері жоғары дәрежеде дамыған. Әсіресе, мемлекеттің негізгі қалаларын байланыстыратын «Синкансиң» жүрдек пойыздары ерекше назар аударуға лайық (112-сурет). Жапониядағы кейбір аралдар арасында суастындағы туннельдер де өткізілген. Олардың ең ұзыны Хонсю мен Хоккайдо аралдарын жалғайтын Сейкан туннелі (54 км). Жапонияда халықаралық туризм де жақсы дамыған. Мемлекетке жылына 30 млн-ға жуық шетелдік саяхатшылар келеді. Жапонияның ең маңызды туристік ресурстары оның бай және бірегей тарихи-мәдени мұрасы болып табылады (113-сурет).

Хонсю аралының шығысында қалыптасқан Тынық мұхитының өнеркәсіптік аймағы экономикалық тұрғыдан Жапонияның ең дамыған өнірі болып табылады. Бұл аймақ Тынық мұхиты бойымен 600 км-ден астам қашықтықта созылған. Кюсю аралының оңтүстік бөлігі, Сикоку аралы және әсіресе Хоккайдо аралы экономикалық жағынан салыстырмалы түрде баяу дамыған.



108-сурет. «Синкансэн» жүрдек пойызы

113-сурет. Киото қаласындағы
әйгілі будда ғибадатханасы

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Жапонияның географиялық орнының өзіндік ерекшелігін түсіндір. Жапонияның жанармай және металдарды ең көп импорттайдын мемлекеттердің бірі екендігінің себебі неде?
- 2 Төмендегі кестені дәптеріңе сызып алып толтыр.

Жапонияның табиғи жағдайлары мен ресурстары

Оң жақтары

Кері жақтары

...

...

- 3 Төменде келтірілген географиялық аттар қайсы объектілерге тиісті екенін анықта.
 - a) **Канто;** ә) **Токайдо;** б) **Сейкан;** в) **Саппоро;** г) **Фудзияма;** ғ) **Хонсю;**
 - 1) Жапония ең ірі арал;
 - 2) Хоккайдо аралында орналасқан ірі қала;
 - 3) Жапония астанасы орналасқан жазықтық;
 - 4) Жапония мен Корея Республикасы халқының табиғи әрекеті, құрамы және орналасуы арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?
 - 5) Жапонияның «экономикалық ғажайыбын» сипатта. Ол қандай факторлармен байланысты? Бұл мемлекет қандай ерекшеліктерімен дамушы мемлекеттерге үлгі бола алады деп ойлайсыңың?
 - 6) Мемлекеттің өнеркәсібі қандай салаларға маманданған? Бұл оның экономикалық әлеуетін қалай көрсетеді? Оның ең танымал трансұлттық корпорацияларына мысалдар келтір.
 - 7) Жапонияның халықаралық экономикалық қатынастарында төмендегі көлік түрлерінің қайсысы басты маңызға ие деп санайсыңың? Пікірінді негізде.



a



b



d



e



Оңтүстік Азия, федеративтік мемлекет, Гималай, Ганга, агроклиматтық ресурстар, этникалық әртүрлілік, индуизм, дамып келе жатқан мемлекет.



Үндістан қандай салаларының дамығанымен әйгілі?

45-§. Үндістан Республикасы

Үндістан Республикасы Оңтүстік Азиядағы ең ірі мемлекет, әлем мемлекеттері ішінде аумағы бойынша 7-ші, халық саны бойынша 2-ші орында тұрады. Аумағы негізінен Үндістан түбөгінде орналасқан. Үндістанға Лаккадив, Андаман және Никобар аралдары да жатады. Еуропа мен Азия елдерін байланыстыратын қатынасы қарқынды теңіз жолдарының бойында орналасуы мемлекеттің экономикалық-географиялық орнының қолайлылығын белгілейді.


Үндістан басқару түрі жағынан парламенттік республика, мемлекеттік құрылымына сәйкес федерация болып табылады. Құрамында 28 штат және 8 одақтас аумақтардан бар. Федеративтік бірліктері негізінен этникалық қағидат бойынша бөлінеді.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Үндістанның табиғи жағдайы алуан түрлі, табиғи ресурстарға өте бай. Мемлекет аумағында планетамыздағы ең биік таулар, қалың орман, саванналармен оралған бөлшектенген үстірттер, шексіз құмды шөлдер кездеседі (114-сурет).

Үндістанда темір, марганец, хром, титан, уран, торий кендері, көмір, гауһар тастардың, әртүрлі асыл тастардың қоры айтарлықтай көп. Үндістанның түрлі аумағында және теңіздің таяз жерлерінде мұнай да табылған.

Үндістан аумағында қыс мезгілі дерлік байқалмайды (Гималай тауларынан тыс). Сондықтан жылына 2-3 рет өнім жинап алынады. Жауыншашын маусымдық сипатта ие және негізінен июнь-ояктябрь айларында жауын көп болады. Үндістан аумағында сұы мол өзендер көп. Олардың ең ірілері Гималай тауларынан басталып, Бенгал шығанағына құялатын Ганга және Брахмапутра өзендері. Сонымен бірге Годавари, Маханади, Кавери, Кришна, Нармада және Тапти де үлкен өзендер болып табылады.

Халық саны. Үндістан халық саны бойынша әлемде Қытайдан кейінгі екінші орынды (2020 ж.). Бірақ Үндістан халқының табиғи өсу қарқыны (жылдық есепте 1,4%) Қытайға салыстырмалы әлдеқайда жоғары болуына байланысты екі мемлекет халқының саны арасындағы айырмашылық барған сайын азайып барады. Мамандардың пікірінше, таяу жылдары Үндістан дүниедегі халқы ең көп мемлекетке айналады.



Гималай таулары.



Декан таулы үстіртіндегі саванна.



Тар шөлі.

114-сурет. Үнді табиғатының алуан түрлілігі

Үндістан — дүние жүзіндегі ең көп ұлтты мемлекет. Елдеңі ұлт, ұлсыс және тайпалар әр түрлі тіл жанұяларына жатады. Үнділер, бенгалдар, бихарлар, телугулар, пенжабтықтар мен тамилдер — ең көп санды ұлттар саналады.

Үнділердің жалпы халықтағы үлесі 40%-дан сәл асады. Жалпы ұлттық ресми тілдері — хинди және ағылшын. Сондай-ақ, басқа штаттарда 19 тілдің ресми мәртебесі бар.

Мемлекет халқының діни құрамы да құрделі. Халықтың 80%-ы индуизм дінін ұстанады. Екінші орында жалпы халықтың 14 %-ын құрайтын мұсылмандардан тұрады. Үндістанда христиандар, сикхтер, буддистер, тағы басқа дін өкілдері де тұрады.

Үндістан тарихында Тимурийлер әулетінің көрнекті өкілдерінің бірі Захириддин Мұхаммед Бабыр және оның ұрпақтары тендеңсіз із қалдырды. Мемлекетте Бабурийлер салтанаты кезінен көптеген тарихи және мәдени ескерткіштер қалған, олардың ең әйгілісі Агра қаласындағы Тәж-Маһал кешені (115-сурет).

Мемлекет халқының урбанизация деңгейі 35%-ды құрайды. Қалалардың ішінде Мумбай (Бомбей), Калькутта (Калькутта), Дели, Бангалор, Ченнай (Мадрас), Хайдарабад, Ахмедабад ең ірілері саналады.


Үндістан халқы біркелкі орналаспаған. Халқының тығыздығы Ганга өзен аңғарында және теңіз жағалау жазықтарында өте жоғары болса (1 шаршы км-ге 1000 адамнан астам), Гималайдың биік беткейлерінде, Солтүстік-батыс және орталық құрғақшыл аймақтарда, керісінше, біршама сирек орналасқан (116-сурет).

Экономикасы. Үндістан дүние жүзінде жалпы ішкі өнімі көлемі бойынша Қытай мен АҚШ-тан (2020 ж.) кейін 3-ші орында тұр, ол негізгі дамып келе жатқан мемлекеттің бірі. Бүгінгі таңда Үндістандың көбінесе «қарама қайшылықтар елі» деп атайды, өйткені онда байлық пен кедейлік, ең заманаулық өндіріс кәсіпорындары мен табиғи өндіріске негізделген қарапайым шаруашылықтар үйлесіп кеткен (117-сурет).

Үндістан — жеңіл және азық-түлік өнеркәсібіне мамандандырылған мемлекеттен барған сайын заманауи технологияларға негізделген өнеркәсіп салалары дамыған мемлекетке айналуда. Мемлекет экономикасының негізін металлургия, машина жасау және химия өнеркәсібі құрайды. Үндістан көмір мен темір рудалары, ас тұзын өндіруде, болат, шойын, мыс және алюминий балқытуда, цемент, жібек мата, аяқиім өндірісінде әлемнің үздік бес мемлекеттің қатарына кіреді. Елдегі автомобилдік және кемежасау өнеркәсібі де қарқынды дамып келеді. Бангалор қаласы бүкіл әлемге әйгілі заманауи ақпараттық технологиялардың орталығы болып табылады.



115-сурет. Тәж-Маһал



116-сурет. Үндістан халқының тығыздығы (адам/км2).



Бангалор қаласындағы технопарктардің бірі



Жібек маталарды қолмен тоқу

117-сурет. Үндістан - «Қарама қайшылықтар елі»



Ауыл шаруашылығында мемлекеттегі жалпы халықтың 40%-ға жуығы жұмыс істейді. Табиғи жағдайы ауыл шаруашылығын дамытуға өте қолайлы болғандықтан Үндістан аумағының жартысынан көбі егістік алқаптарға айналдырылған. Егістік жерлердің көлемі бойынша әлемде АҚШ-тан кейін 2 орында тұр. Мемлекеттің егістік алқаптарының $\frac{2}{5}$ бөлігі суаруды талап етеді. Суармалы алқаптардың көлемі бойынша Үндістан тек Қытайдан кейінгі орында тұр. Қазіргі уақытта Үндістан күріш, бидай, картоп, қант қамысы, жержаңғақ, көкөністер, жемістер, мақта, шай, бұрыш, әртүрлі дәрілік өсімдіктер өсіру бойынша әлемдегі мемлекеттердің алғашқы үштігіне кіреді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Үндістанның экономикалық географиялық орнын сипатта. Бұл фактор оның экономикалық дамуына қалай әсер етеді?
- 2 Елдің табиғи жағдайларының негізгі ерекшеліктері қандай? Табиғи ресурстардың Үндістанның өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығының дамуындағы маңызы қандай?
- 3 Үндістан халқы қандай өзгешелігімен ерекшеленеді? Үндістан мен Қытай халқының табиғи әрекетін, үлттық және діни құрамын салыстыры.
- 4 Төмендегі картада белгіленген Үндістанның ірі қалаларының аттарын анықта.



- 5 Үндістан туралы мәліметтерден қателерді тауып, оларды түзет.
 - Ирі индустримальды-аграрлық мемлекеттер тобына жатады;
 - Саяси-аумақтық құрылымы бойынша федеративтік мемлекет саналады;
 - Халықтың тығыздығы орталық және батыс бөліктерінде өте жоғары;
 - Халықтың басым бөлігі буддизмге сенеді;
 - Әйгілі Тәж-Махал кешені Агра қаласында орналасқан;
 - Ең ірі өзендері - Ганга және Үнді өзендері;
 - Егістік алқаптарының көлемі бойынша әлемде Қытайдан кейінгі екінші орын тұрады?
 - ЖІӨ көлемі бойынша әлемде үшінші орында тұрады;
 - Мумбай қаласы - бүкіл әлемге әйгілі заманауи ақпарат технологиялар орталығы болып табылады;
 - Қазіргі уақытта Үндістанды көбінесе "қармақ қайшылықтар елі" деп атайды.
- 6 Атластағы Үндістанның экономикалық картасын пайдаланып, мемлекеттің ауыл шаруашылығына мамандануын талдаңыз. Оған қандай факторлар әсер еткен? Жазусыз картаға мемлекеттің негізгі өнеркәсіп орталықтары мен ауыл шаруашылық мамандануын түсір.

46-§. Парсы шығанағы араб мемлекеттері

Парсы шығанағының айналасында 8 мемлекет орналасқан, оның 6-уы Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Оман, Катар, Кувейт, Бахрейн — табиғи географиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, демографиялық және ұлттық-мәдени тұрғыдан бір-біріне өте ұқсайды. Бұл мемлекеттердің тобы **Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері** деп аталады. Парсы шығанағындағы шағын аралдарда орналасқан Бахрейнді қоспағанда, осы топтағы елдердің барлығы Арабия тұбегінде орналасқан. Аймақтың экономикалық географиялық орналасуының қолайлылығы үш құрлық — Азия, Африка және Еуропаның тұтасқан аумағында халықаралық маңызы бар тәніз жолдарының бойында орналасқанымен белгіленеді. Парсы шығанағындағы араб елдері аумағы мен халқының саны бойынша бір-бірінен ерекшеленеді (21-кесте). Аймақтағы аумақтық-демографиялық әлеуеті ең үлкен мемлекет — Сауд Арабиясы.

21-кесте. Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері туралы жалпы мәліметтер

Мемлекет	Астанасы	Аумағы (мың км ²)	Халқы (миллион адам, 2020 ж.)
Бахрейн	Манама	0,8	1,5
Біріккен Араб Әмірліктері	Абу-Даби	83,6	9,8
Кувейт	Әл-Кувейт	17,8	4,7
Катар	Доха	11,6	2,8
Сауд Арабиясы	Әр-Рияд	2149,7	35
Оман	Маскат	309,5	4,7

Парсы шығанағындағы араб елдерінің барлығына монархиялық басқару нысаны тән. Сауд Арабиясы, Катар, Оман абсолютті монархия, Кувейт, Бахрейн конституциялық монархия болып табылады. Ал БАӘ әр біреуі абсолютті монархия саналатын жеті әмірліктің федерациясы, мемлекеттік жүйесінде абсолютті және конституциялық монархияның элементтері біріктірілген.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Арабия тұбегі ежелгі платформада орналасуына байланысты жер бедерінде жазықтар мен үстірттер басым. Климаты тропиктік, жыл бойы ыстық және құрғақ. Жазда күндізгі ауа температурасы әдетте +50°C-тен жоғары болады, ал түнде 0°C-қа дейін төмендеуі мүмкін. Жылдық жауыншашын мөлшері 100 мм-ге жетпейді. Парсы шығанағы аймағындағы негізгі табиғи зона тропиктік шөлдер (118-сурет).

Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің негізгі табиғи байлығы — ауқымды мұнай мен газ қоры саналады. Мұнай қорымен әсіреле Сауд Арабиясы, Кувейт және БАӘ, табиғи газ қорымен Катар, Сауд Арабиясы және БАӘ ерекшеленеді.

Құрғақ климатқа байланысты су ресурстарының тапшылығы бар. Тұрақты ағын судың жоқтығынан көне заманнан бері негізгі су көзі жер асты сулары қызмет еткен. Қазіргі жағдайда сумен қамтамасыз етуде тәніз сүйн тұщыландыру ерекше маңызды (119-сурет). Өзендер тек қана жаңбыр жауатын кезде суға толатын өзендер — аңғарлар көрінісіне ие.



Парсы шығанағы, Арабия тұбегі, монархия, тропиктік шөлдер, тәніз сүйн тұщыландыру, мұнай өнеркәсібі, діни туризм.



Парсы шығанағы араб елдерінің әлемдік экономикадағы маңызын қандай фактор белгілейді?



118-сурет. Арабия тұбегіндегі шөл ландшафты



119-сурет. Тәңіз суын тұщыландыратын кәсіпорын



120-сурет. Эл-Кувейт қаласы



121-сурет. Мекке қаласындағы қасиетті Қағба

Халық саны. Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері халқының маңызды ерекшелігі шетелдік мигранттар үлесінің үлкендігі. Оманда шетелдік жұмысшылар халықтың 25%-ын құрайды, Сауд Арабиясында 30% болса, басқа мемлекеттерде бұл көрсеткіш 50%-дан жоғары, ал БАӘ-де 90%-ға жақын. Шетелдік мигранттардың негізгі бөлігін Оңтүстік Азия және Солтүстік Африка елдерінің азаматтары құрайды.

Аймақ мемлекеттерінде халықтың табиғи өсуі салыстырмалы түрде төмен. Оманда бұл көрсеткіш жылына 2 % шамасында, ал басқа мемлекеттерде 0,9-1,2 %-ға тең.

Парсы шығанағындағы араб мемлекеттеріне қала түрғындарының жоғары үлесі тән. Атап айтқанда, Оман, Сауд Арабиясы, БАӘ және Бахрейндегі урбанизация деңгейі 80%-дан астам, ал Кувейт пен Катарда 100%-ға тең. Аймақтағы ең ірі қалалар — Эр-Рияд, Жидда, Дубай, Мекке, Медина, Абу-Даби, Эл-Кувейт (120-сурет).

Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар, Кувейтте суннит, Бахрейнде шииттер, Оманда ибади мұсылмандары көпшілікті құрайды. Сауд Арабиясындағы Мекке және Мәдина қалалары бүкіл әлем мұсылмандары үшін қасиетті қалалар болып табылады (121-Сурет).

Экономикасы. Парсы шығанағындағы араб елдері экономикалық дамуының жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Халық жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі бойынша аймақ елдері дүниежүзінде жетекші орындарда тұрады.

Экономиканың негізгі саласы — мұнай және газ өнеркәсібі. Мұнай мен газ экспортты аймақ мемлекеттері табысының маңызды қайнар көзі болып табылады. Энергия көздерімен жақсы қамтамасыз етілуіне байланысты аймақ мемлекеттерінде химия және мұнай-химия, қара және тұсті металлургия өнеркәсібі дамып келеді.


Егіншіліктің дамуы су ресурстарының жетіспеушілінен шектелген. Соңғы жылдары тамшылатып суару технологияларын кеңінен қолдануға көніл бөлінуде. Дәстүрлі түрде негізгі ауыл шаруашылық өнімі — құрма пальма ағашы саналады. Мал шаруашылығының негізгі саласы — қой, ешкі, түйе шаруашылықтары.

Аймақ мемлекеттерінде, сонымен қатар банк-қаржы секторында транзиттік сауда және туризм де жақсы дамып келеді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің экономикалық географиялық орнын сипатта.
- 2 Атластағы дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, төмендегі картада Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің қандай әріптермен көрсетілгенін тап.



- 3 Бұл мемлекеттердің табиғи жағдайларының негізгі ерекшеліктері қандай? Аймақ қандай ресурс қорымен дүниежүзінде ерекшеленеді? Керісінше, қандай табиғи ресурстар өте тапшы?
- 4 Аймақ мемлекеттері халқының ішінде шетелдік мигранттардың үлесі көп екендігін қалай түсіндіруге болады? Сенің ойыңша, бұл мемлекеттерде қала халқы тұрғындары үлесінің жоғары екенін қандай факторлармен байланысты?
- 5 Кестені толтырыңыз. Аумақтағы халықтығызыры ең жоғары және ең төмен мемлекеттерді анықта.

Мемлекет	Аумағы (мың км ²)	Халқы (млн адам, 2020 ж.)	Халықтығызыры (адам/ км ²)
Бахрейн	0,8	1,5
Біріккен Араб Әмірліктері	83,6	9,8
Кувейт	17,8	4,7
Катар	11,6	2,8
Сауд Арабиясы	2149,7	35
Оман	309,5	4,7

- 6 Жазусыз картаға Парсы шығанағындағы араб мемлекеттері ауыл шаруашылығының мамандануын және ірі өнеркәсіп орталықтарын анықта.

47-§. Жалпылау сабағы

- 1 Оқулық мәтініндегі мәліметтерге сүйене отырып, төмендегі мемлекеттер қандай көрсеткіштер бойынша әлемде алдыңғы орында екенін тауып, кестені толтырыңыз.

Мемлекеттер	Әлемде иелеген орны				Үздік 10-дыққа кіреді
	I	II	III	IV	
Қазақстан					
Түркіменстан					
Түркія					
Қытай					
Корея Республикасы					
Жапония					
Үндістан					




- 2) Төмендегі тест тапсырмаларының жауаптарын дәптеріңе жаз.

I варіант

- 1) Түрікменстанда электр энергиясының көзінеден алынады?
 - а) ЖЭС
 - б) ГЭС
- 2) Қытай құрлықта неше мемлекетпен шекаралас?
 - а) 16
 - б) 12
 - д) 15
- 3) «Sony» компаниясы қай мемлекетке тиісті?
 - а) Корея Республикасы
 - б) Қытай
 - д) Жапония
 - е) Сингапур
- 4) «Азия жолбарыстары» тобына жататын мемлекетті табыңыз.
 - а) Жапония
 - б) Малайзия
 - д) Израиль
 - с) Қытай
 - е) БАӘ

II варіант

- 1) Төмендегілердің ішінде экономикасы үшін туризм ерекше маңызға ие болған мемлекетті тап.
 - а) Қырғызстан
 - б) Қазақстан
 - 2) Қайсы қала Түркияның ең ірі қаласы саналады?
 - а) Анкара
 - б) Стамбул
 - д) Измир
 - 3) Дүние жүзіндегі ең көпұлтты мемлекетті табыңыз.
 - а) Қытай
 - б) Пәкістан
 - д) Иран
 - е) Үндістан
 - 4) 2020 жылдың қорытындысы бойынша Корея Республикасы сыртқы саудасы айналымы бойынша Өзбекстанның сауда серіктестерінің арасында нешінші орынды иелеген?
 - а) 2-орын
 - б) 5-орын
 - д) 1-орын
 - с) 4-орын
 - е) 3-орын
- 3) Картада әртүрлі әріптермен белгіленген мемлекеттерге сәйкес үғым мен атауларды тауып, оларды түсіндір.



- 1) «Синкансэн»;
- 2) Балқаш;
- 3) «Үш Қысаң»;
- 4) жаңа индустриалды мемлекет;
- 5) Никобар;
- 6) Мекке;
- 7) ибади мұсылмандары;
- 8) Норак;
- 9) "Аваза";
- 10) Үстыққөл;
- 11) Шығыс Фракия;
- 12) Аятолла;
- 13) Карачи;
- 14) Герат.

- 4) 6-тараудағы әр бір тақырыптан 2-еуден тест тапсырмасын құрастыр.



7-тарау. Африка, Австралия және Океания, Америка мемлекеттері

48-§. Африканың географиялық орны, саяси картасы, табиғи ресурстары

Африка құрлығы аттас материк пен оған іргелес аралдардан тұрады. Ежелгі финикиялықтар «афарик» деген сөзben Карфагеннің батысында жасайтын тайпаларды атаған («афар» сөзі финикиялықтардың тілінде «шаң» деген мағынаны білдіреді). Римдіктер Карфаген қаласы және оның төңірегін жауап алғаннан кейін осы аймаққа Африканың аты берілді. Кейін бұл атау бұқіл материкке қатысты қолданыла бастады.

Африканың аралдармен қоса есептегенде аумағы 30,3 млн шаршы км² құрайды. 2020 жылғы мәліметтер бойынша халық саны шамамен 1,34 миллиард адамға жуық (дүниежүзі халқының саны 17,2%-ы).

Африканың ортасынан экватордың солтүстік жағалауларынан жағалаулары солтүстігінде Жерорта теңізі, солтүстік шығысында Қызыл теңіз, шығысында Үнді мұхиты Қызыл теңіз, батысында Атлант мұхитының сularымен шайылады. Қызыл теңіз, Суэц каналы мен Баб-әл-Мандоб бұғазы Африканы Азиядан, Жерорта теңізі мен Гибралтар бұғазы оны Еуропа құрлығынан бөледі (122-сурет).

Құрлықтың саяси картасының қалыптасу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Ұлы географиялық ашылу кезеңінен бері Африканың көптеген аумақтары Еуропа мемлекеттерінің отарына айналды. 1914 жылға келіп Африкада тек қана 2 тәуелсіз мемлекет қалған еді: бірнеше мың жылдық мемлекеттілік тарихы бар Эфиопия, сондай-ақ 1847 жылы АҚШ-тың көмегімен құрылған Либерия мемлекеті. Құрлықтың қалған бөлігі Ұлыбритания, Франция, Португалия, Бельгия, Германия, Италия және Испания өзара бөліп алған еді (124-сурет).

Африка елдерінің тәуелсіздік алу процесі 1950 жылдары басталды. БҰҰ «Африка жылы» деп жариялаған 1960 жылы құрлықта 17 мемлекет тәуелсіздік алып, дүниежүзілік қоғамдастық мойыннады. Көптеген



Африка, құрлық, материк, Гибралтар бұғазы, Суэц каналы, отаршылдық, «Африка жылы», Сахара, шөлдену, Сахель.




Африканың географиялық орнының негізгі ерекшеліктерін сипатта.




122-сурет. Африка құрлығы



123-сурет. Гибралтар бұғазының Еуропадағы жағалауынан Африка жағалауының көрінісі



124-сурет. Африканың саяси картасының 1914 жылғы жағдайы



126-сурет. Шөлдену күшті дамыған Сахель өлкесінің аумағы

мемлекеттер 1960-1980 жылдары мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізді. Құрлықтағы ең жас мемлекеттер — 1990 жылы тәуелсіздік алған Намибия, 1993 жылы Эфиопиядан бөлініп шыққан Эритрея және 2011 жылы тәуелсіздігін жариялаған Оңтүстік Судан саналады. Африканың қазіргі саяси картасында 54 тәуелсіз мемлекет бар (125-сурет).

Африкадағы көптеген мемлекеттердің шекаралары отаршылдық кезеңде қалыптасып, көп жағдайда табиғи және этникалық шекарасына сәйкес келмейтін жасанды көріністері бар. Соның салдарынан құрлықта әлі де түрлі әскери қақтығыстар мен этникалық қарама-қарсылықтар жиі орын алады.

Африканың саяси картасының өзіндік ерекшеліктерінің бірі оның аумағы үлкен мемлекеттер санының көп болуы. Дүниедегі аумағы 1 миллион шаршы км-ден асатын 29 мемлекеттің 12-сі Африкада орналасқан (Алжир, Конго, Судан, Ливия, Чад, Нигер, Ангола, Мали, Оңтүстік Африка Республикасы, Эфиопия, Мавритания, Мысыр) болса, Жер аумағы 1000 шаршы км-ден аспайтын 24 мемлекеттің 1-ғана — Сейшель аралдары Африкаға тиесілі.

Африкада жалпы 6 арал мемлекет бар. Олар Мадагаскар, Кабо-Вerde, Комор аралдары, Маврикий, Сан-Томе және Принси, сондай-ақ Сейшель аралдары. Теңізге шығу мүмкіндігі жоқ мемлекеттердің саны бойынша Африка құрлық арасында жетекші саналады. Африкада жалпы 16 мемлекет құрлық ішінде орналасқан. Олардың қатарында Чад, Нигер, Мали, Эфиопия, Замбия, Ботсвана сияқты ірі мемлекеттер де бар. Эфиопия дүниенің құрлық ішінде орналасқан 44 мемлекеті арасында халық саны жағынан көш бастап тұр.

Африканың оңтүстігінде орналасқан Лесото мемлекеті географиялық орнының өзіндік ерекшелігі — оның жанжағынан Оңтүстік Африка Республикасының аумағымен қоршалғандығы. Өз кезегінде, Лесото Еуропадағы Сан-Марино және Ватикан сияқты «ергежейлі» мемлекеттер сияқты анклав саналады.

Африка елдерінің 51-і республика, 3-і (Марокко, Лесото, Эсватини) басқарудың монархиялық формасына ие. Құрлықтағы республикалардың көбі президенттік республикалар. Әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Африкадағы 6 мемлекет федерациялық құрылымға ие - Нигерия, Эфиопия, Судан, Оңтүстік Судан, Сомали, Комор аралдары.

Африка мемлекеттері табиғи ресурстарға, әсіреле пайдалы қазбаларға бай болуы және алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мұнай және табиғи газ қорларына Нигерия, Алжир, Ливия, Ангола, Габон, Конго, Экваториал Гвинея сияқты мемлекеттер бай. Құрлықта ең үлкен көмір қорымен Оңтүстік Африка Республикасы ерекшеленеді. Оңтүстік Африка Республикасы, Намибия, Ботсвана, Замбия, КДР, Нигер сияқты Африка мемлекеттері түсті, бағалы және радиоактивті металдардың, гаухартастың ірі кен орындарымен танымал.

7-ТАРАУ. АФРИКА, АВСТРАЛИЯ ЖӘНЕ ОКЕАНИЯ, АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

48-§. АФРИКАНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ, САЯСИ КАРТАСЫ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫ




125-сурет. Африканың саяси картасы

Африкадағы ең көп таралған табиғи зоналары — саванна, шөлейт, шөл, сондай-ақ ылғалды экваторлық ормандар. Солтүстік Африкада — планетадағы ең үлкен шөл — Сахара шөлі орналасқан. Оның оңтүстік шекарасы бойымен созылған Сахель деп аталатын шөлейттік сипатқа ие табиғи географиялық өлкө дүниежүзі бойынша халқы және ауыл шаруашылығы шөлдену үдерісінен ең ауыр зиян көріп жатқан аумақ саналады. Сахель Судан, Чад, Нигер, Мали, Мавритания сияқты мемлекеттерін аумақты қамтиды (126-сурет).



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Атластағы дүниежүзінің саяси картасын пайдаланып, төменде жазусыз картада қай елдер сандармен көрсетілгенін табыңыз және сәйкес жауаптарды дәптеріңе белгіле.



- 2 Африканың саяси картасының тарихи қалыптасуы және заманалық жағдайының ерекшеліктерін сипатта. Несебепті құрлықта этникалық келіспеушіліктер жи болып тұрады?
- 3 Дүние жүзінің саяси картасынан Африканың арал мемлекеттерін табыңыз, аттары мен астаналарын дәптеріңе жазып ал.
- 4 Африканың географиялық орнының өзіндік ерекшеліктері оның табиғи жағдайларына қандай әсер еткен?
- 5 Атластағы орман ресурстарын картасын пайдаланып, Африканың қайсы мемлекеттері ормандарға бай екендігін анықта және оның себебін түсіндір.
- 6 Сахель аумағы қандай сипаттарымен ерекшеленеді? Шөлденуге қарсы құресуде қандай шараларды қолдану керек деп санайсың? Сенің ойыңша, Орталық Азия континенті үшін шөлдену проблемасы қаншалықты өзекті?



49-§. Африка елдерінің халқы және шаруашылығы

Африкада 2020 жылдың жағдайына орай 1,34 миллиардқа жақын адам жасайды. Бұл дүние жүзі халқының 17,2%-ын құрайды. Құрлық мемлекетті арасында халық саны бойынша көзге түсетін мемлекет — Нигерия саналады. Оның халқы — 2020 жылғы деректер бойынша, 206,1 миллион адамға тең, бұл көрсеткіш бойынша әлем елдері арасында 7-орында тұр.

Халық саны бойынша Нигериядан кейін жетекші орынды Эфиопия (115 миллион адам), Мысыр (100,8 миллион адам), Конго Демократиялық Республикасы (89,6 миллион адам), Танзания (59,7 миллион адам), Оңтүстік Африка Республикасы (59,6 миллион адам) және Кения (53,5 миллион адам) сияқты мемлекеттер иелейді (2020 жыл).

Африка халқы құрлық бойынша таралуы әркелкі (127-сурет). Бұған табиғи факторлар, әсіресе, климат пен су ресурстары үлкен әсер еткен. Ніл аңғары және дельтасы, Жерортатеңізі және Гвинея шығанағы аумақтары, Шығыс Африканың тау аралығындағы ойпаттары және Оңтүстік Африка Республикасының индустримальған аумақтарында халықтың тығыздығы ең жоғары деңгейге ие. Сонымен қатар, Сахара, Калахари, Намиб сияқты тропиктік шөлдерде халықтың тығыздығы өте төмен.

Африка халқы ең жоғары қарқынмен өсіп келе жатқан құрлық саналады. Дүние жүзі халқы соңғы жылдары жылдық есеппен 1,1%-ға көбейіп жатқан болса, Африкада бұл көрсеткіш 2,6%-ды құрайды (2020 ж.). Африканың көпшілік мемлекеттеріне туылу және халықтың табиғи өсудің жоғары қарқындымен, орташа өмір сүрудің салыстырмалы төмен көрсеткіштері, халықтың жас құрлылымында балалардың басым болуы тән (22-кесте).

Бұл жағдай тек Тунис, Марокко, Ботсвана, Оңтүстік Африка Республикасы, Кабо-Вerde, Маврикий және Сейшель аралдары сияқты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі біршама жоғары мемлекеттерде құрлықтағы жалпы жағдайдан ерекшеленеді.


Африка құрлықтар арасында урбанизация деңгейі бойынша (43%, 2020 ж.) соңғы орында тұр. Қала халқының үлесі Жерорта теңізі жағалауындағы мемлекеттер, Оңтүстік Африка Республикасы, шағын арал мемлекеттері және мұнай өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде жоғары. Нигер, Руанда, Бурунди, Малави сияқты мемлекеттерде урбанизациялану деңгейі 20 %-ға да жетпейді.

22-кесте. Африкадағы кейір мемлекеттер, сондай-ақ Германия және Жапонияның демографиялық көрсеткіштері (2020 жылғы жағдай бойынша)

Көрсеткіштер	Африканың кейір мемлекеттері		Әлемнің дамыған мемлекеттері	
	Нигер	КДР	Германия	Жапония
1 әйелге тұра келетін балалардың орташа саны	7,1	6,2	1,6	1,3
Халықтың жылдық табиғи өсуі, %	3,8	3,5	-0,2	-0,4
Ерлер мен әйелдердің орташа өмір сүру үзақтығы, жас	E. — 58 A. — 60	E. — 58 A. — 62	E. — 78 A. — 83	E. — 81 A. — 87
Халықтың жас құрлылымында 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі %	51	46	14	12
Халықтың жас құрлылымында 65 жастан үлкен қарптардың үлесі, %	3	3	22	29
1 жасқа дейінгі сәбілдер өлімі, 1000 туылған балаға қатысты	69	68	4	2

Халықтың тығыздығы, табиғи өсу, урбанизация, оңтүстік европеоидтер, негроидтер, халықтың этникалық және діни құрамы, шикізатты жеткізуши шаруашылық салалары, егін жеке билігі.


Африканың көптеген мемлекеттері экономикалық дамудың қандай ерекшеліктерімен әлем бойынша ерекшеленеді?




127-сурет. Африкада халықтың тығыз орналасуы (адам/км²)



Халықтың нәсілдік, этникалық және діни құрамы бойынша Африка құрлығы екі үлкен бөлікке бөлінеді (128-сурет). Біріншісі, Мысыр, Ливия, Судан, Алжир, Тунис, Марокко, Мавритания сияқты мемлекеттерден тұратын Солтүстік Африканың аймағы. Бұл жердегі халықтың құрамында оңтүстік европалық нәсілге жататын арабтар мен варварлар басым, негізгі діні ислам діні саналады, этникалық және діни құрамының біртұтастығымен ерекшеленеді. Құрлықтағы басқа мемлекеттер Тропиктік Африка аймағын құрайды. Бұл мемлекеттер халқының этникалық құрамы әртүрлі, негізінен негроид нәсіліне жататын жұздеген ұлттар мен ұлыстардан тұрады. Діндерден ислам мен христиандық және әртүрлі жергілікті діндер кең таралып, регионның әртүрлі мемлекеттерінде олардың қатынасы әртүрлі (129-сурет).



128-сурет. Солтүстік және Тропиктің Африка мемлекеттері халқының салыстырмалы сипаттамасы.



129-сурет. Африкада әртүрлі діндердің таралуы

Африка мемлекеттерінің әлемдік шаруашылығындағы рөлі негізінен тау-кен өнеркәсібі және тропиктік егіншілікпен белгіленеді. Яғни, құрлықтағы мемлекеттердің экономикасында көбірек шикізатты жеткізетін салалар басымырақ. Мұның негізгі себептері мамандандырылған отаршылдық кезеңде қалыптасуы, өндірістің техникалық және технологиялық артта қалуымен байланысты.

Нигерия, Алжир, Ангола, Ливия, Габон, Конго, Экваторлық Гвинея мұнай және табиғи газ, Намибия және Нигер ураны, Гвинея боксит кендері, Замбия және КДР мыс рудалары, Марокко және Египет фосфориті, Гана алтынмен, КДР, Ботсвана, Ангола, Зимбабве, Намибияда, Сьерра-Леонеде алмаздар, ал Оңтүстік Африка көмір, темір, марганец, алтын, платина, алмаз сияқты пайдалы қазбаларды өндіру және экспорттау көлемімен ерекшеленеді.

Азық-түлік және жеңіл өнеркәсіптің салалары Мысыр, Алжир, Тунис, Марокко, Оңтүстік Африка сияқты мемлекеттерде жақсы дамыған. Африка елдеріндегі ірі өнеркәсіп аудандары мен орталықтар негізінен пайдалы қазбаларды өндіретін аумақтарда, сондай-ақ порт қалаларының төнірегінде қалыптасқан.

Африка мемлекеттерінің көпшілігі ауыл шаруашылығы үшін кейбір егіннің түріне сүйенеді. Мысалы, Судан, Мали, Чад және Буркина-Фасодағы негізгі дақыл мақта, Кот-д'Ивуарда, Ганада, Камерунда какао, Сенегал мен Гамбияда жержаңғақ, Эфиопия мен Уганда да кофе, ал Кенияда шай саналады. Көпсалалы ауыл шаруашылығы Оңтүстік Африка Республикасы және Жерорта теңізі жағалауларындағы мемлекеттерде қалыптасқан.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша Африка 3 бөлікке бөлінеді. Оңтүстік Африка Республикасы құрлық елдерінің ішінде экономикалық жағынан ең қуаттысы екендігімен



ерекшеленеді. Мысыр, Ливия, Алжир, Тунис және Марокко — біршама жоғары дамыған мемлекеттер Солтүстік (Жерорта теңізі жағалауы) Африка экономикалық географиялық аудан ретінде бөлінеді. Құрлықтың қалған барлық мемлекеттері Тропиктік Африка аймағын құрайды. Тропиктік Африкадағы 33 мемлекет БҰҰ-ның үйіншаруашылымен әлемнің ең нашар дамыған мемлекеттерінің тобына кіргізілген (2021 ж.).



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Африка мемлекеттері халқының өсуі мен жас құрылымының өзіндік ерекшеліктерін сипатта. Табиғи өсу мен тұрғындардың жас құрылымы арасындағы қатынасты түсіндір.
- 2 Африка елдерінің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын қандай салалар анықтайды? Не үшін?
- 3 Картада бөліп көрсетілген мемлекеттердің қайсысына төмендегі сипаттар тән екенін анықта:



- а) халқының құрамында оңтүстік европалық нәсілге жататын арабтар мен варварлар басым;
 - б) Африкадағы халық саны бойынша жетекші екі мемлекет;
 - с) мыс өндіру және экспорттау көлемімен ерекшеленеді;
 - д) жержаңғақ негізгі егін саналады;
 - е) урбанизациялану деңгейі 20%-ға да жетпейді.
- 4 Африка мемлекеттерінің ауыл шаруашылығына қандай сипат тән? Бұл ерекшелікті кейір мемлекеттердің мысалында сипатта.
 - 5 Атластағы Африканың экономикалық картасын пайдаланып жазусыз картадағы Африка мемлекеттерінің ірі өнеркәсіп орталықтарын белгіле.



Халықаралық теңіз жолдары, тропиктік шөлдер, субтропиктік климат, Аудаһар және Кап таулары, Велд үстірті, пайдалы қазбалар, африканерлер, африкаанс тілі, тау-кен өнеркәсібі.



Оңтүстік Африка Республикасы өзінің қандай табиги және әлеуметтік-экономикалық сипаттары бойынша Африка құрлығында және жаһандық көлемде ерекшеленеді?



Жер аумағы: 1219,9 мың км²
Халқы (2020 ж.): 59,6 млн
Астанасы: Претория

50-§. Оңтүстік Африка Республикасы

Оңтүстік Африка Республикасы (OAP) Африка құрлығының шеткі оңтүстік бөлігінде орналасқан. Оның жағалаулары оңтүстік-батысында Атлант мұхиты, оңтүстік-шығысында Үнді мұхиты суларымен жыулады. Оңтүстік Африка Республикасы маңызды және қатынас жиі халықаралық теңіз жолдарының бойында орналасқан Оның Кейптаун қаласы Оңтүстік жартышардағы ең үлкен порт-қалаларының бірі.

Мемлекеттік басқару түрі жағынан парламенттік республика. Астанасы - Претория. Бірақ мұнда тек президент пен үкіметтің резиденциялары орналасқан. Оңтүстік Африка Республикасы парламенті Кейптаун қаласында, ал Жоғарғы сот Блумфонтейнде қаласында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Оңтүстік Африка Республикасының жер бедері әртүрлі. Шығыс бөлігінде Айдаһар таулары (130-сурет), оңтүстігінде Кейп таулары орналасқан. Мемлекеттің солтүстік және орталық бөліктерін Велд үстірті алып жатыр, батыс аудандары жазық жер бедерімен сипатталады. Оңтүстік Африка Республикасы үлкен минералдық ресурстарға бай. Елде көмір, марганец, хром, уран, алтын, алмаз, платина, ванадий және әртүрлі сирек кездесетін металдардың үлкен қоры бар.

Оңтүстік Африка Республикасының орталық және батыс аумақтарында ыстық және құрғақ тропиктік климат қалыптасқан. Мемлекеттің оңтүстігі мен шығысындағы теңіз жағалау аймақтарында ылғалды субтропиктік климат түрі байқалады. Оңтүстік Африканың солтүстік-батысында Калахари шөлі (131-сурет), Атлант мұхитының жағасында Намиб шөлі орналасқан. Елдің құрғақ климаттық бөлігінде су ресурстарының тапшылығы байқалады. Оңтүстік Африка Республикадағы ең үлкен өзен - Оранж.

Халық саны. Оңтүстік Африка Республикасының құрлық елдер арасындағы халық саны бойынша 6-шы орында. Халықтың табиғи өсу қарқыны негізінен Африкада мемлекеттерімен салыстырғанда төмен, жылдық есепте 1,1%-ды құрайды. Оңтүстік Африка Республикасының халқы көрші елдерден көшіп келгендердің есебінен көбейіп келеді.



130-сурет. Айдаһар таулары



131-сурет. Калахари шөлі

Қала халқының үлесі 67% болып, бұл Африкадағы басқа елдермен салыстырмалы түрде ең жоғары көрсеткіш саналады (23-кесте). Мемлекеттің ең үлкен қаласы экономикалық астанасы — Йоханнесбург. Сонымен қатар, Кейптаун (132-сурет) және Дурбан да елдегі ең ірі қалалардың қатарына кіреді.

Халықтың 80%-ға жуығын әртүрлі жергілікті үлттар мен ұлыстар құрайды. Елдегі европалықтардың үлкен бөлігін африканерлер — XVII-XIX ғасырларда көшіп келген голландтардың үрпақтары құрайды. Олар нидерланд тіліне негізінде қалыптасқан африкаанс тілінде сөйлейді. Оңтүстік Африка Республикасының конституциясына сәйкес 11 тіл, атап айтқанда, африкаанс, ағылшын және жергілікті үлттардың 9 тілі ресми статусқа ие. Ең көп таралған дін — христиандық.



23-кесте. Халықтың тығыздығына қатысты кейбір көрсеткіштердің Оңтүстік Африка Республикасы мен Африка мемлекеттері бойынша орташа мәндері (2020 ж.)

№	Көрсеткіштер	ОАР	Африка мемлекеттері бойынша орташа мән
1	Табиғи өсу (%)	1,1	2,6
2	Миграция сальдосы (1000 адамға қатысты)	4	-1
3	Сәбілер өлімі (1000 тірі туылғандарға қатысты)	22	49
4	Халық санындағы 15 жастан кіші балалардың үлесі (%)	29	41
5	Халық құрамында 64 жастан үлкендердің үлесі	6	3
6	Қала халқының үлесі (%)	67	43

Халықтың орналасуына климаттық жағдайлары, су ресурстары, сондай-ақ өнеркәсіптің дамуы үлкен әсер еткен. Мемлекеттің солтүстік-шығысындағы өнеркәсіптік аудандар және Оңтүстік-шығыс теңіз жағалаудағы аймақтарда тұрғындардың тығыз орналасуы жоғары болса, батыс және Солтүстік-батыс шөлді аймақтарда халық өте сирек орналасқан.

Экономикасы. ОАР Африканың экономикалық тұрғыдан ең дамыған мемлекеті. Экономикасы тау-кен өнеркәсібіне, машина жасау, көпсалалы ауыл шаруашылығына және туризмге маманданған. Оңтүстік Африка Республикасында тау-кен өнеркәсібі жоғары дәрежеде дамыған. Оңтүстік Африка Республикасы көмір, темір, марганец, алтын, платина, палладий рудалары, алмаз, тағы басқа пайдалы қазбаларды өндіру бойынша дүниежүзінде жетекші орынды алады. Ол әлемдегі ең ірі көмір экспорттаушылардың бірі. Мемлекетте электр энергиясы негізінен көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларында өндіріледі.

Ауыл шаруашылығы су ресурстарының тапшылығына байланысты Оңтүстік Африка Республикасы аумағының 15%-ында интенсивті дамыған. Бірақ соған қарамастан, Оңтүстік Африка Республикасында егіншілік пен мал шаруашылығының түрлі салалары жақсы дамыған. Егіншілік бақ өсіру және жүзім шаруашылығына мамандандырылған. Мал шаруашылығының негізгі салалары — ірі қара мал шаруашылығы, қой шаруашылығы (оның ішінде қаралып шығынан қаралған), ешкі шаруашылығы. Мал шаруашылығының ерекше саласы — түйеңс өсіру де дамыған (133-сурет).

Оңтүстік Африка Республикасының оңтүстік теңіз жағалау бөлігінде және елдің ішкі аймағындағы ірі қалаларда туризм жақсы дамыған.



132-сурет. Кейптаун қаласы



133-сурет. Түйеңс фермасы



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Оңтүстік Африка Республикасының экономикалық географиялық орнын бағала. Оның ұнамды сипаттараты қандай?
- 2 Мемлекеттің табиғи жағдайлары мен ресурстары, оның экономикалық мамандануы мен дамуында қандай әсер көрсетеді? Ол қандай пайдалы қазбаларды өндіру бойынша әлемде жетекші орындарды алады?
- 3 Оңтүстік Африка халқының өсуі мен құрамына сәйкес урбанизациялану деңгейі бойынша Тропиктік Африка елдерінен қалай ерекшеленеді? Бұған қандай факторлар әсер етеді?
- 4 Мәтіндегі қателерді тауып, оларды түзет.

Оңтүстік Африка Республикасының батыс бөлігінде Айдаһар таулары орналасқан. Ең үлкен өзені — Замбези. Халық саны бойынша құрлық елдері арасында 8-ші орында тұрады. Халықтың табиғи өсу қарқыны жылдық есепте 1,4%-ды құрайды. Урбанизация деңгейі 80%. Мемлекеттің ең ірі қаласы және экономикалық астанасы — Кейптаун саналады. ОАР конституциясына сәйкес 9 тілдің ресми мәртебесі бар. Ең көп таралған дін — буддизм. Ауыл шаруашылығы мемлекет аумағының 10% бөлігінде интенсивті дамыған. Ауыл шаруашылығының маңызды салалары бақ өсіру мен бау-бақша өнімдері.

- 5 Оңтүстік Африка Республикасы экономикасының негізгі салаларын нелерден құралған? Мемлекет ауыл шаруашылығының құрлықтағы басқа көптеген мемлекеттерден ерекше түрде көпсалаға мамандануының экономикалық және әлеуметтік маңызы қандай?
- 6 Атластағы Африканың экономикалық картасын пайдаланып, жазусыз картада Оңтүстік Африка Республикасының ауыл шаруашылығының мамандануын белгіле.






51-§. Нигерия Федеративтік Республикасы

Нигерия Федерациялық Республикасы Батыс Африкада орналасқан. Оңтүстіктен оның жағалауларын Атлант мұхитының Гвинея шығанағының сularы шайып жатыр.


Басқару формасы — президенттік республика. Нигерия — федеративтік мемлекет, 36 штаттан және федералды астаналық аумақтан құралған. Штаттар негізінен халықтың этникалық құрамы негізінде бөлінген. Мемлекет астанасы — Абуджа қаласы оның орталығында орналасқан (134-Сурет).

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Нигерияның солтүстігіндегі жер бедері негізінен үстірттерден құралған, ал мемлекеттің оңтүстік бөлігін аласа жазық алып жатыр. (135-Сурет). Нигерияның ең үлкен табиғи байлығы — мұнай қоры. Мұнай кен орындары оңтүстікте көбірек орналасқан.

Мемлекет негізінен субэкваторлық және экваторлық климатты белдеулерде орналасқан. Жыл бойы ыстық температура сақталады. Жауыншашын оңтүстік тәңіз жағалау аумақтарынан солтүстікке қарай азаяды. Экваторлық климатты белдеулерде жауын-шашынның жылдық мөлшері 3000 мм айналасында. Тұрақты және маусымдық ылғалды ормандар мен саванналар негізгі табиғат зоналары саналады



134-сурет. Нигерияның астанасы — Абуджа қаласы



135-сурет. Нигерияның жер бедері



Жер аумағы: 923,8 мың км²
Халқы (2020 ж.): 206,1 млн
Астанасы: Абуджа.

Өзендердің ең үлкені — Нигер, ол ұзындығы бойынша Африкада Ніл және Конгодан кейінгі үшінші өзен. Нигер Гвинея шығанағының құйылысында үлкен дельтаны пайда еткен. Нигер дельтасы мемлекеттің маңызды экономикалық ауданы болып табылады.

Халық саны. Нигерия әлемдегі халқы ең көп 10 мемлекеттің ішінде халқының ең жоғары қарқынмен өсуімен ерекшеленеді. Халқының табиғи өсуі жылдық есеппен 2,5%-ға тең (2020 ж.), мемлекет халқы жылына 4,5-5 миллион адамға көбеюде.

Нигерия халқының 51%-ы қалаларда жасайды. Мемлекетте 10 «миллионер» қала бар (2020 ж.). Гвинея шығанағының жағалауында



136-сурет. Лагос — Нигерия және бүкіл Африканың ең үлкен қаласы



орналасқан Лагос қаласы Нигерияда ғана емес, бүкіл Африкадағы ең үлкен қала саналады. (136-сурет). Лагос 1991 жылға дейін мемлекеттің астанасы болды, бірақ оның халқы көп болғандықтан астана Абуджаға көшірілді.

Нигерия Тропиктік Африканың көптеген мемлекеттері сияқты, көпұлтты мемлекет, халқы 250-ден астам жергілікті ұлттар мен ұлыстардан тұрады. Ең ірі ұлттар — Хаяса, йоруба және иғбо (әр бірі жалпы халықтың шамамен 20%-ын құрайды). Мемлекеттік тілі — ағылшын тілі. Нигерияның солтүстік штаттарында ислам діні, оңтүстік штаттарында христиан діні көбірек таралған.

Нигериядағы халықтың тығыздығы орташа есеппен 1 шаршы км-ге 220 адамнан асса, жағалаудағы аудандарында 3-4 есе жоғары.

Экономикасы. Нигерия ЖІӨ-нің жалпы көлемі бойынша Африкада 1-ші орында, бірақ ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі жоғары емес — 5200 АҚШ доллары шамасында (2020 ж). Бірақ бұл Тропиктік Африкадағы көптеген мемлекеттерге салыстырмалы түрде едәуір жоғары көрсеткіш (аймақ бойынша орташа көрсеткіш 2800 АҚШ долларына тең).

Экономиканың негізі және мемлекеттік бюджет табыстарының қайнар көзі — мұнай экспортты. Мұнай өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі Нигерия өнеркәсібінің ең дамыған саласы (137-сурет). Мемлекетте орман шаруашылығы, тоқыма, азық-түлік және тау-кен өнеркәсібі де біршама дамыған.




137-сурет. Нигериядағы мұнайды қайта өңдеу зауыттарының бірі.

Ауыл шаруашылығы — халықты жұмыспен қамтудың негізгі саласы. Нигерияда жержаңғақ, жүгері, күріш, құмай, мақта, әртүрлі көкөніс және жеміс дақылдары өсіріледі. Ірі қара шаруашылығы, қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, шошқа шаруашылығы Нигерия шаруашылығының негізгі бөлігі болып табылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Нигерияның әкімшілік-аумақтық құрылымының федералдық формасы қандай фактормен байланысты? Осындай жағдайды қай мемлекеттерде байқауға болады?
 - 2 Әлемнің саяси картасы жәрдемінде Нигерия және төмендегі мемлекеттердің географиялық орналасуында қандай ортақ ерекшеліктері бар екенін тап.



- 3 Неліктен Нигерияның астанасы Лагостан Абуджаға көшірілген? Сенің пікіріңше, мемлекеттің астанасын таңдағанда қандай факторларды ескеру керек? Пікірінді негізде.
 - 4 Нигерияның қайсы бөлігінде халықтығыздығы ең жоғары? Мемлекетте халқының таралуына әсер ететін факторларды сипатта.
 - 5 Атластағы Африканың экономикалық картасын пайдаланып, жазусыз картада ауыл шаруашылығының мамандануы мен ірі өнеркәсіп орталықтарын белгіле.





Суәц каналы, Синай түбегі, Ніл өзені, Асуан су қоймасы, тропиктік және субтропиктік климат, халықтың тығыздығы, суармалы егіншілік, тарихи-мәдени мұра.



Мысыр аумағында ең ежелгі өркениеттердің бірінің қалыптастына қандай табиги географиялық факторлар әсер еткен?



Жер аумағы: 1001,4 мың км²

Халқы (2020 ж.): 100,8 млн

Астанасы: Каир

52-§. Мысыр Араб Республикасы

Мысыр Араб Республикасы Африканың солтүстік-шығысында және оның аз бөлігі Азия құрлышында Синай түбегінде орналасқан. Жағалауарын солтүстігінде Жерорта теңіз, шығыста Қызыл теңіз сулары шайып жатыр. Мысыр аумағынан өтетін Суәц каналы осы екі теңізді тұтастырады және бір мезгілде Африка мен Азияны шекарасы саналады. Суәц каналының өтетіндігі, Азия мен Африканы тұтасқан аумақта орналасқандығы Мысырдың экономикалық географиялық орнының өте қолайлылығын белгілейді.

Басқару формасы — президенттік республика. Мемлекеттің астанасы — Каир қаласы елдің солтүстігінде, Ніл дельтасында орналасқан. Ол Африкадағы ең үлкен қалалардың бірі (138-Сурет).

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Мысыр аумағы негізінен жазықтардан тұрады. Тек Қызыл теңізге жақын бөлігінде, Синай түбегінде таулар бар. Елдегі пайдалы қазбаларға мұнай, табиғи газ, темір рудасы, фосфорит кен орындары жатады.

Ыстық және құрғақ климатта Мысыр үшін су ресурстарының тапшылығы тән. Мемлекеттегі жалғыз өзен — оның аумағын оңтүстіктен солтүстікке қарай кесіп өтіп, Жерорта теңізіне құттығын Ніл — шөлдер арқылы өтетін транзиттік өзен (139-Сурет). Ніл өзені Мысырдың бірнеше мың жылдық тарихында судың негізгі көзі болды. Нілде әлемдегі ең үлкен су қоймаларының бірі — Асван су қоймасы салынды (140-сурет).



138-сурет. Каир қаласы



139-сурет. Ніл өзені

Халық саны. Мысыр Африка мемлекеттерінің ішінде халық саны бойынша Нигерия және Эфиопиядан кейін үшінші орында тұрады. Халықтың табиғи өсуі салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталады. Мемлекет халқы жылына 1,8%-ға, яғни шашамен 2 миллион адамға көбеюде.

Мысырда қала халқының үлесі 45% айналасында және бұл көрсеткіш Солтүстік Африканың басқа елдерімен салыстырғанда төмен деңгейде. Ең ірі қалалары қатарына Каир, Александрия және Гиза кіреді.

Мысыр халқының басым бөлігін арабтар құрайды. Ол араб мемлекеттерінің ішінде халық саны бойынша көшбасшы болып табылады. Ең көп таралған дін — ислам, бірақ мысырлықтардың шамамен 10% бөлігі христиан дініне жатады.

Мысыр Араб Республикасында халықтың таралуы біркелкі емес. Мысырлықтардың 90%-дан астам бөлігі халқының тығызы орналасуымен әлем көлемінде бөліп тұратын Ніл дельтасында тұрады. Сондай-ақ Суэц каналының бойында, Жерорта теңізі және Қызыл теңіз жағалауарында халықтың тығыздығы біршама жоғары.

Экономикасы. Мысыр Африка құрлығындағы мемлекеттердің ішінде ірі экономикалық әлеуетке ие мемлекеттердің бірі. Мемлекеттің экономикасына аграрлық-индустриалды сипат тән. Өнеркәсібі негізінен — мұнай-газ, тоқыма, азық-тұлік және химия салаларына маманданған. Сонымен қатар Мысырда металлургия, машина жасау, құрылым материалдары өнеркәсібі де дамып келеді.

Ауыл шаруашылығы суармалы егіншілікке негізделген. Негізгі егін түрлері — мақта, бидай, күріш, жүгері, жемістер, көкөністер және бау-бақша егіндері. Мысыр Африка мемлекеттерінің арасында дәнді дақылдардың, көкөністер мен жемістердің жалпы түсімі 1-орын алады. Бірақ астыққа деген қажеттілігін импорт есебінен өтейді және әлем бойынша дәнді шеттен ең көп сатып алатын елдердің бірі болып саналады. Мал шаруашылығының негізгі саласы — ірі қара шаруашылығы.

Мысырдың мемлекеттік бюджеті үшін Суэц каналы арқылы кемелердің транзитінен түсетін кеден баждары маңызды табыс көзі (141-сурет).



140-сурет. Асуан су қоймасы бөгөтінің ғарыштан көрінісі



141-сурет. Суэц каналы.

Бұдан тыс, Мысыр экономикасының маңызды салаларының бірі туризм болып табылады. Туризмнің дамуына Мысыр теңіз жағалау аумақтарының табиғи жағдайлары және елдің өте бай тарихи-мәдени мұрасының орасан зор ықпал етеді (142-сурет).



142-сурет. Мысыр пирамidalарының бірі және Ұлы Сфинкс мүсіні



Сұрақтар мен тапсырмалар


- 1 Мысыр Араб Республикасының экономикалық географиялық орнының өзіндік ерекшеліктері қандай? Неліктен Африканың көптеген мемлекеттерінде Мысырдың онтүстік және батыс шекаралары сияқты тұзу сызық түріндегі шекаралар кездеседі?
- 2 Мысырдың климаты қалай сипатталады? Мемлекет үшін Ніл өзенінің маңыздылығын түсіндір.
- 3 Мысырдың Африкадағы халық саны бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі екенін себептерін қалай түсіндіресің? Мемлекет халқының орналасуына қандай факторлар үлкен әсер етеді? Халқының негізгі бөлігі ірі өзен аңғарларында жасайтын мемлекеттерге мысалдар келтір.
- 4 Неліктен Суәз каналы Мысыр үшін ерекше маңызды? Әлемнің саяси картасы жәрдемінде бұл каналдың халықаралық теңіз транспортындағы маңызын түсіндір.
- 5 Мысырда халықаралық туризмді дамыту үшін қандай ресурстар мен жағдайлар бар? Саяхаттау үшін осы мемлекеттің таңдайтын ба едің? Неліктен?
- 6 Африканың Атластағы экономикалық картасын пайдаланып, жазусыз картада Мысырдың ірі өнеркәсіп орталықтарын белгіле.



53-§. Практикалық жаттығу.

Африканың саяси картасы, табиги және экономикалық географиялық жағдайын үйрену

1. Төмендегі Африка мемлекеттерінің аттарын және олардың ортақ белгілерін анықтап, бұл жерде тағы қай мемлекеттердің болуы керек екенін тап.



2. Кестені толтыр.

Мемлекеттер	Жер аумағы, мың км ²	Халқы, миллион адам	Халық тығыздығы, адам/км ²
Чад	1284	16,9	...
Кения	582,6	53,5	...
Ангола	1246,7	32,5	...
Сенегал	196,2	16,7	...

3. Төмендегі жұп елдер арасынан әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бір-біріне жақын болғандарын тап.

ОАР — Бурунди;
Мысыр - Марокко;

Тунис - Уганда;
Ботсвана - Маврикий;

Алжир - Малави;
Мавритания — Руанда.

4. Төмендегі пікірлерді жалғастыр.

Африка мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін факторлар:

Ұнамды жағы

Кері жағы

Жылу ресурстарымен жеткілікті қамтамасыз етілгендігі

Көптеген мемлекеттерде су рерустарының тапшылығы

...

...



5. Төмендегі мемлекеттерге қатысты мәліметтерді тауып, тиісті жауаптарды дәптеріңе белгіле.

1) ОАР; 2) Мысыр; 3) Нигерия.

- a** Негізінен субэкваторлық және экваторлық климаттық белдеуде орналасқан;
- b** Халқы көршілес елдерден көшіп келгендер есебінен артып келеді;
- d** Африка мемлекеттерінің ішінде халық саны бойынша үшінші орында;
- e** Көмір, марганец, хром, уран, алтын, алмаз, платина, ванадий және әртүрлі сирек кездесетін металдардың үлкен қоры бар;
- f** Африка елдерінің ішінде дән дақылдар, көкөністер мен жемістердің жалпы түсімі бойынша бірінші орынды алады;
- g** Экономикасының негізі және мемлекеттік бюджеті кірістерінің негізгі көзі мұнай экспорты;
- h** Туризмнің дамуына теңіз жағалау аумақтарының табиғи жағдайлары, сондай-ақ елдің өте бай тарихи-мәдени мұрасы үлкен әсер етеді;
- i** 10 «миллионер» қала бар;
- j** Тропиктік Африка елдерінен келген европалықтардың салыстырмалы түрде жоғары үлесімен ерекшеленеді.

6. Атластағы Африканың экономикалық картасын пайдаланып, Солтүстік Африка және Тропиктік Африка мемлекеттерінің ауы шаруашылық мамандануын салыстыр.





54-§. Австралия Одағы

Австралия Одағы - бүкіл материкті толық алып жатқан әлемдегі жалғыз мемлекет. Құрамына Австралия материгінен басқа Тасмания және басқа аралдар кіреді. Жағалаулары солтүстіктен, батыстан және оңтүстіктен Үнді мұхитының, оның теңіздері мен шығанақтарының, ал шығысынан Тынық мұхитының суларымен шайылады. Жер аумағы бойынша елемде 6-шы орында. Экономикалық-географиялық орны оның Оңтүстік жартышарда, басқа материик пен елдерден шалғай орналасқандығымен анықталады. Сонымен қатар заманауи теңіз және әуе көлігі мемлекетті әлемнің барлық аймақтарымен тұрақты байланыста болуды қамтамасыз етеді.

Австралия Одағы Британ Достастығы корольдігі саналып, оның ресми мемлекет басшысы — Ұлыбританияның билеушісі саналады. Іс жүзіндегі саяси басқару жүйесінде басты рөл премьер-министртегиесілі. Австралия 6 штат пен 2 аумақтан құралған федеративтік мемлекет. Мемлекеттің астанасы - Канберра қаласы Австралияның оңтүстік-шығысында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Австралияның жер бедері негізінен жазық және күшті бөлшектелген үстірттерден тұрады. Тек шығысында орташа биіктікте Ұлken Суайрық жотасы бар. Онда Австралияның ең биік нүктесі — Костюшко шыны (2228 метр) орналасқан (143-сурет).

Австралия әртүрлі пайдалы қазбаларға бай. Мемлекет темір, мыс, никель, уран, боксит, алтын рудалары, көмір, алмаз қорымен әлем көлемінде ерекшеленеді. Көмір кендері көбірек мемлекеттің оңтүстігі мен Оңтүстік-шығысында, ал мұнай мен табиғи газ шығыс және батыс аймақтарда және мұхит шелғінде орналасқан.



143-сурет. Костюшко тауы



144-сурет. Австралия шөлдері

Австралияның аумағы негізінен субэкваторлық, тропиктік және субтропиктік климат белдеулерінде орналасқан, климатының ең маңызды ерекшелігі оның құрғақшылдығы. Мемлекет аумағының басым бөлігі шөл, шөлейт және саванналар алып жатыр (144-сурет). Австралия табиғатының ең үлкен кемшілігі — су ресурстардың жетіспеушілігі. Негізгі өзені — Мюррей және оның арнасы Дарлингнің суы жыл мезгілдеріне қарай құрт өзгереді.


Халық саны. Австралияда халықтың табиғи өсуі төмен, жылдық есеппен 0,5% айналасында. Халықтың санының өсуіне сыртқы миграцияның әсері көбірек. Халықтың миграциялық өсімі жылына 0,8-1,0%-ға тең. Жалпы алғанда, Австралияның қазіргі халқы миграция есебінен қалыптасты.



Материк, Британ Достастығы корольдігі, федеративтік мемлекет, сыртқы миграция, австралиялық ағылшындар, австралиялық аборигендер, Сидней, Мельбурн, тау-кен өнеркәсібі.



Австралияның табиғатына тән ерекшеліктері туралы сіз не білесін?



Жер көлемі: 7692,0 мың км²

Халқы (2020ж.): 25,8 млн

Астанасы: Канберра.



Материктің байырғы халқы — австралиялықaborигендер мемлекет халқының 1%-ын ғана құрайды. Негізгі ұлт - австралиялық ағылшын.


Австралия Одағы урбанизациясы жоғары мемлекеттер қатарына жатады. Онда қала халқының үлесі 86%-ға тең (2020 ж). Ең ірі қалалары — Сидней (145-сурет), Мельбурн, Брисбен, Перт, Аделаида.

Австралия Одағы — халықтығыздығы ең төмен мемлекеттердің бірі. Бұл жерде 1 км² аумаққа орта есеппен 3 адам тұра келеді. Австралия халқы негізінен мемлекеттің оңтүстік-шығыс және шығыс аумақтарында шоғырланған, ішкі аумақтарда халық өте сирек орналасқан (146-сурет).

Экономикасы. Австралия Одағының экономикасы жоғары дамыған мемлекет болып табылады. ЖІӨ бойынша Австралия әлемдегі алғашқы 20 елдің қатарына кіреді, жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі онда Еуропа елдерінің көпшілігінен де жоғары.



145-сурет. Сидней қаласы



146-сурет. Австралиядағы халықтың тығыздығы (адам/км²)


Шаруашылығының халықаралық мамандануына мемлекеттің табиғи ресурстары үлкен әсер еткен. Атап айтқанда, Австралияның әлемдік экономикада алатын орнын көп тұрғыдан тау-кен және отын өнеркәсібі белгілейді. Ел көмір, уран, темір, алмаз, боксит, алтын, никель, мырыш, қорғасын өндіру бойынша әлемдік үздік 5 мемлекетке жатады. Көмір, сұйытылған газ, уран, қаражәне түсті металдардың негізгі бөлігі Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне экспортталауды.

Ауыл шаруашылығы да Австралия экономикасының маңызды саласы. Мал шаруашылығының негізгі салалары — қой шаруашылығы және ірі қара мал шаруашылығы. Австралия әлемде қой саны мен жұн өндірісі бойынша 2-орында, жұн экспортты бойынша



1-орында (147-сурет). Егіншілігі астық шаруашылығына, бақ өсіруге және жүзім шаруашылығына маманданған.

Австралияның негізгі экономикалық ауданы - оның Оңтүстік-шығыс аумағы саналады. Мұнда мемлекет халқының 70%-ы жасайды, Австралияның 2 ірі қаласы — Сидней және Мельбурн орналасқан.



147-сурет. Қой шаруашылығы — Австралия ауыл шаруашылығының дәстүрлі саласы

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Австралия Одағының экономикалық географиялық орналасуының оқ және теріс аспектілерін салыстыр.
- 2 Австралияның қазіргі халқы қалай қалыптасты? Осыған ұқсас жағдайлар тағы қай мемлекеттерге тән?
- 3 Неліктен Австралия Одағы халқы ең аз қоныстанған елдердің бірі саналады? Әлемнің табиғи картасын пайдалана отырып, халық тығыздығына әсер ететін факторларды түсіндір.
- 4 Австралия шаруашылығының халықаралық мамандануында қандай факторлар маңызды? Мемлекеттің әлемдік экономикадағы орнын өнеркәсіптің қандай салалары анықтайды? Не үшін Австралияның ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы үстем мәнге ие?
- 5 Атластағы Австралияның экономикалық картасын пайдаланып, жазусыз картага мемлекеттің ауыл шаруашылығының мамандануы және елдің ірі өнеркәсіп орталықтарын белгіле.



Америка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Панама каналы, Кариб теңізі, Латын Америкасы, құрлық, материк, отар, арал мемлекеттер, Британ Достастығы корольдігі.



Америка құрлығында дүниежізілік саясат пен экономикада маңызды орын үелеітін қандай мемлекеттер орналасқан?

55-§. Американың саяси картасы

Америка Батыс жартышарда орналасқан екі материк — Солтүстік және Оңтүстік Американы, сондай-ақ оларға жақын аралдарды қамтитын құрлық. Оның жалпы жер аумағы 42,5 млн км². Солтүстік және Оңтүстік Америка материктерін Панама каналы бөліп тұр (148-сурет).

Құрлықтың жағалаулары солтүстігінде Солтүстік Мұзды мұхиттың, шығысында Атлант, батысында Тынық мұхитының суларымен жыулады. Оңтүстіктері Америка Дрейк бұғазы арқылы Антарктидадан, ал солтүстік-батысында Беринг бұғазы арқылы Азиядан бөлінген.

Америка құрлығын 1492 жылы испан теңізшісі Кристофер Колумбтың экспедициясы арқылы ашылғаны белгілі. Құрлықтың аталуы Колумб ашқан жерлер жеке материк екенін негіздел берген итальялық турист Америго Веспуччиңдің атымен аталған.

Ұлы географиялық ашылулар дәуіріне дейін Американың тұрғындары үндістер мен эскимостардан құралған. XVI ғасырдың басынан XVIII ғасырға дейін Американың барлық аумақтары Испания, Португалия, Франция, Ұлыбритания, Нидерланды сияқты Еуропа елдерінің отарларына айналдырыды.

XVIII ғасырдың соңында құрлықтағы алғашқы тәуелсіз мемлекет — Америка Құрама Штаттары пайда болды. Американың қазіргі саяси картасындағы көптеген мемлекеттер өз тәуелсіздігіне XIX ғасырда қол жеткізді. XX ғасыр басында мемлекеттік тәуелсіздікке Куба мен Панама қол жеткізді. Белиз, Суринам, Гайана және Кариб теңізіндегі бірқатар «ергежайлі» арал мемлекеттер XX ғасырдың 60-80 жылдарында тәуелсіз мемлекеттер ретінде дүние жүзінің саяси картасында орын алды.



148-сурет. Панама каналы

Американың саяси картасында қазірге дейін отар аумақтар әлі де сақталған. Бұл аумақтардың ең үлкені - Гренландия. Ол Дания корольдігінің құрамындағы автономиялық аумақ болып табылады. Отарлар негізінен Кариб теңізінің аралдарында орналасқан. Оңтүстік Америка материгіндегі жалғыз отар — Француз Гвианасы саналады.



7-ТАРАУ. АФРИКА, АВСТРАЛИЯ ЖЭНЕ ОКЕАНИЯ, АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРИ



55-С. АМЕРИКАНЫҢ САЯСИ КАРТАСЫ



149-а сурет. Солтустік Американың саяси картасы



ГЕОГРАФИЯ

II БӨЛІМ. ДУНИЕЖУЗІНІҢ РЕГІОНАЛДЫҚ СИПАТТАМАСЫ



145 б-сурет. Оңтүстік Американың саяси картасы



Американың заманалық саяси картасында 35 тәуелсіз мемлекет (145-а, 145-б-суреттер) бар. Олар аумақтық көлемі бойынша бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Құрлықтағы 4 мемлекет әлемдегі ең үлкен 10 мемлекеттің қатарына кіретін — Канада, АҚШ, Бразилия және Аргентина. Олардан басқа Боливия, Колумбия, Перу және Мексиканың ауданы 1 миллион шаршы км-ден асады. Венесуэла мен Чили мемлекеттерінің аумағы 500 мың шаршы км-ден астам. Сонымен қатар, Америкадағы 7 мемлекеттің жер аумағы 1 мың шаршы км-ден аз. Олардың барлығы Кариб теңізіндегі аралдарда орналасқан.

Құрлықтағы тек 2 мемлекет — Боливия мен Парагвай теңізге шығу мүмкіндігіне ие емес. Мексика, Гватемала, Гондурас, Никарагуа, Коста-Рика, Панама мен Колумбияның жағалаулары екі, яғни Атлант және Тынық мұхиты суларымен шайылдады. АҚШ пен Канада үш — Атлант, Тынық мұхиты және Солтүстік Мұзды мұхиттарымен шектеседі. Кариб теңізі және Атлант мұхитының оған жақын орналасқан бөлігінде 13 арал мемлекет бар (150-сурет). Олардың жер аумағы бойынша ең үлкені — Куба.

Америкадағы 35 мемлекеттің 26-сы республика, 9-ы Британ Достастығы корольдігі, яғни конституциялық монархиялар. Конституциялық монархиялардың 2-үі — Канада және Белиз Солтүстік Америка материгінде орналасқан, ал қалған 7-үі Кариб теңізіндегі арал мемлекеттер.

Арал мемлекеттер

Антигуа және Барбуда, Багам аралдары, Барбадос, Доминика, Доминикан Республикасы, Гаити, Гренада, Куба, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Сент Винсент және Гренадина, Тринидад және Тобаго, Ямайка

Теңіз жағалау континенттік мемлекеттер

Америка Құрама Штаттары, Аргентина, Белиз, Бразилия, Эквадор, Гайана, Гондурас, Гватемала, Канада, Колумбия, Коста-Рика, Мексика, Никарагуа, Панама, Перу, Сальвадор, Суринам, Уругвай, Венесуэла, Чили

Ішкі континенттік мемлекеттер

Боливия, Парагвай

150-сурет. Америкадағы мемлекеттердің географиялық орналасуы бойынша жіктелуі

Америкада 7 федеративтік мемлекет орналасқан — АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Мексика, Венесуэла және Сент-Китс пен Невис. Сент-Китс және Невис мемлекеті 2 шағын аралдан тұрады және Америка континентіндегі ең кішкентай мемлекет. Сонымен қатар әлемдегі ең кішкентай федеративті мемлекет саналады.


Америка 2 үлкен саяси-географиялық аймаққа - Солтүстік Америка және Латын Америкаға бөлінеді. Солтүстік Америкада АҚШ пен Канада орналасқан. Америкадағы АҚШ-тан оңтүстікте орналасқан барлық елдер Латын Америкасы аймағын құрайды. Әлемнің бұл ірі аймағының Латын Америкасы деп аталуы көптеген елдерде халқы көне латын тілінен келіп шыққан, испан, португал және француз тілдерінде сөйлесуімен байланысты.

Солтүстік Америка және Латын Америкасы мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі халықтың ұлттық-мәдени құндылықтарымен ерекшеленеді. АҚШ және Канада “Үлкен Жетілік” тобының құрамына кіретін дамыған мемлекеттер болса, Латын Америкасы мемлекеттері дамып келе жатқан елдер санатына жатады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Америка құрлығы қандай аумақтарды біріктіреді? Атластағы әлемнің саяси картасынан құрлықтың шекараларын анықта.
- 2 Атластағы Солтүстік және Оңтүстік Американың саяси карталарын пайдаланып, төмендегі картада белгіленген мемлекеттердің аттар анықта және олардың астаналарын дұрыс таңда.



- | | |
|-------------------|-------------------|
| a) Каракас; | l) Белмопан |
| b) Манагуа; | m) Буэнос-Айрес; |
| d) Оттава; | n) Порт-о-Пренс; |
| e) Парамарибо;; | o) Вашингтон; |
| f) Гавана; | p) Джорджтаун; |
| g) Сан-Хосе | q) Сукре; |
| h) Сантьяго; | r) Санто-Доминго; |
| i) Мехико қаласы; | s) Монтевидео; |
| j) Кито; | t) Гватемала; |
| k) Авинсьон; | u) Лима. |

- 3 Атластағы әлемнің табиғи және саяси карталарының көмегімен Америка құрлығы елдерінің жер бедерін салыстыр және оның аумағының басым көшілігі таулардан тұратын елдерді анықта.
- 4 Америка құрлығында орналасқан қайсы елдердің экономикалық географиялық орнын салыстырмалы түрде қолайсыз деп санауға болады?
- 5 Солтүстік Америка материгі және Солтүстік Американың саяси-географиялық аймағы арасындағы айырмашылықты түсіндір.
- 6 Латын Америкасы регионының неліктен осылай аталғанын түсіндір.



56-§. Америка Құрама Штаттары

Америка Құрама Штаттары әлемде жер аумағы бойынша 4-орында, халық саны бойынша 3-ші орында тұрады. Сонымен қатар АҚШ экономикалық, әскери-саяси және ғылыми-технологиялық құдіреті жағынан қазіргі әлемнің жетекші мемлекеттердің бірі.

АҚШ-тың жер аумағы 3 бөліктен тұрады: Солтүстік Америка материгінің ортаңғы бөлігіндегі континенттік штаттар, Солтүстік Американың солтүстік-батысында орналасқан Аляска, сондай-ақ Тынық мұхитындағы Гавай аралдары.

АҚШ-тың 3 — Атлант, Тынық және Солтүстік Мұзды мұхиттарға шығу мүмкіндігі бар. Ол құрлықта тек Канада мен Мексикамен шектеседі. АҚШ пен Канада шекарасы әлем бойынша екі мемлекет арасындағы ең ұзын шекара болып табылады. АҚШ Ресеймен Беринг бұғазы арқылы шекаралас.

АҚШ — президенттік республика: президент мемлекет және үкімет басшысы саналады. Саяси-аумақтық құрылымы бойынша АҚШ 50 штаттан және Колумбия федералды астананың округінен құралған федерация. 48 штат, сондай-ақ Колумбия округі (Вашингтон қаласы) континенттік штаттар аумағында орналасқан, 49-штат — Аляска, 50-штат — Гавай штаты.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. АҚШ аумағы үлкен болғандықтан табиғи жағдайлары өте алуан түрлі. Континенттік мемлекеттердің шығыс және орталық бөліктері негізінен жазықтардан құралған, ал батыс бөлігінен Кордильера тауларының бірнеше тармақтары өткен. Аляска мен Гавайи штаттарының жер бедері де негізінен таулы. Аляска аумағында Солтүстік Америка материгінің ең биік нүктесі — биітігі 6194 метрлік Денали (бұрынғы аты — Мак-Кинли) шыңы орналасқан (151-сурет). Материктің ең төменгі нүктесі — Ажал аңғары (-86 метр) да АҚШ-та, Калифорния штатында орналасқан (152-Сурет).



151-сурет. Денали тауы



152-сурет. Ажал аңғары

АҚШ көмір, мұнай, табиғи газ, темір, түрлі түсті металдардың рудасына, минерал тұздардың үлкен қорына ие. Әсіресе, елдің батыс таулы аймақтары пайдалы қазбаларға бай. Бірақ АҚШ-тағы өнеркәсіп өндірісінің көлемінің үлкендігіне байланысты мемлекет минерал шикізаттың көптеген түрлерін импорттайты. Континенттік мемлекеттердің аумағы негізінен қоңыржай және субтропиктік, Аляска үлкен бөлігі субарктикалық және арктикалық, ал Флорида түбегі мен Гавай аралдары тропиктік климаттың белдеуде орналасқан. Мексика шығанағына жақын аудандарда тропикалық дауылдар (торнадолар) жиі болады. АҚШ-тың негізгі табиғат зоналары — аралас және жалпақ жапырақты ормандар, дала және орманды дала. Елдің батысында шөллейт және шөлдер де жиі кездеседі.



Солтүстік Америка, континенттік штаттар, Аляска, Гавайи аралдары, Колумбия федералды астана округі, Кордильера, Денали, Ажал аңғары, торнадо, мегаполис.



Тарих сабакта — үйрек-геніңізді есте түсіріп, АҚШ мемлекетінің қалыптасуы туралы айт.



Жер аумағы: **9519,4 мың км²**
Халқы (2020 ж.): **329,9 млн**
Астанасы: **Вашингтон**



АҚШ су және гидроэнергетикалық ресурстарға бай. Мемлекеттегі ең үлкен өзендер — Миссисипи, Миссури, Рио-Гранде, Колорадо, Колумбия. Канадамен шекарасында Жоғарғы, Мичиган, Эри, Гурон және Онтарио көлдерінен тұратын Ұлы көлдер жүйесі бар.

Халық саны. Америка Құрама Штаттарының байырғы халқы - американцы үндістер. Бірақ қазіргі уақытта үндістер мемлекет халқының өте аз бөлігін құрайды. Америкалықтардың құрамында Еуропа елдерінен әртүрлі кезеңде қоныс аударғандардың ұрпақтары көпшілікті құрайды. Сонымен қатар АҚШ халқының құрамында Латын Америкасы мемлекеттерінен келген иммигранттар (әсіреке Мексика), қара нәсілдердің, мулаттардың және басқа нәсілдік топтардың үлесі әлдеқайда көп, сондай-ақ барған сайын артып келеді.

1790 жылдан бастап АҚШ-та әр 10 жыл сайын тұрақты халық санағы тіркеуге алынады. 1790 жылдан 2020 жылға дейін АҚШ-тың халқы шамамен 85 есе өсті және оның өсуі осы уақытқа дейін жалғасуда. Қазіргі басқышта АҚШ халқының табиғи өсуі жылдық есеппен 0,3-0,4%-ды құрайды, дүние жүзі бойынша орташа көрсеткіштен (1,1%) әлдеқайда төмен, бірақ дамыған мемлекеттердің орташа көрсеткішімен салыстырғанда (0,0%) біршама жоғары. Миграциялық өсуі жылдық есеппен 0,2%-ға тең. АҚШ-тағы шетелдік мигранттардың саны (46 миллион адам) бойынша әлемде көшбасшы болып табылатынын айта кету керек.


АҚШ-та қала халқының үлесі 82% (2020 ж). Ең ірі қалалары — Нью-Йорк (153-сурет), Лос-Анджелес, Чикаго, Хьюстон, Филадельфия. Урбанизация үдерісінің дамуы нәтижесінде АҚШ-та 3 мегаполис қалыптасты: солтүстік-шығыста «Бостон-Вашингтон» (БосВаш), Ұлы көлдердің бойында «Чикаго-Питтсбург» (ЧиПитс) және Тынық мұхиты бойындағы «Сан-Франциско-Сан-Диего» (СанСан).



153-сурет. Нью-Йорк қаласы

АҚШ-та ең көп қолданылатын тіл — ағылшын тілі. Сондай-ақ мемлекет халқының 50 миллионға жуығы күнделікті өмірде испан тілінде сөйлейді. Испан тілді америкалықтардың үлесі Мексика шекарасына жақын орналасқан Нью-Мексико, Калифорния, Техас, Аризона және Невада штаттарында әсіреке жоғары (20-45%).

АҚШ-та халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге 35 адамға тең, бірақ мемлекеттің түрлі бөліктерінде айтарлықтай өзгереді (154-сурет). Бұған көбінесе табиғи жағдайлар қатты әсер етеді. Солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс және батыс мұхит жағалауы штаттарында халық тығыздығы ең жоғары, ал таулы мемлекеттерде, әсіресе Аляскада халық өте аз орналасқан.



154-сурет. АҚШ халқының тығыздығы (штат бойынша, адам/км²)

Сұрақтар мен тапсырмалар

- АҚШ-тың географиялық орны мен аумақтық құрылымын сипатта. Ол қандай себептерге байланысты федеративтік мемлекет ретінде қалыптасқанын негіздеуге әрекет ет.
- АҚШ-тың табиғи жағдайларының әртүрлілігіне қандай факторлар әсер етеді? Атластағы дүниежүзінің табиғи картасын пайдаланып, мемлекеттің жер бедері құрылымы және су ресурстарымен қамтылу деңгейін сипатта.
- АҚШ халқының қалыптасуының негізгі ерекшелігі неде? Не себептен мемлекетте Латын Америкасы елдерінен көшіп келгендердің үлесі барған сайын артып келеді деп ойлайсың?
- АҚШ халқының тығыздығына қандай факторлар үлкен әсер етеді? Мемлекеттің қайсы бөліктерде халық тығыздығы жоғары? Не үшін?
- Мегаполистер қалай қалыптасады? Неліктен бұл мемлекеттер арасында ең көп мегаполистер АҚШ-та қалыптасқан деп ойлайсың?



Өнеркәсіптік аймақтар, ауылшаруашылық аймақтар, трансқонти-нентальды жолдар, Солтүс-тік-шығыс, Орта Батыс, Оңтүстік, Батыс.



АҚШ-тың халықа-ралық экономика-сындағы орны туралы не білесің?

57-§. АҚШ-тың шаруашылығы және экономикалық аудандары

АҚШ жалпы ішкі өнім көлемі бойынша дүние жүзі мемлекеттерінің ішінде Қытайдан кейін екінші орынды алады және әлемдік жетекші экономикалардың бірі болып табылады. Бірақ, АҚШ-тың жүздеген ірі трансұлттық корпорациясы шет мемлекеттердің көпшілігінде кең ауқымды экономикалық қызметті жүзеге асыруы мемлекеттің экономикалық қуатын және әлемдік экономикадағы орнын одан әрі арттыратынын айта керек. Сондай-ақ АҚШ-тың банк-қаржы жүйесінің орасан зор әлеуеті және АҚШ долларының негізгі халықаралық валюта функциясын атқаратыны елдің әлемдік экономикаға күшті ықпалын қамтамасыз етеді.

Өнеркәсібі. АҚШ жалпы өнеркәсіп өнімі бойынша әлемде Қытайдан кейін 2-ші орында тұрады. Мемлекетте заманауи өнеркәсіптің барлық салалары жоғары дамыған. Әсіреле, аэроғарыш өнеркәсібі, автомобиль жасау өнеркәсібі, электротехника, электроника, медициналық құрал-жабдықтарды өндіру, атом машинажасау өндірісі, әскери-өнеркәсіптік кешен, мұнай-химия өнеркәсібі сияқты заманауи технологияларға негізделіп дамушы салаларда АҚШ-тың дүниежүзілік ауқымдағы көшбасшылығы айқын көрінеді.

Соңғы жылдарды АҚШ әлемде мұнай мен табиғи газдың 1-өндірушісі (жылына 700 миллион тоннадан астам мұнай және 900 млрд текше метрден астам табиғи газ) болды, көмір өндіруде 4-орынды (жылына 600 миллион тоннадан астам) алады. Мұнай-газ өнеркәсібінің ең ірі аудандары Техас, Калифорния және Аляска штаттарында қалыптасқан. Алясканың солтүстігінде әлемдегі ең ірі мұнай кен орны Прадхо-Бей кеніші орналасқан. Көмірдің ең көп мөлшері Вайоминг штатында өндіріледі. Электр энергиясын өндіру көлемі бойынша АҚШ әлемде Қытайдан кейін 2-орында тұр (жылына 4,4-4,5 трлн кВт·сағ). Мемлекеттің отын-энергетикалық балансында мұнай мен табиғи газ жетекші маңызға ие (155-сурет).

Химия және мұнай-химия өнеркәсібінің ең ірі ауданы елдің оңтүстігінде, Техас штатында қалыптасқан. АҚШ-тың химия өнеркәсібінің ең ірі орталығы — Хьюстон қаласы.

Машинажасау өнеркәсібі көпсалалы және штаттарға қарай әртүрлі мамандандырылған. Тынық мұхиты жағалауындағы штаттар (Калифорния,

Вашингтон) аэроғарыштық өнеркәсіп және электроника, Ұлы көлдерге тұтас штаттар (Мичиган, Иллинойс) автомобиль жасау өнеркәсібінде, ал солтүстік-шығыс Атлантика жағалауы штаттары кемежасауда дамуымен ерекшеленеді.

АҚШ-та бірнеше ірі өнеркәсіптік аймақтар қалыптасқан. Осындағы аумақтардың ішіндегі ең қуаттысы Атлант мұхиты мен Ұлы көлдермен іргелес штаттарды қамтитын Солтүстік өнеркәсіптік аймақ саналады. Оның үлесіне мемлекеттегі өнеркәсіптің өндірістің жартысына жуығы сәйкес келеді. Басқа ірі өнеркәсіптік аймақтар Аппалач таулары бойында орналасқан Оңтүстік-батыс негізінен мұнай және мұнай-химия



155-сурет. АҚШ-тың отын-энергетикалық балансы (2019 ж.)



өнеркәсібіне маманданған Мексика шығанағын, сондай-ақ мемлекеттің оңтүстік-батысындағы Калифорния аймақтарын қамтиды.

Ауыл шаруашылығы. АҚШ-тағы ірі ауыл шаруашылығы егіндері — бидай, жүгері, соя, мақта, қант қамысы, күнбағыс, әртүрлі көкөністер мен жемістер. Жүгері, соя және мақта экспортты бойынша АҚШ әлемде бірінші орында. Негізгі мал шаруашылығы салалары — ірі қара мал шаруашылығы, құс шаруашылығы және шошқа шаруашылығы. Ет-сүт өнімдерін өндіру және экспорттау бойынша АҚШ әлемдік көшбасшы мемлекеттердің бірі.

Табиғи және тарихи факторларға байланысты АҚШ-та әртүрлі салаларға мамандандырылған ауылшаруашылық аудандары құрылды. Кордильера таулары бектерін алып жатқан Ұлы жазықтардағы бидай аймағы, Орталық жазықтың солтүстігіндегі жүгері аймағы, Миссисипи бассейнінің оңтүстігінде мақта аймағы (156-сурет), Ұлы көлдерге іргелес штаттарда сүт аймағы, таулы штаттардағы етті ірі қара мал шаруашылық аймағы, Калифорниядағы бақ өсіру аймағы солардың қатарында.



156-сурет. АҚШ-тағы ірі мақта плантацияларында мақта жынын-теріні

Көлігі. АҚШ темір және автомобиль жолдарының ұзындығы, әуежайлардың саны, сондай-ақ жүк және жолаушы айналымы бойынша әлемде бірінші орында. Көлік жүйесінің өзегін ендік бағыттағы Атлант және Тынық мұхиттари жағалауларын тұтастыратын, сондай-ақ солтүстік пен оңтүстік штаттарды байланыстыратын меридионалдық бағыты бар трансконтиненттік темір жолдар мен автомобиль магистральдары құрайды. Атлант және Тынық мұхиттариның, Мексика шығанағының және Ұлы көлдердің жағалауларында 100-ден астам ірі порттар бар. Олардың



ішінде жүк айналымы бойынша жетекші - Жаңа Орлеан қаласы. АҚШ-та 5000-нан астам қатты қаптамалы әуежайлар жұмыс істейді. Атлантадағы әуежай әлемдегі ең көп жолаушыларға қызмет көрсетеді.


Туризм. АҚШ шетелдік туристер саны бойынша әлемдік көшбасшы болмаса да, туризмнің есебінен ең көп табыс табатын ел болып табылады. АҚШ-қа көбірек Канададан және Еуропа мемлекеттерінен туристер келеді. Флоридадағы, Калифорниядағы және Гавайидегі жағажай туризмі кеңінен дамыған. Әлемге әйгілі Нью-Йорк, Чикаго, Лос-Анджелес, Сан-Франциско және басқа да қалаларға жыл сайын миллиондаған туристер келеді. Мемлекетте туризмді дамыту үшін өте бай табиғи ресурстар да бар. (157-сурет).



157-сурет. Йеллоустоун үлттүк саябағындағы ыстық бұлақтардың бірі Ниагара сарқырамасы

Экономикалық аудандары. АҚШ-тың аумағында табиғи және әлеуметтік-тарихи факторларға байланысты экономикалық құдіретке және мамандануға ие 4 ірі экономикалық аудан (макрорегион) ерекшеленеді: Атлант мұхитының бойында орналасқан ауданы шағын, бірақ халық саны және тығыздығы жоғары индустримальған, ірі қаржы орталықтары бар штаттарды қамтыған Солтүстік-шығыс; Ұлы көлдердің оңтүстігінде және батысында орналасқан көп салалы, астық және сүт шаруашылығына маманданған Орта Батыс; мақта, темекі, бақ өсіру, мұнай-химия және

тоқыма өнеркәсібін, теңіз жағалауындағы туризмді дамытумен ерекшелетін, қара нәсілді халықтың салыстырмалы түрде жоғары үлесімен сипатталатын Оңтүстік; көбірек таулы жер бедеріне және құрғақ климатқа ие, түсті металлургия, аэрофарыш, электроника өнеркәсібіне, бау-бақша және жайылым шаруашылығына маманданған, испан тілінде сөйлейтін халықтың салыстырмалы түрде жоғары үлесімен сипатталатын Батыс (158-сурет).



158-сурет. АҚШ-тың негізгі экономикалық аудандары



Сұрақтар мен тапсырмалар

- АҚШ-тың әлемдік экономикаға әсерін қандай факторлар анықтайды? АҚШ пен Қытайдың экономикасын салыстыр.
- АҚШ-тың негізгі өнеркәсіптік аймақтарын сипатта. Бұл аймақтар қандай факторлардың әсерінен қалыптасқанын түсіндір.
- Атластағы Америка Құрама Штаттарының экономикалық картасын пайдаланып, жазусыз картада елдің ауылшаруашылық мамандануын белгіле.
- Төмендегі пікірлерді жалғастыр.



- Дереккөздерді пайдаланып, Өзбекстан мен АҚШ арасындағы өзара ынтымақтастық байланыстары туралы ақпарат жина және біздің еліміздің экономикасының қайсы салаларына АҚШ компаниялары көтеген инвестицияларды кіргізіп жатқанын анықта.



Британ Достастығы
Корольдігі, сыртқы
миграция, канадалық ағыл-
шын, канадалық фран-
цуздар, Торонто,
Монреаль.



Канада ның
АҚШнен, Австра-
лия мен үкіс с
жақтарын қалай ажыра-
тасың?



Жер аумағы: 9984,6 мың км²

Халқы (2020 ж.): 38,2 млн

Астанасы: Оттава

58-§. Канада

Канада Солтүстік Америка материгінің солтүстік бөлігі және оған іргелес аралдарда орналасқан. Канаданың жағалаулары солтүстігінде Солтүстік Мұзды мұхиты, шығысында Атлант мұхиты, оңтүстік-батысында мен Тынық мұхитының суларымен шайылады. Мемлекет құрлықта тек АҚШ-пен шекаралас. Канада аумағының үлкендігі бойынша әлемде 2-орында тұрады.

Канада Британ Достастығы корольдігі болып, ал мемлекет басшысы ресми түрде Ұлыбританияның билеушісі саналады. Іс жүзінде саяси басқару елдің премьер-министрінде. Канада 10 провинция мен 3 аумақтан тұратын федералды мемлекет. Астанасы - Оттава қаласы елдің оңтүстік-шығысында орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Канаданың шығыс және батыс бөліктері геологиялық құрылымы мен рельефтік ерекшеліктерімен күрт ерекшеленеді. Шығыс бөлігі ежелгі платформада орналасқан, негізінен жазық және қатты фрагменттеген үстірттен тұрады, ал Тынық мұхитына тұтас батыс бөлігі биік Кордильера тауарымен қоршалған.

Канада әлемдегі минералдарға ең бай мемлекеттердің бірі. Оның аумағында уран, темір рудасы, никель, мыс, қорғасын, мырыш, алтын, мұнай, табиғи газ және калий тұздарының үлкен көн орындары бар.

Канада табиғатының ең маңызды ерекшеліктері оның климатымен анықталады. Мемлекет аумағының 75%-ы суық климаттық зонаға сәйкес келеді. Негізгі табиғат зоналары — тайга, тундра және Арктика шөлдері. Канаданың оңтүстігінде далалық ландшафт кең таралған.

Мемлекет жер, су және орман ресурстарына өте бай (159-сурет). Солтүстік жартышардағы ормандардың дерлік 1/3 бөлігі Канадаға сәйкес келеді. Ол көлдер саны жағынан әлемде бірінші орында.



159-сурет. Канаданың табиғаты



160-сурет. Торонто қаласы

Халық саны. Канадада туылу деңгейі мен табиғи өсүдің деңгейі төмен, жылдық есеппен табиғи өсу қарқыны 0,2%-ды (2020 ж.) құрайды. Мемлекет халқының өсуіне сыртқы миграция көбірек әсер етеді. Миграция сальдосы 2020 жылды 1,4%-ды құраған.

Мемлекетте қала халқының үлесі 80%-дан асады. Ең ірі қалалары — Торонто (160-сурет), Монреаль, Ванкувер, Квебек.

Канададағы екі ең үлкен үлт — канадалықтар ағылшындар мен канадалық француздар. Сондықтан ағылшын және француз тілдері Канадада ресми тілдер болып табылады. Француз тілді халықтың 85%-ы елдің шығысындағы Квебек провинциясында тұрады. Канададағы француз мәдениетінің орталығы Монреаль қаласы саналады. Елдің солтүстік аймақтарында байырғы халық — эскимостар мен американалық үндістер тұрады. Олардың тілдеріне тиісті федеративтік



аумақтарда ресми мәртебе берілді. Интенсивті иммиграцияға байланысты Канаданың этникалық халқының әртүрлілігі барған сайын артып келеді.

Халықтың орташа тығыздығы бойынша Канада әлемде соңғы орындардың бірінде тұрады (1 км²-ге 4 адам). Халқының $\frac{1}{4}$ бөлігі мемлекеттік климаттық жағдайы біршама қолайлы оңтүстік аймақтарда шоғырланған. Әсіреле, оңтүстік-шығыс шекаралық аудандарда халықтың тығыздығы жоғары (161-сурет).

Экономикасы. Канада әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан әлемдегі ең дамыған жетекші мемлекеттердің бірі, «Үлкен жетілік» тобының мүшесі саналады.

Канада уран, никель, алтын, платина, молибден рудалары, алмаздар, калий тұздары, асбест пен күкірт өндіруде жетекші орында. Мемлекетте мұнай-газ өнеркәсібі де жоғары деңгейде дамып келеді (160-сурет). Ол әлемдегі ең ірі отын экспорттаушылардың бірі болып табылады.

Канадада тау-кен өнеркәсібімен қатар электр энергетикасы, ағашты қайта өндеу және целлюлоза-қағаз, көлік және ауылшаруашылық машиналарын жасау, тұсті және қара металлургия, химия, тамақ өнеркәсібі жоғары деңгейде дамыған.

Егіншілік мемлекеттің оңтүстігіндегі құнарлы қара топырақты далада қарқынды дамыған. Канада әлемдегі ең ірі бидай экспорттаушылардың бірі. Рапс, соя, күнбағыс сияқты майлы дақылдарды өсіру және әлемдік нарықта шығару бойынша Канада әлемдегі жетекші мемлекеттердің қатарында.



161-сурет. Канада халқының орналасуы (мемлекеттің бөлек түспен боялған әрбір бөлігінде халықтың $\frac{1}{4}$ бөлігі жасайды)



162-сурет. Мұхиттағы бұрғылау платформасы

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1 Канаданың экономикалық географиялық орнын сипатта. Оның экономикалық және әлеуметтік өркениетінде АҚШ-пен көршілестігі қаншалықты маңызды деп санайсың?
- 2 Канаданың табиғи жағдайы мен ресурстарының негізгі ерекшеліктерін сипатта және олардың ел экономикасына тигізетін әсерін түсіндір.
- 3 Канада халқының орналасуына қандай факторлар әсер етеді? Не үшін Канада халқының көп бөлігі елдің оңтүстігінде жасайды?
- 4 Канада халқының этникалық және тілдік құрамының ерекшелігін түсіндір. Неліктен бұл елге шетелдік иммигранттар көп деп ойлайсың?
- 5 Канада қандай дақылдарды өсіріп, әлемдік нарықта шығаруде жетекші елдердің бірі? Мемлекеттің ауылшаруашылық мамандануына әсер ететін факторларды түсіндір.
- 6 Атластағы Канаданың экономикалық картасын пайдаланып, мемлекеттің ауылшаруашылық мамандануын және негізгі өнеркәсіп орталықтарын жазусыз картада белгіле.
- 7 Төмендегі жазусыз картада белгіленген Канаданың ірі қалаларының атын анықта.





Амазония, экваторлық және субэкваторлық климат, орман ресурстары, Сан-Паулу, Рио-де-Жанейро, фавела, мулат, тауарлық ауыл шаруашылығы.



Бразилия қандай салаларда әлемге әйгілі?



Жер аумағы: 8515,7 мың км²
Халқы (2021 ж.): 215,7 млн

Астанасы: Бразилия

59-§. Бразилия

Бразилия Федеративтік Республикасы — Оңтүстік Америкадағы ең үлкен мемлекет, осы материктің жалпы аумағының жартысына жуығын алып жатыр. Оның жағалаулары шығыстан Атлант мұхитының сularымен шайылады. Чили мен Эквадордан басқа Бразилия Оңтүстік Американың барлық елдерімен шектеседі. Аумағының көлемі бойынша әлем елдері арасында 5-ші орынды иелейді.

Басқару нысаны — президенттік республика. Саяси-әкімшілік тұрғыдан 26 штаттан және 1 федералды астаналық округтен тұрады. Астанасы — Бразилия қаласы елдің орталық бөлігінде орналасқан.

Табиғи жағдайлары мен ресурстары. Бразилия аумағы ежелгі Оңтүстік Америка платформасында орналасқан. Сондықтан жер бедері ойпатты және үстірт болып келеді. Солтүстікте үлкен аумақты Амазония жазығы алып жатыр. Одан оңтүстікте қатты бөлшектенген Бразилия үстірті орналасқан. Бразилия үстірті мен Атлант мұхиты арасында тар жағалау жазығы бар. Бразилияда мұнай, көмір, темір, боксит, никель, уран, марганец рудалары, алмаз, тағы басқа пайдалы қазбалардың ірі кен орындары бар.

Олардың көпшілігі экваторлық және субэкваторлық климаттың белдеулерде орналасқандықтан және Атлант мұхитынан соғатын пассат желдерінің әсерінен климаттық жағдайы жоғары ылғалдылық пен жылумен сипатталады.

Ылғалды климатқа байланысты Бразилияда гидрографиялық жөлілер өтеджасы дамыған. Елдің солтүстігінен әлемдегі ең ұзын және ең қарқынды өзен — Амазонка өтеді. Амазонка алабында жер шарындағы ең үлкен және қалың орман массивтерінің бірі орналасқан (163-сурет). Бразилияда Амазонкадан басқа Парана, Токантинс, Сан-Франциску сияқты ірі өзендер де бар. Жалпы алғанда, Бразилия су, гидро энергетикалық және орман ресурстарымен ең жақсы қамтылған мемлекеттердің бірі.

Халық саны. Бразилия - әлемдегі халқы ең көп мемлекеттердің бірі. 2020 жылғы деректер бойынша, Бразилияда шамамен 212 миллион адам тұрады. Халқының табиғи өсіу жоғары емес, жылдық есеппен 0,7-0,8%-ға тең.

Бразилия жоғары урбанизацияланған мемлекет. Қала халқының үлесі 85%-дан астам. Бразилияда әлемде үлкендігі тұрғысынан ерекшеленетін ең қала — Сан-Паулу және Рио-де-Жанейро орналасқан (164-сурет). Мемлекеттегі ірі қалаларда кедей адамдар жасайтын қараусыз массивтер үлкен аумақтарды алып жатыр. Бразилияда мұндай қалалық даңғылдарды «фавела» деп атайды.



163-сурет. Амазонка ормандары



164-сурет. Сан-Паулу қаласы



Бразилиялықтардың нәсілдік құрамында еуропалықтар мен мулаттар көшілікті құрайды. Мемлекеттік тіл және күнделікті өмірде ең көп қолданылатын тіл - португал тілі. Католиктер халықтың діни құрамы бойынша жетекші болып табылады. Бразилиядағы католиктердің саны бойынша әлемде бірінші орында.

Бразилияның Атлант мұхитына тұтасқан Оңтүстік-шығыс бөлігі әлемдегі халқы ең тығыз орналасқан аумақтардың бірі болса, Амазонка ормандарында керісінше, халық ең сирек қоныстанған (165-сурет).

Экономикасы. Бразилия Федеративтік Республикасы өте үлкен экономикалық әлеуетімен және қарқынды дамып келе жатқан өндірісімен ерекшеленетін мемлекеттердің бірі. ЖІӨ көлемі бойынша Бразилия әлемде 8-орынды иелейді (2020 жыл).

Бразилия экономикасының жетекші саласы саналатын өнеркәсіп соғы жылдары тұрақты дамып келеді. Өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі — металлургия саналады. Дүние жүзіндегі ең ірі темір кендерінен саналатын Минас-Жерайс пен Караджас үлкен экономикалық маңызға ие.


Металлургия өнеркәсібінің қарқынды дамуы түрлі машинажасау салаларының дамуына оң әсер етті. Бразилияда автомобильжасау өнеркәсібі, ұшақ жасау өнеркәсібі, кемежасау, микроэлектроника, радиотелемеханика сияқты машинажасау салалары жақсы дамыған.

Бразилия электр энергиясын өндіру бойынша әлемдегі алғашқы ондыққа кіреді. Мемлекеттің электр энергиясында ГЭС-тердің алатын орны үлкен. Итайпу және Тукуруи әлемдегі ең ірі ГЭС-тердің қатарына кіреді.

Бразилия биоотын өндіру жөнінен АҚШ-тан кейін екінші орында. Елде бұл өнім қант қамысын өндеу негізінде өндіріледі Автокөлік құралдарының негізгі бөлігі дәл осы биоотын (этанол) арқылы жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығында егіншілік пен мал шаруашылығы да тауарлық маңыздылығымен ерекшеленеді. Егіншіліктегі дән өсіру, кофе, қант қамысы (166-сурет), мақта, соя, темекі, банан өсіру маңызды рөл атқарады. Бразилия әлемдегі азық-түлік өнеркәсібінің ең ірі экспорттаушыларының бірі. Атап айтқанда, қант, кофе және темекі экспортты бойынша әлемде бірінші орында.

Мал шаруашылығында ет шаруашылығы және құс шаруашылығы жоғары дамыған. Бразилия ет өндіру және экспорттау бойынша әлемдік көшбасшы мемлекеттердің бірі.



165-сурет. Бразилиядағы халықтың тығыздығы (штаттар бойынша, адам/км²)



166-сурет. Қант қамысы плантациясы



Сұрақтар мен тапсырмалар


- 1 Элемнің саяси картасын пайдалана отырып, Бразилияның экономикалық географиялық орнына сипаттап, оның ұнамды жақтарын түсіндір.
- 2 Бразилия қандай түрдегі табиғи ресурстарға бай? Оның климаты мемлекеттің табиғи ресурстық әлеуетінде маңызы қандай?
- 3 Бразилиядың халық тығыздығына қандай факторлар әсер етеді? Мемлекеттің қай бөліктерінде халық тығыздығы жоғары және керісінше? Неліктен?
- 4 Бразилияның электр энергетикасына қандай ерекшелік тән? Ұқсас жағдайды тағы қай елдерде байқауға болады?
- 5 Мемлекеттің өнеркәсібі мен ауылшаруашылық мамандануы, сондай-ақ оның әсері көрсетілген факторларды сипатта.
- 6 Бразилия туралы мәліметтердің балама нұсқалардың ішінен дұрыс берілгенін тап.

?	ЖІӨ көлемі бойынша әлемде 8-орына.	?	ЖІӨ көлемі бойынша әлемде 5-орында.
?	Чили және Уругвайдан басқа Оңтүстік Америкадағы барлық мемлекеттермен шекаралас.	?	Чили және Эквадордан басқа Оңтүстік Америкадағы барлық мемлекеттермен шекаралас.
?	Халықтың діни құрамында протестанттар жетекші саналады.	?	Халықтың діни құрамында католиктер жетекші саналады.
?	Кофе экспортты бойынша әлемде бірінші орында тұрады.	?	Кофе экспортты бойынша әлемде үшінші орында тұрады
?	Экономиканың жетекші саласы ауыл шаруашылығы.	?	Экономиканың жетекші саласы өнеркәсіп.



60-§. Жалпылама қайталау

1. Төмендегі Африка мемлекеттерін теңізге шығу мүмкіндігіне ие ішкі континенттік мемлекеттерге бөл.



2. Бұл мәліметтер қайсы мемлекеттерге тиісті екенін тап.

- Көлдердің саны бойынша әлемде бірінші орында.
- Солтүстік Америка материгінің ең биік шыңы орналасқан.
- Солтүстігінен әлемдегі ең ұзын және ең суы мол өзен өтеді.
- Жер аумағы бойынша әлемде алтыншы орында.
- Жұн экспорты бойынша әлемде бірінші орында.
- Ең үлкен табысты туризмнен алады.
- Халықтың ¼ бөлігі елдің оңтүстік аймақтарында шоғырланған.
- Биоотын өндіру бойынша әлемде екінші орында.
- Автомобиль жолдарының ұзындығы бойынша әлемде бірінші орында.
- Қант экспорты бойынша әлемде бірінші орында.
- Жер көлемінің үлкендігі бойынша әлемде екінші орында.

3. Берілген сандар негізінде қажетті есептеулерді орында, кестені толтырыңыз.

Мемлекеттер	Халық саны, миллион адам	Урбанизация деңгейі, %	Қала тұрғындары саны, миллион адам	Ауыл тұрғындарының саны, миллион адам
Австралия	25,8	86
АҚШ	329,9	82
Канада	38,2	81
Бразилия	211,8	87

4. Атластағы Австралия, Канада, Бразилия мемлекеттерінің экономикалық карталарын пайдаланып, осы елдердің ауыл шаруашылығының мамандануын салыстыр және оған қандай факторлар әсер еткенін түсіндір.



Глоссарий

Абсолюттік монархия — мемлекет басшысының (монархтың) саяси өкілеті шектелмеген монархиялық басқару нысанының көрінісі.

Агроклиматтық ресурстар — ауыл шаруашылығына тікелей әсер ететін климаттық ресурстар (негізінен жылу мен ылғалдылық мөлшері).

Анклав мемлекет - барлық жағынан бір мемлекеттік аумағымен оралған, сондай-ақ тағы басқа бірер мемлекетпен немесе теңіз суларымен шекараланбаған мемлекет.

Аралас республика — мемлекеттік құрылымы президент пен парламент тарапынан өзара келісім бойынша қалыптастырылатын республика мемлекеттік басқару нысанының көрінісі.

Аумақтық мамандану — бұл белгілі аумақ шаруашылығының сыртқы нарық үшін тауар өндіруге мамандануы.

Геотермалдық ресурстар - энергияның көзінде пайдалануға болатын Жердің ішкі жылуы.

Демография - бұл халықтың үнемі құрылуы мен құрамын, олардың өзгерістерін зерттейтін ғылым.

Демографиялық дағдарыс — туылу және өлім деңгейінен төмен болғандықтан халық санының төмендеуі.

Демографиялық жарылыс — өлім деңгейінің төмендеуі салдарынан халықтың жылдам көбеюі.

Дүниежүзілік шаруашылық — өзара сауда-саттық, несиeler беру, халықаралық экономикалық ұйымдарды құру және басқа формадағы экономикалық қатынастар арқылы байланысқан әлем дегі елдердің үлттық экономикаларының жиынтығы.

Жалған урбанизация — үлкен қалалар шеттеріндегі қажетті инфрақұрылым элементтеріне ие болмаған, ауылдардан көшіп келген халық тарапынан ретсіз орналастырылған аймақтардың қалыптасуы.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) — белгілі бір кезеңде ел аумағында жасалған соңғы өнім және қызметтердің нарықтық баға бойынша жалпы құны

Жалпы үлттық өнім (ЖҰӨ) - белгілі бір елдің азаматтары мен компаниялары белгілі бір кезеңде мемлекет аумағында және одан сыртта жасалған соңғы өнім мен қызметтердің нарықтық баға бойынша жалпы құны.

«Жылыжайлық әффект» - «жылыжай» газдары мөлшерінің артуы нәтижесінде атмосфераның төменгі қабаты температурасының жоғарылауы.

Конфессия — дін, діни бағыт.

Конституциялық монархия — мемлекет басшысының (монарх) саяси өкілеті белгілі бір дәрежеде шектеулі монархиялық басқару нысаны.

Қалалық агломерация — әртүрлі көлемдегі қалалардың әкімшілік, өндірістік, әлеуметтік, мәдени байланыстардың нәтижесінде бірігуі.

Мегаполис — ірі қалалар мен елді мекендер агломерацияларының өзара бірігуі.

Миграция — адамдардың бір аймақтан басқа аймақта тұрақты немесе уақытша қоныс аударуы.

Моноқала - белгілі бір ірі қасіпорын немесе пайдалы қазбалар кен орны негізінде қалыптасқан, бір өндірістік желіге маманданған қала.

Монархия — жоғарғы мемлекеттік билік толық немесе ішінара жеке тұлғаға (монархқа) тиесілі болған және әдette ұрпақтан-ұрпаққа өтетін мемлекеттік басқару нысаны.

Нәсіл — адамдардың сыртқы көрінісімен ерекшеленетін (тері, шаш, көздің түсі, дене құрылсы, бет, мұрын, ерін пішіні және т.б.) тобы.

Парламенттік республика — үкімет құрамын парламент қалыптастыратын респубикалық мемлекет басқаруы нысанының көрінісі.

Президенттік республика — үкімет құрамын президент қалыптастыратын респубикалық мемлекеттік басқару нысанының түрі.

Порт — мұхит, теңіз жағалауында немесе ішкі су жолдарында орналасқан және кемелердің тоқтауы үшін арналған орын.

Рекреация — адамдардың физикалық және психикалық қуатын, денсаулығын және жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру.

Рекреациялық ресурстар — рекреациялық мақсаттарда пайдалануға болатын табиғи тарихи-мәдени, экономикалық, сауықтыратын, ойын-сауық нысандары.

Республика — барлық мемлекеттік билік органдары сайланатын немесе жалпыұлттық өкілетті мекемелер қалыптастыратын мемлекеттік басқару нысаны.

Сыртқы сауда айналымы — мемлекеттің белгілі бір кезең барысындағы экспортты мен импорттының жиынтығы.

Сыртқы сауда балансы — белгілі бір кезеңдегі нақты мемлекеттің экспорттың және импорттың құндылықтарының айырмашылығы.

Табиғатты пайдалану — адамның табиғи ресурстарды пайдаланумен, оларды қорғау және қалпына келтірумен байланысты қызметі.

Табиғатты ұқыпсыз пайдалану — табиғи орта және оның ресурстарының ұнамсыз жағдайға өзгеруіне әкелетін табиғатты пайдалану.

Табиғатты ұқыпты пайдалану — табиғи байлықтарды мөлшерінде, оларды қорғау және қайта қалпына келтіруге, қоршаған ортаның табиғи жағдайын сақтауға назар аударып пайдалану.

Трансұлттық компания — екі немесе одан да көп елде қызмет көрсететін кәсіпорындарға және ірікөлемдегі шетелдік активтерге ие халықаралық компания.

Унитарлық мемлекет — құрамындағы әкімшілік-аумақтық бірліктер бірыңғай билік органдарына бағынатын мемлекет,

Урбанизация — қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде қалалар маңыздылығының артуы, оның ішінде қала халқының саны мен салмағының өсуі, қаладағы тұрмыс салтының таралу үдерісі.

Федерация — жалпы конституциялық жүйе шеңберінде тәуелсіз ішкі басқаруға ие әкімшілік-аумақтық бірліктері бар мемлекеттер.

Халықтың механикалық көбеюі — белгілі бір кезеңде бір аймаққа қоныс аударған халық пен көшіп кеткен халық арасындағы қатынас.

Халықтың табиғи есімі — туылу деңгейі мен өлім деңгейі арасындағы айырмашылық.

Халықаралық экономикалық интеграция — мемлекеттердің өзара берік нарықтық қатынастары, бірегей экономикалық саясат пен заңнамаға негізделген экономикалық интеграциялану үдерісі.



Халықаралық еңбек бөлінісі — кейбір елдер шаруашылығының жекелеген өнімдерді өндіруге мамандануы және осы өнімдерді басқа елдермен айырбастауы

Шөлдену — шөлге тән ерекшеліктері болған аумақ алаңының кеңею үдерісі.

Экономикалық географиялық орналасу — белгілі бір аумақтық объектінің экономикалық маңызға ие басқа объектіге салыстырмалы орналасуы.


Экономикалық аудан — шаруашылығының мамандануымен, әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерімен, проблемаларымен ерекшеленетін мемлекеттің ірі аумақтық бөлігі.

Экологиялық проблема — табиғаты бойынша қысынсыз пайдалану нәтижесіндегі табиғи орта сапасының нашарлауы.

Экологиялық саясат — табиғи ортаны қорғау және оны табиғи түрде сауықтыруға, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға бағытталған әрекеттер жүйесі.

Эксклав — белгілі бір мемлекеттің негізгі аумағынан бөлінген және басқа мемлекеттердің аумағымен қоршалған бөлігі.

Этнос — адамдардың тілі, мекендеңен аумағымен, мәдени дәстүр, әдет-ғұрыптарымен, өмір салтымен ерекшеленген, ең бастысы өздігін тану сезімі, тарихы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени тобы.



Пайдаланылған және ұснынылатын әдебиеттердің тізімі

Алимқұлов Н., Сафарова Н., Аманбаева З., Муминов Д. География (Оқу құралы). — Ташкент, 2019. — 292 б.

Әгамбердиева У.Т. Өнеркәсіптік география. Оқулық. — Ташкент: Ғылым және технология, 2020. — 240 б.

Hildebrant B., Max L., Keller K., Neumann R.P. (2021), Human geography, Hawtorn, CA, USA, 848 р.

Қаюмов А., Пардаев F, Исламов И. Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік географиясы (Оқу құралы). — Ташкент, 2015. — 160 б.

Қаюмов А, Сафаров И., Тиллабоева М., Федерко В. География (Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы). Жалпы орта білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық: қайта өңделген және толықтырылған бесінші басылымы. — Ташкент: Өзбекстан, 2019. — 176 б.

Paul L. Knox (2017), The geography of Western Europe, Abingdon, 264 р.

Сафарова Н.И., Комилова Н.К., Исломов И.Н., Каракулов Н.М. Дүние жүзі мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік географиясы (оқу құралы). — Ташкент: Махалла ва оила, 2022. — 242 б.

World regional geography – people, places and globalization (2016), LibreTexts, 651 р.

Агафошин М.М., Горохов С.А., Заяц Д.В. Экономическая и социальная география зарубежных стран: учебное пособие. — Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2020. — 223 с.

Агафошин М.М., Горохов С.А., Лобжанидзе А.А., Лопатников Д.Л., Толкунова С.Г. Общая экономическая и социальная география: учебное пособие. Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2020-127с.

Анохин А.А., Житин Д.В. География населения с основами демографии. Учебник. — Москва: Юрайт, 2019. — 203 с.

Бабурин В.Л., Гладкевич Г.И. Экономическая и социальная география стран Ближнего Зарубежья. — Москва: Ленанд, 2021. — 440 с.

Лобжанидзе А.А., Горохов С.А., Заяц Д.В. Этногеография и география религий. Учебник и практикум. 2-е изд., пер. и доп. — Москва: Юрайт, 2019. — 279 с.

Новая географическая картина мира. Часть 1: учебное пособие / под редакцией В.А. Колосова, Д.В. Зайца. — Москва: Дрофа, 2020. — 319 с.

Новая географическая картина мира. Часть 2: учебное пособие / под редакцией В.А. Колосова, Д.В. Зайца. — Москва: Дрофа, 2020. — 287 с.

Окунев И.Ю. Политическая география: учебное пособие для вузов. — Москва: Аспект Пресс, 2019. — 512 с.

Родионова И.А. Экономическая и социальная география мира. — Москва: Юрайт, 2012. — 688 с.

Ромашова Т.В. География населения с основами демографии: практикум. — Томск: Издательский Дом ТГУ, 2014. — 99 с.

Симагин Ю.А. ТERRITORIALНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ НАСЕЛЕНИЯ И ХОЗЯЙСТВА: УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ — Москва: КНОРУС, 2017. — 380 с.

Социально-экономические проблемы развития регионов в условиях глобальной нестабильности / Под редакцией И.А. Родионовой. — Москва: РУДН, 2021. — 237 с.



Халықаралық статистикалық деректермен тәнисуда пайдалану мүмкін веб-сайттар

<https://unstats.un.org/> — Біріккен Ұлттар Ұйымының Статистика бөлімі

<https://www.undp.org/> — БҰҰ-ның Даму бағдарламасы

<https://www.unido.org/> — БҰҰ-ның Өнеркәсіптік Даму Ұйымы (ЮНИДО)

<https://www.fao.org/statistics> — БҰҰ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО)

<http://uis.unesco.org/> — ЮНЕСКО Статистика институты

<https://data.worldbank.org/> — Дүниежүзілік банк

<https://www.imf.org/> — Халықаралық валюта қоры

<https://www.wto.org/> — Халықаралық сауда ұйымы

<https://www.isi-web.org/> — Халықаралық статистика институты

<https://www.oecd-ilibrary.org/statistics> — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

<https://ec.europa.eu/eurostat/> — Еуропалық комиссияның Еуростат басқармасы

<https://www.opec.org/> — Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК)

<http://www.cisstat.com/> — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті

<https://eec.eaeunion.org/> — Еуразиялық экономикалық комиссия

<https://www.bp.com/> — «British Petroleum» компаниясы

<https://www.usgs.gov/> — АҚШ геологиялық қызметі

<https://trendeconomy.ru/> — Халықаралық сауда статистикасы

<https://knoema.ru/> — Дүниежүзілік мәліметтер атласы



Қосымша

ЭЛЕМ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ (2020)

№	Мемлекет	Аумағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Басқару нысаны	Астанасы
Еуропа					
1	Албания	28,7	2,8	Республика	Тирана
2	Андорра	0,4	0,08	Монархия	Андорра-ла Велла
3	Австрия	83,8	8,9	Республика	Вена
4	Беларусь	207,6	9,4	Республика	Минск
5	Бельгия	30,5	11,5	Монархия	Брюссель
6	Болгария	110,9	6,9	Республика	София
7	Босния және Герцеговина	51,1	3,3	Республика	Сараево
8	Ұлыбритания	243,8	67,2	Монархия	Лондон
9	Дания	43,1	5,8	Монархия	Копенгаген
10	Эстония	45,2	1,3	Республика	Таллин
11	Финляндия	338,1	5,5	Республика	Хельсинки
12	Франция	547	64,9	Республика	Париж
13	Германия	357,4	83,3	Республика	Берлин
14	Греция	131,9	10,7	Республика	Афина
15	Ирландия	70,3	5	Республика	Дублин
16	Исландия	103	0,4	Республика	Рейкьявик
17	Испания	504,8	47,6	Монархия	Мадрид
18	Италия	302,1	60,3	Республика	Рим
19	Латвия	64,6	1,9	Республика	Рига
20	Литва	65,3	2,8	Республика	Вильнюс
21	Лихтенштейн	0,16	0,04	Монархия	Вадуц
22	Люксембург	2,6	0,6	Монархия	Люксембург
23	Мальта	0,3	0,5	Республика	Валетта
24	Молдова	33,8	3,5	Республика	Кишинев
25	Монако	0,002	0,04	Монархия	Монако
26	Нидерланды	41,5	17,5	Монархия	Амстердам
27	Норвегия	324,2	5,4	Монархия	Осло
28	Польша	312,7	38,4	Республика	Варшава
29	Португалия	92,1	10,3	Республика	Лиссабон
30	Ресей	17098,2	146,7	Республика	Мәскеу
31	Румыния	237,5	19,2	Республика	Бухарест
32	Сан-Марино	0,06	0,03	Республика	Сан-Марино
33	Сербия	88,5	8,8	Республика	Белград



№	Мемлекет	Аумағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Басқару нысаны	Астанасы
34	Словакия	48,8	5,5	Республика	Братислава
35	Словения	20,2	2,1	Республика	Любляна
36	Украина	603,5	41,8	Республика	Киев
37	Ватикан	0,0004	0,001	Монархия	Ватикан
38	Венгрия	93	9,8	Республика	Будапешт
39	Хорватия	56,5	4	Республика	Загреб
40	Солтүстік Македония	25,3	2,1	Республика	Скопье
41	Швеция	449,9	10,4	Республика	Стокгольм
42	Швейцария	41,3	8,6	Республика	Берн
43	Черногория	14	0,6	Республика	Подгорица
44	Чехия	78,8	10,7	Республика	Прага

АЗИЯ

45	Ауғанстан	652,8	38,9	Республика	Кабул
46	Армения	29,7	3	Республика	Ереван
47	Бахрейн	0,8	1,5	Монархия	Манама
48	Бангладеш	144	169,8	Республика	Дакка
49	Біріккен Араб Әмірлігі	83,6	9,8	Монархия	Абу-Даби
50	Бруней	5,8	0,5	Монархия	Бандар Сери Бегаван
51	Бутан	38,4	0,7	Монархия	Тхимпху
52	Иран	1648	84,2	Республика	Тегеран
53	Филиппин	299,7	109,6	Республика	Манила
54	Грузия	69,7	3,7	Республика	Тбилиси
55	Үндістан	3287,2	1400,1	Республика	Дели
56	Индонезия	1919,4	271,7	Республика	Джакарта
57	Иордания	89,4	10,7	Монархия	Оман
58	Ирак	437,1	39,7	Республика	Бағдад
59	Израиль	22,1	9,2	Республика	Тель-Авив
60	Камбоджа	181	15,5	Монархия	Пномпень
61	Кипр	9,2	1,2	Республика	Нікосия
62	Корея Республикасы	100,2	51,8	Республика	Сеул
63	Корея Халық Демократиялық Республикасы	120,5	25,8	Республика	Пхеньян
64	Кувейт	17,8	4,7	Монархия	Әл-Кувейт
65	Лаос	236,8	7,2	Республика	Вьентъян
66	Ливан	10,4	6,8	Республика	Бейрут
67	Малайзия	329,7	32,8	Монархия	Куала-Лумпур
68	Мальдив Республикасы	0,3	0,5	Республика	Мале

№	Мемлекет	Аумағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Басқару нысаны	Астанасы
69	Монголия	1566,6	3,4	Республика	Ұлан-Батор
70	Мьянма	678,5	54,7	Республика	Нейпидо
71	Непал	140,8	30	Республика	Катманду
72	Әзәрбайжан	86,6	10,1	Республика	Баку
73	Пәкістан	803,9	220,9	Республика	Исламабад
74	Катар	11,6	2,8	Монархия	Доха
75	Қырғызстан	199,9	6,6	Республика	Бішкек
76	Қазақстан	2724,9	18,7	Республика	Астана
77	Сауд Арабиясы	2149,7	35	Монархия	Эр-Рияд
78	Сингапур	0,8	5,8	Республика	Сингапур
79	Сирия	185,2	19,4	Республика	Дамаск
80	Тайланд	514	66,5	Монархия	Бангкок
81	Тәжікстан	141,4	9,4	Республика	Душанбе
82	Түркія	783,6	83,7	Республика	Анкара
83	Түркменстан	491,2	6	Республика	Ашхабад
84	Оман	309,5	4,7	Монархия	Маскат
85	Вьетнам	329,5	96,2	Республика	Ханой
86	Қытай	9599	1434,2	Республика	Пекин
87	Йемен	527,9	29,8	Республика	Сана
88	Жапония	377,9	126	Монархия	Токио
89	Өзбекстан	448,9	34,2	Республика	Ташкент
90	Шығыс Тимор	14,9	1,3	Республика	Дили
91	Шри-Ланка	65,6	21,9	Республика	Коломбо

АФРИКА

92	Ангола	1246,7	32,5	Республика	Луанда
93	Бенин	112,6	12,2	Республика	Порто-Ново
94	Ботсвана	581,7	2,3	Республика	Габороне
95	Буркина-Фасо	274,2	20,9	Республика	Уагадугу
96	Бурунди	27,8	11,9	Республика	Гитега*
97	Эфиопия	1127,1	115	Республика	Аддис-Абеба
98	Экваторлық Гвинея	28	1,4	Республика	Малабо
99	Эритрея	121,3	6,1	Республика	Асмера
100	Эсватини	17,3	1,1	Монархия	Мбабане
101	Габон	267,6	2,2	Республика	Либревиль
102	Гамбия	11,3	2,4	Республика	Банджул
103	Гана	238,5	31,1	Республика	Аккра
104	Гвинея	245,8	12,6	Республика	Конакри



№	Мемлекет	Аумағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Басқару нысаны	Астанасы
105	Гвинея-Бисау	36,1	1,9	Республика	Бисау
106	Оңтүстік Африка Республикасы	1219,9	59,6	Республика	Претория
107	Оңтүстік Судан	619,7	11,2	Республика	Джуба
108	Алжир	2381,7	44,4	Республика	Алжир
109	Джибути	23,2	1	Республика	Джибути
110	Кабо-Верде	4	0,6	Республика	Прайя
111	Камерун	475,4	26,6	Республика	Яунде
112	Кения	582,6	53,5	Республика	Найроби
113	Комор аралдары	2,2	0,9	Республика	Морони
114	Конго	342	5,5	Республика	Браззавиль
115	Конго Демократиялық Республикасы	2345,4	89,6	Республика	Киншаса
116	Кот-д'Ивуар	322,4	26,2	Республика	Ямусукро
117	Лесото	30,3	2,1	Монархия	Масеру
118	Либерия	111,3	5,1	Республика	Монровия
119	Ливия	1759,5	6,9	Республика	Триполи
120	Мадагаскар	587	27,7	Республика	Антананариву
121	Малави	118,5	19,1	Республика	Лилонгве
122	Мали	1240	20,3	Республика	Бамако
123	Орталық Африка Республикасы	623	4,8	Республика	Банги
124	Марокко	446,5	36	Монархия	Рабат
125	Маврикий	2	1,3	Республика	Порт-Луис
126	Мавритания	1030,7	4,6	Республика	Нуакшот
127	Мысыр	1001,4	100,8	Республика	Каир
128	Мозамбик	801,6	31,2	Республика	Мапуту
129	Намибия	825,4	2,5	Республика	Виндхук
130	Нигер	1267	24,2	Республика	Ниамей
131	Нигерия	923,8	206,1	Республика	Абуджа
132	Руанда	26,3	13	Республика	Кигали
133	Сан-Томе және Принси	1	0,2	Республика	Сан-Томе
134	Сенегал	196,2	16,7	Республика	Дакар
135	Сьерра-Леоне	71,7	8	Республика	Фритаун
136	Сейшель аралдары	0,4	0,1	Республика	Виктория
137	Сомали	637,6	15,9	Республика	Могадишо
138	Судан	1886	43,8	Республика	Хартум
139	Танзания	948,1	59,7	Республика	Додома
140	Того	56,8	8,3	Республика	Ломе
141	Тунис	163,6	11,9	Республика	Тунис



№	Мемлекет	Аумағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Басқару нысаны	Астанасы
142	Уганда	236	45,7	Республика	Кампала
143	Замбия	752,6	18,4	Республика	Лусака
144	Зимбабве	390,6	14,9	Республика	Хараре
145	Чад	1284	16,9	Республика	Нджамен

АМЕРИКА

146	Америка Құрама Штаттары	9519,4	329,9	Республика	Вашингтон
147	Антигуа және Барбуда	0,4	0,1	Монархия	Сент-Джонс
148	Аргентина	2780,4	45,4	Республика	Буэнос-Айрес
149	Багам аралдары	13,9	0,4	Монархия	Нассау
150	Барбадос	0,4	0,3	Республика	Бриджтаун
151	Белиз	22,9	0,4	Монархия	Белмопан
152	Боливия	1098,6	11,6	Республика	Сукре **
153	Бразилия	8515,7	211,8	Республика	Бразилия
154	Доминика	0,7	0,07	Республика	Розо
155	Доминикан Республикасы	48,7	10,5	Республика	Санто-Доминго
156	Эквадор	283,5	17,5	Республика	Кито
157	Гаити	27,7	11,4	Республика	Порт-о-Пренс
158	Гайана	214,9	0,8	Республика	Джорджтаун
159	Гондурас	112,1	9,9	Республика	Тегусигальпа
160	Гренада	0,3	0,1	Монархия	Сент-Жорж
161	Гватемала	108,9	18,1	Республика	Гватемала
162	Канада	9984,6	38,2	Монархия	Оттава
163	Колумбия	1138,9	51,3	Республика	Санта-Фе-де-Богота
164	Коста-Рика	51,1	5,1	Республика	Сан-Хосе
165	Куба	110,8	11,3	Республика	Гавана
166	Мексика	1972,5	127,8	Республика	Мехико
167	Никарагуа	129,5	6,6	Республика	Манагуа
168	Панама	78,2	4,3	Республика	Панама
169	Парагвай	406,7	7,3	Республика	Асунсьон
170	Перу	1285,2	32,8	Республика	Лима
171	Сальвадор	21	6,5	Республика	Сан-Сальвадор
172	Сент-Китс және Невис	0,26	0,05	Монархия	Бастер
173	Сент-Люсия	0,6	0,2	Монархия	Кастири
174	Сент-Винсент және Гренадин	0,4	0,1	Монархия	Кингстаун
175	Суринам	163,8	0,6	Республика	Парамарибо
176	Тринидад және Тобаго	5,1	1,4	Республика	Порт-офф-Спейн
177	Уругвай	176,2	3,5	Республика	Монтевидео



№	Мемлекет	Аумағы, мың км ²	Халқы, млн адам	Басқару нысаны	Астанасы
178	Венесуэла	916,4	28,6	Республика	Каракас
179	Ямайка	11	2,8	Монархия	Кингстон
180	Чили	756,9	19,5	Республика	Сантьяго

АВСТРАЛИЯ ЖӘНЕ ОКЕАНИЯ

181	Австралия	7692,0	25,8	Монархия	Канберра
182	Фиджи	18,2	0,9	Республика	Сува
183	Кирибати	0,7	0,1	Республика	Байрики
184	Маршалл аралдары	0,18	0,06	Республика	Маджуро
185	Микронезия Федеративтік Штаттары	0,7	0,1	Республика	Паликир
186	Науру	0,02	0,01	Республика	Ярен
187	Палау	0,4	0,02	Республика	Нгерулмуд
188	Папуа-Жаңа Гвинея	463,8	9	Монархия	Порт-Морсби
189	Самоа	2,8	0,2	Республика	Апия
190	Соломон аралдары	28,4	0,7	Монархия	Хониара
191	Тонга	0,7	0,1	Монархия	Нукуалофа
192	Тувалу	0,03	0,01	Монархия	Фунафути
193	Вануату	12,2	0,3	Республика	Порт Вила
194	Жаңа Зеландия	268,7	5	Монархия	Веллингтон

Ескерту.

1. Кестеде 01.01.2021 жылғы жағдайға сәйкес БҰҰ-ға мүше 193 мемлекет және Ватикан мемлекеті туралы мәлімет берілген. Жер аумағы және халық санын БҰҰ мойындаған шекаралары шеңберінде көтірілген.

2. Мемлекеттер халқының саны 01.07.2020 жылғы жағдайына сәйкес, БҰҰ деректері бойынша берілген. Дереккөз: Population Reference Bureau. 2020 World Population Data Sheet.

* Бурунди Республикасының астанасы 2019 жылды Бужумбура қаласынан Гитеге қаласына көшірілген.

**Сукре - Боливияның конституциялық астанасы саналады, ал қазіргі астанасы Ла-Пас қаласы.



O'quv nashri

GEOGRAFIYA

*Umumiy o'rta ta'lim maktabalarining
10-sinfi uchun darslik
(Qozoq tilida)*

Аударған Дилбар Дуйсебаева

Редактор Айдын Тәжібаева

Көркем редактор Сарвар Фармонов

Техникалық редакторы Акмал Сулаймонов

Суретші Иқбол Салохиддинов

Картограф Азиза Иброимова

Дизайнер-беттеуши Илнур Караджаев

Корректор Дилнурда Байдиллаева

Басуға 00.00.2022 ж. рұқсат етілді. Пішімі 60×84 1/8.

Қарібі **Source Sans 3**. Кеглі 12. Офсеттік әдіспен басылды.

Шартты баспа табағы 22,32. Есептік баспа табағы 18,87.

Таралымы _____ дана. Тапсырыс № _____

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы,	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендерінің жағдайы	Сынып жетекшінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшінің қолы
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендерінің жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттерінде жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлықсыз жөнделген. Жұлдынған, кейір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінін ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруг жарамайды.